

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР  
ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ**

**КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ**

# **ХАБАРШЫ ВЕСТНИК**

**ПЕДАГОГИКА СЕРИЯСЫ**

**СЕРИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ**

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКА  
УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ПЕДАГОГИКА СЕРИЯСЫ  
АЛМАТЫ

2006 жылдан бастап шығады  
Шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының  
мәдениет, ақпарат және спорт  
министрлігі

Ақпарат және мұрағат  
комитетінде

08.08. 2005 жылы тіркелген  
№6204 - Ж

**Бас редактор**  
Д.Ж.Нөкетаева

**Бас редактордың орынбасары**  
А.Қ.Рысқалиева-х.ғ.к., PhD  
доктор.

**Редакциялық алқа**  
Алдабек Н.Ә. – т.ғ.д., профессор  
Аубакирова Г.М. - п.ғ.к., доцент  
Таубаева Ш.Т. -п.ғ.д., профессор;  
Құнантаева К.Қ. - ҚР ҰҒА  
академигі, п.ғ.д., профессор;  
Құсайынов А.Қ. - п.ғ.д., проф.;  
Аймағамбетова Қ.А.-п.ғ.д.,проф.;  
Жиенбаева С.Н. - п.ғ.д., проф;  
Левченко Т.А. - п.ғ.к., доцент.

**Жауапты редактор**  
педагогика ғылымдарының  
кандидаты, доцент.

**Б.Д.Жұмақаева**  
**Редактор**  
п.ғ.к., доцент **А.М.Текесбаева**  
© Қазақ мемлекеттік қыздар  
педагогика университеті

050000, Алматы қаласы,  
Әйтеке би көшесі, 99.  
Тел. 233-18-32, 233-18-55 (120)  
Факс 233-18-35.

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ  
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ

ВЕСТНИК  
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

СЕРИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ  
№ 4 (6) 2011

## МАЗМҰНЫ

### **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ**

- Аймағамбетова Қ.А.** САПАЛЫ МАМАН ДАЙЫН-  
ДАУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТРЕНИНГТІҢ  
МАҢЫЗЫ..... 6
- Альдибекова Ш.Н.** БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА  
БЕРІЛЕТІН ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН  
ҚАЛЫПТАСАТЫН БІЛІКТІЛІК ЖҮЙЕСİNДЕ  
ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КАРТАМЕН ЖҰМЫС  
ТҮРЛЕРІ..... 12
- Агеева Л.Е.** НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ СОЦИАЛИ-  
ЗАЦИИ ЛИЧНОСТИ ШКОЛЬНИКА В  
ПЕДАГОГИЧЕСКОМ ПРОЦЕССЕ..... 16
- Агранович Е.Н.** НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ  
ОРГАНИЗАЦИИ РЕЧЕВОЙ РАБОТЫ В  
НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ..... 19
- Асилбаева Ф.Б.** ОҚУШЫНЫҢ КӨРКЕМ ЕҢБЕК  
ӘРЕКЕТІ НЕГІЗІНДЕ ТАНЫМДЫҚ  
ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОЯТУ..... 23
- Әкімбаева Ж.Ж.** МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ  
БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ НЕМЕСЕ  
ӘЛЕУМЕТТІК ТӘРБИЕ..... 25
- Балабаева А.И., Төлтаева Д.А.** ЭТНОПЕДА-  
ГОГИКА МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ  
МЕКТЕПАЛДЫ БАЛАЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМА-  
ШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ..... 29
- Жиенбаева С.Н.** КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ  
БАЛАЛАРДЫҢ ЕҢБЕК ІС-ӘРЕКЕТІ  
ТӘЖІРИБЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА  
ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТҰҒЫРДЫҢ МӘНІ..... 31
- Жиенбаева С.Н., Абдурахманова М.**  
МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ  
ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ..... 37
- Жиенбаева С.Н., Омарова М.** МЕКТЕП ЖАСЫНА  
ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ  
ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ТУ ЖОЛДАРЫ..... 39
- Жаспанова Т.Қ.** БАСТАУЫШ СЫНЫП  
ОҚУШЫЛАРЫНА ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА  
НЕГІЗІНДЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ  
МҮМКІНДІКТЕРІ..... 42

<b>Жумашева Т.С.</b> ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МӘНІ.....	47
<b>Жубандыкова А.М.</b> ВОСПИТАНИЕ ПАТРИОТИЗМА ЧЕРЕЗ КРАЕВЕДЕНИЕ.....	49
<b>Жаздықбаева М.Б., Айнақбаев Б.</b> ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘДЕБІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	51
<b>Идрисова Ж.И.</b> «ДҮНИЕТАНУ» ПӘНІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ САБАҚТЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУ.....	56
<b>Исламқұлова И.Б.</b> САМОСТОЯТЕЛЬНАЯ РАБОТА СТУДЕНТА В СИСТЕМЕ КРЕДИТНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПО ПРЕДМЕТУ «ОСНОВЫ ПЕДИАТРИИ И ГИГИЕНЫ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА».....	61
<b>Исламқұлова И.Б.</b> ПРЕЗЕНТАЦИЯ - КАК ФОРМА АКТИВИЗАЦИИ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА ПРИ ИЗУЧЕНИИ КУРСА «ОСНОВЫ ПЕДИАТРИИ И ГИГИЕНЫ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА».....	64
<b>Исмаилова Р.Б.</b> СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	66
<b>Қоқымбаева Т.И.</b> МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ.....	68
<b>Левченко Т.А.</b> ФОРМИРОВАНИЕ У БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ И УМЕНИЙ В ПРОЦЕССЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПРАКТИКИ.....	70
<b>Меңдаяхова Қ.М.</b> МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАТЫСЫМДЫҚ-ОЙЫН ӘДІСІ.....	73
<b>Меңдаяхова Қ.М.</b> МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	76
<b>Сманова А.А.</b> АНА ТІЛІ САБАҒЫНДА КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	79
<b>Таубаева Ғ.З.</b> БОЛАШАҚ КӘСІБИ МАМАНДАРДЫҢ ТІЛДІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНІҢ МАҢЫЗЫ.....	83
<b>Текесбаева А.М.</b> БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ... ..	86
<b>Текесбаева Р.М.</b> ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ ТІЛ ДАМУ ЖОЛДАРЫ.....	88
<b>Шарипходжаева Ж.Б.</b> 12 ЖЫЛДЫҚ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ МАКСАТЫ МЕН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ.....	90
<b>Шеңгелбай А.А.</b> ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ҚАҒАРМАНДЫҚ БЕЙНЕСІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ.....	94
 <b>ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА, БІЛІМ БЕРУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЭТНОПЕДАГОГИКА</b>	
<b>Абишева Г.Т.</b> ФОРМИРОВАНИЕ ЛИЧНОСТИ ПРИ ОБУЧЕНИИ РУССКОМУ ЯЗЫКУ.....	98
<b>Аманқұлова Л.Ә.</b> ӨНЕР ТАРИХЫНАН РЕЖИССЕРДІҢ ТЕАТР ҰЖЫМЫНДАҒЫ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІ МЕН РӨЛІН ТАНЫТУ.....	100
<b>Ашиқбаева Г.Д., Паптанов С.У.</b> ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ.....	103
<b>Баяндина С.Ж., Шманова А.Н.</b> К ВОПРОСУ ИЗДАНИЙ УЧЕБНЫХ ПОСОБИЙ В УСЛОВИЯХ КРЕДИТНОЙ СИСТЕМЫ ОБУЧЕНИЯ, ВНЕДРЕННОЙ В ВУЗОВСКУЮ ОБРАЗОВАТЕЛЬНУЮ СФЕРУ КАЗАХСТАНА.....	107
<b>Жиенбаева С.Н. Каримова Р.Е.,</b> ҚОҒАМДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ГЕНДЕРЛІК МӘСЕЛЕЛЕР.....	112
<b>Искакова А.Т., Жунусова А.Ж.</b> СУЩНОСТЬ ПОНЯТИЯ «ИНФОРМАЦИОННАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ» В ШКОЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ.....	117

<i>Кішібаева Д.Ж., Божбанбаева З.Ж., Оспанов С.</i> ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	122
<i>Кішібаева Д.Ж., Оспанов С.</i> ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МӘНІ	125
<i>Кошербаева Ш.С</i> БІЛІМ БЕРУДІҢ 12 ЖЫЛДЫҚ ЖҮЙЕСІНЕ КӨШУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	128
<i>Караев Ж.А., Иманбаева С.Т., Шахгулари В.В.</i> СОЗДАНИЕ УЧЕБНОЙ ЛИТЕРАТУРЫ КАК СРЕДСТВО ПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ НОВОЙ ФОРМАЦИИ.....	130
<i>Қасымбеков Ж., Жаздықбаева М.Б.</i> ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ.....	135
<i>Матай Б., Базылгаламова Ә.С.</i> ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	138
<i>Нурболат Қ.</i> ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ.....	141
<i>Тукачева Н.М., Ибраева К.И., Жунусова А. Ж., Сильченко А.В.</i> ИНФОРМАЦИОННАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ КАК СОСТАВЛЯЮЩАЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ПЕДАГОГА.....	144
<i>Шауханов А.А.</i> ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА УЧИТЕЛЯ КАК ПРЕДПОСЫЛКА КАЧЕСТВА ОБУЧЕНИЯ.....	148
<i>Халилаева Э.Ж., Исахова Ш.И.</i> «СЕНСОРЛЫҚ ТӘРБИЕ» ТУРАЛЫ ТҮСІНІК.....	153

#### **МАГИСТРАТУРА**

<i>Алимбекова А.А.</i> ҚАЗАҚСТАНДА ДИДАКТИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ.....	157
<i>Елжанова Л.А.</i> ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ МӘДЕНИАРАЛЫҚ КОММУНИКАТИВТІ БІЛІКТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ИНТЕРНЕТТІ ПАЙДАЛАНУ.....	161
<i>Молдасан Н.А.</i> ҰЛТТЫҚ ТАҚЫРЫПТАҒЫ КЕСКІНДЕМЕ ӨНЕРІ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ РӨЛІ .....	164



## **САПАЛЫ МАМАН ДАЙЫНДАУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТРЕНИНГТІҢ МАҢЫЗЫ**

Аймағамбетова Қ.А. – п.ғ.д., профессор (Алматы, ҚазмемқызПУ)

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесінде көрсетілгендей, білім берудің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау: білім алушыны тәрбиелеу, білім бере отырып, жан-жақты қалыптастыру, ана тілін, ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау, ақпараттану, денсаулығын нығайту. Осы қасиеттерді білім алушы болашақ маман студенттердің бойында қалыптастыру мен дамыту Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің маңызды міндеті ретінде қарастырылады. «Біз өзіміздің ұлттық ойлау жүйемізді, тарихи танымымызды, рухани мәдениетімізді барынша терең дамыта отырып, барлық салада рухани тәуелсіздікке жетуіміз керек» - деген Елбасымыз Н.Назарбаевтың сөзі бүгінгі ұстаздың негізгі ұстанымы болуға тиісті.

Қазіргі таңда студенттердің білімін жетілдіруге оны жан-жақты дамытуға жол ашатын технологиялар баршылық, солардың бірі - педагогикалық тренингті болашақ маманды дамыту құралы ретінде оларды шығармашылыққа баулытатын және оны іске асырудың педагогикалық шарттарын айқындауға мүмкіндік беретін тиімді технологиялардың бірі ретінде қолданамыз .

Қазіргі кезең ұлттық бәсеке, ақпараттық сайыс, инновациялық технологиялар, күрделі экономикалық реформалармен ерекшеленеді. Сол кезеңге сай интеллектуалды, дені сау, ой-өрісі жоғары дамыған, халықаралық деңгейге сәйкес білімі бар педагог маман дайындау– мемлекеттің ең маңызды стратегиясы. Маман дайындау, оның ішінде болашақ қоғам иелерін оқытып білім беруге лайықты ұстаз кейпін қалыптастыру өте маңызды мәселе. Ол осы қоғамның, даму деңгейін көрсететін рухани, ғылыми, әлеуметтік және тарихи жемісі болып табылады. Өйткені қоғамдық өмірдің әлеуметтік, экономикалық, саяси, рухани қырларындағы өзгерістер педагог маман әрекетінен тыс болмайтыны белгілі.

XX ғасырдың екінші жарытсынан бастап психологияның қолданбалы және тәжірибелік салаларында «тренинг» түсінігі пайда болды және кеңінен қолданыла бастады. Қазіргі таңда «тренинг» түсінігінің нақты бір анықтамасы болмағанмен, бұл әр түрлі іс-әрекеттердің, әдіс-тәсілдер мен құралдардың ортақ термині ретінде кеңінен пайдаланылуда.

«Тренинг» термині ағылшынның (*train, training* сөздерінен) оқыту, тәрбиелеу, жаттықтыру, үйрету сияқты мағынаға ие. Ю.Н. Емельянов тренингке іс-әрекеттің кез-келген қиын түрін игеру мен оқыту қабілеттілігін дамыту әдістерінің топтамасы деген анықтама береді.

Тренинг адам бойында қалыптасқан мінез-құлық пен іс-әрекеттерді басқару тәсілі ретінде қолданылады да студенттердің белсенділігін арттыруға, олардың кәсіби білімі мен қабілеттілігін көтеруге бағытталады.

Ресейлік психолог Л.А. Петровская әлеуметтік-психологиялық тренингті «өзара қатынастағы білімді, әлеуметтік белгілеулерді, қабілеттілік пен тәжірибені дамытуға бағытталған әсер ету құралы», ретінде қарастырады.

Осы пікірлер негізінде тренингті «психологиялық әсер ету» деп негіздеуге болатындығы айтылып жүр. Сондықтан да тренингті студенттің кәсіби үйлесімділігін және ұжымның психологиялық феноменін мақсатты түрде өзгертуде, білім беруде, тәрбиелеуде, жаттықтыруда көпқырлы әдіс ретінде қолдануға болады .

Білім беруде тренингті қолдану арқылы алға қойған мәселелерді шешу, қарым-қатынас, жігерлік, өз-өзіне сенімділік, ойлаудың сыншылдығы, өзін-өзі басқару қабілеттілігі және өзіндік «менін» - дамытуға жағдай жасалады.

Сонымен қатар эмоциялық тұрғыдан жекебастың өзін-өзі бақылауы, адам аралық қатынасы, өзін-өзі тануы және тәжірибені тұжырымдап іс жүзінде қолдануы жүзеге асады.

Педагогикалық тренинг жұмысының нәтижелі болуы оқыту барысында шешімін табуға тиіс міндеттерге жүргізушінің ықпал ете алуына байланысты. Нәтижесінде, алға қойылған мақсаттармен бірге, топтың әрбір мүшесі кері байланыс көмегімен өз-өзін жана қырынан ашу және өз-өзін түсіну тәжірибесін игереді. Тренинг барысында топ мүшелері өзара үйрену процесіне тартылады, сондықтанда олар әдетте жетекшіге емес бір біріне сенім артады.

Ресей ғалымы Л. А. Петровская тренингті білімге және жеке қабілеттерге үйретудің өзіндік түрі және оларды түзетудің сәйкес формасы ретінде қарастырды. Бұл формалардың алуан түрі үлкен екі класқа бөлінеді:

а) арнайы қабілеттерді дамытуға бағытталған;

б) қатынас жағдайында талдау тәжірибесін тереңдетуге мақсатталған.

Болашақ маманды жеке тұлға деп қарастырсақ, ол С.И.Ожегов сөздігінде: «жеке тұлға – адам қандай да бір қасиет, қабілетті тасушы» ретінде көрсетіледі. Жеке тұлға онда екі мағынада қарастырылады: кез келген саналы адам; өзінің психикалық үрдісін, мінез-құлық, жүріс-тұрысын басқара алатын қабілетті адам. Ал, белгілі психолог Қ.Жарықбаектың пікірінше тұлға – өзіне де айналасындағыларға да өзгеріс жасай алатын адам . Олай болса, болашақ педагог маман маңайына, өзі білім беретін жеткіншектерге дамытушылық тұрғыдан әсер ететін, оның өміріне өзгеріс ендіретін адам ретінде дайын болуға тиісті. Педагог маманды қалыптастырып өзінің болашақ ісіне дайындау оңай мәселе емес екені белгілі. Қалыптасу – адам тұлғасының дамуында немесе оның жеке қасиеттеріндегі белгілі бір фактордың әсер етуінен болатын өзгерістер. Қалыптастыру – яғни, адамның өмір сүру әрекетін ұйымдастыру, тәрбие мен білім беруді жүзеге асыру, тұлғаның бойында белгілі бір қасиетті дамуға ықпал ету. Осы ықпал етудің көптеген әдістері мен формалары бола тұра соның ішінде тренингтің мүмкіндігінің молдығын атап өтуге болады.

Ғылыми еңбектерде «Тренинг – жеке тұлғаның дамуына және өзара әрекеттестік, өзара қатынас жаттығулар жүйесі» деген анықтама беріледі.

«Тренинг» сөзі біздің педагогика ғылымына өткен ғасырдың екінші жартысында ғана ене бастады. Бұған дейін осы сөзге мағыналас «жаттығу» сөзі кеңінен қолданылып келді. Қазір осы екі термин де педагогика саласында кеңінен қолданылып келеді. Жай жаттығудан тренингтің айырмашылығы онған біліктілігі жоғары маман басшылық етуге тиісті.

Біз өз тәжірибемізде маманға теориялық білім берумен қатар оларды бастауыш сыныптарға сабақ берудің әдіс тәсілдерімен, білім беруді ұйымдастыру формаларымен таныстырып, оларды сол істі шебер орындаудың жолдарына төселтіп, жаттықтыруға тиіспіз. Бұл көптеген жаттығулардың, қайталанатын іс-әрекеттердің нәтижесінде жүзеге аспақ. Осы жағдайда қолданылатын тренингтердің түрлері көп. Солардың ішінде оқытудың белсенді әдістерін жүйелеуге қарай: оқытуды ұйымдастыруға қолданылатын әдістер мен формалардың тиімділігін анықтауға; нақты міндеттерді шешуге бағытталған. Ол үшін тренингтің мына түрлерін қолдануға тырыстық:

1. Оқу-жаттығу тренингі;
2. Белсенді оқыту;
3. Тренинг-семинар ;
4. Кәсіби-педагогикалық тренингі.

Педагогикалық тренинг – оқыту сапасын арттыруда студенттің білік пен дағдысын қалыпсатыру мен жетілдіруді көздейтін жоспарлы бағдарламамен жүргізілетін әр түрлі жаттығулар жүйесі.

Педагогикалық тренингті көбіне студенттің мамандық сапасын, жеке қасиеттерін, өзін-өзі тануын, өзін-өзі жетілдіруін, өзін-өзі белсендіруін білуге, өзін ұжымда, көпшілік ортасында ұстауға, әріптесін тыңдауға, көпшілік алдында шығып сөйлеуге, өз ойын дәлдеп айтуға, басқалардың ойларымен санасуға үйретеді. Сонымен қатар, ұжыммен жұмыс істеуді, ұжымның жетістіктерін бағалауды, кемшіліктерін болдырмауды үйрене отырып, өз білімін жетілдіруге, өз бетінше ізденуге, шығармашылыққа жол ашады. Бұл әсіресе қазіргі кредиттік жүйемен білім беру барысында өте тиімділік көрсетеді.

Студенттермен жұмыс барысында әсіресе семинарлық практикалық сабақтар барысында және студенттермен бірге жүргізілетін өзіндік жұмыстарды тұжырымдау кезінде қолдана отырып, оның білім берудің басқа формаларынан айырмашылығын байқадық:

- берілетін білім мен біліктілікке байланысты мақсаты айқын шектеп, сол мақсатқа жету үшін нақты жұмыс жасау;

- алға қойылған мәселені жан жақты терең ашу;

- талдау барысында бұрын алған білімнің практика жүзінде тікелей пайдалануы.

Сонымен қатар, тренинг барысында студенттер арасында іскер қарым-қатынас орнатылады; білімі дамып, біліктілігі мен дағдысы қалыптасады; қажетті ақпараттар алады; өз іс-әрекетіне жаңалық енгізеді, жаңаша көзқараспен қаруланады, ұжымдағы қарым-қатынас жақсарып, бір-біріне деген сенімі артады.

Белгілі бір тақырыпты меңгертуге байланысты педагогикалық тренингті қолдану үшін алдымен оның мақсатын анықтаймыз:

- тренингтің негізгі, мақсаты;

- тренингтің тақырыбының өзекті мәселеге арналуы; оның болашақ мамандарға қажеттілігі.;

- қолданылатын құралдар;

- тренингтің тиімділігін анықтау жолдары.

Тренингтің тақырыбын таңдау үшін теориялық дәрістер өткізу барысында студенттерден әртүрлі сауалнама алып, олардың ұсыныс-пікірлері ескеріледі.

Тренинг бағдарламасында ұйымдастырылатын жұмыс түрлері, берілетін тарсырмалар мен сұрақтар айқын белгіленіп, студенттердің белсенділігін арттыратын сюжеттік рольдік ойындар; миға шабуыл; дөңгелек үстел; пікірсайыс сияқты тиімді әдістерді кеңінен қолданылады.

Сонымен қатар, жеке және топтық жаттығулар; тапсырмалар, шешімін табуы керек ететін жағдаяттар да молынан қолданылады.

Тренинг кезінде студенттер күнделікті өмірде байқамай жүрген нәрселерге назар аударып, оны жаңа қырынан таныйды; жағдаяттарды шешуде тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалануға үйренеді; кері байланыс күшейеді; жаттығулар орындау арқылы студенттерде практикалық дағды қалыптасады.

Осы тұста «Тренинг-семинар» арқылы ұйымдастырылған бір сабаққа тоқталайық.

*Сабақтың тақырыбы «Сөздік әдіс»*

*Сабақтың мақсаты:* студенттерді бастауыш сынып оқушыларына білім беруде сөздік әдісті қолдана отырып, оның тиімді және олқы жақтарын ажырата білуге жаттықтыру. Кез келген тақырып бойынша сөздік әдісті тиімді қолданудың жолын анықтау.

«Тренинг-семинардың» құрылысы төмендегідей:

- студенттерді топқа бөлу;

- студенттердің көңіл-күйін анықтау,

- бұрын алған білімдері мен білігін тексеру;
- тренингтің мақсатымен таныстыру;
- мұғалімнің оқу материалын баяндауы;
- «Мұғалім» кәсіптік ойынын қолдану;
- ауызша және жазбаша кері байланыс;
- жаттығу жұмыстары (бастауыш сыныптардың «Дүниетану» оқулықтары бойынша жұмыс);
- таратып берілетін жаттығу материалдары (түрлі жағдаяттық тапсырмалар);
- тренингтің тиімділігін анықтау.

#### *Тренингтің барысы*

1. Ең алдымен оқытушы бұл тақырыпты неге тренинг ретінде өткізу керектігін айтып түсіндіреді. Оқытуда білім берудің кез келген әдісін қолдануға болады. Бірақ сол әрбір әдістің тиімді және кемшілік жақтарын жете түсінгенде ғана оны тиімді қолдануға мүмкіндік туатындығын айта отырып, мұғалім студенттерге тапсырма береді. Бұл студенттердің осы әдіс туралы не білетінін байқауға арналады:

- сөздік әдіс деген не?
  - оның қандай тәсілдері бар?
  - сөздік әдісті сабақтың қай бөлімдерінде қолдануға болады?
  - сабақтың қай бөлімінде сөздік әдіс қандай мақсатты көздейді?
- (5 минутта осы сұрақтарға жазбаша жауап беру тапсырылады.)

Әр топ студенттері келесі топтың жауаптарын салыстырып, толықтырады.

2. Оқытушы оқу материалын баяндап, сөздік әдістің тиімділігін талдау және кемшіліктерін анықтауға арналған тапсырма береді. Осы тұста студенттердің қаншалықты сөздік әдісті жете түсіне алатыны анықталып, олардың салыстыра білу қабілеттері ашылады.

- сөздік әдістің тиімділігін дәлелдендер;
- сөздік әдістің кемшіліктерін анықтаңдар;
- сөздік әдісті тиімді қолдану жолдарын талдаңдар.


Студенттерге берілген тапсырма бойынша әр топ өздерінің көзқарасын білдіретін сызба жасайды. Сол сызбалардың ішінен бір топтың жасаған сызбасын төменде келтіріп отырмыз. Бұл сызба бойынша сөздік жұмысты қаншалықты студенттердің тиімді жағынан талдай білгенін байқауға болады.

3. «Мұғалім» кәсіптік ойынын ұйымдастыру. Мұнда мұғалім бойындағы бүкіл кәсіптік сапалар ашылуға тиісті. Тек сабақ беру шеберлігі ғана емес, психологиялық тұрғыдан өзін оқушылармен қарым-қатыста ұстауы, ата-анамен жұмыс т.б. жақтары талданады. Бұл тұста студенттер ашық пікірсайысқа қатысады. Бір-бірінің қате ұғымдарын жөндеп, нағыз мұғалімнің кейіпін шығаруға тырысады.

4. Студенттердің мұғалім ретінде өздігінен іс-әрекет жасау оқулықпен жұмыс кезінде ашылады. Бұл жұмыста ұжым мүшелері толық қатыса отырып, бір біріне көмекке, кеңеске келіп, неғұрлым сөздік әдісті жаңаша қолдану жолдарын іздестіруге тырысады. Сөздік әдісті жаңаша қолдану барысында көбіне оқушыларды іздендіретін тапсырмалар, таратып беретін материалдарды кеңінен қолдануға тырысады.

5. Таратып берілетін материалдар топқа не болмаса, жеке студенттерге арналады. (Мысалы, мәтін мазмұнын толық түсіне алмаған оқушымен сөздік әдісті қолдану арқылы қандай жұмыс жүргізесің?).

- студенттердің танымдық қызығушылығын оятып, өмірлік позициясы айқындалып, белсенділіктері артады;
- практикалық жұмыстарды орындауға қатысты жаттығулар тренинг барысында студентті өзіне қажетті білік пен дағдыға машықтандырады. Тренингтің практикалық жұмыстарды орындауға қатысты жаттығулар құрылымының да көптеген артықшылықтары бар;
- студент өзіне қажетті білік пен дағдыға сол сәтте үйренеді;



Сызба 1 Сөздік әдістің тиімділігі

- студент білім, білік, практикалық тәжірибе алуға белсене қатысады;
- студент жұмысты оқытушының басшылығымен және ұжымның көмегімен орындайды да, көп қателіктер жібермей, тез үйренуге машықтанады;
- студенттің «білсем», «үйренсем» «меңгерсем» деген белсенділігі, ынтасы артады;

Топпен жұмыс жасау арқылы ұжымды қалыптастыру, іскерлік қарым – қатынас, бірлік іс – әрекет жасау, әртүрлі жағдаяттарды шешуге бір-біріне көмектесу дағдылары қалыптасады.

Сондықтан да студенттер орындайтын жаттығуларды көп түрлі етіп құрастыру керек. Жаттығудың бірінде іскерлік ойын ойнаса, келесінде берілген тапсырмаларды ауызша не жазбаша орындап, оның нәтижесін ортаға салуға, әрбір қатысушының пікірін тыңдауға, сол арқылы жетістіктері мен кемшіліктерін ашуға дағдыланады. Тренинг барысында, берілген аз уақыт ішінде әрбір студенттің ойын еркін айтуға, іс-әрекет жүйесін таңдауға мүмкіндік туады.

Тренингтің қортынды бөлімінде оның тиімді жақтарын, жеткен нәтижелерін анықтау мақсаты орындалады. Бұл студенттердің тренинг өткізгенге дейінгі және одан кейінгі іс-әрекетін салыстыру арқылы жүзеге асады. Бұл жағдайда алдымен студенттердің өздері тренингтің тиімділігін талдайды. Олардың атқарған жаттығулары мен берген жауаптарынан және іс-әрекеттерінен тренингтің қаншалықты пайдалы болғаны да көрінеді.

Тренингтің нәтижелігін анықтау ұжымның, жекеленген оқушының тренинг өткізгенге дейінгі және тренингті өткізгеннен кейінгі іс-әрекетін салыстыру нәтижесінде жүзеге асады. Тренинг нәтижесінің тиімділігін анықтауда бағалау критерийлері екі жолмен іске асады:

1.Тренингтің тиімділігі туралы студенттің өздерінің пікірі ( Тренинг арқылы не біліп, не үйрендік).

2.Оқытушының студенттердің қол жеткізген жетістіктеріне қатысты байқағаны.

Мұндай сабақтар студенттердің қазіргі таңда қол жеткізген жетістіктерін байқауға мол мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сабақ бастан аяқ қызу қарқынды белсенділігімен, іс-әрекеттің нәтижелілігімен, іскерлік қарым-қатыстың дұрыс құрылуымен ерекшеленеді.

Тренингті ұйымдастыру көп дайындықты керек етеді. Себебі, студенттердің тренинг барысындағы іс-әрекеттерінің нәтижелі болуы алдынала жасалған дайындықпен тікелей байланысты. Ол дайындықтар мына мәселелерді ескеруді керек етеді:

- тақырыпқа байланысты әр топқа немесе әр оқушыға берілетін үлестірмелі тапсырмалар;

- психологиялық жаттығулар;

- рөлдік және іскерлік ойындар мазмұны;

- видеоаппаратуралар, техникалық құралдар, әр түрлі көрнекіліктер;

- тренингке қатысқан әр топтың, әрбір оқушының жауабын бағалауға арналған арнайы сызбалар мен қағаздар және т.б.

## ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жоғары оқу орындарында сапалы маман дайындауда педагогикалық тренингтің маңызы туралы айтылады.

## РЕЗЮМЕ

Одной из важнейших задач высших учебных заведений является подготовка кадров. Автор раскрывает сущность и значение педагогических тренингов в подготовке качественных специалистов.

## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА БЕРІЛЕТІН ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ҚАЛЫПТАСАТЫН БІЛІКТІЛІК ЖҮЙЕСІНДЕ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КАРТАМЕН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ**

Альдибекова Ш. – п.ғ.к, аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

А.А.Поповинкиннің айтуы бойынша, карта кітапқа немесе басқа да ақпарат көздеріне қарағанда “тезірек, нақтылы, көрнекті және ықшамды түрде айтып, көрсетеді”. Сөйтіп, географиялық карта бастауыш мектеп оқушыларында дүниенің біртұтас бейнесін қалыптастыру мақсатында мазмұн-ды дидактикалық өндеуді көздейтін сабақтастықтың логикалық-мазмұндық жайын жүзеге асыруға ықпал етеді. “Бейне” дегеніміз - “адам санасында сыртқы дүниені бейнелеуді сипаттау үшін қолданылатын” термин. Бұл жағдайда, Жер туралы білім – қоршаған шындық объектісі ретіндегі планета туралы мазмұндық ақпараттары бар сыртқы дүние туралы білімдердің арнайы элементі. Бұл шындықты тану және оған деген арнайы қарым-қатынасты қалыптастыру – белсенді де мақсатты бағытталған үрдіс.

Біздің планетамыздың бейнесі туралы оқушылар ойында білім қалып-тастыру өзара байланысқан бір үрдістің екі жақтарынан тұрады: объектінің рационалды (түсінерлік) және сезімді-көрнекі бейнесін қалыптастыру. Рационалдық бейне Жер туралы білімдер жинағынан тұрады (түсініктер, ұғымдар, фактілер, себеп-салдар байланыстары, заңдылықтар). Оқушыларда Жердің бейнесі туралы ұғымды қалыптастыру планета туралы ұғымды алуға ықпал ететін оның картографиялық бейнесіз мүмкін емес. А.М.Берлянттың анықтамасы бойынша, картографиялық бейне - оқушымен қабылданатын картографиялық белгілерді кеңістікте қиыстыру (кұрастыру). Ол үш дәрежеде қабылдануы мүмкін: жеке картографиялық бейнелеуді қабылдау, бүкіл картографиялық бейнелеуді қабылдау, әр түрлі картографиялық бейнелерді салыстыру мен қатар қою. Дүние бейнесін қалыптастырудың міндетіне екінші деңгей сәйкес келеді, яғни бастауыш және негізгі мектепте нысан туралы толық кеңістіктік ұғым орнату. Алайда бұл нысанның жеке бөліктерін қабылдамай, ұғым толық болуы мүмкін емес. Сондықтан экспериментте бастауыш мектепте дүние жүзілік карталармен бірге (дүние жүзінің саяси картасы, дүние жүзінің физикалық картасы) жеке аумақтар картасы (ресейдің физикалық картасы, қаланың карта-сызбасы, тағы басқалары) қолданылады.

Бастауыш сыныптарда психоллогикалық-педагогикалық әдебиеттерде мен зерттеулерде негізінде 3-4 сынып оқушыларында кеңістіктік туралы және географиялық ұғымдарын қалыптастыру олардың осы кезеңінің ең қолайлы екені байқалды. Себебі, бұл кезеңде оқушыда көрнекті-бейнелік есте сақтау, қоршаған дүниеге деген үлкен ықылас, сан-салалы дүниені елестете білу, географиялық материалдарды жеңіл меңгеру қабілеттілігі тән.

Сызба бойынша 1-4 сыныптардың географиялық мазмұнына: жер беті формалары туралы, табиғат құбылыстары мен табиғи заттар қасиеттері туралы ғылыми ұғымдар мен олардың қарапайым себеп-салдар байланыстары енген. Сөйтіп, 1-4 сыныптардың географиялық білімдерінің бар жүйесі мазмұны эмпирикалық білімдермен, яғни кеңістіктік ұғымдарымен, географиялық деректермен және атаулармен байытылған. Ал, 1-4 сыныптарда географиялық нысандар туралы берілетін қарапайым ұғымдары олардың бейнелері әрбір бөлімді оқыту барысында байланыстырылады. Материалдың бұлайша берілуі географиялық нысандар мен құбылыстар туралы түсініктерге көшіп, негізгі мектептегі географияның бастауыш курсына бұл білімдердің онан әрі дамуын жалғастыру арқылы қалыптасатын ұғымдардың толықтығы мен біртұтастығын қамтамасыз етеді. Бұл өз кезінде негізгі және бастауыш мектептер арасындағы географиялық білімдер сабақтастығын сақтауға көмектеседі.

Бастауыш сыныптардағы географиялық біліктілік мына деңгейден байқалады: картадан оқып өткен географиялық нысандарды таба білу шеберлігінен, әр түрлі басылымдардан географиялық ақпараттарды ала білу, географиялық нысандарды бейнелеу, географиялық үрдістер мен құбылыстардың себебін түсіндіру. Мұндай білім көлемі бастауыш сыныптарға арналған бағдарламаларда берілген мазмұнмен тығыз байланысты. Білім мазмұнының сабақтастығы қамтамасыз ететін материалдар 1-4 сыныптардағы “Дүниетану” пәндерінің кіріктірілген курс мазмұнына кіреді.

Оқушылардың географиялық картаның түрлерімен жұмыс істеу біліктілігі мына төмендегі қалыптасқан құзыреттілігімен өлшенеді:

- өздері тұрған қалалары не ауылдарының планын қолданып, жұмыс істей білу;
- өзінің туған қалаларының не ауылының карта-сызбасын қолдану шеберлігі (ауыл планымен, жақын қаланың карта-сызбасымен);
- физикалық картаны оқи білу;
- атластағы климаттық картаны тану, оны оқу;
- табиғи зоналар картасын танып, оны қолдану арқылы табиғат ерекшелігін сипаттау;
- жер бедерлерінің ерекшелігін картаның бояуы бойынша ажырата білуі;
- физикалық картадан тапқан нысандарды кескін картаға түсіру .

Бастауыш сыныпта оқушылар карталардың әр түрімен танысқанмен, олардың әрқайсысын жете меңгеруді тек сарамандық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Мысалы, жергілікті жердің сызбасы және туған қаланың карта-сызбасын оқу арқылы оқушыларда ұғымдарды қалыптастыру мақсаты көздейледі. Кез-келген картаны қолданып, ол бойынша бағдар алу үшін ең алдымен картаның атауымен және оның нысандарымен таныстырылады. Берілген ғылыми ұғымдардың көлемі оқушылардың материалды оқып меңгеру барысында, географиялық атласпен және карталарымен жұмыс істеу нәтижесінде кеңейтіліп отырады. Оқушылар жергілікті жердің карта-сызбасымен жұмыс істеу барысында бір нүктеден екінші нүктеге дейінгі қолайлы және қысқа жолды табу, маршруттың қажетті нүктесіне жету үшін көліктің қандай түрін қолдану керектігін таңдай білу сияқты логикалық ойларды шешуге үйретіледі.

Бастауыш сыныпта берілетін пропедевтикалық курсқа жергілікті жердің сызбасымен жұмыс істеуді енгізу оқушыларға бірқатар түсініктерді меңгертуді талап етеді. Мәселен, туған жерде (поселок, село) бағдар алуға байланысты пропедевтикалық материалдардың берілуі кездейсоқ емес, бұл тақырып сынып аралық және тақырыптық сабақтасықтың құндылық-мәндік жайын жүзеге асыруға қызмет етеді. Өйткені мектеп жасындағы балалардың көбі қоғамдық автокөлікпен жүреді, туған қалаларының көшелерінде саяхат жасайды, сондықтан да олардың көкжиек тұстарын бағдарлау біліктілігін қалыптастыру көзделеді. Оқушылар өз жерінің, ауыл мен қаланың карта-сызбасын оқып, көшелердің, жолдардың орналасу бағытын, ара-қашықтығын, алыс-жақындығын түсініп, қағаздағы белгілерге қарап, оларды салыстыруға, қолайлы жолды анықтауға, көліктің тиімді түрін пайдалануға мүмкіндік алады. Осы арқылы олар кейде ойша саяхат жасап, картаның шартты белгілері туралы ұғымды меңгеріп қана қоймай, шартты белгіге қарап, кез келген нысанды анықтай алады. Бұл олардың географиялық ұғымдарын жетілдіре түсуге көмектеседі. Сонымен қатар, олар географиялық картаның бетінде нақты нысандардың бейнеленетіндігін көрнекті түрде қабылдайды.

Географиялық ұғым қалыптастыруда сабақта және сабақтан тыс кездерде қолданылатын әр түрлі танымдық географиялық видеофильмдер (“Жер планетасы”, «Табиғаттағы су айналымы» т.б.), түрлі ақпараттық материалдар, географиялық журналдар, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын күшейтіп қана қоймай, олардың ғылыми ұғым алуына жағдай жасайды.

Бастауыш сыныптарда берілетін географиялық білім мен қалыптасатын біліктілік жүйесінде географиялық картаның түрімен жұмыс істеу қарастырыла отырып,

негізінен физикалық географиялық карта пайдаланылады. Мұның мәні мынады: біріншіден, физикалық географиялық картаның бастауыш сыныпқа арналған ірі масштабты түрін пайдаланудың оқушыларға жеңіл соғатындығы. Екіншіден, физикалық географиялық картаның бояуы арқылы оқушылардың оны оқуы олардың жас ерекшеліктеріне сай келетіндігі, үшіншіден, бұл картада ірі-ірі нысандардың қамтылатындығы.

Сонымен, пропедевтикалық блок оқушыларда танымдық іс-әрекеттерді ұйымдастырудың негізін қалайтын болғандықтан, пәнді оқытуды және ғылыми ұғым қалыптастыруды қамтамасыз ететін басты құрал – географиялық карта болып есептеледі. Әр түрлі масштабты және әртүрлі мазмұндағы географиялық карталармен жұмыс істей білу бастауыш сыныптар мен негізгі мектеп арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуге ықпалын тигізетін өзек болып табылады.

Географиялық карта мынадай іс-әрекеттерді ұйымдастыруға және ғылыми ұғымдарды қалыптастыруға ықпал етеді: атауларды меңгеріп, оны картадан көрсету, керекті құбылысты бейнелеу, салыстыру, түсіндіру, сипаттап айту. Бұл әрекеттер барысында оқушыларда картаны оқу шеберлігі ғана қалыптасып қоймай, әрбір ұғымды ойда сақтау деңгейі мен зейінінің тұрақтылығы қалыптасады. Сонымен, пән аралық және сынып аралық сабақтастықты жүзеге асырудың шарты географияны оқытудың алғашқы қадамдарынан-ақ басталып, оны аяқтағанға дейін қолданылатын оқушыларда карта туралы білім мен онымен жұмыс істей білу шеберлігін қалыптастыру болып табылады. Бастауыш мектепте географиялық білімдерді оқытудағы картаның маңызы көптеген географтардың еңбектерінде нақты аталып өтіледі. Профессор А.А.Борзовтың пікірі бойынша: «Географияны оқытудың негізі жергілікті табиғат пен карта болу керек. Ол бойынша оқушылар өздері күнделікті көріп танып жүрген нысандарын картадан таба білуді және оны табиғат көрінісімен салыстыруды үйренуі керек. Ал, одан ары жүргізілетін жаттығулар барысында берілген құбылыстарды картаға схемалық түрде өздері белгілеулеуге тиіс. Географиялық мәліметтерді оқытудың алғашқы кезінен бастап жергілікті планмен және картамен жұмыс атқару оқушыларға оқу әрекетінің басқа түрлерін ұйымдаструмен қатар жүруі керек. Берілетін барлық мәліметтер тұстарды анықтау, планды пайдалану, ауа райын бақылау, жыл мезгілдеріне бақылау жүргізу осының бәрі біртіндеп географиялық картаны пайдалануға жаттықтыруға әкеледі. Карта бойынша жас ерекшеліктеріне қарай берілетін түсініктердің мазмұны да лайықты тәуелділік пен заңдылықтарға негізделеді. Сондықтан да, географияны оқытудың негізгі мақсаттарының бірі ретінде картаны оқи білу шеберлігі мен оның көмегі арқылы одан қажетті жауаптарды таба білуді қарастыру керек»-дейді.

Көптеген әдістемелік құралдарда оқушыларды картамен жұмыс істеуге жаттықтыру дәрежесі үш жолмен анықталады: картаны түсіну, картаны оқу мен картаны білу. М.В.Студеникин картамен жұмыс істеудің мынадай мақсаттарын атап өтеді: картаны түсіну картографиялық білімнің болуы, атап айтқанда, картаның не екенін, оның ерекшеліктерін, мазмұнын, мақсатын, ондағы әр шартты белгінің нені білдіретінін, картаны қалай қолдануды және оның қандай пайдасы бар екендігін білу. Картаны түсіну география пәнін, анығырақ айтсақ, оның ең басты бөлімі картануды құрайды- дейді. "Картаны оқу" – географиялық шындықты оның картографиялық бейнеленуі арқылы анықтай білу шеберлігі, яғни шартты белгілер бойынша елдің географиялық ерекшеліктері туралы қорытынды жасай білу, іс жүзінде арнайы бір жердің табиғи ерекшелігін көру, картаның көмегімен адамдардың іс-әрекеттері мен әр түрлі табиғат құбылыстарын, сол жердің табиғи жағдайына, байланысты өзгертіндігін әне олардың өзара байланысын таба білу. Кейде картада көрсетілмеген құбылыстың өзін ондағы көрсетілген құбылыстар негізінде түсініп, оқи білу шеберлігіне жету арқылы географиялық ұғым қалыптастыруға жағдай туады.

Географиялық картаны оқи білу алған түсінікті есте сақтау деген сөз, ақыл- естің көмегі арқылы картадағы арнайы берілген географиялық жағдайы мен оның атауын көз алдына елестету. Картаны оқи білу мектеп географиясының, оның ішінде бастауыш сынып оқушыларының ұғымын қалыптастырудағы маңызды мақсат болып табылады.

Географиялық картаны оқи білу біліктілігі адамның географиялық мәдениетінің бөлігі болатын картографиялық сауаттылыққа жатады. Картаны оқи білу бастауыш оқытудың мазмұнына және бүгінгі таңда оқытуға қойылып отырған мақсаттарға сәйкес келеді. Себебі, ол бастауыш пен орта мектеп географиясының сабақтастығын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Географиялық ұғым қалыптастыруда атауларды (наменклатураны), көптеген географиялық фактілерді пайдалана отырып, ұғымдарды тиянақты меңгеру мақсаты көзделеді. Карта – географиялық материалдарды оқытудың бөлінбейтін біртұтас бөлігі десек те болады. Сонымен қатар, ол логикалық жүйелі ойлаудың, жекебасты дамытудың, білім, дағды мен біліктілікті қалыптас-тырудың алғы шарты болатын, кеңістіктік жайындағы ұғымдарды қалыптас-тырудың басты құралы болып есептеледі.

Кез-келген географиялық ұғым мен түсініктер арнайы картография-лық ұғымдармен байланыстырылуы керек. Оқушылар алатын географиялық мәліметтер мұндайда "картаға бекітіледі". Бұл оқушылардың бұрын алған білімдері оқытудың келесі сатысында материалды саналы түрде меңгеруге ықпал етіп, географиялық білімдерді меңгеруге нақтылық пен жүйелілік бере-ді. Географиялық карта оқытылатын ғылыми мәлімет пен танымдық іс-әрекеттер арасындағы делдал қызметін атқарады. Көптеген географиялық нысандар өздерінің көлемімен оқушылар түсінігіне ауыр соғатындықтан, картаны пайдалану арқылы оның түсініктілік деңгейін көтеруге және оқушылардың қызығушылығын арттыруға, ғылыми ұғымдарды меңгертуге жағдай туады. Карта зерттеу нысанын алмастыруға әсер етіп, географиялық нысандарын бір-бірімен салыстыруға, олардың ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі.

Дүниенің сезімді-көрнекті бейнесі туралы мазмұнды гуманизациялау арқылы географиялық құбылыстар мен үрдістерді көрсету адам әрекетіне байланысты қаралады, ал бұл мазмұндық сабақтастықтың логикалық-психикалық және құндылық-мәнділік жайларына сәйкес келеді. Әрбір сыныпта оқылатын географиялық материалдардың мазмұнында оқушылардың көңіл-күйіне, сезіміне әсер ететін материал енген. Сезім – оқушы үшін осы материалдың маңызын көтеріп, оның оқу әрекетіне және оқытылатын материалға деген қарым-қатынасын анықтайтын психологиялық фактор болып табылады. Бұрын атап көрсетілгендей, бастауыш мектептегі географиялық білім мен білік пропедевтикалық мазмұны жағынан сабақтастықтың үш түрін есепке ала отырылып, құрылды. Пропедевтикалық блокта қамтылған мазмұн-ның сабақтастықты логикалық-психологиялық жағынан сай келуін дәлелдеу толығымен қарастырылады. Географиялық карталармен жұмыс істеу тәсілдері үйрету оқушының жеке тұлғасын дамытуға ықпал етеді, ал бұл өз кезегінде сабақтастықтың логикалық-психологиялық жайымен сәйкес келеді.

Біз қорытындылай келе байқағанымыз-географиялық ұғымдар әр уақытта да нақты нысандар, дүниеде бар заттар, көзбен көруге, бақылау жүргізуге мүмкіндік бар құбылыстар төңірегінде болғандықтан, осы жоғарыдағы модуль бойынша жұмыс істеуді қолайлы деп, эксперимент кезінде осыны негізге алдық.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бастауыш сыныптарда берілетін географиялық білім мен қалыптасатын біліктілік жүйесінде географиялық картамен жұмыс түрлері беріледі.

#### РЕЗЮМЕ

В статье говорится о видах работы с картами в системе формирования географических знаний и умений в начальной школе.

## НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ СОЦИАЛИЗАЦИИ ЛИЧНОСТИ ШКОЛЬНИКА В ПЕДАГОГИЧЕСКОМ ПРОЦЕССЕ

Л.Е.Агеева - к.п.н., ст. преподаватель (г. Алматы, КазгосженПУ)

Меняющаяся социально-экономическая ситуация требует новый современный подход к развитию личности школьников. В этой связи, в своём послании народу Казахстана президент затронул вопрос об образовании и профессиональной подготовке на уровне XXI века. Президент подчеркнул, что та страна, которая не умеет развивать знания, в XXI веке обречена на провал /1/.

Проблема становления личности относится к одной из важных проблем в философии, психологии, социологии, педагогике. От этого зависит решение такой задачи нашего общества, как задача формирования человека новой формации. В современных условиях жизни, когда обновляется общество, именно педагогу необходимо найти эффективные пути решения проблемы с позиции целостности личности.

В условиях целостного педагогического процесса класса (школы), построенного на основе сотрудничества, уважения всех его участников, создается благоприятная социальная среда для выявления, формирования личностно-значимых качеств школьника, становления его как субъекта деятельности.

Уже в средневековье великий мыслитель Абу Наср ибн Мухаммед аль-Фараби мощным и эффективным средством формирования совершенного человека считал воспитание и обучение, благодаря которым вырабатываются определённые качества в мировоззрении человека. Корифей педагогики Востока даёт характеристику взаимоуважения и доверия. Эти положения созвучны с сущностью современных интерактивных методов, в частности с педагогикой сотрудничества.

Личность получает социальную информацию только в обществе. Если личность поддерживает общественные отношения, то в её поведении прослеживаются особенности того общества, где она воспитывается. Личность становится элементом этого общества, характеризующим социальную сущность.

Проблемы личности в обществе и её деятельности нашли отражение в работах Я.А. Коменского, Ж.-Ж. Руссо, И.Г. Песталотии, Д.Ж. Локка и других. Особую роль воспитания в развитии личности ребёнка отстаивал И.Г. Песталотии. Он рассматривал вопрос о воздействии на личность в первую очередь родителей, затем учителя и воспитателя, школьных товарищей и, наконец, общества, в котором растёт и развивается личность. Его наследие учит тому, что решать задачу развития личности можно лишь при условии постоянного совершенствования обучения и воспитания в соответствии с требованиями жизни.

Проблема взаимодействия участников обучения поднималась основоположником русской педагогики К.Д. Ушинским. Его позиция: потребностью людей является свободная деятельность, в которой и формируется личность ребенка. А это значит, что учебный процесс необходимо строить на основе свободной деятельности учащихся, организуемой педагогом. Естественно, что такая деятельность протекает в коллективе учащихся и должна отвечать социальным потребностям общества.

В первые годы Советской власти появился устойчивый интерес к проблемам сотрудничества (А.С. Макаренко, С.Т. Шацкий и др.). Единство воспитателей и воспитанников педагоги начала XX века рассматривали как принцип учебно-воспитательного процесса, как условие формирования личностных ориентиров. Впервые теоретически обосновали методику проведения коллективной работы учащихся А.С. Макаренко и Н.К. Крупская. Так, Н.К.Крупская отмечала, что «коллективная работа - это не работа в одном помещении, а такая работа, которая имеет общую цель» /2, с.138, 139/.

В это же время происходит переосмысление процесса воспитания и обучения в зарубежной педагогике. В основных принципах системы Марии Монтессори лежит создание благоприятной социальной среды, в которой дети могут обрести здоровое отношение к жизни, к учебе, к взрослению. Обеспечение активной целенаправленной деятельности, индивидуальной и групповой, через которую реализуются потребности и возможности каждого ребенка, способствуют здоровому психологическому, социальному развитию личности.

Многие ведущие психологи и педагоги (О.С. Богданова, В.Г. Нечаева, Н.И.Непомнящая и другие) отмечают, что к моменту поступления в школу большой процент детей не достигают возможного уровня социальной зрелости. Поэтому задача педагогов начальной школы состоит в том, чтобы пришедших в первый класс детей, из разных социальных слоев, объединить в единый коллектив. Ведь только в коллективе, через общение отдельной личности с коллективом происходит всестороннее ее развитие. В подтверждении этого, в педагогической науке поднимаются такие вопросы, как становление личности в обществе, личность и ее взаимоотношения в коллективе, межличностное восприятие в группе (Н.Н. Обозов, А.Г. Асмолов, А.А. Бодалёв, А.А. Ершов, Г.М. Андреева, Н.И. Киселёв и другие), межгрупповое взаимодействие (В.С. Агеев).

Общество стремится воздействовать на личность через коллектив. Коллектив - это маленькая социальная система общества. Но человек член не одного коллектива. Чем больше человек выполняет социальных ролей, тем богаче он становится как личность. «Социальная активность личности в коллективе должна быть направлена на реализацию общественных ценностей», - утверждал В.П. Куратченко /3, с.110/. Продолжая мысль о социальной активности, Л.П. Буева указывала на то, что степень социальной активности личности зависит от соотношения, которое существует между социальными функциями личности и ее субъективными позициями и установками. Поэтому в педагогической науке подчеркивается важность социализации личности, которая главным образом происходит через общение. К этому необходимо готовить ребенка с первого года обучения в школе, поскольку общение связано с направленным выражением и передачей мыслей и чувств (Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн).

Работы ряда психологов дали возможность поставить и решить важнейшие проблемы социализации личности на научной основе (Е.А. Ануфриев, Р.Х. Шакуров, А.А. Бодалев и другие). Сделана попытка описания поведения и сотрудничества индивида с другими людьми при исполнении индивидом определенных социальных ролей.

В последнее время все чаще и чаще философы, социологи, психологи, педагоги возвращаются к проблеме социализации личности. Ее определяют как одно из основных понятий в педагогике (В.А. Сластёнин, А.И. Мищенко, А.В. Мудрик, Л.И. Новиков, Э.Д. Днепров, В.В. Краевский, А.В. Петровский и другие). Вместе с тем, несмотря на частое употребление в современной педагогике термина «социализация», он не имеет единого толкования.

История любого государства убеждает, что незнание национальных особенностей коренной национальности, её психологии, истории, традиций означает разрушение связи между поколениями. Народная психология несёт в себе много положительного в воспитании подрастающего поколения.

Изучение истории казахстанской педагогики показывает, какой неоценимый вклад внесли в развитие педагогической науки казахстанские мыслители, просветители и педагоги, такие как Абай Кунанбаев, Ч. Валиханов, Ш.Е. Альжанов, Ж. Аймауытов, С.Д. Асфендияров, А. Байтурсынов, А.Н. Букейханов, М. Жумабаев, К. Кеменгеров, Ы. Алтынсарин и другие.

Во второй половине 80-90-х годов XX столетия проблема личности выходит на первый план у казахстанских философов, психологов, социологов и педагогов.

Реформы в образовании дали возможность посмотреть на личность со всех сторон. Проблемам образования и воспитания, становления личности в обществе посвятили труды видные философы (К.Ш. Шулембаев, Ж.М. Абдильдин, Н.К. Сейтахметов, Р.Б. Абсаттаров, Ж.Б. Бекбасынова, Т.Х. Габитов, А. Касымжанов, А.К. Абишев).

Так, казахстанский философ Ж.М. Абдильдин раскрывает сущность социального существования личности. Как бы в продолжение его мысли К.А. Абишев исследует проблему личности в обществе. Ее собственное развитие, обогащение возможностей и способностей личности является результатом деятельности индивидов. Многие годы посвятил вопросам создания национальной философии образования К.Ш. Шулембаев, исследуя вопросы становления личности в обществе.

Продолжая мысли философов, казахстанские ученые-педагоги изучают проблемы становления личности (С.А. Узакбаева, К.Ж. Кожаметова, А. Джумабаева). Личность не может быть полноценной без знаний истории своего народа. Материалы казахстанских этнопедагогов включают в себя процесс социального и общественного взаимодействия, в ходе которого создается личность, усваивая социальные нормы, ценности, народную мудрость, народные знания (С.А.Узакбаева, К.Ш.Кожаметова и другие).

Воспитание, самовоспитание и самосовершенствование личности является основным фактором социализации личности. Эти вопросы анализирует в своей работе М.М. Смагулов.

На современном этапе развития педагогической науки в Республике Казахстан наблюдается повышение интереса к вопросу сотрудничества в целостном педагогическом процессе. В этом плане необходимо выделить научные работы, посвященные целостному педагогическому процессу общеобразовательной школы, сотрудничеству учащихся в педагогическом процессе. Так казахстанские ученые-педагоги Н.Д. Хмель, Б.И. Муканова, Г.А. Уманов, В.В. Трифонов, Г.Т. Хайруллин, Н.Н. Хан, А.Н. Тесленко, Т.Г. Бортко глубоко исследуют сущность социализации личности. Глубоко проблемы социализации личности учащихся раскрыты в работах Г.А. Уманова /4/.

Разработана теория и методика организации коллективной познавательной деятельности, которая успешно внедряется в практику школ (Н.Д. Хмель, Г.К. Байдельдинова, Н.Д. Иванова, Н.Н. Тригубова, Н.Н. Хан и другие). Авторы справедливо утверждают, что педагогический процесс социален по своей природе. Его функционирование зависит от взаимодействия людей друг с другом (учителя и учащихся, школьников друг с другом, учителя с учителями, учителя с родителями, администрации с педагогами). Рассматривают вопрос о главной обязанности учителя - научить учащихся выделять из учебных дисциплин социальный опыт, который был накоплен человечеством.

Итак, пассивный ученик никогда не сможет удовлетворить требования современного общества. Сегодняшний учитель – учитель XXI века, должен четко понимать задачу общества. Как никто другой учитель готовит будущее страны. Современная школа не отделяет преподавание от учения, то есть деятельность учителя от деятельности ученика. В настоящее время - это единое целое, так как только в таких условиях будет достигнута цель педагогического процесса. И чем раньше педагоги начнут приобщать учеников к взаимодействию друг с другом и другими участниками процесса в учебной и внеучебной деятельности, тем успешнее будет реализовываться цель социализации школьника.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Послание Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева народу Казахстана. Алматы.
2. Крупская Н.К. Педагогические сочинения, т. 4. – М., 1959. – 630 с.

3. Куратченко В. П. Коллектив и социализация личности. // В кн. Личность и коллектив. – Иркутск, гос. ун-та им. А.А. Жданова. 1973. - 199 с.

4. Уманов Г.А. Проблемы социализации личности учащихся // Педагогические и правовые проблемы социализации учащейся молодёжи, Алматы, 2001.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Автор осы мақалада бала тұлғасын әлеуметтендірудің кейбір қырларын сөз етеді.

#### РЕЗЮМЕ

В данной статье автор рассматривает некоторые аспекты социализации личности ребёнка.

#### RESUME

In this article is shown that the formation and development of a younger generation is depend on fight organization of a social collaboration, which is found on regularities of pedagogical process.

### **НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ РЕЧЕВОЙ РАБОТЫ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ**

Агранович Е.Н. - преподаватель (г. Алматы, КазгосженПУ)

Казахстанское общество предъявляет сегодня школе новые требования, заявленные в государственной программе развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы: «Формирование в общеобразовательных школах интеллектуального, физически и духовно развитого гражданина Республики Казахстан, удовлетворение его потребности в получении образования, обеспечивающего успех в быстро меняющемся мире, развитие конкурентоспособного человеческого капитала для экономического благополучия страны» /1/. Немаловажным условием достижения этой цели является формирование учеников как носителей правильной и культурной речи.

Чтобы стать высокообразованным, человек должен овладеть всеми богатствами родной речи. Поэтому одна из главнейших задач начальной школы – формирование правильной речи младших школьников.

Безусловно, развитие речи ребенка – сложный и многообразный процесс. Он протекает с периодами бурного всплеска и временного затишья и включает в себя многие психические процессы и сам, в свою очередь, влияет на развитие мышления, познавательных процессов (памяти, внимания, ощущения, восприятия), на познавательную деятельность в целом.

Именно поэтому, важнейшей предпосылкой для решения речевых задач в начальной школе является правильная организация обстановки, в которой бы у детей появилось желание говорить, называть окружающее, вступать в речевое общение.

Обучение языку в начальной школе – это управляемый процесс, и у учителя есть огромные возможности значительно ускорить речевое развитие младших школьников за счет специальной организации речевой деятельности. Поскольку речь – это деятельность, то и учить речи нужно как деятельности. Одно из существенных отличий учебной речевой деятельности от речевой деятельности в естественных условиях состоит в том, что цели, мотивы, содержание учебной речи не вытекают непосредственно из желаний, мотивов и деятельности индивида в широком смысле

слова, а задаются искусственно. Поэтому правильно задать тему, заинтересовать ею, вызвать желание принять участие в ее обсуждении, активизировать работу младших школьников – одна из главных проблем совершенствования системы развития речи /2/.

Конечно, в повседневной жизни дети и самостоятельно пользуются речью, но если их оставить без руководства взрослого, могут закрепляться отрицательные качества речи: жаргонные, бранные выражения, грубые интонации, примитивность словаря, грамматические ошибки и т.д. Вместе с тем и плохо организованная деятельность, происходящая в молчании или при пассивном выслушивании указаний учителя, тоже не окажет заметного влияния на речь детей.

В условиях общественного воспитания ведущим средством формирования и развития речи ребенка является обучение.

Сформулируем общие задачи учителя в развитии речи младших школьников:

а) обеспечить хорошую речевую (языковую) среду (восприятие речи взрослых, чтение книг и т.д.);

б) создавать на уроках ситуации общения, речевые ситуации, определяющие мотивацию собственной речи детей, развивать их интересы, потребности и возможности самостоятельной речи;

в) обеспечить правильное усвоение учениками достаточного лексического запаса, грамматических форм, синтаксических конструкций, логических связей, активизировать употребление слов, образование форм, построение конструкций;

г) вести постоянную специальную работу по развитию речи на различных уровнях: произносительном, словарном, морфологическом, синтаксическом, на уровне связной речи;

д) создать в классе атмосферу борьбы за высокую культуру речи, за выполнение требований к хорошей, правильной речи;

е) развивать не только речь–говорение, но и аудирование.

Важно учитывать различия устной и письменной речи. Письменная – принципиально новый вид речи, которым ребенок овладевает в процессе обучения. Владение письменной речью с ее свойствами (развернутость и связность, структурная сложность) формирует умение преднамеренного изложения своей мысли, т.е. способствует произвольному и осознанному осуществлению устной речи. Письменная речь принципиально усложняет структуру общения, так как открывает возможность обращаться к отсутствующему собеседнику. Развитие речи требует долгой, кропотливой систематической работы младших школьников и учителя.

От успешности реализации задач развития речи во многом зависит качество дальнейшего обучения и воспитания. К речи учащихся предъявляется ряд требований.

Первое требование – требование содержательности речи. Говорить или писать можно лишь о том, что сам хорошо знаешь. Лишь тогда рассказ ученика будет хорош, интересен, полезен и ему самому, и другим, когда он будет построен на знании фактов, на наблюдениях, когда в нем будут передаваться обдуманые мысли, искренние переживания.

Содержание для бесед, для рассказов, письменных сочинений дают книги, картины, экскурсии, походы, специальные наблюдения, собственные размышления, переживания – вся окружающая ребенка жизнь. Учитель помогает младшим школьникам подготовить накопленный материал, отобрать его в соответствии с ясно выраженной темой (чем уже тема, тем полнее может быть раскрыто ее содержание). Приучить детей говорить содержательно – очень важная задача учителя начальных классов /3/.

Второе требование – требование логичности, последовательности, четкости построения речи. Хорошее знание того, о чем школьник говорит или пишет, помогает ему не пропустить чего–либо существенного, логично переходить от одной части к другой, не повторять одного и того же по несколько раз. Правильная речь

предполагает обоснованность выводов, умение не только начать, но и закончить, завершить высказывание.

Эти первые два требования касаются содержания и структуры речи; последующие требования относятся к речевому оформлению устных сообщений и письменных сочинений.

Под точностью речи понимают умение говорящего и пишущего не просто передать факты, наблюдения, чувства в соответствии с действительностью, но и выбрать для этой цели наилучшие языковые средства – такие слова, сочетания, которые передают именно те черты, которые присущи изображаемому предмету. Точность требует богатства языковых средств, их разнообразия, умения выбрать в разных случаях слова, синонимы, наиболее подходящие к содержанию рассказываемого.

Речь только тогда воздействует на читателя и слушателя с нужной силой, когда она выразительна. Выразительность речи – это умение ярко, убедительно, сжато передать мысль, это способность воздействовать на людей интонациями, отбором фактов, построением фразы, выбором слов, настроением рассказа.

Ясность речи – это ее доступность тем людям, к кому она обращена. Речь всегда имеет адресата. Говорящий или пишущий должен учитывать интеллектуальные возможности, духовные интересы адресата. Речи вредит излишняя сложность, перегруженность терминами, цитатами, «красивостями». Выбор языковых средств зависит от ситуации, от обстоятельств речи: так, дружеская беседа мальчиков будет резко отличаться от их же сочинений.

Чрезвычайно важна также произносительная сторона речи: хорошая дикция, отчетливое выговаривание звуков, соблюдение правил орфоэпии – произносительных норм литературного языка, умение говорить (и читать!) выразительно, владеть интонациями, паузами, логическими ударениями и пр. У младших школьников нередко встречаются дефекты речи, обычно плохое выговаривание отдельных звуков речи – р, л, с, ш, й и некоторых других. Поэтому методика развития речи тесно связана с логопедией – практикой исправления недочетов произношения.

И выразительность, и ясность речи предполагают также ее чистоту, т.е. отсутствие лишних слов (так называемых слов-паразитов: ну, значит, понимаешь, так сказать и пр.), грубых просторечных слов и выражений, ненужных иностранных слов и т.п.

Для школы особенно большое значение имеет правильность речи, т.е. соответствие литературной норме. Различают правильность грамматическую (построение предложений, образование морфологических форм), орфографическую и пунктуационную для письменной речи, а для устной – орфоэпическую, произносительную. Все эти требования применимы к речи младших школьников. Хорошая речь может быть получена только при соблюдении всего комплекса требований /4/.

Развивать речь школьников – это значит прививать им ряд конкретных умений, учить их. Стихийность в развитии речи недопустима. Назовем те умения, которые относятся к речи учащихся.

Это, во-первых, умение понять, осмыслить тему, подчинить теме и замыслу ее раскрытия сбор материала, его отбор и расположение, языковые средства; умение писать на тему, не выходя за ее рамки, достаточно полно раскрывать тему, выражая при этом и собственное отношение к изображаемому.

Во-вторых, это умение собирать материал, отбирать то, что наиболее важно, что относится к теме и наилучшим образом реализует замысел, и отбрасывать второстепенное. Сбор и отбор материала иногда продолжается длительное время, требует систематических наблюдений и даже записей.

Отбор материала имеет место не только в подготовке к сочинению, но и в работе над изложением. Хотя в последнем случае дается готовый текст-образец, но и здесь

важен отбор материала: нужно выделить главное, отобрать детали, которые будут использованы в изложении, правильно и в нужной последовательности передать содержание текста.

В–третьих, это умение спланировать работу – сначала в общих чертах (про себя или вслух), затем составить план, записать его, расположить накопленный и отобранный материал в соответствии с планом, построить свой рассказ, свое изложение или сочинение по плану.

В–четвертых, подготовить языковые средства – лексику, словосочетания, отдельные предложения и фрагменты текста, выверить правописание трудных слов и пр.

В–пятых, составить весь текст – правильно распределить время для сочинения, сосредоточиться и не пропустить чего–то существенного, постепенно и последовательно развертывать свою мысль, строить предложения и связывать их между собой, следить за орфографией и пунктуацией, записывать текст с соблюдением полей и красной строки, требований каллиграфии.

В–шестых, это умение совершенствовать написанное, исправлять допущенные ошибки, дополнять текст, заменять слова более точными, устранять повторения, убирать лишнее и пр. Это требование относится лишь к письменным работам, в устных рассказах исправления делают слушатели – учитель и учащиеся.

Каждое упражнение в связном тексте предполагает использование всего комплекса этих умений. Но учить всем умениям сразу в одинаковой степени невозможно. Поэтому на каждом уроке, где учащиеся составляют тот или иной вид текста, будь то изложение или рассказ, пересказ или сочинение, письмо или отзыв о прочитанной книге, должна быть четко определена задача обучения.

Развивать речь – значит формировать определенные речевые умения:

– умение ориентироваться в ситуации общения, т. е. определять, кому, зачем, о чем буду говорить или писать;

– умение планировать высказывание, т.е. осознавать, как буду говорить или писать (кратко или подробно, эмоционально или по–деловому), в какой последовательности буду излагать мысли;

– умение реализовывать свой замысел, т.е. говорить или писать строго на тему, обеспечивая развитие мысли, используя различные средства выразительности;

– умение осуществлять контроль за речью, вносить необходимые коррективы в созданное высказывание.

Чтобы работа по развитию речи была эффективной, она должна пройти несколько этапов:

– накопление речевого опыта через осознанный анализ готовых текстов,

– создание устных и письменных высказываний по образцу для осмысления и закрепления теоретических сведений,

– самостоятельное выполнение творческих работ /5/.

Таким образом, развитие речи младших школьников – это вся работа, проводимая учителем специально для того, чтобы ученики овладели языковыми нормами, а также умением выражать свои мысли в устной и письменной форме, пользуясь нужными языковыми средствами в соответствии с целью, содержанием речи и условиями общения.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы.- Астана, Аккорда, от 7 декабря 2010г., № 1118.
2. Львов М.Р. Методика развития речи. – М.: Просвещение, 2000. – 318 с.
3. Рамзаев Т.Г. Методика развития речи. – М.: Просвещение, 1993. – 288 с.

4. Винокурова Н. К. Развиваем речевые способности детей. – М.: Росмэн–Пресс, 2002. – 290 с.
5. Заика Е.В. Комплекс интеллектуальных игр для развития мышления и речи детей// Вопросы психологии. – 1990. – № 6 . – С. 13–20.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Автор осы бапта бастауыш мектепте үйренуді процесстегі сөздің дамытуы бойынша жұмысты ұйымдастырудың кейбір ерекшеліктерін қарайды.

#### РЕЗЮМЕ

В данной статье автор рассматривает некоторые особенности организации работы по развитию речи в процессе обучения в начальной школе.

#### RESUME

In this article the author examines some of the features of the organization of work on language development in primary school.

### **ОҚУШЫНЫҢ КӨРКЕМ ЕҢБЕК ӘРЕКЕТІ НЕГІЗІНДЕ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОЯТУ**

Асилбаева Ф.Б. – п.ғ.к., аға оқытушы (Алматы, қ., ҚазмемқызПУ)

Бүгінгі таңда жастарға осы қызметтерді іске тасыра алатын, әлеуметтік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім беру мен бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу бүгінгі мектептердің басты міндеті. Әрбір адам еңбек арқылы өз орнын тауып, өмірде не нәрсеге қабілетті екенін сезініп, түсіне білуі тиіс. Өз қолымен жасаған нәрсе үшін мақтаныш сезіміне ие болғанда ғана жан-жақты дамуға жол ашылады. Еңбек - алдымен адам мен табиғат арасындағы үздіксіз үдеріс. Мұнда адам өз қызметі арқылы өзі мен табиғат арасында заттардың алмасуына себепкер болады, оны реттеп, бақылап отырады.

Еңбек – адамның тұлғалық болмысын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Ал еңбек тәрбиесінің міндеті - жас өспірімдерді еңбексүйгіштікке, еңбекті құрметтеуге, еңбек дағдысына үйрету және олардың еңбек ету шеберлігі мен дағдыларын қалыптастыру. Қазақ топырағында да еңбек тәрбиесіне баса назар аударған бірқатар ғалымдардың осындай құнды пікірлері қалыптасқан.

Негізінен еңбектің түрлері сан-алуан. Оқу еңбегі және практикалық еңбек деп екіге бөлінсе, практикалық еңбек өзіне-өзі қызмет етуі; қоғамдық пайдалы еңбек; ауылшаруашылық; техникалық; дизайн; көркем еңбегі жатады. Бастауыш сыныптардағы көркем еңбек әрекеті жүйесі өзінің ерекшеліктерімен оқушы қиялына әсер ете отырып, олардың танымдық қызығушылық қабілеттерін арттыруға ықпал жасайды. Сондықтан көркем еңбек – оқушы қабілетін дамытудың негізгі факторы болып табылады.

Қазіргі бастауыш мектептерде танымдық қызығушылық тұрғыда инновациялық білім беру мәселесі – оқытудың танымдық қызығушылық қызметінің сапасын анықтайтын, жаңа білімді тану мен жаңа бұйым жасауға бейімделу арқылы танылатын әрбір жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталатын интеллектуалдық үдеріс. Оқушының танымдық қызығушылық деңгейі – оның берілген тақырыпқа байланысты өз қиялынан туған бұйым мен оны көркемдеп жасаудың жолдарын табуынан көрінеді. Мұнда жаңа білімді меңгеру үдерісі танымдық қызығушылық ойдың қалыптасуымен

және дамуымен бірге жүреді. Демек, танымдық қызығушылық ойдың нәтижесі - белгілі ұғымдарды қайталап, жаңғыртумен ғана емес, сонымен қатар жаңа білімді жасау, тапсырманы орындауда жаңа жолдарды ашу акттері арқылы жасалады.

Танымдық қызығушылықты қалыптастыруда еңбекке балаудан шығармашылық жұмыстардың орны ерекше. Өйткені, онда оқушы шектеулі тапсырманы ғана орындамайды, сыныптан тыс жұмыстары кезінде ол өзінің қиялынан туған идеяны ары қарай жетілдіре отырып, жаңа туынды шығарады. Бұл кез баланың қиялының өте белсенді дамиды кезеңі болғандықтан оның ақыл-ойына ерік беру керек.

Тұрмыстық-шаруашылық еңбек әрекетіне ең алдымен оқушының өзіне-өзі қызмет ету әрекеті жатады. Мұнда олар бала кезден бастап ұқыпты болуға, тазалыққа үйретеді. Сонымен қатар киімдерін таза ұстап, тәртіпті жүретін баланың миы да тәртіппен жұмыс істейтін болады. Сонымен қатар үй шаруашылығына көмектесу ересек өмірге дайындығын көрсетеді. Бұл әрекеттер негізінде де оқушының танымдық қызығушылығы қалыптасады деп есептейміз.

Қолөнер – бастауыш сынып оқушыларының жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау құралы болып табылады. Сәндік-қолданбалы өнер арқылы оқушылар қолөнердің, дизайнның қарапайым дағдыларын меңгеріп, оны болашақта өз тәжірибесінде танымдық қызығушылықпен пайдалану іскерліктеріне үйренеді. Қолөнердің қай түрі болмасын, ол баланың ұшқыр қиялын дамытып, логикалық ойлауын жетілдіреді. Соңғы кезде қолөнердің түрлерін үйрету мектептегі сабақ жүйесіне енгізу заман талаптарының біріне айналды. Біздің мектептегі еңбекке баулу сабағынан бастауыш сынып оқушысы қағаз қию, сазбалшық, ермексаздан әр түрлі бейнелерді мүсіндеу, өсімдіктерді күту, ағаш, қаңылтыр, сыммен жұмыс істеуді үйреніп, мектеп үлескілерінде еңбек ету, сенбіліктерге қатысуды үйренсе, шетел мектептерінде квиллинг, карвинг, кусудамадан бұйымдар мен композиция жасау арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруға жағдай жасалады.

Қазіргі кезде мектептерде еңбекке баулудан түрлі бұйымдар жасатып, оқушылардың шығармашылық көрмесін ұйымдастыруға болады. Оның бәрі мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Макаронның түрлерін жиып алып, қатырма қағаздың бетіне гүлдің, күннің, ағаштың т.б. бейнесін келтіре отырып қағаз бетіне жапсыру арқылы түрлі композициялар шығаруға болады. Сосын оның бетін түсті лак, бояулармен сырлар әшекейлеуге болады. Бұл әрекеттерді орындай отырып, оқушылардың ой-өрісі, эстетикалық талғамы дамып, танымдық қызығушылығы қалыптасады. Сонымен қатар өз бетінше еңбек етуге, кез-келген жерде дұрыс шешім қабылдай білуге және рухани-адамгершілікке тәрбиелейді.

Жібек лентамен тігуді үйретудің басты мақсаты оқушылардың өзіне-өзі қызмет ету әрекетіне баулу болып табылады. Мәселен оқушы ескі киімін өздігінен түрлі - түсті лентамен композиция тігіп соңғы үлгідегі киімге айналдыруына болады, немесе жамау жамаған кезде жыртылған жердің орнына лентадан гүл шоғын, ертегі кейіпкерлерін т.б. танымдық қызығушылығына байланысты әдемілеуге болады. Сондай-ақ жібек лентамен картиналардың айналасын, қол сөмке, сүлгілерді әсемдеп, әшекейлей отырып жасуға болады. Мұндай көркем еңбек әрекеті оқушылардың эстетикалық талғамын оятып, еңбек іс-әрекетін жалықпай орындауға қызығушылығын оятады. Сондықтан, оқушыны бастауыш сыныптан бастап, жағымды әрі пайдалы іспен шұғылдануы біздің басты міндетімізге айналуы тиіс деп есептейміз.

Сондықтан да бастауыш сынып оқушыларының көркем еңбек әрекеті арқылы танымдық қызығушылығын қалыптастыруда еңбекке баулу сабағының маңызды рөл атқаратыны тәжірибе жүзінде дәлелденуде. Ғылыми зерттеу жұмысымыз оқытудың ғылыми деңгейін арттыруда еңбекке баулу сабақтарының педагогикалық құндылығы зор екенін көрсетті. Оқушыны оқу еңбегіне үйрету үшін үнемі жаттықтыру арқылы олардың бойында білімді меңгеру дағдыларын қалыптастырып, үздіксіз ой еңбегімен шұғылдануға баулу керек. Жалпы еңбекке деген сүйіспеншілігін туғызу арқылы

мектеп оқушыларын қоғамдық пайдалы, өнімдік еңбекке тікелей қатыстыру, оқуға деген саналы көзқарас тәрбиелеу әр сабақта өзекті орын алып отыратын ұстанымға айналуы тиіс. Себебі, еңбексүйгіштік адамның адамгершілік сапасы ретінде өзіндік шынайы сезімін жоғарлатады және қоғамдағы орнын бекітіп оны әрі қарай дамытады. Еңбексүйгіштік және танымдық қызығушылық бір-бірімен сабақтаса байланысып, өзара септігін тигізіп отырады. Баланың еңбек сабағында жасаған жұмысын жоққа шығару дұрыс емес, тіпті бала жұмысы, бұйымды немқұрайлықпен орындаған күнде де оның сол еңбекке жұмсаған күш-жігерін мақтап, мадақтап отыру керек. Әрине, мақтау барысында бұйымның кемшілік жақтарын, өзінің еңбекке салғырт қарағандығының нәтижесінде осындай бұйымның шыққанын ескеріп, түсіндіріп отыру керек.

Бастауыш сынып оқушылары өзіне-өзі қызмет етудің әрекеттерімен дағдыларын дамыту мен бекіту – баланың үлкендердің еңбегін құрметтеу адам өміріндегі еңбектің рөлін түсіну сезімдерін тәрбиелеу, ұзақ дене еңбегіне даяр болу үшін жақсы психологиялық негіз. Бастауыштан бастап тәрбиелейтін ұжымдық еңбекке қатысу, қоғамдық пайдалы еңбекке үлес қосу сияқты әдептерсіз баланың еңбекке сүйіспеншілігін қалыптастыру қиынға соғады. Еңбек сабағында оқушылар жас ерекшелігіне байланысты, әр түрлі заттар мен қол еңбегін істеуге, көкөніс өндіріп, өсіруге үйренеді, қажетті техникалық машиналар жайында мағлұматтар алады. Сабақта істелетін, жұмыстардың барлығы оқушылардың еңбексүйгіштік, жауапкершілік сезімдерін тәрбиелеп, көркем еңбек әрекеті арқылы танымдық қызығушылығын дамытуға септігін тигізеді. Сондай-ақ, бала өзінің іс-әрекетін жоспарлау тәртібін және оларды іске асыруға қажетті құралдарды алдын-ала қарастыруды жедел меңгереді.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Автор осы мақалада бастауыш мектеп оқушыларының көркем еңбек әрекеті негізінде танымдық қызығушылықтарын оятудың ерекшеліктерін көрсетеді

#### РЕЗЮМЕ

В данной статье говорится о формировании познавательных интересов учащихся начальных классов на основе художественной трудовой деятельности.

### **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ НЕМЕСЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТӘРБИЕ**

Әкімбаева Ж.Ж. - ғылыми қызметкер (Алматы қаласы)

Өзгермелі әлем жағдайында бүгінгі күннің талабына орай мақсат, міндеттерді шешу үшін оларды іске асыратын болашақ ұрпақ қоғам дамуына сәйкес болуы қажет. Қоғамдағы өзгерістердің бағыт-бағдары мен талаптары сол қоғамда өмір сүріп отырған адамдарға да жаңа талап-тілектер мен құндылықтарды жүктеп отырады сөзсіз. Ал бүгінгі күннің қояр басты талабы - әрбір адамның өзі өмір сүріп отырған кезеңдегі өзгерістерді ой елегінен өткізіп, жаңа жағдайға, өмірге қарай бейімделуі яғни өздерін қайта құруы, бойларындағы құндылықтарды қайта бағалап, байыта отырып, өмір сүре алуы болып отыр. Бұл - қажеттілік, өйткені өмір талабы осыны қажет етеді.

Адам өмірге дайын мінез-құлық нормалар, рухани құндылықтар, және қызығушылықтармен келмейді. Бұл қасиеттердің барлығы бірте-бірте әртүрлі әлеуметтік құрылымдар мен топтарда қалыптасып, дамып, қоғам дамуындағы өзгерістерге орай, қоғамдық қатынастар негізінде қалыптасқан топтар мен жеке адамдардың іс-әрекетін реттейтін талаптарға бағынады.

Ал әрбір адам қалыптасып, дамып тұлға, дербес адамға айналғанша өзі өмір сүріп отырған әлеуметтік жүйенің мәдени мұралары мен құндылықтарын игеруде өзіне тән жолдары мен сатылардан өтеді.

Әлеуметтендіру үрдісі әлеуметтіктен тыс қалған адамды тәрбие арқылы әлеуметтендіріп, сол қоғамға сай өмір сүруге дағдыландырады. Бұл үрдіс жеке бастың жас ерекшелігіне байланысты күрделеніп, өзгеріске ұшырайды.

“Әлеуметтендіру” сөзі “әлеуметтік” сөзімен төркіндес яғни (латынша “socialis”) әлеуметтік, қоғамдық деген ұғымдарды білдіреді. Әлеуметтену - индивидтің нақты қоғамға, әлеуметтік топқа тән құндылықтарды, нормаларды, мінез-құлық үлгілерін игеріп, тұлғаға айналу процесі /1/.

Ал ғалым Т.Қалдыбаеваның пайымдауынша “әлеуметтендіру” ұғымы тұлға ұғымымен бірдей мәні бір, бірі адамның әлеуметтік даму жолын бейнелесе, екіншісі соның нәтижесі, ал әлеуметтендірудің мәні- адамның адамдық қасиеттерін ашып, оны қоғамдағы әлеуметтік қатынасқа түсуге даярлау, тек әлеуметтік қатынасқа түсіп қана қоюға емес, саналы арақатынасқа, өзінен басқа да адамдар сезімі, мүддесі, сұранысы бар екенімен санаса отырып, адамдық мәніне лайықты қатынас жасау деп тұжырымдайды /2/.

Т.Парсонс анықтамасы бойынша әлеуметтендіру дегеніміз – индивидтердің жалпыға бірдей нормаларды бойына сіңіруі арқылы әлеуметтік жүйемен үйлесуі /3/.

Н.Смелзердің пікірінше адам алғаш өмірге келгеннен бастап әлеуметтендіру барысында тұлғаны қалыптастыру жүріп жатады. Кең көлемді құндылықтарды, сол арқылы адамдар тіршілігінің бағдарларын меңгереді дейді /2/.

Ғалымдардың әлеуметтендіру туралы пікірлерін саралай келіп, әлеуметтендіру немесе әлеуметтік даму бұл өмірге келген барлық адамның қоғамдық өмірге араласып, әрекет етуі үшін, өмір сүруге мүмкіндік беретін әртүрлі білім-біліктер мен өмірлік дағдылар және тәжірибелерді, жалпыға ортақ мінез-құлық нормалары мен ережелерін игеріп, белгілі іскерліктер мен өз ұлтының мәдениетін меңгере отырып қоғам мен мәдениетке кіру үрдісі. Игерген іскерлік-дағдылар мен құндылықтар негізінде әлеуметтік ортамен яғни қоғамдық өмірмен қарым-қатынасқа түсе отырып өмірдегі өз орнына, роліне ие болып, индивидтің тұлғаға немесе дербес адамға айналу жолы деп тұжырымдауға болады.

Балалар құқы Конвенциясында (1989) балаларды туылғаннан әлеуметтендіру, әртүрлі әлеуметтік ортаға бейімделу мен жаңа қарым-қатынастардың, нормалар мен құндылықтардың пайда болуына жетелейтін нышандардың пайда болуы кезеңі немесе алғашқы сатысы деп қарастырады /4/.

Елімізде жүргізілген соңғы статистикалық зерттеу қорытындыларының көрсеткіштері бойынша тұрақты мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың саны (мың адамға шаққанда) қалада 134,1 пайызды, ауылдық жерлерде 13,4 пайызды құраған /5/. Аталған мәліметтер көрсеткендей балалардың балабақшаға қамтылмауы мектепке дейінгі кезеңде міндетті мектепалды даярлық топтары мен сыныптарына барғанға дейін /6 жас/ отбасы алғашы әлеуметтік ортасы болып, әлеуметтендіру үрдісі тек отбасында жүзеге асуда. Осы мәселеге орай мынандай сұрақтар туындайды: отбасындағы тәрбиенің күнгейі мен көлеңкесі қандай, отбасында тәрбиеленген барлық балалар өз дәрежесінде жан-жақты (ақыл-ой, дене) дами ма, оған ата-ананың білімі жете ме?

Ал мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, психикалық поцестерін қалыптастыру, дамытумен қатар жан-жақты тәрбие беру көзделеді. Бағдарланған мақсат-міндеттерді шешуде мектепке дейінгі ұйымдарда әртүрлі бағыттағы тәрбие бағдарламалары мен педагогикалық бағыттарда жұмыс жүргізілуде. Атап айтсақ “Балбөбек” бағдарламасы, “Сорос - Қазақстан” қорының “Тәй-тәй” бағдарламасы, ТРИЗ педагогикасы,

Р.Штайнердің Вольдорфтық педагогикасы және т.б. жалпы дамыту бағыттары мен бағдарламалары.

“Балбөбек” бағдарламасында мектепке дейінгі кезеңде жүргізілуге тиісті білім беру мазмұны тарихи-тәжірибелік зерттеу нәтижесінде ұлттық педагогикаға негізделіп құрылған /6/.

Бағдарлама мазмұны “Отбасы”, “Балабақша”, “Ойыншықтар”, “Жыл мезгілдері”, “Қазақстан-Республикамыз менің”, “Жануарлар дүниесі” атты тақырыптар негізінде 2-ден 7 жасқа дейін кешенді тәсілмен іске асырылады. Бағдарламада кешенді тәсіл арқылы әр топқа белгіленген апталық жүктемені азайта отырып, балаларды өз бетінше шығармашылықпен әрекет етуге баулиды. Бірізділік принципін сақтай отырып аптаның бір күні тәрбиенің бір саласына беріліп, қалған тәрбие алғашқысымен сабақтастырыла жүргізіледі. Экономикалық, экологиялық тәрбиенің алғашқы қарапайым негіздерімен қатар, имандылық-инабаттылық тәрбиесі де бір бөлім болып берілген. Бағдаламаның негізгі мақсаты-жан-жақты жетілген тұлғаны қалыптастыру.

“Балбөбек” бағдарламасында әлеуметтік тәрбие тікелей мақсат етіп қойылып, жеке тарау болмағынымен әртүрлі тәрбие аясында әлеуметтік тәрбие мазмұны көрініс тауып, өз міндеттерін шешкен. Балаларды әртүрлі әлеуметтік ортада әрекет ете білуге үйретуге, әлеуметтік құндылықтарды топтан топқа күрделендіріп, қарым-қатынас арқылы мұқтаждықтары мен тілектерін қанағаттандыруға негізделіп құрылған. Әр жас топтарында әртүрлі тәрбие аясында әлеуметтік тәрбие мазмұны төмендегідей болып келген.

Сәбилердің бірінші және екінші тобындағы балалардың әлеуметтік дағдылары: туыстық қарым-қатынастарды, өзінің толық атын-жөнін, ата-анасының, тәрбиешісінің, күтушісінің, музыка жетекшісінің атын білу, ересектердің әлеуметтік ролін ажырата білу; өзге адамдардың эмоциялық көңіл-күйін, жағдайын түсіне және сезіне білу, оған өзінің қатынасын байқата білу, қарапайым тапсырмаларды орындауда бір-біріне бөгет жасамау дағдысы.

Естиярлар тобындағы балаларға әлеуметтік дағдылар: топ ішінде өзін дұрыс ұстай білу, қоғамдық орындарда, көшеде белгіленген мәдени мінез-құлық ережелерін сақтай білу, үлкендерге, өз құрбыларына ілтипатты болу, ескертусіз сәлемдесу мен қоштасу, тәрбиеші мен күтушінің аты-жөнін атап қатынас жасау, өзінің талап-тілегін сыпайылықпен білдіу, көрсеткен көмегі үшін рақмет айту, үлкендердің сөзіне араласпау және оны бөлмеу, келіспегені мен қабыл алмағанын әдепті түрде білдіру, өзінің, ата-анасының аты-жөнін, жасын, үйінің мекен-жайын, туыстық қарым - қатынас пен отбасының құрамын білу, адамгершілік қатынас ережелері (шындық, адалдық, қамқорлық, тілектестік) дағдысы, ілтипат көрсету (көмектесу, қолқабыс етуге дайын болу, жол беру) дағдысы, үлкендермен, құрбы-құрдастарымен, таныс емес балалармен тілектестік қарым-қатынаста болу дағдылары.

Ересектер және мектепалды даярлық тобы балаларын әлеуметтік дағдылар: өзінің атын, жасын, ата-анасының және басқа да отбасы мүшелерінің атын білу, өзіне жасалған қамқорлықты сезіне білу, балабақшада және қоғамдық орындарда өзін дұрыс ұстау, үлкендердің ескертуінсіз-ақ тәртіп сақтау, адамдарға қамқорлық ілтипат көрсету, өзгенің күйінішін, қиналған сәтін байқап, аңғару, жәрдемдесу, әлсіздік көрсеткендерді қорғау, өз жолдастарының іс-әрекетін бақылап, оған әділ баға беру, әділ талап қойып, ол талабының дұрыстығын дәлелдей білу, бірлесіп ойнау, еңбек ету, оны адамгершілік қатынастар бағытында жүзеге асыру, алға қойған мақсатқа жетуде жауапкершілік пен тұрақтылықты меңгеру дағдысы деп қарастырған .

“Тәй-тәй” бағдарламасы баланы жан-жақты жетілдіруге, дербестікке талпындыруға, өзіндік дамуына жағдай туғызып, кез-келген жағдайлардан дербес әрекет етіп, ой қорытып, өзін бетінше қадам жасауға үйретуге бағдарланған. Бағдарламада ата-аналармен тығыз қарым-қатынас жасай отырып, дамытушы орта арқылы, баланы дамыту көзделген.

Р.Штайнердің Вольдорфтық педагогикасы баланы ақыл-ой, интеллектуалдық дамытудан бұрын олардың жаны мен тәнінің үйлесімді дамуы, рухани дамуын алға қояды. Баланың 7 жасына дейін есі мен ойлауына күш түсіруге қарсы шығады. Бала айнала қоршаған өмірді талдап-талқылау жолымен емес өзінің өмірлік тәжірибесі арқылы танып біледі, өмірді танып-білуді баланың рухани және ақыл-ойының әбден толысқан кезінде өз еркімен, өз ықтияры болған кезде іске асыруды тиімді деп тауып, баланың еркін өсуіне айнала қоршаған адамдар мен үлкендер тарапынан жақсы көру мен сүйіспеншіліктің болуын басты шарт етіп алады /7/.

Вольдорф педагогикасы баланың іс-әрекеті мен еңбек нәтижелерін бағалауды қажетсіз деп тауып, бұл ұстанымдарын былай түсіндіреді. Бағалаудың бала дамуында жақсы жақтарымен қатар, көлеңкелі де тұстары бар, өйткені бағалау баланың табиғи дамуына кері әсер етеді, жетістіктерге жету үшін балалар өз мүмкіншіліктеріне қарамастан талапқа бағына отырып, іс-әрекеттерді орындау барысында өз еңбегінен рухани ләззат гөрі, әуреге, іштей және сыртай күйзеліске түседі, бұндай еңбек нәтижесі балаға ешқандай қуаныш әкелмейді. Ал біржақты нәтижесін ғана ойлау, әрекеттің мәнін жойып немесе көмескілендіреді деп ой қорытады. Қорыта айтқанда бұл педагогиканың көздеген мақсаты баланы- жақсы көре отырып, жағымды ортада, жақсылық пен ізгілікке тәрбиелеу.

ТРИЗ педагогикасы бағытындағы бағдарламада балалардың жас күнінен дүниеге ғылыми көзқарастарын қалыптастыру, ақыл-ой күші мен интеллектуалдық қажетсінулерін дамыту бағытында құрылған.

Бұл бағдарламаларды саралаудан шығатын қорытынды бағдарламалардың әр қайсысының өзіндік бағыт-бағдарымен, алға қойған мақсат-міндеттеріне қарамастан барлығын тоғыстыратын негізгі мақсат - баланы тұлға немесе дербес адамға жеткізудің жолдарын, әдіс-тәсілдерін іздеуі мен сол ізденістерін ғылыми негіздеп тәрбие бағдарламалары мен педагогикалық бағыттарды жасауында.

Ғалымдар атап көрсеткендей адамның қалыптасып дамуының айқындаушы немесе жауапты, адам өміріндегі тұтас бір кезең болып табылатын мектепке дейінгі шақта балалардың әлеуметтік білімдері жинақталып, қалыптасады. Ал осы кішкентай адамның қалыптасып, дамуы шартты түрде өмір сүріп отырған ортасы мен үлкендерге байланысты екені даусыз. Сол себептен бала мүмкіндіктерін үздіксіз кеңейтіп, қажеттіліктерін қанағаттандыру ең бірінші шарт. Ал баланы әрекетке келтіретін күш - қажетсіну. Бұл баланың өзінді “Менінің”, өзіндік көзқарасы мен танымының бастамасы. Қажетсінудің өзі мектепке дейінгі баланың барлығында жоғары дамып, әр кезде көрініс береді, ал осы қажеттілік өз дәрежесінде қанағаттанбаудан көмескіленіп, немесе жойылып жатады.

Психологтардың пайымдауынша қажеттілік-құмарлық-ниет-ұмтылыс-қызығу-көзқарас-наным жүйесінің қалыптасуы адамның бағыт-бағдарының қалыптасуы, тұлғалыққа жеткізу жолы іспеттес екен.

Демек мектепке дейінгі баланы әлеуметтендіру –мектепке дейінгі педагогиканың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы 1-том “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы Алматы, 1998
2. Білім социологиясы Т.Қалдыбаева Алматы 1997
3. Қазақстан мектебі// 2000 №7
4. Социально-педагогическая поддержка детства
5. Народное образование 2002
6. Социальный мониторинг, 2003г.
7. 6. “Балбөбек” бағдарламасы Алматы, “Шартарап”, 2002 ж.

8. Л.А.Парамонова, Е.Ю.Протасова Дошкольное и начальное образование за рубежом М., 2001

9. М.И. Еникеева, О.Л. Кочетков Общая, социальная и юридическая психология Краткий энциклопедический словарь М., Издательство “Юридическая литература” 1997

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіру мәселесі қарастырылады.

#### РЕЗЮМЕ

В статье говорится о социализации детей дошкольного возраста.

### **ЭТНОПЕДАГОГИКА МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕПАЛДЫ БАЛАЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Балабаева А.И. – п.ғ.к., доцент (Алматы қ., ҚазмемқызПУ),  
Төлтаева Д.А. – тәрбиеші (Сырдарья ауданы, №6 «Ботагөз» санаториялық  
балалар бақшасы)

Әлемдік өркениет деңгейіне көтерілуге талпынған кез-келген елдің, ұлттың өз мақсатына жету жолындағы басты қаруы – ұлттық рухани құндылықтарды негізге ала отырып, әрбір жеке тұлғаның білім алуын қамтамасыз ету. Сол себептен де Қазақстан Республикасында білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Қазақстандағы білім жүйесінің ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, әлемдік стандартқа сәйкестендіру қағидасы шығармашылықпен жұмыс істеуді бүгінгі күннің негізгі міндеттеріне айналдырып отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау» деп көрсетілген.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында білім беру мәселесіне ерекше көңіл аударып, 12 жылдық білім жүйесіне көшуде ұлттық мектептің үлгісін құра отырып, өсіп келе жатқан жас ұрпақты шығармашылыққа тәрбиелеу қажеттігін атап көрсетті.

Қазіргі кезеңде егеменді еліміздің ертеңі - өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Ендеше білім беру саласының басты міндеті - өскелең ұрпақты шығармашылыққа тәрбиелеу екені айқын.

Тұлғаның шығармашылық әрекетін қалыптастыру - өте күрделі үдеріс. Сондықтан оны баланың жас кезінен бастаған дұрыс. Мұнда мектепалды даярлықтың маңызы зор. Мектепалды балалардың шығармашылық әрекеттерін қалыптастыру қазіргі заман педагогикалық теориясы мен практикасының даму кезеңінде өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Мектепалды балалардың шығармашылық әрекетін этнопедагогика материалдары негізінде қалыптастырудың маңызы ерекше. Қай заманда болмасын адамзаттың басты міндеттерінің бірі - өсіп келе жатқан жас ұрпақты ақылды да саналы, тәртіпті де еңбексүйгіш, өзінің ұлттық салт-дәстүрін құрмет ететін ұрпақ тәрбиелеу екені көпке мәлім.

Ұрпақ тәрбиесінде этнопедагогика материалдары баланы шығармашылыққа тәрбиелеу құралы екені сөзсіз. Этнопедагогика материалдарын мектепалды

дайындығының оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану және этнопедагогика материалдары негізінде оқушыларды тәрбиелеу мәселесі бірнеше ғылыми-педагогикалық еңбектерде зерттелген.

Тәлім-тәрбие тұжырымдамасында тәрбиедегі ең басты бағыт: «Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болуы керек екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көптеп көмектеседі, солар арқылы ол жалпы азаматтық әлемге аяқ басып, өз халқының мәдени игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұрпақ өз кезі мен өткеннің талаптары, объективті факторлары негізінде жас ұрпақты өмірге даярлап, оны жинақталған бай тәжірибе арқылы тәрбиелей отырып, өзінің ата-бабаларының рухани мұрасын игере түсуі керек».

Этнопедагогикалық білім беру – этнопедагогика материалдарын мектепке дейінгі балалардың меңгеруі, қазіргі жағдайда халықтың аса бай тәрбие беру тәжірибесін шығармашылықпен пайдалану шеберліктері мен дағдыларына ие болу және халықтың рухани мәдениетіне бағалы көзқарас жүйесі мен нәтижесі болып табылады.

Мектепалды балаларды шығармашылыққа тәрбиелелуде этнопедагогикалық білім берудің мақсаты ұлттық сана-сезімді, өз халқының тарихына, мәдениеті мен дәстүрлеріне біртұтас көзқарас қалыптастыруға тиіс.

Шығармашылық қабілет барлық адамдарда бірдей емес. Өзінің еңбегіне, қандай қиын болса да, шығармашылықпен қарайтын адамдарды жиі кездестіруге болады. Шығармашылықтың іске асу жағдайы көп ретте материалдық, моральдік, танымдық факторларға байланысты. Жеке тұлға шығармашылықта толығынан көрінеді. Шығармашылық іс-әрекет – бұл өзінің жеке тұлғалық қасиетін тереңірек, жаңа қырынан көрсете білу. Бұрын да шығармашылық іс-әрекеттер аспектілерін психологиялық тұрғыдан қарастыру басым болса, бүгінгі таңда шығармашылықтың философиялық-әлеуметтік теориясын жасауға баса мән беріліп отыр.

Даму бар жерде шығармашылық та бар. Іс-әрекет тіршілік етудің, әлеуметтік белсенділікті көрсетудің амалы. Шын мәнінде таным субъектінің объектіге қарым-қатынасы, бірақ ол шығармашылық мүмкіншілікті кең көлемде көрсете алмайды. Тек еңбек әрекеті ғана адамның шығармашылық мүмкіншілігінің ауқымын толық аша алады. Еңбек өмірлік қажеттілікке айналғанда ғана адам болып қалыптасады, еңбек шығармашылық сипатқа ие болады. Бұдан біз табиғатында шығармашылықтың әлеуметтік мәнін көреміз, ол жеке бастың жан дүниесімен шектелмейді, оның нәтижесі практика жүзінде қолданылады.

Шығармашылықта материалдық және рухани үдерістердің диалектикасы орын алады, ол танымдық және практикалық іс-әрекетті қамтиды. Шығармашылықтың әлеуметтік жағын қарастыра отырып, сонымен бірге жеке бастың қасиеттері мен дарынын, рухани-психологиялық ахуалын, оның біліктілігін естен шығармаған жөн. Шығармашылық үрдістің, ішкі механизмін тереңірек меңгеру, адамның шығармашылық мүмкіншілігінің мәнін түсінуге көмектеседі.

Белгілі философ Ә.Нысанбаев адамның шығармашылық мүмкіндігін оятудың маңызының зор екенін көрсете келіп, негізгі үш түріне тоқталған. Біріншіден, еңбек шығармашылығы өндірістегі жекелеген қызмет түрлерін ғана емес, өндірістің барлық салаларын түгел қамтиды. Міндет әрбір жұмыс орнындағы адам шығармашылықпен еңбек етуге мүдделі болып, оған жауапкершілікпен қарауы керек. Екіншіден, жұмысқа барлық уақытта да еңбекке қанағаттану сезіміне байланысты қарау. Өзінің мамандығына көңілі толған адамның еңбегі де сапалы болады. Үшіншіден, шығармашылықпен еңбек етудің басты көрсеткіштері өнертапқыштық саналады. Шын мәнінде, өзіне сеніп тапсырылған техниканың еңбек операцияларын, өндіріс технологиясын ұдайы жетілдіріп отыру ісіне барынша ат салыспау мүмкін емес. Бұдан шығатын қорытынды адамның субъект ретінде қалыптасуына кедергі болатын

қайшылықтардан арылудың құралы, оның толық және сенімді ақпарат алып тұруы болып табылады. Сонда ғана бұл ақпараттар адамның өзінің шығармашылық қуатын оятуға, сөйтіп тұлға ретінде қалыптасуына, сонымен бірге өзінің жаңаша жұмыс істеуіне мүдделілігін арттыруға бағыттайды. Өйткені, осы аталғандар адамның өзін-өзі танытуға ұмтылысымен сипатталады.

Ғалымның пікіріне қосыла отырып, мектепалды балаларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес іс-әрекет түрлерін үйлестіре жүргізгенде ғана мүмкін болады деп санаймыз. Өйткені, біріншіден, мектепалды бала үшін еңбек шығармашылығы ойында, еңбекте, оқудағы іс-әрекет үстінде көрінеді. Осы әрекеттердің қайсысын болса да мектепалды бала аса жауапкершілікпен орындайды. Екіншіден, мектепалды баласының өз еңбегіне қанағаттану сезімі оның сабақтағы материалды меңгеруіне байланысты болады. Үшіншіден, шығармашылықпен еңбек етуге талаптанады. Оған мектепалды балаларының өз шығармашылығымен еркін тақырыпқа құрастырған ертегілерінен, мәтін мазмұнына сәйкес қиялы бойынша салған суреттерінен, өткен тақырыпқа ұқсас өлең, тақпақ айтып беруінен, логикалық тапсырмаларды орындауынан, анаграмма, ребус құрастыруларынан, мақал-мәтел, жаңылтпаш айтып беруінен, жұмбақтарды шешуден көруге болады.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада этнопедагогика материалдары негізінде мектепалды балаларының шығармашылық әрекетін қалыптастыру мәселесі сөз етіледі.

#### РЕЗЮМЕ

В статье говорится о формировании творческой деятельности детей дошкольного возраста на основе материалов этнопедагогики.

### **КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЕҢБЕК ІС-ӘРЕКЕТІ ТӘЖІРИБЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТҰҒЫРДЫҢ МӘНІ**

Жиенбаева С.Н. – п.ғ.д., профессор (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында білім берудің негізгі міндеті – білімдік шоғырландырудан нәтижеге бағытталған құзыреттілік тұғырға көшу/1/. 12 білім беру жағдайында әлемдік деңгейдегі белгіленген білім беру міндеттерін нәтиже ретінде көру мүмкіндігі туындайды. 12 жылдық білім беру проблемалыры орталығы дайындағын Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты білім берудің мазмұнын жобалау және белгілеу тәсілдерінің жаңа үлгісін ұсынады. Бұрын мемлекеттік стандарттар берілетін материалдың көлемін мен құрылымының нормаларын белгілеген болса, жаңа стандарт жобасында білім берудің нәтижелері норма ретінде бекітілген. Ең басты нәтиже құзыреттілік болып отыр.

Осыған орай Қазақстан Республикасының 12 жылдық жалпы білім берудің бастауыш білім беру сатысында баланың жеке тұлғасын дамыту және қалыптастыруда жаңа тұрғымен қарап, білім, біліктерін өмір жағдайларында қолдана алатын қабілеттерін, негізгі құзыреттіліктерді: проблеманың шешімін табу, ақпараттық және коммуникативтік қалыптастырып дамыту көзделіп отыр. Бастауыш білім әр оқушының жеке ерекшелігін ескерген білім беру нәтижелері түрінде құзыреттіліктер кешенін игеруге бағдарланған. Кіші мектеп жасындағы балалардың бейімділіктері мен

қабілеттерін есепке ала отырып, білім беру траекториясын барынша даралау мақсатында еңбек іс-әрекетін ұйымдастыру тұлғаға бағдарлы негізде жүреді.

Құзыреттілік тұғыры бойынша білім беру прагматикалық сипатта болады және мыналарға бағытталады: тәжірибеден пайдалыны ала білу; өзінің алған білімінің өзара байланысын ұйымдастыра білу және оны ретке келтіре алуы; өзінің алдындағы міндеттерін өздігімен шеше алу біліктілігі.

Бұл үшін «құзырет» және «құзыреттілік» деген ұғымдардың мән-мағынасын ашып алуды жөн көрдік. «Құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдарын, тұлғаның құрылуында феномен ретінде құзыреттілікке ие болудың мәнін және табиғатын түсінуде А.М.Аронов, Дж.Равен, А.Н.Тубельский, Б.И.Хасан және т.б. пайымдауларының мәні зор. Соның ішінде А.М.Аронов құзыреттілікті белгілі бір әрекетке даярлығы деп қарастыруды ұсынады, құзыреттіліктің іс-әрекеттік негізі қазіргі білімдік және болашақтағы практикалық әрекетті байланыстырады. Ғалымның ойын жалғастырушы Г.Б. Голуб құзыреттілік тұғырда оқушының белгілі бір өнімі бар іс-әрекеті жатыр, «іс-әрекет ойлау әрекетінің бөлігі», ал құзыреттілік «бұл іс-әрекеттің жіктелген субъектіленген іс-әрекеті» деп ерекше атап өткен. Бұл құзыреттілікті іс-әрекеттік категориясы деп түсінуге мүмкіндік береді. Автордың пікірінше, ол субъективтенген, яғни жеке іс-әрекет тәжірибесінен өткен, субъективті тәжірибеге айналады. Сонымен, құзыреттілік – оқу мен өмір жағдаяттарын шешу кезінде білім алушылардың білімді, біліктілігін, дағдыны және әрекеттің барлық тәсілдерін меңгеруі, білім берудің нәтижесі.

Кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек іс-әрекетінің нәтижелігін, негізгі, пәндік құзыреттерін белгілеу негізінде еңбек іс-әрекетіндегі тәжірибесін қалыптастырудың мақсатын, мазмұнын таңдау, ұйымдастырушылық және технологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуге негіз болады. Құзыреттілікті іс-әрекет категориясы ретінде түсіну үшін іс-әрекеттің ойлау әрекетінің бөлігі екендігін баса айтудың мәні бар: субъектінің білімі, біліктілігі және бірте-бірте автоматты дағдысы, оны типтік және типтік емес, сырттан реттелетін немесе еркін жағдайларда қолданылады, ойлау үдерісінен өтеді, яғни рефлексияланады. Ғалымның ойынша, құзыреттілік негіздер тұлғадан абстрактілі ойлауды, өзіндік рефлексияны, өзін-өзі бағалауды, сыни ойлауды, яғни интеллектуалды дамуды талап етеді. Сол сияқты түрлі типтегі автономдық, рефлексивті іс-әрекеттерді қажет етеді.

К.Ж.Аганина құзыретті болашақ маман дайындауға қатысты «өзінің ішкі және сыртқы ресурсын іс-әрекетінде табысқа жетуде іске асыра алуы» деген/265/. Көптеген әдебиеттерде құзырет – нақты пәнге қатысты белгілі бір іс-әрекеттің жиынтығын меңгеруі, білім беру нәтижесі деп берілген. Сондықтан кіші мектеп жасындағы балалар «Технология» пәнінде еңбек іс-әрекетінің амалдарын игере отырып, сол әрекеттен тәжірибе жинақтауы кез келген жағдайдан шыға білуге мүмкіндік береді.

Сонымен, құзыреттілік баланың еңбек іс-әрекетіндегі субъективті тәжірибесін белсенді қолдана алуы өзіндік негізгі құзыреттіліктерін дамытуға жағдай жасайды. Негізгі құзыреттіліктер – өмірдегі мәселелер мен жағдайларды шешуде іс-әрекеттің сапалы, табысты өтуін қамтамасыз ететін жеке тәжірибеге енген білім, білік, дағды, қабілеттің жинағы немесе әмбебап жүйесі. Сондықтан осы тұрғыда кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек іс-әрекеті негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Бірақ білім беру жүйесінің қай сатысында, қандай жағдайларда негізгі құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі зерттелмеген. Дей тұрғанмен, кіші мектеп жасындағы балалардың негізгі құзыреттіліктер іс-әрекетте, соның бірі – еңбек іс-әрекетінде қалыптасады.

Негізгі құзыреттіліктер бала тұлғасының даму ерекшеліктерімен, жеке тәжірибесімен табиғи байланысты біліктіліктердің сандық жиынтығы. Баланың еңбек іс-әрекетіндегі сандық өзгерістер сапалық өзгерістердің болуына ықпал етеді. Еңбек іс-әрекетіндегі негізгі құзыреттіліктердің сандық өзгерісінің белгісі бастамашылдық

сапасының дамуымен көрінуі мүмкін. Дж.Равеннің пікірінше, бастамашылқты бір жағынан құзыреттіліктің бар екендігін көрсетеді, екінші жағынан нақты жағдаяттарда құзыреттіліктердің сипаты туралы түсінік береді. Бастамашылдық еңбек іс-әрекетінде баланың қызығушылығын, белсенділігін, субъекті ретінде көрінуін, тәжірибесінің қалыптасқандығын көрсетеді. Ғалымның зерттеуіне сүйене отырып, бастамашылдығына негізделген ішкі түрткі баланың еңбек іс-әрекетінің мақсатқа бағытталуын, ішкі әлеуетін жинақтап сыртқы ресурстарға белсенді пайдалануда құзыреттіліктерін көрсетеді. Сонымен қатар еңбек іс-әрекетіндегі ішкі түрткі баланың бастамашылдығын таңдамалы, меңгерген әрекеті мен түсініктерінің негізінде тәжірибесі бірегей болуына ықпал етеді.

Құзыреттіліктің екінші көрсеткіші рефлексияның болуы. В.В.Давыдов, Э.А.Дудареваның зерттеулерінде рефлексия тек адамға тән қабілеттілік бола тұра, өзінің ойын, эмоциональдық көңіл-күйін, өзінің әрекеті мен қатынасын арнайы қарастыруға және практикада жаңадан жасауға мүмкіндік береді. Ендігі бір еңбектерде рефлексия іс-әрекеттің ішкі жоспары ретінде пайда болып, әрекеттегі бастамашылдық, жаңа ақпарат іздеуде, қажеттілігін қанағаттандыруда, өзінің жетістігін бағалауда «субъектінің талдау және өзінің іс-әрекетінің мақсаттарын, шарттарын және тәсілдерін, заттың жағдаятпен арақатынасын белгілеу қабілетінен көрініс табады. Сондықтан кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек іс-әрекетіндегі негізгі құзыреттілігі қалыптасуындағы сапалы өзгерісі рефлексивтіліктің дамуымен тығыз байланысты болып, өзінің әрекетін, жетістігі мен болашағын саналай алады.

Еңбек іс-әрекетінде ақпараттық және коммуникативтік құзыреттілікті меңгеру үшін балалар қойған мақсатына қарай ақпарат көздерімен әрекет етеді, бір-бірімен қарым-қатынасқа түседі. Қалай жасау керектігіне білім ғана емес, біліктілік қажет. Осы тұста А.Н.Тубельскийдің ойын келтірсек, «негізгі құзыреттіліктің мәні әмбебап біліктілікте, оларды әмбебап танымдық, әмбебап коммуникативтік, әмбебап іс-әрекеттік деп шартты түрде бөлуге болады». Сондықтан кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек іс-әрекетіндегі тәжірибесі біліктілігінің деңгейіне байланысты.

А.В.Тихоненко өзінің зерттеуінде «баланың жастан жасқа өтуінде құзыреттік ие болатын және жүзеге асыратын мазмұны, заттарға, әрекеттерге, оның нәтижелеріне қатынасы, мінез-құлық амалдары өзгеріп отырады, бірақ негізгі құзыреттіліктің түрлері сол күйінде қалады.» деген. Жоғарыдағы зерттеулерге сүйене отырып, еңбек іс-әрекетіндегі негізгі құзыреттіліктердің түрлерін: әлеуметтік, коммуникативтік, ақпараттық, іс-әрекеттік деп бөліп көрсеттік. Біздің ойымызша, кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек іс-әрекетінде әлеуметтік, ақпараттық, проблеманы шешу, коммуникативтік, іс-әрекеттік, танымдық құзырттіліктерінің бастапқы жиынтығы бір уақытта дамытылады деп ойлаймыз. .

*Проблеманы шешу, танымдық құзыреттілікпен* тығыз байланысты. Проблеманы шешу құзыреттілігі кіші мектеп жасындағы балаларда өздігімен алған ақпаратын мәселені шешуде қолдана білу біліктілігі, өздігімен білім, біліктілікті меңгеруі. Сондықтан кіші мектеп жасындағы балалардың проблеманы шешу құзыреттілігі қалыптастыруда шығармашылық еңбек, жобалау әрекеттері ұйымдастырылады. Мұндағы ақпарат көздері ересектердің тәжірибесі, кітаптар, өзіндік жеке тәжірибесі, құрбыларының тәжірибесіне сүйенеді. Осы жастағы балалар табиғатынан әрекетшіл, білуге құштар, зерттеушілік белсенділік, бастамашылдық тән. Зерттеушілік бастамашылдық жаңа ақпаратқа, жаңа әсерлер мен білімге, еңбек іс-әрекетіндегі жаңа нәтижеге дегене қажеттілік. Зерттеу мақсаттарын өздігінен қойып, оны шешудің жаңа тәсілдерін және құралдарын іздестіреді. Сондықтан кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек іс-әрекетіндегі проблеманы шешу құзыреттілігі мынандай мазмұнды болуы тиіс:

1. Проблеманы қоя білуі:

– еңбек іс-әрекетіндегі проблеманы анықтау алуы;

- педагог ұсынған проблеманы шешуге қызығушылығының болуы;;
- қалауы бойынша жағдаяттарды жалпы түрде сипаттай алады:
- 2. Мақсат қоюы және іс-әрекетті жоспарлай алуы:
  - еңбек іс-әрекетінің ретінмен орындауды логикалық түрде белгілейді;
  - орындау мерзімін анықтайды.
- 3. Технологияларды қолдануы:
  - еңбекті іске асыру нұсқауын құрастыралды;
- 4. Ақпаратты, еңбек ресурстарын жоспарлауы:
  - еңбек іс-әрекетін орындауға ресурстарын атайды.
- 5. Еңбек іс-әрекетін және өнімді бағалауы.

Қоғам ақпараттық технология дәуіріне кіргендіктен түрлі ақпарат көздерін қолдану біліктілігін, оған сыни көзқараспен қарау дағдысы, қажет ақпаратты таңдау біліктілігін талап етеді. *Ақпараттық құзыреттілік* кіші мектеп жасындағы балалардың қажеттілігіне және мүмкіндік әлеуетіне байланысты қалыптастыру көзделеді. Қазіргі Е.В.Огородников, О.М.Чубарянның зерттеулерінде ақпараттық құзыреттілікті компьютерді, интернетті меңгеру деп қарастырады. Бұл үшін зерттеушілік әрекетпен ұштастырылып ақпаратты интернеттен ала алады. Компьютерде сызбалар және құрастырулар жасайды, дамытушы тапсырмалар орындайды. Кіші мектеп жасындағы балалардың ақпараттық құзыреттілігі еңбек іс-әрекетіндегі танымдық, білуге құштарлығын, оқуға деген қажеттілігін қанағаттандырады.

Сондықтан өздігімен түрлі ақпара көздерімен жұмыс істеуге мүмкіндік берілуі, оның оқу үлгерімі жақсарып, тез қабылдау, сұраққа жауап беру және оқытушының тапсырмасын орындау жылдамдығы артады, өздігімен ойлап айтуға, «технология» пәнінің мәнін түсініп пікірін айтады. Сонымен еңбек іс-әрекетіндегі ақпараттық құзыреттіліктің мазмұны мынадай болуы тиіс:

1. Ақпараттық ізденісті жоспарлау:
  - еңбек іс-әрекетіне қажетті білім көздерінен белгілі мен белгісізді бөлуі;
  - мүмкіндігіне қарай білім көздерін пайдалан білу біліктілігі;
2. Алғашқы ақпарат алу:
  - адамнан ақпарат ала алу біліктілігі;
  - білім алу көздеріне сүйене білу біліктілігі;
3. Ақпаратты алғашқы өңдеу:
  - ақпаратты жүйелеу алуы;
  - алынған ақпаратты баяндай алуы;
4. Ақпаратты өңдеуі:
  - ақпараттың жеткіліксіздігін, түсініксіздігін ескертуі;
  - ақпаратты негіздей алуы.

– алған білімдерін іс жүзінде пайдалан білу біліктілігі. Еңбек іс-әрекетінде ақпаратты пайдалануда дербестікке, бастамашылдыққа, қажетті ақпаратты таңдай білуге қабілетті болып, тәжірибесінің қалыптасуына негіз болады. Адамдардың қарым-қатынасынан тұлғалық сапалары дамып қоймайды, жалпы адамзаттық тәжірибелерді, құндылықтарды, білім және іс-әрекет амалдарын меңгеріп, осы іс-әрекетінің субъектісі ретінде көрінеді. Біздің көзқарасымыз бойынша, коммуникативтік құзыреттілік – баланың коммуникативтік біліктілігі. Осы тұрғыда қарағанда кіші мектеп жасындағы балалар еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастырда коммуникативті құзырттілігі мынандай мазмұнда болады:

1. Жазбаша қатынас:
  - құрастыратынын, дайындайтын бұйымның сызбасын, үлгісін құру;
  - жасаған бұйымына сипаттама жазу.
2. Көпшілік алдында сөз сөйлеуі:
  - сөйлейтін сөзі жоспарлауы;

– көпшілік алдында сөйлеу регламентін сақтауы;

### 3. Сұхбаттасуы:

- балалардың еңбек іс-әрекетін алдын ала келісуі,
- өзінің көзқарасын бідіру, қажет болса, оны қорғау, диалогты бастау,
- сұрақ қою, өзінің жағдайын қажеттілігін, талаптарын түсіндіре алуы,
- қарым-қатынас стилін таңдауы.

### 4. Нәтижелі топтық қатынас:

- еңбек етуге эмоциональдық ықыластылық,
- басқалардың еңбектегі көңіл-күйін сезіне білуі, жолдасының әрекетіне зейін қоюы ;

– еңбек іс-әрекетінде басқа балаларды таниды, оның пікірімен санасады, мінез-құлқын көреді, балалардың арасындағы түрлі мәселелерді тез шеше алады;

– бірлескен еңбек іс-әрекетінде баланың, бастамашылдығы, ұйымдастырушылық қабілет байқалады. Еңбек іс-әрекетінде қарым-қатынас нормаларын, ережелерін меңгереді. Бірте-бірте басқа балалардың қызығуын ескеретін, көмектесуге дайындығын қамтамасыз ететін субъективті қатынасы көрінеді. Қарым-қатынас құралдарын орнымен қолдана отырып, тіл арқылы білімдері мен тәжірибелерін алмасады. Сондықтан кіші мектеп жасындағы балалар еңбек іс-әрекетінде коммуникативті құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы зор.

Кіші мектеп жасындағы балалардың әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптасуы әлеуметтендіру, әлеуметтік тәжірибе, әлеуметтік белсенділік ұғымдарымен тығыз байланысты. Баланың адамзаттың қатынас әлеміне, мәдениетіне енуі, оның дамуының негізгі көзі болып саналады. В.Н.Мясищев « тұлғаның бастапқы негіздемесе, индивидтің әлеммен мол байланысу байлығында» деген. Баланың ішкі мәнді этникалық инстанциясы, этикалық ережелері, қоршаған әлем және адамдардың өзара қарым-қатынасы туралы түсінігінің, тәжірибесінің қалыптасуы еңбек іс-әрекетіне жүзеге асады. аланың әлеуметтенуін оның әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру, яғни әлеуметтенуі мен даралануының өзара байланысы. Оның нәтижесінде еңбек іс-әрекетінде өзін-өзі жүзеге асыратын біліктіліктерге жетеді.

– еңбек іс-әрекетінде құрдастарымен, адамдармен қатынасты орнату және қолдап отыру;

- өзінің және басқаның еңбек іс-әрекетіндегі түрткісін түсіну;
- еңбек құндылығын түсіну және құндылық қатнас жасау біліктілігі;
- өзінің және басқаның еңбектегі тәжірибесін пайдалан білу;
- еңбек іс-әрекетін нәтижесін болжау, басқару және реттеп отыру;
- еңбекке және еңбек нәтижелеріне қатынасы;
- еңбек іс-әрекетіндегі келіспеушіліктерді болдырмау және оны орнымен шешу біліктілігі.

Кіші мектеп жасындағы балалар өзінің еңбек іс-әрекеті субъектісі ретінде дамуы мен жетілуде сензитивті болғандықтан бастапқы *іс-әрекеттік құзыреттілігі* дамиды. Баланың еңбек іс-әрекетіндегі тәжірибесі әлеуметтік белсенділігі, автономдылығы (тәуелсіздігі), жауапкершілігі, еркін әрекеттенуіне байланысты. Кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек іс-әрекетіндегі әрекеттік құзыреттілігі баланың ересекке тәуелсіз болуына, дербестікке өзін-өзі реттеуге құқығы берілген жағдайда жүзеге асады. Бірақ қазіргі балаларда өздігімен шешім қабылдауға, еңбек әрекеттерін орындауға, еңбек әрекетінің нәтижесін алдын ала болжауға сенімі жетпейді, ересектерден күтеді.

Мұның өзі балаланың еңбек іс-әрекетіндегі тәжірибесінің жетіспеушілігінен, олардың өмірлік тәжірибесіне сенбеушіліктен болады. Ересектер тарапынан кейбір жағдаяттарға тиісті баланың тәжірибесі жоқ деген шектеулері сол жағдайдағы тәжірибені иегрүн тежейді. Тәуелсіздік, дербестік, жауапкершілік сапаларын еңбек іс-әрекетінде қалыптастыруда балалардың түрткілерінің, әрекет ету стилін, орындау

қарқынын есеп алу қажет. Ересектер мен балалар оқудың нәтижесін түрліше деңгейде түсінеді. Бала еңбек іс-әрекетінде қол жеткен нәтижесін едәуір деп есептесе, ересек оны жеткілікті түрде бағаламайды. Мысалы: қағаздан жасалған сыйлығына мән бермеуі кездеседі. Кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек іс-әрекетіндегі тәуелсіздігі, жауапкершігі әрекет тәсілдерін, операциялардың орындалу бірізділігін, кездескен қиыншылықтарды жеңу амалдары туралы білімін, біліктілігін тәжірибесін қажет етеді. Сонымен еңбек іс-әрекетіндегі іс-әрекеттік құзыреттілік мынандай мазмұнға ие болады:

- еңбек іс-әрекетінің мақсат қоя білуі, қажетті құралдарды таңдауы, әрекеттің бірізділігін құру біліктілігі;
- еңбек нәтижесін болжау, кездесетін қиыншылықтардың алдын алу біліктілігі;
- қойылған мақсатқа сәйкес нәтижені талдау және бағалау;
- өзгелермен, сыныппен бірге, өздігімен еңбек ете алуы;
- өзінің және өзгелердің еңбектегі әрекетін бағалауы және түзетуі.

*Сонымен, проблеманы шешу құзыреттілігі* кіші мектеп жасындағы балаларда өздігімен алған ақпаратын мәселені шешуде қолдана білу біліктілігі, өздігімен білім, біліктілікті меңгеруі. *Коммуникативтік құзыреттілік* – баланың еңбек және еңбек құралдары, қоршаған әлем туралы білімі, бірлескен еңбекте тіл табысуы, өзара келісу біліктілігі. *Ақпараттық құзыреттілігі* – ақпарат көздерін қолдану біліктілігі. *Еңбек іс-әрекеті құзыреті* – технология пәнінен білім алу құзыретіне ие болуы, кіші мектеп жасындағы балалардың технология аймағындағы білімі және тәжірибесі. Білім берудегі соңғы нәтиже пәндік білім алу құзыреті және ақпараттық құзыреттілік, проблеманы шешу құзыреттілігі, коммуникативтік құзыреттіліктер жиынтығы, оған жетуде тәжірибенің ықпалы жоғары.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылға дейінгі мемлекеттік білім беру бағдарламасы. Астана 2010.

2 Зинина С.М. Роль педагога-психолога в развитии коммуникативной компетенции детей дошкольного возраста// Актуальные проблемы психологии образования: Материалы научно-практической конференции 3-4 ноября 1999 г. – Н.Новгородский гуманитарный центр, 1999. – С. 35–37.

3 Аганина К.Ж. Теоритические основы подготовки учителей интегрированных предметов// Материалы Республиканской научно-практической конференции, посвященной 80-летию доктора педагогических наук, профессор Н.Д.Хмель. –Алматы: 2008. – С 74–82.

4 Джадрина М.Ж. Вопросы повышения качества школьного образования.// Материалы международной научно-практической конференции: «Среднее образование в XXI веке: состояние и перспективы развития». – Астана. 2002.– 159 с.

5 Равен Дж Педагогическое тестирование: проблемы, заблуждения, перспективы. // Школьные технологии. – 1999. – № 1-2. – С.178–207.

6 Дударева Э.А. Психолого-педагогический мониторинг воспитания рефлексии младших школьников: 13.00.01– общая педагогика, история педагогики и образования, автореф. дисс.... канд. пед. наук. – Екатеринбург, 2003. – 26 с.

7 Тубельский А.Н. Детско-взрослые сообщества как субъект компетентностного содержания образования.// Материалы конференции. [www/conf/krasu](http://www/conf/krasu)

8 Тихоненко А.В. Компетентностный подход к формированию общечеловеческих понятий у учителей и учащихся начальной школы: 13.00.01– общая педагогика, история педагогики и образования, автореф. дисс... док. пед. наук. – Тамбов, 2002. – 42 с.

## ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастыруда құзыреттілік тұғырдың мәні қарастырылады.

## РЕЗЮМЕ

В статье говорится о значении компетентного подхода при формировании опыта трудовой деятельности учащихся начальных классов.

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Жиенбаева С.Н. - п.ғ.д., профессор;  
Абдурахманова М. – магистрант (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазіргі білім берудің мақсаты білім, білік, дағдымен қаруландыру ғана емес, солардың негізінде дербес, өзгермелі қоғамда лайықты өмір сүріп, жұмыс жасай алатын, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп тауып, ұтымды пайдалана алатын, жоғары мәдениетті қарым-қатынасқа түсе алатын тұлғаны қалыптастыруды талап етіп отыр. Қазақстан Республикасындағы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамытудың тұжырымдамасында білім берудің негізгі міндеті – білімдік шоғырланудан нәтижеге бағытталған құзыреттілік тұрғыға көшу деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңында», «Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылға дейінгі білім беру бағдарламасында» мектепке дейінгі білім беруде жаңа рухани-мәдени құндылықтарды игеруге, ұлттық сананың қалыптасып, ақыл-ойының, интеллектуальдық дамуын қамтамасыз ететін, болашақ бастауыш мектептегі оқу әрекетіне дайындық ретінде танымдық құзыретін қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Мектепке дейінгі ұйымдағы оқу үдерісін ұйымдастыру базалық білім, білік, дағдылар, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың түйінді құзыреттілігінің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Осыған сәйкес мектепке дейінгі балалардың бойында қоршаған ортаға қызығушылық білдіруге, экологиялық білімді меңгертуге танымдық құзыреттілікті қалыптастыру басым бағыттарының бірі болып табылады.

Психология ғылымында «құзыреттілік» ұғымына қатысты нақты түсініктер қалыптасқан. Сонымен қатар бұл ұғым іс-әрекетті жүзеге асыруда білім, білік, дағдыны қамтиды (А.Н. Журавлев, Н.Ф. Талызина, Р.К. Шакурова және т.б.). Олай болса психология ғылымында «құзыреттілік» танымдық (когнитивтік), пәндік-практикалық және жеке өзіндік тәжірибелер жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Жас ерекшелігіне қарай балалардың құзыреттілігі өткен кезеңдегі психикалық деңгейіне, мәдени-тарихи, этникалық және әлеуметтік-экономикалық формалардың әсер ету дәрежесіне тікелей байланысты болады. Осылайша ересек топтағы балалардың психологиялық ерекшелігі коммуникативтік құзыреттілік қалыптастыру мүмкіндігін анықталады. Білім беруді жаңарту негіздерінің бірі ретінде құзыреттілік тұрғыдан келуді жақтаушылар күтілетін нәтижелер тұжырымдамасын құруда. Бұл тұрғыдағы көзқарасты Б.Д.Эльконин өз еңбегінде былай көрсетеді:

– «құзыреттілік» ұғымы тек танымдық (когнитивтік) және технологиялық құраушы ғана емес әрі мотивациялық, әлеуметтік және мінез-құлықтың, яғни оқыту нәтижелерін (білім, білік, дағды), құндылық бағдар жүйелерін қамтиды;

– құзыреттілік – алған білім, білік, тәжірибе мінез-құлық тәсілдерін нақты жағдаятта, нақты іс-әрекет жағдайында жұмылдыру қабілеті;

– құзыреттілік ұғымында «нәтижеден» қалыптасатын білім мазмұны интеграциясы;

– құзыреттіліктер тек білім беру мекемелеріндегі оқыту үдерісінде ғана емес, яғни дәстүрлі және дәстүрден тыс білім алу жағдайында да қалыптасады.

Психология ғылымының «кәсіби маңызды сапа» немесе «іскерлік және тұлғалық сапа», сонымен қатар белгілі үш таған: білім, білік, дағды ретінде де түсіндіріледі. Елімізде 2000 жылдың басында «құзыреттілікке бағдарланған білім беру мен дамыту» тұжырымдамасы ресімделіп, бұл жұмыстың көптеген қолдаушылары мен келісімге келмейтін қарсыластары да пайда бола бастады. Осы тұжырымдамаға қатысты пікірталас әлі күнге дейін басылмай, таласты пікірлердің тууына себепкер болуда. Сондықтан бүгінгі еліміздің білім жүйесінде әлеуметтік, экономикалық, қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуға дайын, құзыретті тұлғаны қалыптастыруда оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жалпы ұлттық деңгейдегі жаңа мазмұнмен қамтамасыз етуде құзыреттілік тұғырының маңызы зор. «Құзыреттілік» ұғымы дәстүрлі педагогикалық зерттеулерде кәсіби құзыреттілік немесе маман құзырлығы ұғымдарымен қатар қолданылып келді. Ал, қазіргі зерттеу жұмыстарында «құзыреттілік» тек маман біліктілігі мен мамандыққа ғана қатысты емес, сонымен бірге ақпараттық, әлеуметтік, мәселені шешу, коммуникативтік құзыреттіліктері зерттеу пәніне айналууда. «Құзыреттілік» ұғымының тағы бір маңызды жағына тоқталар болсақ, ол тек өз кәсібін жетік білетіндерге немесе үлкен адамдарға ғана қолданылатын мінездеме емес, сонымен қатар студенттерге, мектеп оқушыларына, тіпті мектепке дейінгі жастағы балаларға да берілетін мінез-құлық сапасы болып табылады. Сол себепті мынадай қорытындылар шығаруға болады: құзыреттіліктің жас ерекшелігі шегін анықтауда қиындықтар туындайды. Қазіргі зерттеушілер маман ретінде, құзыреттілікті мектепке дейінгі балалар мен бастауыш сынып жасындағы балалардың маңызды мәселесі ретінде қарастыруда. Қазіргі таңда құзыреттілікті тұлғаның күрделі мәдени жиынтық іс-әрекеті түрлерін жүзеге асырудағы қабілеттілігі деп түсінуге болады.

Бүгінгі мектепке дейінгі білім беру нәтижесі ретінде мемлекеттік міндетті білім беру стандарт бойынша денсаулық сақтау, таным, қарым-қатынас, әлеуметтік және шығармашылық құзыреттілік деп белгіленген. Соның ішінде танымдық құзыреттілік қоршаған ортамен таныстыру, математикалық түсініктерін қалыптастыру, сенсорлық тәрбие беру негізінде қалыптасатындығы негізге алынған. Біз соның ішінде танымдық құзыреттіліктің мәнін ашуды жөн көрдік.

Таным, ол әрекеттің мақсаты мен түрткісін анықтайтын тұлғаның ақпараттық қорын құрайтын қоғамдық-тарихи үрдіс философиялық категория болып табылады. Философиялық сөздікте: таным – заттардың эмоциялық мазмұнын немесе ақиқатты табу мақсатындағы заттардың күйін, жағдайын меңгеру болып табылады. Психологиялық сөздікте таным Педагогикалық сөздікте таным – әлем туралы шынайы білімдерді алуға деген субъектінің шығармашылық іс-әрекеті деп жазылып, сыртқы орта туралы ақпарат алу тұрғысынан берілген.

Ә.Нысанбаев, Д.Кішібеков, Ұ.Сыдықов, Г.Нұрышева танымға сыртқы заттар мен құбылыстардың, олардың қатынастарының адам санасында идеалды образдар жүйесі ретінде бейнелеуінің қайшылыққа толы күрделі үдерісі деп анықтама берген. Ғалымның таным барысында адам өзін қоршаған ортаны игереді, ол туралы білімі кеңейіп, тереңдей түседі, адамның заттар мен құбылыстар туралы жалпы мәліметі ішкі мәнге қарай ұмтылып, жүйелі, шынайы білімге айналады, сондықтан танымды адамның жаңа әрі тың білімді игеріп, рухани баюы деп те есептеуге болады деген құнды пікірімен де келісуге болады. Бейнелеудің философиялық теориясы тұрғысынан алғанда танымның үш түрі: сезімдік, логикалық және прагматикалық жағынан

ерекшеленеді. Сонымен, ересек топтағы балалардың танымның дамытуда сезімдік, логикалық және практикалық түрі ұйымдастырылуы шарт деп санаймыз. Таным теориясында танымның маңызды жақтары ретінде бейнелену көрінеді. Мұнда бейнеленудің бірнеше деңгейлері ерекшеленген:

- өлі табиғатта бейнеленуі;
- тірі табиғатта бейнеленуі;
- әлеуметтік деңгейдегі бейнеленуі;
- жеке санамен сезінуі;
- қоғамдық санамен сезінуі.

Біздің мәселемізді талдау үшін жеке деңгейдегі бейнеленуі маңызды болып табылады. Сонда мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық құзарттылығы – *қоршаған орта туралы білімі, сенсорлық мәдениеті, оларды қолдану біліктілігі, дағдысы және тәжірибесінің жиынтығы.* Дегенмен, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық құзарттылығының қалыптасу ерекшелігі зерттелуі күрделі мәселе болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Білім туралы. Об образовании: Қазақстан Республикасының Заңы. - Алматы: Литера, 2007. ~96б.
2. Қазақстан Республикасындағы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамытудың тұжырымдамасы.
3. Тубельский А.Н. Детско-взрослые сообщества как субъект компетентностного содержания образования. // Материалы конференции. [www/conf/krasu](http://www/conf/krasu)
4. Рыжков М.В. Ключевые компетенции: возможности применения. // Стандарты и мониторинг в образовании. – 1999, – № 4. – С. 21–22.
5. Зинина С.М. Роль педагога-психолога в развитии коммуникативной компетенции детей дошкольного возраста // Актуальные проблемы психологии образования: Материалы научно-практической конференции 3-4 ноября 1999 г. – Н.Новгородский гуманитарный центр, 1999. – С. 35–37.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық құзарттылығын қалыптастыру мүмкіндіктері айтылады.

#### РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы формирования познавательной компетентности детей дошкольного возраста.

### МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Жиенбаева С.Н.- п.ғ.д., профессор;  
Омарова М.– магистрант (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазіргі білім берудің мақсаты білім, білік, дағдымен қаруландыру ғана емес, солардың негізінде дербес, өзгермелі қоғамда лайықты өмір сүріп, жұмыс жасай алатын, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп тауып, ұтымды пайдалана алатын, жан-жақты дамыған білімді, өз ісіне және өзгенің ісіне әділ баға бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етіп отыр. Қазақстан Республикасындағы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамытудың тұжырымдамасында, 2011-2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында білім

берудің негізгі міндеті – білімдік шоғырланудан нәтижеге бағытталған құзыреттілік тұрғыға көшу деп көрсетілген. Бұл межелі міндет мектепке дейінгі ұйымке дейінгі кезеңнен басталып, жаңа бағыттары қарастырылуда.

Мектепке дейінгі ұйымке дейінгі білім жаңа мазмұнмен байытылып, мектепке дейінгі ұйымке дейігі баланың қабілеттерін дамыту, оның бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру міндетін шешуге бағытталған. Қазіргі әлемдік өркениетте экономикалық жағдайға сәйкес білімдік мақсаттарды стандарттау, білім берудің бағыты тұлғаның құзыретін жалпы дамыту және жеке жағдайда түйінді құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігі айқындалып отыр.

«Балапан» бағдарламасында «Мектепке дейінгі ұйымке дейінгі ұйымдардың тапшылығын азайту жөнінде 2009 жылдың аяғында қабылданған шаралар балалардың қамту көрсеткішін 37-ден 38,7 %-ға дейін арттыруға мүмкіндік берді: республикада қосымша 17 155 орынға арналған 404 мектепке дейінгі ұйымке дейінгі ұйым қосымша іске қосылды». Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 –2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы «Мазмұнды жаңарту, кадрлармен қамтамасыз ету 2015 жылға қарай МЖБС-ның жетекші білім салаларына сәйкес 5 оқу бағдарламасын жаңарту жоспарлануда. Әрбір оқу бағдарламасы үшін оқу-әдістемелік кешендер әзірленеді (жыл сайын 5 бірліктен, барлығы 25).» делінген.

Осы міндеттерді жүзеге асыруда тұлғаны дамытуға, оның әлеуетін анықтауға, дербестігін қалыптастыруға бағытталған дәстүрлі сабақ жүйесінің орнына ізгілік философия, психология және педагогиканың идеяларын біріктірген тұлғалық-бағдарлы оқыту жүйесі келуде. Аталған жүйе адамды субъект, өз өмірін жасаушы қалыптастыруға мүмкіндік береді; балаларды белсенділіктің барлық түрін (танымдық, әлеуметтік, шығармашылық және т.б.) жауапкершілікпен жүзеге асыруға үйретеді. Адамзат баласының алға қарай сатылап өркениетке жетуі әр адамның іс-әрекеттегі жаңашылдығына, жаңаны ойлап табуына, шығармашылық болмысына байланысты. Шығармашылық мәселесі адамзатты ежелден – ақ толғандырып келген және қазіргі күнге дейін түбіне жеткен жоқ. Берілген сұрақтың философиялық шешімі шығармашылықты жаңа дүниенің туындысы деп қарастырып, шығармашылық акттың мәнін түсіндіргісі келеді.

Тұлғаның іс-әрекетіндегі шығармашылық теориялық таным деңгейінде, ойлаудың жоғары сатысында іске асатындығы В.Бердяев, М.М.Бахтин, Э.Г.Юдин, А.Спиркин, М.Попани, Ә.Нысанбаев, Д.Кішібеков, Г.Нұрышева т.б. ғалымдардың еңбектерінде, адамның ақиқат өмірдегі өзін-өзі тануға ұмтылуы, өздігінен ізденуінен туындайтын жаңа тұлғалық сапаларының көрінуі деп тұжырымдалған. Оның ішінде В.Бердяев адамның шығармашылық дамуы іс-әрекет арқылы өзін-өзі тануы, өзін-өзі жетілдіру тұрғысынан түсіндіреді. А.Г.Спиркин шығармашылықты келесі түрде анықтайды «..... бұл практикалық және ойлау қызметі, керемет әрі қайталанбас құндылықтар жасау, жаңа фактілерді, қасиеттерді, заңдылықтарды, сондай-ақ зерттеу әдістерін анықтау осы қызметтің нәтижесі болып табылады. Бұл жағдайда мынаны атап өту қажет: мәдениет тарихи жағынан алғанда жаңа болып келсе, жаңалық объективті әрі әлеуметтік жақтан маңызды болғаны, ал егер ол автор үшін ғана жаңа болса, жаңалық субъективті әрі қоғамдық маңызға ие болмағаны». Автор бұл анықтамада шығармашылық процестің объективтілігін бөліп көрсетеді. Біз шығармашылық, адамның процесс барысында қоғамдық маңызы бар жаңаны танитын, ашатын, ойлап табатын, жасап шығаратын қызметі деген жалпыға танымал көзқарасты қолдаймыз. Шығармашылықтың мәні жаңаны, озатты, ілгерішілдікті көре білу деп анықтама бергенді қолдамаймыз. Біздің ойымызша жаңаны көру, іздестіруге түркі болады, ал шығармашылық әрекет жаңаны жасауды көздестіреді. Шығармашылық негізінде өнімді қызмет деген ұғыммен келісе отырып, сонымен қатар біз кез-келген шығармашылық процесс өзіне қайта құру әрекетін де кірістіреді, әр жасампаздығының өзіндік ерекшелігі болды деп есептейміз.

Қабілеттің табиғаты мен шығу тегі туралы екі түрлі көзқарас белгілі: олардың бірі (Р. Декарт, Г.В.Лейбництен басталады) қабілеттіліктің туғаннан пайда болатынын сипаттап, бұл ақылдың қасиеті деп түсіндіреді. Басқасы (Дж.Локк және оның ізбасарлары) өз өмірінің сыртқы шарттарына тәуелділігі туралы тезистен шығады. Біз ғалымдардың пікірінен қабілетті дамытуда іс - әрекет пен тәрбие беруде шешуші рөлді тану қажет деп есептейміз, бірақ олардың табиғи негіздерін бағаламауға болмайды, ересек топтағы балалардың қабілетін дамытуға байланысты педагогикалық іс- әрекетте баланың және оның дарындылығының табиғи ерекшеліктерінің өзіндік даралығына сүйену керек. Әрбір ересек топтағы балалардың мүмкіндігін тиімді қолдану педагогтар мен ата-аналардың өзекті практикалық есебі.

Шығармашылық қабілеттерді қалыптастырудың маңызды шарты ересек топтағы балалардың өздерінің мотивациясының болуы керек. бұл олардың әдістемелік, психологиялық және әдістік білім, ересек топтағы балалардың адамзат мәселелеріне қызығушылығының бағытталуымен танысуынан келіп шығады. Осы негізде ересек топтағы балалардың белгілі бір дәрежедегі санының оқу сабағы мен сабақтан тыс уақытта педагогикалық іс-әрекетке қатыстырылуы болып табылады. Осыған орай, біз шығармашылық еңбек әрекетінің мәнін интегративті шебер әрекет (А.М. Новиков) деген түсінікпен байланыстырдық. «Бәрін істей алу дегеніміз не? Бұл қажеттіліктері итермелейтін адамның өз бетімен жағдаятта бағдарланатынын, оны тани білетінін (сонымен қатар қажетті жаңа білімдер алып), объективті заңдар мен жағдайларға сәйкес әрекеттің мақсатын дұрыс анықтай алатынын, қалыптасқан жағдайға, мақсатқа сай нақты әрекет құралдары мен тәсілдерін анықтай алатынын, еңбек ету барысында оларды жетілдіріп, түпкі мақсатына қол жеткізе алатынын білдіреді. Шынында, біз бұл жерде іс-әрекеттің жалпы, тұтас, психологиялық сызбасын келтіріп отырмыз. Барлық аталған компоненттер бірлігінен тұратын осындай іс-әрекетті шартты түрде біріккен (интегративті) деп атайық.

А.Я.Понамарев айтуынша, шығармашылық тетігінің белгілі бір өзара әсерлесу фазалары бар дамытушы өзара әсерлесу. Іс - әрекеттің екіжақты нәтижесімен анықталатын интуитивті механизм шығармашылық негізі болып табылады. Іс-әрекеттің бір бөлігі қойылған саналы мақсатқа сәйкес келе отырып, тура өнім деп аталады, ал екіншісі мақсатқа сәйкес келмей және саналы ойдан бөлек алынғандықтан, қосымша өнім деп аталады. Оны шығармашылық іс -әрекеттің интуитивті деп аталады. Интуитивті шешімнің ерекшеліктері сезімдік бейне, қабылдау тұтастығы және санадан тыс нәтижені алу болып табылады.

ТМД елдеріндегі психолог және педагогтар дошкольника (Б.В. Асафьев, Л.А. Венгер, Н.А. Ветлугина, Л.С. Выготский, А.В. Запорожец, Д.Б. Кабалевский, Н.Н. Поддьяков, Б.М. Теплов және т.б.) шығармашылықты баланың тұлғалық сапасы, әрбір баланың қабілетін дамытуға бағытталған табиғи іс-әрекеті, өзіндік құндылығы ретінде қарастырды.

Мектепке дейінгі ұйымға дейінгі білім беру теориясы мен практикасында түрлі көркем әрекетінде баланың шығармашылығын дамыту тәжірибесі жинақталған. Дегенмен, жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартында өнімді және көркем іс-әрекеттер нәтижесі шығармашылық құзыреттілік деп таңдалған. Зерттеулер бойынша шығармашылық құзыреттілік тек студенттерге тән білім нәтижесі, тіпті мектеп жасындағы оқушылардың білім беру нәтижесі ретінде қарастырыл зерттеулер жоқтың қасы. Сондықтан бұл білім беру нәтижесі мектепке дейінгі балалар үшін ауыр салмақты нәтижесі тәрізді деп тұжырымдаймыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасындағы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамытудың тұжырымдамасы. Астана. 2007

2 2011-2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Астана 2010

3 Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытумен өамтамасыз ету жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы. Астана 2010.

4. Доналдсон М. Мыслительная деятельность детей / Доналдсон М. М. - Педагогика, 1985.

5. Поддьяков Н.Н. К проблеме умственного развития ребенка // Научное творчество Л.С.Выготского и современная психология. Тезисы докладов Всесоюзной конференции. М., 1981. С. 128-130.

6. Поддьяков Н.Н. Творчество и саморазвитие детей дошкольного возраста: Концептуальный аспект. Волгоград, 1995.

7. Уродовских Г.В. Активизация процесса формирования творчества у дошкольников в конструктивной деятельности // Особенности обучения и воспитания детей дошкольного возраста. М., 1987.

## ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары айтылады.

## РЕЗЮМЕ

В статье раскрываются пути развития творческих способностей детей дошкольного возраста.

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА НЕГІЗІНДЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ**

Жаспанова Т.Қ. – аға оқытушысы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Уақыт мектеп мұғалімдеріне жастарды жаңа заман талаптарына сай, әрі озық ұлттық дәстүр рухына тәрбиелеп, өмірге әзірлеу секілді жауапты міндеттерді жүктеп отыр. Егеменді елімізге сай ұрпақ тәрбиелеп шығудың бірден-бір жолы ол – өсіп келе жатқан ұрпақты эстетикалық тұрғыдан шыңдау. Осыны халықтық педагогика арқылы жүзеге асыруға болады.

Қазақстанда бастауыш сынып оқушыларын халықтық педагогикасы негізінде эстетикалық тәрбие мен білім беру барысында жүзеге асыруға бағытталған біршама тәжірибе жинақталған.

Халықтық педагогикадағы қазақтың салт-дәстүрлері жеке басты көркемдік рухани дамытуда эстетикалық тәрбиенің атқарар қызметі өте маңызды. Бала тәрбиесіндегі салт-дәстүрлерді пайдалану проблемасын шешу қоғамның тарихи дамуының барлық кезеңдерінде жүргізілген. Соңғы жылдары бұл проблеманы шешу эстетикалық тәрбиеге де тиісті болып отыр.

Қазақ этнопедагогикасының қайнар бұлағы біздің заманымызға дейінгі дәуірден бастау алады. Ұлттық мәдениеттің тегі сол ұлттың ұлт болып қалыптаспай тұрған кезінен бастап-ақ жеке ұлыстардың ұрпағын тәрбиелеуден туындағаны белгілі. Балалардың жан-жақты дамуы үшін, әсіресе сұлулық пен сымбаттылыққа қанық болулары үшін оқу-тәрбие үрдісінде халықтық педагогиканы қолдану өте маңызды. Адамдардың эстетикалық сезімдері олардың өмірінде зор роль атқарады. Әсемдікті көре, түсіне, жасай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, оған ең

жоғары рухани ләззаттануға мүмкіндік береді. Біз әр адамның адамгершілікті тұлғалық мәнін жан-жақты дамытуға ұмтыламыз, сондықтан әр баланың сезімін нәзіктігін, көркемдікті, әсем нәрсені сүйенетіндей етіп дамытуымыз керек. Адамның әсемдікті және жексұрындықты, сәулеттілік және ождансыздықты, қуаныш пен қайғыны т.б. түсінуіне байланысты, оның саналы тәртібі мен мінез – құлқы айқындалады. Осыдан келіп адамның әсемділікке шынайы көзқарасы мен мұраттары болуы керек екендігі шығады. Бастауыш сынып оқушыларын жалпы мәдениеті, яғни эстетикалық тәрбиенің маңызды жақтары ізеттілік, ұқыптылық, жылы шырайлылық, қайырымдылық, тазалықты сақтау т.б. Жалпы эстетикалық мәдениет – бұл қатынас эстетикасы, киім-кешек эстетикасы, үй-жағдай эстетикасы, манері, дене қимылы, т.б. А.С.Макаренко еңбектерінде бұл проблемаға зор мән берілген. Жеке адамның сыртқы мәдениеті мен ішкі дүниесінің ұштасып жатуы эстетикалық сұлулықтың белгісі. А.П. Чеховтың сөзімен айтқанда адамда: бет, киім, жан, ой – бәрі сұлу болу керек /1/.

Қоғамда болып жатқан келеңсіз жағдайлар - арақ ішу, темекі, анаша. шегу бұл эстетикалық талғамның төмендігі, яғни эстетикалық тәрбиенің өз дәрежесінде еместігін көрсетеді.

Эстетикалық тәрбие мәдениетке бастайды, онсыз қоғам дамымайды. Сондықтан Қазақстан Республикасының «Білім беру Заңы», «Эстетикалық тәрбие беру тұжырымдамасында» көрсетілгендей төменгі сынып оқушыларына эстетикалық тәрбие мен көркем білім беру аса маңызды мәселелердің бірі болып есептеледі.

Балаларды халықтық педагогика арқылы эстетикалық тәрбиелеу ісі мектептегі тәрбие жұмысының барлық саласында, бейнелеу өнері, музыка пәндерінде шешіледі және бұл жалпы педагогикалық міндет болып табылады.

Қазіргі кездегі эстетикалық тәрбиенің міндеттерін шешу үшін халықтың осы уақытқа дейінгі тәжірибесін меңгеру қажет. Мәдени құндылықтарды жасауда әр халықтың өзіндік ерекшелігі бар. Халық әрдайым әсемдікті іздеді, қолдан жасады және оны өмірде, тұрмыста, еңбекте бекітуге тырысады. Оны құралы ретінде пайдалануынан көруге болады.

Халықтық эстетикалық тәрбие жүйесінде лирикалық, үйлесімдік, тұрмыстық, әдет-ғұрыптық, еңбектік және т.б. әндер мен өлеңдер ерекше орын алады. Бұлар да эстетикалық тәрбие құралдары ретінде қызмет етті. Халқымыздың әндері, жанры және тақырыбы жағынан өте бай. Көптеген әндер би қимылдарымен байытылды. Халықтық тәрбие тарихи даму үрдісіндегі тірі дене болып табылады. Халықтық педагогиканың әлеуметтік бағыттылығы, әсіресе көне жазба ескерткіштерде мақалдар мен мәтелдер, ертегілер мен жырлар, бата, тілек секілді тәрбие құралдарында толығырақ бейнеленген.

Оқушы түсінігінің эстетикалық жақтан қалыптасуы халықтық педагогика және тағы сол сияқты көптеген факторлардың ықпал ету нәтижесінде болады. Сондықтан мектеп мұғалімдері оқушылардың эстетикалық талғамын іс-жүзінде, теория жүзінде де арттыра отырып, көрген білгендерімен сұлулықты қабылдауға көмектесуі керек.

Бастауыш сынып оқушылардың эстетикалық сезімін дамыту оларға мынау жақсы, әдемі, ал мынау жаман, көріксіз деп ауызша айтуда ғана жүзеге аспайды, сонымен бірге бала күнделікті тұрмыста да, мектепте де эстетикалық талғампаздықтың үлгі өнегесін күн сайын көріп отыруы керек.

Бастауыш сынып оқушысының түсінігінің эстетикалық жақтан қалыптасуы халықтық педагогика және тағы сол сияқты көптеген факторлардың ықпал ету нәтижесінде болады. Сондықтан мектеп мұғалімдері оқушылардың эстетикалық талғамын іс-жүзінде, теория жүзінде де арттыра отырып, көрген білгендерімен сұлулықты қабылдауға көмектесуі керек.

Балаларға музыка ерекше эстетикалық ықпал жасайды: ол балаларды жігерлендіреді, олардың көңіл-күйін біріктіреді, қимылға эстетикалық сипат береді.

Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеудің негізгі құралы - өнер. Ол шындықты көркем, сезімді қабылданылатын бейнелер арқылы бере отырып және осылар арқылы адам сезімімен санасына әсер етіп, оның көзқарасын қалыптастыруға жәрдем етеді.

Педагогикада эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу тәрбиенің басқа салаларымен тығыз байланысы қаралады. Балалардың ақыл-ой тәрбиесін, зерттелген құбылыстар әсемдігін ашпай жүзеге асыру мүмкін емес. Еңбекке тәрбиелеу – адамдардағы әсемдікті еңбек мазмұны мен процесін танымай саналы тәртіп пен мінез-құлықты тәрбиелеу мүмкін емес. Сондай-ақ әсемдікке көзқарасты тәрбиелеуді өмірден, белсенді іс-әрекеттен және мұраттарға жету жолындағы күрестен оқшау қарауға болмайды.

Ұлы Абай өнерді тән азығы және жан азығы деп екіге бөлген. Осындай көркем өнерді жан азығына балауы, яғни көңіл-күйге, сезімге қатты әсер етеді.

Қазақ халқының тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов үлкен өнер иесі болғаны анық. Оның қабылдауынша, нақтылы өңірде өсіп-жетілген халықтың ұлттық болмысына өзін қоршаған аймақ пен өлкенің табиғат жаратылысының бітімі тікелей әсер етеді.

Эстетикалық тәрбиенің негізгі міндеттері мыналар:

1. Эстетикалық қабылдауды - табиғаттағы, өнердегі қоршаған өмірдегі әсемдікті қабылдауды дамыту;
2. Эстетикалық талғамды, әсемдікті бағалай білуді, шын әсем нәрсені эстетикалық емес нәрседен ажырата білуді тәрбиелеу;
3. Өнерде өзін шама-шарқынша көрсете білуге, қоршаған өмірге эстетиканы сіңіре білуге тәрбиелеу.

Егер эстетика педагогиканы әсемдіктің мәнін және оның көрініс беру заңдылықтарын түсінумен қаруландыратын болса, ал педагогика адамның осы әсемдікке деген көзқарасын қалыптастыру туралы мәселені шешеді, эстетикалық тәрбиенің нақты міндеттерін алға қояды, оқу-тәрбие жұмысының барысында ол міндеттерді шешудің жолдарын белгілейді.

Адам өмірінде эстетикалық көзқарас әрдайым қуатты рухани күш ретінде көрінеді. Балаға балғын бөбектік кезеңнен бастап әсемдікке ұмтылу тән нәрсе. Ол әрдайым бойларында әсемдік құндылықтары бар қатар құрбыларына, ересектерге еліктейді. Балалардың өз еңбек іс - әрекеті тиімді және сапалы болуы үшін оның ұйымдастырылуы толысып, тамаша нәрсені қабылдау деңгейіне жеткені жөн. Балаға сонымен қатар жасампаздықтың да әсемдігі ашылады.

Эстетикалық білімнің негізі - оқу пәндері. Бастауыш сынып оқушылары әр түрлі пәндерді оқудың нәтижесіне табиғаттың, еңбектің сұлулығын және адам іс - әрекетінің әдемілігін бағалай білуді түсінеді. Олар әдемі жазуға, мәнерлеп оқуға және айтуға үйренеді. Ал бұл мәдениетті сөйлеуге, көркемдік танымын қалыптастыруға, қиялын дамытуға игі әсер етеді.

Еңбек әсемдігін қабылдауды үйретіп, қоғамдық іс - әрекет әсемділігіне сезімталдығын тәрбиелеп, мұғалім балалардың еңбек белсенділігін кеңейтуге дем береді. Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеудің экономикалық мәселелерге әрі тікелей, әрі жанама қатынасы бар. Бұл біздің қоғамдағы қоғамдық өндіріс адамдардың өскелең рухани және материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталғандығынан туындайды. Өндірілген товарлар сапасының әсемдігі тұтынылу жағына үлкен әсер етеді. Мұның өзі әр баланың білім алуында белгілі дәрежеде эстетикалық көзқарас мәдениеті болуын талап етеді.

Өнерде шоғырланған адамдардың шындыққа эстетикалық қарым -қатынасы қоғамдық идеяларды алға алып баруымыздың құралы, сол арқылы санаға өте күшті әсер ету жүзеге асады.

Сонымен, оқушылардың эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу - дамыған әсемдік сана мен талғамды, оны қабылдау және бағалау қабілетін қалыптастырудың мақсатқа бағыттала ұйымдастырылған процесі. Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу оқушыны

жан - жақты және үйлесімді дамытудың жалпы жүйесінде ең алдымен өзіне тән қызмет атқарады. Ол іс-әрекеттің барлық түрлеріндегі әсемдік нышанын анықтап, оны оқушының әсемдікке көзқарасының дамуы, білім алуы, қалыптасуы құралына айналдырады.

Кең ой - өрістілік сөйлеу іс - әрекетінің мазмұнынан сөз өнерін, ақыл - ой еңбегін, шындықтың объективтік жақтарын, көркем сөз сұлулығын бөліп қарайды. Еңбек іс - әрекетінде еңбек мақсаттары және процесі, оның нәтижесі, сұлулығы ерекше көрсетіледі. Құқықтық іс-әрекетінде қоғамдық мұраттардағы, дамудағы оның ынтасы мен тәртібіндегі сұлулыққа баса назар аударылады. Бейнелеу іс - әрекеті барысында балаларға көзге көрінетін әлем, музыкада адам жасаған дыбыс үйлесімділігінің сұлулықтары ашылады. Дене тәрбиесі мәдениеті және гигиена негіздері арқылы бала адам денесінің тән және жан сұлулығын таниды т.б.

Әсемдікке тәрбиелеудің оқушыны жан - жақты және үйлесімді дамытудың жалпы жүйесінде жанама қызметі де бар.

Әсемдіктің адам үшін зор тартымды күші бола отырып, сонымен бірге оның іс - әрекетінің белсенді және тиімді дем берушісі де болады. Оқушы өнегелілігінің әсемдігі, оның жан дүниесінің байлығы, шешендігі оны басқа адамдарға тартымды етеді. Оқушылар алдында ашық көрініс берген еңбек әсемдігі, ол еңбегі тартымды етеді және еңбек іс - әрекетінің процесін жеңілдетеді. Ерлік пен шын азаматтық әсемдігі адамдарды қоғамдық тәртіп және құқықтық әрекеттерін орындауға жетелейді.

Баланың эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу әсемдіктің қасиеттері бар әр түрлі өмір мен қатынастар және әсерлер ықпалымен жүзеге асырылады. Кіші мектеп жасындағы балалардың эстетикалық көзқарасы үздіксіз дамиды. Оған себеп болатын нәрсе - оқу, қоғамдық және тұрмыстық еңбектің жаңа жүйеге түсуі.

Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеудің негізгі құралы - өнер. Ол шындықты көркем, сезімді қабылданылатын бейнелер арқылы бере отырып және осылар арқылы адам сезімі мен санасына әсер етіп, оның көзқарасын қалыптастыруға жәрдем етеді. Педагогикада эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу, тәрбиенің басқа салаларымен тығыз байланысы қаралады. Балалардың ақыл - ой тәрбиесін, зерттелген құбылыстар әсемдігін ашпай жүзеге асыру мүмкін емес. Еңбекке тәрбиелеу - адамдардағы әсемдікті, еңбек мазмұны мен процесін танымай саналы тәртіп пен мінез қылықты тәрбиелеу мүмкін емес. Сондай - ақ әсемдікке көзқарасты тәрбиелеуді өмірден, белсенді іс - әрекеттен және мұраттарға жету жолындағы күрестен оқшау қарауға болмайды.

Мектеп оқушыны әсемдікті өмірден, адамдар қылықтарынан, еңбек іс - әрекетінен, еңбек нәтижесінен көруді және ләззат алуды үйретіп қана қоймайды, күнделікті өмірде осы әсемдікті жасау ынтасы мен іскерлігін тәрбиелейді.

Сонымен эстетикалық тәрбие табиғаттағы, өнердегі, еңбектегі, өмірдегі ең жақсыны қабылдау, одан ләззат алу. Эстетикалық тәрбие адамды дүниедегі әдемілік атаулыны бағалай білуге үйретеді. Өнер шығармаларын тануға, қастерлеуге баулиды, оған керісінше ұсқынсыздыққа жағымсыз көзқарасты қалыптастырады.

Эстетикалық тәрбиенің өзіне тән міндеттері бар. Олардың бірі - эстетикалық сезімі және эстетикалық қабылдауды тәрбиелеу. Өмірдегі, өнердегі әдемілікті сезу және көру адамдарда әр түрлі болады. біреулер әдемілікке үңіле қарап, оның сырын білуге тырысады. Ал кейбіреулер оған онша мән бермейді, қалай болса солай қарап, жанынан өте шығады. Әдемілікті сезу үшін, оған түсіну үшін ең алдымен бейнелеу өнері, музыка және ән саласынан әрбір адамда білім болуы қажет. Білім адамды әдеміліктің объективтік критерилерімен қаруландырады. Білімді адам сұлулықты бағалай біледі, түсінеді. Айналадағы дүниеге сезімталдық, эстетикалық қабылдау қырағылығы, ықыластылық, қамқорлық баланың эстетикалық дамуының негізі болады.

Эстетикалық ұғымды, байымдауды, баға беруді қалыптастыру –эстетикалық тәрбиенің тағы да бір міндеті. Әдемілікті сүйу, оған түсіну үшін балаға негізінен көмектесетін білім. Сондықтан бала бейнелеу өпері саласындағы ырғақ, үндестік, музыка мен әндегі дыбыстарды және өнер әдістері туралы білімді игеру қажет. Осыған байланысты ол эстетикалық терең түсінуге тырысады, байымдай және бағалай біледі.

Көркемдікке және сұлулыққа баға беру үшін эстетикалық танымның маңызы өте зор. Эстетикалық таным - бұл өмірдегі, еңбектегі және табиғаттағы сыртқы әдемілік пен нағыз сұлулықтың арасын ажырата білу, өнер шығармаларына жоғары талап қою. Мысалы, мұзда конькимен мәнерлеп сырғанақ тебу, яғни жарысы өткізіледі. Сонда орындаушыларға екі түрлі баға, яғни бірінші баға - көркемділігін келістіре орындағаны үшін, екінші баға мәнерлеп сырғанаудың техникасын жоғары дәрежеде игергені үшін қойылады. Әрине, орындаушыларға әділетті баға қою үшін мамандардың, әсіресе төрешілер алқасының танымы, білімі жоғары дәрежеде болуы керек.

Эстетикалық танымның дамуына көбінесе өнер үлгілерін қабылдаумен, не тегінде шығармашылықпен байланысты іс - әрекеті мүмкіндік береді.

Балаларды эстетикалық белсенділікке тәрбиелей отырып, оларды ездiгiнен iлтипатты оқырман, қайырымды көрермен, сезiмтал тындаушы болуға үйрету керек.

Эстетикалық тәрбиенің маңызды міндеті- өнер және әдебиет салаларында балалардың қабілетін, ынтасын және бейімділігін дамыту. Осыған орай мектепте оқушылардың ықтимал мүмкіндіктерін және қабілетін ашу керек. Эстетикалық тәрбиенің ыгізгі құралдары - әдебиет және өнер. Олар зор идеялық тәрбиелік роль атқарады. Әдебиет пен өнер адамдарды қуанышқа бөлейді, жігерлендіреді. Олардың идеялық жағынан баюына игі әсер етеді. Өнер және әдебиет адам санасына белгілі көзқарастарды әртүрлі құралдар арқылы (әдебиетте - проза, поэзия, кескіндемеде - жанр баталия, пейзаж, мүсінде- бюстт.б.) енгізіледі.

Сонымен өнер мен әдебиет шындықты игерудің және танудың құралы. Өнер мен әдебиет адам дамуының және рухани өсуінің басты шарттарының бірі болып табылады.

Әдемілікті сезуде эстетикалық көзқарасты қарастыруда табиғат зор роль атқарады. Табиғат адамды қуанышқа бөлейді, сезімін дамытады, эстетикалық түсінігін байытады. Адам табиғатты бақылаушы ғана емес, ол тұтынушы, сұлулықты жасаушы, адамдар бақыты үшін шығармашылық қызмет кер. Сондықтан өзінің күшін қабілетін адамдар бақыты үшін табиғатқа өзгеріс жасау үшін жұмсау керек.

Жемісті еңбектен қанағаттануы, көңілдің жай табуы, эстетикалық сезімі бала үшін көп жағдайда бір нәрсе.

Оқушылардың оқу еңбегіне талғампаздық қатынасын дамыту, оны оқудың қозғаушы күші дем беруші ретінде пайдалану үшін балалардың өзіндік белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру, көркемдік ләззат және құлықтық әсер алуды қамтамасыз ететін еңбектің нәтижесіне жетуіне көмектесу қажет.

Бақылау және балалармен әңгіме олардың әр қайсысы өте әсем зат жасағысы келетіні көрсетеді. Бала өзі жасаған затты ең тәуірлердің қатарына жатпаса да қуанады. Мұндай жағдайда мұғалім оқушылар жұмыстарына көрме ұйымдастырып олардың нәтижесін бағалауға көмектеседі.

Көп жағдайда оқушылар тәртібінің дұрыс тығына сыртқы, кейде үстірт белгілер арқылы баға беріледі. Тәртіп шеңберіндегі олардың мұраттары мұғалімнің, жақын адамдардың тәртібімен іс-әрекеті, қоғамдық өмір және өнер ықпалымен қалыптасады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қоянбаев Ж.К. Педагогика. – Алматы, 2001.
2. Әбілова З. Ә. Этнопедагогика. – Алматы, 1997.

3. Әбілова З, Қалиева Қ. «Этнопедагогика» Алматыб 1999
4. Ғаббасов С. «Халық педагогикасының негіздері» Алматы, 1995

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларына халықтық педагогикасы негізінде эстетикалық тәрбие берудің мүмкіндіктері қарастырылған.

#### РЕЗЮМЕ

В статье раскрываются особенности народной педагогики в эстетическом воспитании учащихся начальных классов.

### **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МӘНІ**

Жумашева Т.С. – аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Бүгінгі таңда егеменді еліміз өзінің қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-білім парадигмасы жүйесін әлемдік өркениет үлгісінде дамытуда. Білім беру жүйесіндегі болып жатқан реформа жаңа ұлттық модельдегі білімді құрумен және оқу-тәрбие процесінің педагогикалық теориясы мен практикасында елеулі өзгерістермен ерекшеленеді.

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңында “білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шынға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; ... оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу” делінген. Соңғы жылдары практикаға жаңа идея, жаңа тұжырымдама мен жаңа технологияларды енгізу қарқынды жүзеге асырылуда.

Оқыту технологиясы – алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың әдіс, құрал және түрлерінің жүйесі арқылы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолы. Сөйтіп, оқыту технологиясында мазмұн, әдіс және құралдардың өзара байланысы мен себептілігі жатыр, ал қажетті мазмұнды, тиімді әдістер мен қойылған педагогикалық міндетке сәйкес іріктей білу мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты. Барлық берілген анықтамалардан біз «технология – techno – өнер, шеберлік және logos – ғылым, заң, бір сөзбен айтқанда технология дегеніміз – шеберлік (өнер) туралы ғылым екенін көреміз.

Қазіргі заманғы оқыту технологиялары педагогикалық және психологиялық ілімдер негізінде жасалған дамытушы, тұлғалық бағдарлы, мақсатты технология болып табылады. Педагогикалық технология ғылым мен тәжірибенің арасынан аралық орын алады. Осы мәселені зерттеушілердің бірі Н.Ф.Талызина: «Ғылым мен тәжірибенің арасында айрықша ғылым болуы тиіс, ол арқылы ұстанымдар, әдістер дүниеге келіп, олардың қолданылу жүйесі анықталуы керек» - деп жазды. Оқыту технологиясы оқыту теориясын бейнелейді және оқытудың технологиялық деңгейін көрсететін стратегиясы мен тактикасы болып табылады.

Өсіп келе жатқан жас ұрпақты сан алуан жаңа педагогикалық технологияларымен таныстырмайынша олардың оқу-танымдық әрекетін қалыптастыру мүмкін емес. Жаңа педагогикалық технология негізінде оқушылардың оқу-танымдық әрекетін қалыптастыру проблемасы білім беру жүйесі талаптарының бірі болып табылады. Оқушылардың танымдық әрекетін арттыру қазіргі заман педагогикалық теориясы мен практикасының даму кезеңінде өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Оқытудың жаңа

технологияларының өсіп келе жатқан жас ұрпақтың танымдық әрекетін қалыптастыруға мүмкіндігі зор. Оқушылардың танымдық әрекетін педагогикалық колледждерде қалыптастырудың маңызы ерекше. Оқушылардың таным процесін тиімді ұйымдастыру арқылы оқу белсенділігін арттыру және танымдық әрекетін дамыту мәселесі бірқатар ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің нысанасына айналған.

Жеке тұлға тәрбиесінде таным әрекетінің маңызы туралы ой-пікірдің қалыптасуына Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев секілді қазақ халқының ағартушы-ғалымдарының қосқан үлесі әлі күнге дейін үлкен маңызын жойған емес. Танымды қалыптастыру мәселесін философиялық тұрғыдан В.Г.Афанасьев, В.В.Журавлев, П.Алексеев, М.Федосов, А.Спиркин, Ә.Нысанбаев, Ж.Әбділдин, Д.Кішібеков, О.Сегізбаев, Ә.Тұрғынбаев, т.б. жан-жақты зерттеген. Философиялық тұрғыдан: “Таным – ойдың білмеуден білуге қарай дәл емес, білуден неғұрлым толық дәл білуге қарай ұмтылатын ой-өрісінің күрделі үрдісі”, - деген анықтама берілген.

Белгілі философ Д.Кішібеков: “Таным дегеніміз – сыртқы заттар мен құбылыстардың, олардың қатынастарының адам санасында идеялды образдар жүйесі ретінде бейнеленуінің қайшылыққа толы күрделі процесі”, - деп таным ұғымын жан-жақты қарастырған. Яғни, таным барысында адам өзін қоршаған ортаны игереді, ол туралы білімі кеңейіп, тереңдей түседі; адамның заттар мен құбылыстар туралы жалпы мәліметі ішкі мәнге қарай ұмтылып, жүйелі, шынайы білімге айналады. Оқушылардың танымдық процесін тиімді етіп ұйымдастыру арқылы оқу белсенділігін арттыру және танымдық әрекетін қалыптастыруды психологиялық тұрғыда Б.М.Теплов, А.Н.Леонтьев, Н.С.Лейтес, Л.С.Выготский, А.М.Матюшкин, Я.А.Пономарев, П.М.Якобсон, В.С.Мухина, А.Б.Бакушинский, А.Ковалев, В.Мясищев, Д.Узнадзе, С.Рубинштейн, А.Люблинская, В.А.Крутецкий, П.Иванов, М.Матюхина, Т.Тәжібаев, М.Мұқанов, Қ.Жарықбаев, Ә.Алдамұратов, Т.Сабыров, зерттеген еңбектері ғылыми-әдістемелік негізге алынды. Таным туралы ғалымдардың түрлі пікірлерін саралай келе: таным адамның рухани баюы деген қорытынды жасауға болады.

Педагогикалық тұрғыдан қазақстандық ғалымдар: Қ.Аймағамбетова, Г.Е.Алимухамбетова, А.Х.Аренова, А.Е.Әбілқасымова, А.Байтұрсынов, А.А.Бейсенбаева, М.Дулатов, А.Н.Ильясова, Ж.А.Қараев, Р.Қоянбаев, Н.Н.Хан, Р.Г.Лемберг, Б.И.Муканова, Ә.Муханбетжанова, С.Рахметова, А.К.Рысбаева, Р.К.Төлеубекова, С.Ұзақбаева, Н.Д.Хмель және т.б. зерттеп, тұжырым жасаған. Оқушылардың танымдық әрекетін қалыптатыру туралы Ресей ғалымдары Н.К.Крупская, Ж.Д.Ушинский, А.С.Макаренко еңбектерінде зерттелінсе, Республика көлемінде жалпы оқу-тәрбие үрдісінде оқушылардың оқу-танымдық әрекетін қалыптастыру мәселелерінің ғылыми-теориялық және әдістемелік негізін жасаған педагог-ғалымдар К.К.Құнанбаева, А.Сейтешов, Қ.Акишев, Н.Адамқұлов, Р.Ахияраев, К.Ж.Қожахметова, С.Ұзақбаева, Болатбаев т.б атауға болады.

Педагогика және психология ғылымдарында “педагогикалық технология”, “білім беру технологиясы”, “оқыту технологиясы”, “тұлғаны дамыту технологиясы” және т.б. ұғымдар кеңінен қолданылуда. Технологияны педагогикалық іс-әрекетті қайта құрудың жүйелі тұтас құралы ретінде тиімді пайдалану оқу-тәрбие үрдісінің сапасын жақсартуға, жеке тұлғаны дамыту оның оқу-танымдық әрекетін қалыптастыру міндеттерін шешуге септігін тигізеді. Кез-келген педагогикалық технология оқу-тәрбие процесін жетілдіруге, оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағыттылуы тиіс.

Мектеп практикасына қазіргі педагогикалық технологияларды енгізуді өз зерттеу жұмыстарының нысана етіп алған ғалымдар С.К.Исламгулова, Ж.Кобдикова, М.М.Жанпеисова т.б. бірақ дегенмен де мұғалімдердің жаппай тәжірибесінде қазіргі педагогикалық технологияларды таңдау мен қолдануда елеулі қиындықтарға кездеседі. Педагогикалық колледже білім беру мәселесін қарастыруда жаңа педагогикалық

технология негізінде оқушылардың оқу-танымдық әрекетін қалыптастыру мәселесіне өз дәрежесінде көңіл бөлінбей келетінін ескерсек, бүгінгі күннің кезек күттірмес көкейтесті мәселелердің бірі ретінде педагогикалық колледж оқушыларының оқу-танымдық әрекетін қалыптастыру болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жанпейсова М. Модульдік оқыту техникасы. Алматы, 1998
2. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиясы. Алматы, 1996
3. Кукушин В. Педагогические технологии. Москва, 2000

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада оқушылардың оқу-танымдық әрекетін қалыптастыруда педагогикалық технологиялардың мәні қарастырылады.

#### РЕЗЮМЕ

В статье говорится о значениях педагогических технологий в формировании учебно-познавательной деятельности учащихся.

### **ВОСПИТАНИЕ ПАТРИОТИЗМА ЧЕРЕЗ КРАЕВЕДЕНИЕ**

Жубандыкова А.М. – к.п.н. (г. Алматы, ҚазгосженПУ)

Сегодня образование является одним из важнейших социальных институтов общества. Находясь в диалектическом взаимодействии с остальными его сферами образование оказывает огромное влияние на развитие государства.

В условиях вхождения Казахстана в мировое пространство система образования ставит новые требования к ее содержанию. Одной из важнейших задач системы образования является воспитание чувства патриотизма подрастающего поколения.

Патриотическое воспитание начинается с познания ценности Отечества. Для того, чтобы патриотизм стал нормой нашего общества, необходимо воспитание строить на примерах истории, культуры, географии родного края.

Одним из важнейших средств, связывающих обучение и воспитание с жизнью, является краеведение. Краеведение рождает чувства патриотизма — глубокой любви к Родине.

Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев подчеркивал: «Перед человечеством сегодня стоит три глобальных задачи: это — защита мира, защита духовности и защита природы. Все они главные условия нашего дальнейшего существования. Каждая из них не полна одна без другой. От этих трёх начал зависит обеспечение грядущего не только Казахстана, но и всего мира».

Концепция образования Республики Казахстан ставит одну из основных задач: «Изучать родной край, как часть всемирной географии, заложить таким образом, объективную основу патриотизма и любви к родной местности и неразрывной связи с интернационализмом и широким взглядом на мир, чувство гордости к успехам родного края и сострадания к его проблемам».

Изучение родного края является важнейшим фактором формирования системы общечеловеческих ценностей: сохранение природы родного края и здоровья его населения, бережного отношения к ресурсам, уважение к памяти предков, национальным традициям, семейному укладу жизни и т.д.

Краеведение — научная дисциплина, облагораживающая предмет своего изучения единственно своим изучением. Краеведение дает возможность познания края, оно способствует развитию мышления, воспитанию личности и формированию чувства патриотизма.

Краеведение принадлежит к типу комплексных наук, соединяя в себе сведения природоведческие, исторические, искусствоведческие, по истории литературы, науки и т.д.

Краеведение как народное знание о своих родных местах, зародилось в глубокой древности. Об этом еще в 1924 году писал академик С.Ольденбург: «Люди интересовались местностью, где они жили, её природою, населением, историей, одним словом, самыми разными сторонами жизни».

Однако как наука со своим предметом изучения, собственными методами, возникла сравнительно недавно.

На первом этапе сведения краеведческого характера передавались поколениями из уст в уста, а затем получили отражение в летописях, в различных государственных документах. В это время краеведческие сведения были описательного характера, повествовали о событиях, природе и жизни местности.

Второй этап был ознаменован первыми работами по изучению и описанию различных областей страны. В это время были сделаны первые попытки комплексного описания и изучения края.

Научный этап ознаменовался становлением краеведения как науки о своем крае. Краеведческие исследования вели многие университеты, отделения и филиалы научных обществ. Возникают так же два направления в краеведении: научное и школьное.

Период советского развития краеведения характеризуется всеобщим признанием и широким размахом. Краеведение было включено в школьную программу и становится важным фактором воспитания учащихся.

Говоря о краеведении, чаще всего понимают его как краеведение географическое, в задачу которого входит всестороннее, синтезированное изучение края. Известный ученый А.С.Барков говорил, что «Краеведение есть комплекс научных дисциплин, различных по содержанию и частным методам исследования, но ведущих в своей совокупности к научному и всестороннему познанию края».

Огромную роль в воспитании патриотизма детей играет природоведческое краеведение. Ведь именно природоведческое краеведение формирует у детей положительное отношение к природе, создаёт условия для включения их в природоохранную деятельность.

Воспитание патриотизма через краеведение - это многогранный и сложный процесс, который расширяет кругозор и развивает познавательные интересы детей, приобщает к творческой деятельности, формирует практические и интеллектуальные умения, помогает в выборе профессий. Изучение родного края дает возможность привлечь учащихся к поисково-исследовательской и экспедиционной работе.

Краеведческая работа полезна не только для детей, но и для самого педагога. Занимаясь краеведческой работой с детьми, он обогащается знаниями, улучшается и его педагогическое мастерство; он знакомится ближе с населением, с родителями своих учеников, изучает работу местных организаций и предприятий, тем самым повышается его роль в хозяйственном и культурном строительстве родного города, района, села, аула.

Краеведение для педагога - верный путь к научной исследовательской деятельности, подготовке учащихся к написанию научных проектов, участию в районных, областных и республиканских конкурсах.

В процессе краеведческой работы дети самостоятельно усваивают учебный материал и приобретают навыки, необходимые в жизни, готовятся к практической

деятельности и расширяют общеобразовательные знания. Небольшая исследовательская работа детей под руководством педагога, повышает качество знаний, расширяет кругозор, развивает творческие способности, формирует их мировоззрение.

В воспитании духовных основ патриотизма педагог должен помнить важное методологическое требование - комплексность в краеведческой работе, которая помогает детям развивать наблюдение, мышление, научную любознательность, повышать интеллект и культурный уровень личности, расширять кругозор, эрудицию, воспитывать в себе любовь к родному краю, а через него - к Родине.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада өсіп келе жатқан жас ұрпақты елжандылыққа тәрбиелеуде өлкетанудың педагогикалық мүмкіндіктері туралы айтылады.

#### РЕЗЮМЕ

В статье говорится о патриотическом воспитании подрастающего поколения через краеведение.

### **ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘДЕБІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Жаздықбаева М.Б. - , п.ғ.к.; Айнақбаев Б.- оқытушы (Түркістан қ., ХҚТУ)

Бүгінгінің бәрі өткендегімен тығыз байланыста, өйткені жаңаны өткен ғасырлардағы белгілі мұраларды меңгеру арқылы ғана жасауға болады. Әрбір жаңа ұрпақ өзінің қызмет-әрекетін қоғамның белгілі жағдайларына, материалдық, рухани шарттарына байланысты бастайды.

Біз осы орайда зерттеу проблемамызға байланысты ең алдымен дәстүрдің жалпы мәнін, сонымен бірге соның ішінде мораль мен адамгершілік аясындағы дәстүрдің мәнін ашып көрсетуді жөн деп санаймыз /1,5б./.

Дәстүр ұғымы көп мағыналы және оған ғылымда әртүрлі анықтамалар берілген. Біріншісі, бір-бірінен азды-көпті айырмашылығы бар, бір қатарда орналасқан (әдет-ғұрып, ритуал, мереке, т. б.) қоғамдық жағдайлардың ерекшеліктерін, олардың жалпы белгілерінің сипатын көрсетеді; екіншісі, "дәстүр" ұғымының әдет-ғұрып, ритуалға қарағанда тәуелсіз мазмұнда қолданылуы және сол қатарда тәртіптің пайда болуымен бағаланады (әскери дәстүр); үшіншісі, "дәстүр", "әдет-ғұрып", "салт", "ритуал", "мереке" ұғымдарының барлығын синонимдерге жатқызады. Аталған ұғымдардың синоним екендіктерін бірқатар түсініктемелерден байқау қиын емес. Егер Қазақ совет энциклопедиясында: "дәстүр дегеніміз - ұрпақтан-ұрпаққа көшетін тарихи қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен принциптер. Дәстүр - қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерінің рухани негізі" делінсе, философиялық сөздікте: "дәстүр ( жапсыру, жалғастыру) - тарих барысында қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын әдет-ғұрыптар, салт-сана, қоғамдық тәртіп, заң, мұрат пен игілік, мінез-құлық қалыптары және т.б., қоғамда, ұлтта немесе жекелеген әлеуметтік топтарда ұзақ уақыт бойы сақталатын әлеуметтік-мәдени мұра элементтері"-деп, тұжырымдалады /2, 25б./.

Келесі бірлерінде "Дәстүр - әдетке сіңген салт, ғұрып, мирас" "Салт - ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын әдет-ғұрып, дәстүр" , "Әдет-ғұрып, мереке - дәстүрдің көрнекі сезімдік көрінісі" —деген мағынада анықталады.

Зерттеуші Е.П.Попов болса дәстүрге әртүрлі әрекет формасы -арқылы анықтама беруге талпынады. Оның пайымдауынша, дәстүр - сананың спецификалық жағдайы . И.П.Петров дәстүр -"тарихи дамудың нәтижесінде пайда болған мінез-құлық нормасы, ой мен әрекет бейнесі белгілеген үлкен қоғамдық құндылық және ол өскелең ұрпаққа тапсырылуы қажет" дегенді айтады .

Д.М.Угринович "әдет-ғұрып - ұрпаққа дәстүрлі формада мәдениетті табыс ету" деп, әдет-ғұрып пен дәстүрдің байланысын білдіреді, бұдан әдет-ғұрып негізіне белгілі символ, "сезім формалары" түрінде жеңілдетілген дәстүрдің орналасқандығын байқауға болады. Ғалым пікірінше, адам өмірі мен тұрмысына енген үйреншікті іс-әрекет дәстүрге айналмақ .

Көбінесе "дәстүр", "әдет-ғұрып" ұғымымен бірлікте, байланыста түсіндіріледі, мәселен, кейбір сөздіктерде дәстүр тұрақтылығымен ерекшеленетін, өткендерден мұралыққа қалдырылған мінез-құлық формаларын көпшіліктің күш салуымен өзгеріссіз сақтауға бағытталған әдет-ғұрып түрі (немесе формасы) деп те беріледі . Олай болса, "әдет-ғұрып" пен "дәстүр" ұғымдарының жігін ажыратып көрелік. Әдет-ғұрып ұғымы туралы сөздіктерге жүгінсек, оның мәнінің "дәстүрден" көп айырмашылығы жоқ сияқты /3, 196./.

Түсіндірме сөздікте: "әдет-ғұрып" - дәстүрге айналған, жалпыға бірдей қалыптасқан қоғамдық тәртіп, салт-сана , философиялық сөздікте: "әдет-ғұрып - адамдардың белгілі бір жағдайларға байланысты, қайталанып отыратын үйреншікті мінез-құлықтық іс-қимылдары" деген анықтама берілген. Анығын айтсақ, "дәстүр" мен "әдет-ғұрып" мән жағынан бірдей. Және кейбір ғалымдар екеуінің арасында ешқандай айырмашылық жоқ десе, көптеген зерттеушілер "әдет-ғұрып" пен "дәстүр" арасында ескеруге тұрарлық айырмашылықтың барлығына терминді семан-тикалық және этимологиялық жағынан қарастыру арқылы назар аударады.

Кейбір зерттеушілер әдет, әдет-ғұрып, дәстүр арасындағы жікті ашпастан, оларды - "қоғам өмірінде қалыптасқандарды жүзеге асыру тәсілі, формалары" ретінде айқындайды. Ожегов С.И. сөздігінде "әдет-ғұрып - қоғамдық мінез-құлық ережелерінің дәстүрлі белгіленген тәртіп бойынша құрылуы" — делінсе, философиялық сөздікте: "әдет-ғұрып — белгілі ситуациялардағы адам мінез-құқының қайталанатын әдетті дағдылары" саналады . Бұл анықтамалар әдет-ғұрыпты мінез-құлық ережесі (әдеті) деп қарап, оны дәстүрмен шатастырмау қажеттігін ескертеді.

Жоғарыда аталған еңбектер мен анықтамаларды тірек ете отырып, біз дәстүр түсінігіне былайша шартты түрде өз анықтамамызды береміз. *Дәстүр дегеніміз - өзінің өміршеңдігімен, тұрақтылығымен біршама сипатталатын және қоғамның бір тобынан екіншісіне ауысып отыратын мәдениеттің өткендегі элементі.* Олай дейтініміз, дәстүр ғана адамзаттың әлеуметтік-тарихи тіршілігіндегі тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, жинақтайды. Дәстүрде бірнеше ұрпақтың мәдениеті мен мәдениеттілігінің көптүрлігі және бірлігі шоғырланған. Дәстүр қоғамдық өмірдің барлық саласын, тәжірибесін қамти отырып, қоғамның әр деңгейіндегі ақылды, даналықты бейнелейді. Жаңа ұрпақ осы ата-баба тәжірибесінен өздеріне қажетті құндылықтарды таба алады. Әрине, мәдениет құндылықтары бүгінге өту барысында өзгеріске түспей қоймайды, олар тіршіліктің жаңа шарттарына бейімделеді /2, 306./.

Дәстүр ұғымы әртүрлі бағытта ұлттық-демографиялық, әлеуметтік, педагогикалық және психологиялық құбылыс ретінде ғылым талабына сай барлық зерттеу салаларында қолданылатындықтан, *оган берілген жіктемелер де жоқ, емес.*

Мәселен, Д.К.Зелинин дәстүрді; аймақтық (территориялық), ұлттық, отбасылық деп жіктесе Е.В.Белоусова оны жалпы әлеуметтік-саяси, діни, экономикалық; халықтық-ұлттық, отбасылық, ұжымдық; мемлекеттік-патриотизмдік, еңбектік, ерліктік сипатта жүйелейді. Дәстүр көрініс сферасына байланысты -мектептік, еңбектік, кәсіптік; қоғамдық өмір саласына орай -ерліктік, тарихи; қоғамдық және

өнеркәсіптік процестерді басқарау стиліне байланысты — саяси, ұлттық, ұлттық өнердегі дәстүр, моральдағы дәстүр, діни дәстүр, өнердегі дәстүр деп те ажыратылады .

В.Д.Плахов дәстүрді "өлі" және "тірі" деп бөледі. "Өлі" дәстүрлер тіршілік жағдайларына байланысты белсенділік танытпайды, "тірі" дәстүрлердің өзі әрекетті және әрекетсіз деп бөлінеді; ал әрекетті дәстүрлерге:

- қоғамдық қатынас субъектісіне байланысты — халықтық, топтық, этностық, отбасылық;

- әрекет сферасы мен сипатына байланысты — еңбектік, өндірістік, әскери; - әлеуметтік процестік қатынасқа байланысты - алғы шептік, реакционистік; қоғамдық қатынас түрлеріне байланысты экономикалық, аяси, эстетикалық, діни дәстүрлер жатады.

С.Х.Темурова болса өзбек халқының тарихи даму кезеңіндегі отбасы тәрбиесінің тәжірибесін талдай отырып, оларды сипатына қарай прогрессивті дәстүрлер және кертарша — діни дәстүрлер деп екі топқа бөліп қарастырады. Дәстүрлердің бірінші тобын формасына қарай салтанатты-мерекелік және күнделікті дәстүрлер деп екіге бөледі және мазмұнына қарай бұл топты тағы үш түрге ажыратады .

С.И.Бешимов дәстүрлерді жергілікті отбасы (ауылдық, колхоздық, райондық, аудандық), ұлттық және жалпы адами деп қарастырса, К.Д. Дроздов оларды: революциялық, еңбек, отбасы-тұрмыстық және қоғамның рухани өмірі саласындағы (ғылым, адамгершілік, көркемдік, діни) дәстүрлерге бөледі. А.И.Мусурмановтың пікірінше, дәстүрді үш топқа (прогрессивті, ұлттық және кертарпта) бөліп қарастырған жөн.

Дәстүрлер — тарихи категория. Әрбір халықтың басқа халықтардың дәстүрлеріне ұқсамайтын өзіндік дәстүрлері бар. Олар халық өмірін көркейтеді және ұлт мәдениетін жетілдіреді. Дәстүрлерді халық аялап сақтайды және өндеп, толықтырып отырады. Оларды сақтауға қоғамның экономикалық жағдайы және мәдени деңгейі ықпал етеді. Әрбір жаңа ұрпақ өткендегі ұрпақ тәжірибесін ішінара дәстүрлер арқылы пайдаланады. Тәрбие деген, шындығына келсек, өткендегі ұрпақ тәжірибесін кіші ұрпаққа беру, жеткізу процесі болып саналады. Сондықтан дәстүрлер ұрпақ тәрбиесінде үлкен роль атқарады.

Дәстүрлердің жалпыламалық проблемалары философия мен тарих ғылымында жеткілікті зерттелген /3, 41б./.

Н.С.Сәрсенбаев дәстүрді үш топқа бөліп қарастырған. Біріншіден, дәстүрге толық бекіген, ата-бабадан мұра болып қалған жалпылама әдет-ғұрып пен тұрмыс формасын жатқызады. Осы мағынада дәстүр ұғымын ол әдет-ғұрып ұғымына жақындатқан. Өйткені, дәстүр көптеген әдет-ғұрып, жол-жоралғылардан тұрады. Екіншіден, дәстүрлерге жалпылама түрдегі көпшілікке мәлім әдет-ғұрыптардың, ритуалдардың белгілі бір бөлігі жатқызылады. Үшіншіден, дәстүр ұғымы құлашын кең сермеген идеялық, шығармашылық бағыттағы қоғамдық сананың әртүрлі формасында - ғылымда, әдебиетте, өнерде, саясатта және т.б. салада із қалдырған зерделі адамдардың есімдермен тікелей байланыстырылып түсіндіріледі.

Мораль мен қоғамның рухани өмірі саласындағы дәстүрлер әрекеті бірқатар ғалымдардың зерттеулерінде мазмұндалады. В.И.Новиков дәстүрлерді саяси, философиялық, діни, адамгершілік дәстүрлері, сонымен қатар әдебиет пен өнер дәстүрлері деп қарастырады .

Ф.Султанованың пікірінше, дәстүрдің негізін қажеттілік (сұраныс) құрайды. Ол дәстүрдің қарапайым тұрмыстық және күрделі дәстүрлері мен адамгершілікті мінез-құлықтағы әдеттің жалпы белгісі болып саналады. Дәстүрлердегі қажеттілік әрекетті жүзеге асыру формасында және тәсілдерінде көрінеді. Адамгершілік дәстүрі моральдық дамуды жоғары деңгейге көтеріп қана қоймай, адамның адамгершілік бостандығын бекітеді. Адамгершілік дәстүрі — тарихи даму барысында қалыптасқан және дәстүрге айналған мінез-құлық нормалары, ережелері.

Кейбір зерттеушілер адамгершілік дәстүрлерін ұрпақтан-ұрпаққа берілетін және бүгінгі күнде өзгеріссіз, біршама мерзімге өңделген түрде қызмет жасайтын мораль элементі (норма, мінез-құлық, қарым-қатынас, т.б.) тұрғысында қарастырады.

А. С. Макаренко адамгершілік немесе моральдық-этикалық дәстүрлерге мораль аясында қызмет ететін және моральдық қатынасты бейнелейтін дәстүрлерді жатқызады.

А.Г.Власкиннің көзқарасы бойынша: "адамгершілік дәстүрлері деген - өткендегі қоғамнан, топтардан алынған, бір ғасырдан екіншіге ауысып отырған мораль элементтері (норма, мінез-құлық, қатынас) және ол бүгінде өзгеріссіз, жетілдірілген түрде ұзақ мерзімде жүзеге асады".

А.М.Леоновтың көзқарасы бойынша: "моральдық-этикалық дәстүрлер дегеніміз - адамгершілік қарым-қатынас мазмұнына айналған, мораль саласында әрекет етуші, ұрпақтан ұрпаққа берілетін, жалпы қабылданған, тұрақты моральдық ережелер".

Біз зерттеу барысында сонымен бірге моральдық-этикалық дәстүрлерге жан-жақты анықтама беру үшін оны әр қырынан қарастырдық.

"Адамгершілік" пен "моральдық-этикалық" дәстүрлер ұғымдарына берілген анықтамалармен келісе отырып, олардан кездестірген мораль элементінің жалпы негізі, сонымен бірге өзіндік белгілері (барлық дәстүрге тән өміршендік, қоғамға бекігендік, тұрақтылық, қайталанушылық, т.б.) түсінігіне өзіміздің көзқарасымызды білдіреміз.

I Бұл ретте біріншіден, "адамгершілік дәстүрлері", "моральдық-этикалық дәстүрлер", "әдеп дәстүрлер" ұғымдарымен шектеліміз. Оларда "адамгершілік - адамдардың практика жүзіндегі өзара қарым-қатынасы және олардың адамгершілік объектісіне қатынасы" немесе "адамгершілік қоғамдық көзқарастан қолдау табатын, қоғамдық бағалаумен бақыланатын қоғамның жалпылай қабылдаған нормасы" делінген.

"Мораль — адам мінез-құлқын реттеуші нормалардың жиынтығы"; "этика - ғылым, оның зерттеу объектісі -мораль, оның табиғатының мәні, құрылымы, функциялары, шығу тегі мен дамуы"/2, 38б./.

Мораль адамгершілік нормалары мен ережелеріне себеп болатын жалпыға ортақ принциптер негізінде қалыптасады. Міне, осы кезеңнен бастап адамзат тарихында этика моральдың теориясына айналады, өйткені этикалық ақиқат бейнесін ұтымды құрал арқылы этикалық тұрғыда теориялау және бірізділікте орындау адамгершілік тәжірибені дәріптеумен және жалпыға ортақ принциптерін іздестірумен байланысты.

Әдеп дәстүрлер - әрбір жеке тұлғаның адамгершілігін қалыптастыруды қарастырған практикалық көзқарас қана емес, адамгершілік тәрбиесінің бастауы ретінде дәстүрлердің қалыптасуы мен даму процесін теориялық тұрғыда ой елегінен өткізу.

Екіншіден, біз әдеп дәстүрлерді, "адамгершілік қатынасы тәжірибесіне ендірілген моральдық сана" деген түсінікті тірек ете отырып, адамгершілік қатынастың мазмұны болған моральдық ұйғарым ретінде қарастырамыз.

Моральдық сана - адамның санасында адамгершілік принциптерінің бейнеленуі, яғни адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасты және қоғамға қатынасты реттейтін мінез-құлық нормасы. Моральдық сана қоғамның дамуына және жеке бастың жинақтаған мінез-құлық тәжірибесіне байланысты қалыптасып, адамгершілік ұғымдары мен ой қорытындыларының формасы түрінде көрінеді. Моральдық сананың қалыптасуы жеке бас тарапынан моральдық категорияларды меңгеру ғана емес, ол жеке бас бойында көрініс беретін моральдық принциптерге деген көзқарасты қалыптастыру және осы принциптерді өзінің мінез-құлқына енгізуге ұмтылыс болып табылады. Осы жағдайда моральдық ұғымдар моральдық сенімге айналады да, моральдық мінез-құлық мотиві пайда болады.

*Моральдық сана мен моральдық сенім адамгершілікке тәрбиелеу процесінде қалыптасады. Моральдық сананың қалыптасуына баланың отбасындағы тәрбиесі, өзіндік санасы, дүниетанымы, ұжымның көзқарасы әсер етеді. Белгілі қылықтарды моральдық бағалау арқылы, қоғамдық пікір нәтижесінде моральдық әдетті, моральдық сезімді, демек, моральдық сананы дамытудың негізгі мәйегін дайындайды.*

*Адамгершілік ұғымдары (категориялар) — жеке бастың басқа адамдарға және қоғамға қатынасындағы моральдық қарым-қатынастың мәнді жақтарын бейнелейтін ұғым. Моральдық категориялардан моральдық сана көрінеді. Маңызды моральдық*

*категорияларға: ізгілік, борыш, шыншылдық, абырой, ұждан, жауапкершілік жатады. Моральдық ұғым мазмұны мінез-құлықты бағалаумен және оның мотивімен байланысты. Адамгершілік қатынас моделі моральдық нормалардан көрініс табады, олар ең алдымен қоғамның мінез-құлыққа міндеттеген шешімін қабылдайды, қоғамның сұранысына қарай адамгершілік қатынасты жоспарлайды. Норма адамгершілік қатынастың мазмұнын анықтай отырып, оларды жүзеге асырудың амал-жолдарын қарастырады.*

*" Әдеп норма - адамдардың ұқсас мінез-қылықтарын ортақ ережелер бойынша немесе тыйым салу арқылы реттеп отыратын адамгершілік қағидаларының формасы". "Моральдық норма (лат. норма - ереже, үлгі) - адамгершілік талаптарының қарапайым формасының бірі, ол екі түрлі жағдайда кездеседі — бірі моральдық қатынас элементі ретінде, екіншісі моральдық сана формасы ретінде".*

*Осы этикалық немесе моральдық нормалар қоғамдық көзқарас нәтижесінде туындап, адам мінез-құлқында бекиді де, ұрпақтан-ұрпаққа дәстүр, әдет-ғұрып, әдет арқылы беріледі. Мұндағы дәстүр адам өмірін ұйымдастырып қана қоймайды, оны белгілі бір тәртіпке бағындырады, қоғам қабылдаған және қолдау беретін жазылмаған заң түріндегі адамгершілік талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.*

*Әдеп норма - тәжірибеде қалыптасқан, бекіген ережелерді білдіретін ұғым. Олар қоғамдық көзқарасты айқындайтын әрекеттердегі белгілі элементтерді сұрыптаудан пайда болады.*

*Әдеп норма — ол жеке бастың мінез-құлқын бағыттап қана қоймай, оны бағалауға және бақылауға мүмкіндік беретін қоғамға қажетті мінез-құлық үлгісі.*

*Осы нормаларды қарапайым қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін және адамдарға құрмет сезімін туындату үшін сақтау қажет деуге болады. Нормаларға: "кісі өлтірме", "ұрлама", "өтірік айтпа", "берген сөзінде тұр", "жалқау болма", "жазықсызға жала жаппа", "тәртіпті бол", "әдепті бол", "басқаларға сыйлы бол" және т.б. адамгершілік талаптар жатады. Адамгершілік нормалары адам үшін маңызды қоғамдық және жеке бастың салаларды, мәселен, еңбек ұжымы, отбасы, қоғамдық ортадағы мінез-құлықты, ер адам мен әйел адам, ата-ана мен балалар арасындағы қатынасты және т.б. реттеп отырады. Олар жеке басты түрлі жағымсыз жағдайлардан, қоғамдық тәртіпті бұзушылықтан сақтайды, қоғамды келеңсіз құбылыстардан қорғайды.*

*Белгіленген нормалар сана аясына жатады. " әдеп дәстүрлер" мен "адамгершілік дәстүрлер" түсініктері өзара байланысты және оларға түрлі әдебиеттерде әрқилы анықтама берілгенімен, бұлардың мағынасы бір екенін байқаймыз. Осыған байланысты, қазіргі жағдайда дәстүрлерді жай сипаттаумен шектелмей, олардың әрекеттегі сақталу процесін теориялық тұрғыда ой елегінен өткізіп, мораль аясында дәстүрді жаңартудағы механизмді айқындау қажет/2. 566./.*

*Әдеп дәстүрлерді практикалық норма түрінде қарастыра отырып, біз педагогикалық мақсаттарды жүзеге асыру, жеке тұлғаның дамуын белсендендіру үшін әртүрлі типті нормаларды пайдалану қажеттігіне назар аударамыз. Бұл нормалардың көмегімен білім алушылар мен тәрбиеленушілердің іс-әрекеті бағытталып отырылады.*

*Г.А.Балл нормалардың мынадай типтерін қарастырады: а) нормалар — стандарттар (нақты әлеуметтік бағытты ұстанатын, субъектіге қойылатын талаптарды белгілейді); ә)*

нормалар — идеалдар (перспективалық мақсаттарды көрсету); б) дербес прогрессивті нормалар (жаңа талаптарды айқындайды).

Моральдық белгілерді немесе практикалық нормаларды бәрінен бұрын дербес прогрестегі нормаларға және нормаларға — стандарттарға жатқызуға болады.

Әдеп дәстүрлерді сипаттауды мазмұндық тұрғыда және дәстүрлердің әлеуметтік-психологиялық механизмдерінің жұмыс істеу тәсілдерін айқындау тұрғысында қарастыру керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дүйсембінова Р.Қ. Қазақ этнопедагогикасын мектептің оқу-тәрбие процесіне ендірудің ғылыми-педагогикалық негіздері. Пед.ғыл. док. дисс. автореф., Алматы, 2000, 43 б.

2. Мағауова А.С. Подготовка будущего учителя к использованию прогрессивных традиции народной педагогики в учебно-воспитательном процессе общеобразовательной школы. Дис. канд. пед. наук, Алматы, 1995, 157 с.

3. Бахтиярова Г. Қазақ этнопедагогикасы материалдарын педагогикалық пәндерді оқытуда пайдалану. Пед. ғыл. канд. дис., Алматы, 1995, 151 б.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада болашақ мұғалімнің қазақ халық дәстүрлері негізінде бастауыш сынып оқушыларын әдепке тәрбиелеуге кәсіби даярлығын қалыптастыру мазмұны туралы айтылады.

#### РЕЗЮМЕ

В статье говорится о содержании формирования профессиональной подготовки учащихся начальных классов на основе казахских обычаев.

### **«ДҮНИЕТАНУ» ПӘНІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ САБАҚТЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУ**

Идрисова Ж.И. – биол.ғ.к., доцент (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Жоғарғы білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлаудың сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, ... білім беру мен ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады». – деп атап көрсетілген.

Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Сондықтан да әр мұғалім өз іс-әрекетінде қажетті өзгерістерді, әр түрлі тәжірибелер жөніндегі мағұлматтарды, жаңа әдіс-тәсілдерді дер кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білуі керек, еліміздің экономикалық, саяси-мәдени дамуына үлес қосатын, әлеуметтік өркениетке көтерілетін, парасатты, жан-жақты азаматты тәрбиелеу – ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы мерейлі міндеті.

Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстан Республикасының халқына жолдауындағы алтыншы міндетте – осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарасты пайдалану, инновациялық экспериментті дамыту. Білім беру реформасы

табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болтындай деңгейге көтерілуі болып табылады» - деген.

Жаңа ғасырдың білікті, білімді, ақыл-ойы дамыған азаматын даярлау – бүгінгі күн талабы. Мемлекетіміздің білім беру жүйесінде ерекше назар аударып отыруы оқыту мазмұнына жаңа бағыт әкеледі. Білім беру үрдісінде қолданыс тапқан педагогикалық технологиялар жаңаша сипат алды. Жаңашыл педагог ғалымдар: Ш.А.Амонашвили білім беруді ізгілендіру технологиясында баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату, танымдық күшін қалыптастыру, дамыту, білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасау мақсатын көздейді. В.Ф.Шаталовтың белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясының ерекшелігі: материалдар ірілендіріліп, блоктық түрде тірек сызбалар арқылы беріледі. С.Н.Лысенкованың тірек сигналдарын пайдалана отырып, қарқынды жеделдете оқыту технологиясында оқу материалдарының әр оқушыға жеткізілуі талап етіледі. П.М.Эрдниевтің «Ірі блокпен оқыту» технологиясы, Л.В.Занковтың, Д.Б.Эльконин, П.В.Давыдовтың «Дамыта отырып оқыту» технологиясы. Бұл еңбектер 1980 жылдан бері оқу үрдісінде қолданумен бірге әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Керісінше, заман талабына сай қайта түрленіп, жаңданып, жарқырай түскенің тәжірибе көрсетіп отыр. Білікті, білімді мамандар жаңалықты теориялық жағынан меңгерумен қатар, тұлғаны дамытуға бағытталған әдістерді білім беру үрдісіне енгізе отырып, тәжірибе жинақтағанда оң нәтиже беретініне көз жеткізуде.

Ал Қазақстандық Ж.Қараев, Ш.Таубаева, М.Жанпейісова, К.Ж.Бұзаубақова т.б. ғалымдардың зерттеулерінде оқытудың жаңа технологиялары жан-жақты қарастырылады.

Қазіргі кезде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру деңгейіне жетуге ат салысуда. Бүгінгі мемлекет алдындағы басты міндет білім беру жүйесін жаңарту болып отыр. Ал бұл міндет бастауыш білім беру жүйесіне тікелей қатысты да маңызды. Бастауыш мектептегі жаңа өзгерістер әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдаланып отыр, баланың жеке дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды іздестіру және оларды қолдануға бағытталған. Мұнда, негізінен, оқытуды ізгілендіруге негізделеді: ол оқытудың жеке тұлғаға бағдарлануын, жеке тұлғаның дамуы мен тиянақталуының үрдісі мен нәтижесін, оның әлеуметтік тұрақтылығы мен қорғалуының құралы қызметтерін қамтамасыз етеді.

Республикамыздың бастауыш мектептерінде жаңа педагогикалық технологиялар бүгінде құбылыс қана емес, сонымен бірге оның дамуының, негізгі себебі, көзі болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының қоғамдық өмірінде жүріп жатқан демократиялық өзгерістерге байланысты белгілі әлеуметтік шарттарды ескере отырып, жеке тұлғаны қалыптастыруда көздеген білім беру жүйесіне қойылатын талаптар күшейе түсуде. Сол талаптардың бірі – оқушының дүниетанымын қалыптастыру, елеулі ықпал жасайтын білім мазмұнын жетілдіру. Білім дүниетанымның кәусар бұлағы. Білім неғұрлым тереңдеген сайын дүниетаным да қалыптасып тұрақтанады.

Бастауыш мектепте «Дүниетану» пәні негізінен үш блокты: «Адам», «Табиғат», «Қоғам» объектілерін бірлестіретін пән болып табылады. Яғни «Өмір әліппесі» болып саналған «Дүниетану» пәнінің мақсаты – оқушыларды «Адам-қоғам-табиғат», олардың байланысы туралы білім беру арқылы қоршаған ортадағы баланың өз орнын ұғынуына көмек, негізгі және орта мектептерде оқылатын жаратылыстану пәндерінің негізін қалап, келешекте сол пәнді ғылыми тұрғыдан меңгеруге дайындау.

Олай дейтініміз, дүниетануды бастауыш сыныпта оқытудың барысында оқушының таным процесі дамиды. Танымына көмегін тигізетін сезім мүшесі сыртқы дүниені қабылдайды. Дүниені тұтас бірлікте сезініп, қабылдау нәтижесінде оның санасында білім қоры жиналып, ой-өрісі кеңейеді.

Қазақтың ойшыл ағартушыларының қайсысын алсақ та, олар табиғатқа еліктемей, оның сырын ашып, еліне, халқына танытуға талпынбай қойған емес. Табиғат әрқашанда өзінің ерекшелігі, сұлулығы, құпиялығымен адамды еліктіріп, өзіне тартып, көңіл-күйге әсер етеді. Сондықтан ойшыл ағартушыларымыздың бірі табиғат тамашасын өлеңмен жеткізсе, енді бірі сөзбен өрнектеген. Қазақстан ағартушылары Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатұлы т.б. Олар табиғатты, қоғамды, адамды жан-жақты зерттеген. Адам құбылысының жақсы жақтарын халыққа, жастарға үлгі етіп, қолайсыз жақтарынан жастарды сақтандырған.

Бұрын бастауыш сыныптарда материалдар қоршаған дүниеден берілген, яғни дүниетану материалдары бастауыштың бірінші сыныбында «Айналаман таныстыру», екінші сыныбында «Табиғаттану» пәндері арқылы меңгерілсе, соңғы жылдары мазмұны да, мақсаты да жаңа «Дүниетану» пәні республиканың барлық бастауыш сыныптарына ендіріліп отыр. Дүниетану – оқу жоспарындағы жаңа пән, «Адам», «Қоғам», «Табиғат» блоктарын біріктіреді. Бүгінгі заман талабы, қоршаған ортамызда, табиғатта болып жатқан табиғи құбылыстар, олардың адам өміріне зияны мен пайдасын ажырата алуы үшін бастауыш сынып оқушыларымен «Дүниетану» сабақтарын дұрыс ұйымдастыруды қажет етеді. Ал, сабақтың өз дәрежесінде өтуі үшін мұғалім көп ізденіп, барынша оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытатындай жұмыстарды ұйымдастыруы керек. Қазіргі кезде мектеп өмірінде қолданып жүрген 50-ден аса жаңа технологиялардың түрлері бар. Мұғалім жаңа технологиялардың тиімді пайдаланып, дүниетану сабағында көптеп қолдану арқылы оқушыларды сабаққа ынталандырып, қызығушылықтарын оятады, әрі түсінікті меңгертеді. Ал екінші жағынан өзінің ұстаздық шеберлігін көрсетеді. Мұғалім сабақта жаңа технологияларды тиімді қолданса: бүгінгі мектеп оқушылары ертең өз жолында кездескен қиыншылықтарды жеңуге, өз мәселелерін өздері шешуге, саналы шешім қабылдауға дайын болар еді.

Оқыту жүйесінің қандай түрі болмасын, олар белгілі бір әдістемеге негізделеді. Әдістеме жан-жақты және өз орнында дұрыс қолданылса, өтілетін әрбір тақырыптың мазмұны да ойдағыдай ашылып, оқушылардың меңгеруіне жеңіл тиеді. Әдетте әдістеме өз-өздігінен келе қоймайды. Ол көп жылдар бойғы ұстаз қызметінің іс-тәжірибесімен, күнделікті сабақ беру процесімен тығыз байланысып жатады. Осылардың негізінде әр мұғалімнің бойында, ойында әдістеменің озық үлгілері жинақталады. Сонымен қатар олар күнделікті жұмыс тәжірибесінде озат мұғалімдердің шеберліктерінде пайдалана алатын болады. Бұлардың барлығы, сайып келгенде, әдістемедегі белгілі бір жүйелікті қалыптастырады.

Жаңашыл мұғалімдер практикум, конференция, іскер ойын сияқты әдістерді енгізіп отыр. Мұның өзі оқытушының бірыңғай мақсатын - өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеудегі еңбегін ортақ арнаға тоғыстырады. Сондықтан да оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелеуде. Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан-жақты білімі қажет. Мұғалім жаңа педагогикалық технологияны біріншіден – оқып үйренеді, екіншіден – меңгереді, үшіншіден – жаңа педагогикалық технологияларды тәжірибеде қолданады, төртіншіден – оны дамытып, нәтижесін тексереді.

Мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі - өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі оқушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән береміз. Яғни, бұрынғы кезде мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы «субъект-объект» бағытында болса, қазіргі кезде оқушы тұлғасын дамыту қарым-қатынасында «субъект-субъект», «тұлға-тұлға» бағытын ұстану керек. Өйткені,

қазіргі оқушы дүниетанымдық қабілеті жоғары; дарынды, өнертапқыш; ізденімпаз; талапты, өз алдына мақсат қоя білетін болуы тиіс.

Осындай қасиеттерді оқушының бойында қалыптастыратын қазіргі мұғалімнің бойында мынандай қасиеттер болуы тиіс: педагогикалық өзгерістерге тез төселе алатын; педагогикалық үрдісте жұмыс істей алатын; жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын; оқушылармен тез тіл табыса алатын; білімді, шебер, іскер болуы тиіс.

Ал жүйелі білім беру мен оқушыны жан-жақты дамытуда инновациялық технологиялардың бүгінгі таңдағы ролі өте жоғары.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көрсететін әдіс-тәсілдері, түрлері көбінде жаңашыл, инновациялық деп атайды.

Инновация – жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс деген ұғымды білдіреді. Инновация құрал және процесс ретінде әлдебір жаңалықты ендіру деген сөз. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнына, мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді.

«Педагогикалық инновация» (жаңаны енгізу) ұғымына педагогикалық сөздікте мынандай анықтама беріледі:

1) тұтас білім беру жүйесінің және оның екелеген бөліктерінің, компоненттерінің сипатын жақсартатын тұрақты элементтерді (жаңашылдықты) білім беру ортасына енгізудегі мақсатты бағытталған өзгерістер;

2) жаңашылдықты (жаңа құралдарды, әдістерді, әдістемелерді, технологияларды, бағдарламаларды және т.с.с.) меңгеру процесі;

3) ерекше әдістемелер мен бағдарламаларды іздестіру, оларды білім беру процесіне енгізу және оларды шығармашылықпен ой елегінен өткізу.

Инновация (латын сөзі in-b, novis-жаңа) жаңа, жаңарту дегенді білдіреді.

Ең алғаш «инновация» ұғымы қазақ тілінде анықтаған ғалым, профессор Немеребай Нұрахметов. Ол былай дейді: «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызмет». Өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: 1) Жеке түрі (жеке-дара, бір-бірімен байланыспаған); 2) Модульдік түрі (жеке-дара кешені, бір-бірімен байланысқан); 3) Жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

Ал кейбір ғылыми әдебиеттерде инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөледі. 1) Модификациялық инновация – бұл қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналасу. Бұған В.Ф.Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектсі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

2) Комбинаторлық инновация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған тіл мен әдебиетті оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

3) Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Инновацияның негізін құраушы ұғымдардың қазақша аудармасы Ы.Алтынсарин атындағы Білім проблемалары ғылыми-зерттеу институты әдіскері Қ.Құдайбергенова жасады:

Инновация – жаңарту;

Нововедение – енген жаңалық;

Новое – жаңа;

Новшество – жаңалық;

Инновационный процес – жаңарту үрдісі.

«Инновация» ұғымын анықтайтын нақтылы анықтама әлі де жасалмаған. Бірақ, «инновация» терминін анықтауда барлық авторлардың пікірлерін салыстырсақ, аса алшақтық жоқ десе болғандай.

Инновациялық үрдістің негізгі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді.

Қазіргі замандағы білім жүйесінің құрылымы мен қызметіндегі қоғамдық тенденцияларының мазмұны мен маңызын анықтауға байланысты қаралған педагогикалық технологиялар өз тиімділігін дәлелдеуде.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көпнұсқалық қағидасы бекітілген, білім мекемелерінің педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқасын қолдануға, педагогикалық үрдісті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгіменен құруға мүмкіндік береді.

Бастауыш мектепте – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Сондықтан жоғарыда аталған мүмкіндіктерді жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану мұғалімнен үлкен шеберлікті талап етеді.

Дүниетану сабағында инновациялық технологияларды қолдану арқылы біз оқушыларға еліміздің табиғаты, табиғи байлығы, экономокасы, ғылымы мен мәдениеті, этика, әдеп, эстетика, құқық пен өнері, адам-адам, адам-қоғам, адам-табиғат арасындағы қарым-қатынас түрлері жайында ғылыми ұғымдар беріледі. Пәнді оқып меңгеру барысында оқушылар дүниенің үш құрамдас бөлігі: адам, қоғам, табиғат саласынан білім алады. Биология, химия, география, физика пәндерінің бастама негізі қаланады. Атап айтсақ, қоршаған дүние заттары, құбылыстары, табиғат, экология туралы ғылыми түсінік қалыптасады. Тарихи деректер жайында жалпы мағлұмат алып, халықтың салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, табиғат-тіршілігі, табиғат байлығы, мәдени-әдеби, көркем- қолөнер шығармашылығы арасындағы байланысты, сабақтастықты көре білуге үйренеді. Пәннен алған ұғымдарын басқа пәндермен кіріктіре оқу арқылы дүниенің тұтастығы жайында жүйелі білім негізі қалыптасады.

«Дүниетану» пәнін оқытуда инновациялық технологияның мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Шебер ұстаз жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін бірден байқап, өз сабағында жүйелі қолданып отырады. Бұл әрекеттер арқылы оқушыларды да, өзін де сабақта жалықтырмай керісінше ынталандыра түседі.

Қорыта келгенде, біз дүниетану сабағында инновациялық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың дүниетанымының қалыптасуына, олардың ой-өрісінің дамуына, шығармашылық жұмыстармен айналасуына, білім сапасын арттыруға, өздерінің өй-пікірлерін жеткізе білетіндей жұмыстарын жүргізуіміз қажет. Бұл арқылы біз оқушылардың өз бетінше іс атқаруын қамтамасыз етеміз деп ойлаймыз. Инновациялық технологияларды тиімді, әрі дұрыс қолданса, «Дүниетану» сабағының сапасын арттыруға болатынына толық көзіміз жетеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім дамыту тұжырымдамасы. /Егемен Қазақстан, 13 қаңтар, 2007.
2. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. / Егемен Қазақстан, 1 наурыз, 2011.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы./ Егемен Қазақстан, 15 тамыз, 2007.
4. Бұзаубақова К.Ж. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру. – Алматы: Жазушы, 2006.

## ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада дүниетануды оқытуда инновациялық технологияларды пайдалану арқылы сабақтың сапасын арттырудың жолдары мен мүмкіндіктері айтылады.

## РЕЗЮМЕ

В этом статье пути и возможности совершенствование качества уроков познания мира в начальных классов на процессе использования инновационных технологий.

### **САМОСТОЯТЕЛЬНАЯ РАБОТА СТУДЕНТА В СИСТЕМЕ КРЕДИТНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПО ПРЕДМЕТУ «ОСНОВЫ ПЕДИАТРИИ И ГИГИЕНЫ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА»**

Исламкулова И.Б., к.б.н., доцент – (г.Алматы, КазгосженПУ)

Самостоятельная работа студентов (СРС) является одним из наиболее важных условий подготовки современных специалистов в системе кредитных технологий. Самостоятельная работа студентов - это многообразные виды индивидуальной и коллективной деятельности студентов, осуществляемые под руководством, но без непосредственного участия преподавателя. Это - особая форма обучения по заданиям преподавателя, выполнение которых требует активной мыслительной деятельности. Поэтому необходимо, чтобы студент овладел навыками самостоятельной, творческой работы, освоил основные методы исследовательской деятельности в области выбранной профессии. Особое значение при организации самостоятельной работы при кредитной системе обучения имеет мотивация студентов к самостоятельному обучению. /1/

Самоподготовка способствует формированию высокой культуры умственного труда, приобретению приемов и навыков самостоятельной работы, умений разумно расходовать и распределять свое время, накапливать и усваивать необходимую для успешного обучения и профессионального становления информацию. Она развивает у студентов такие качества, как организованность, дисциплинированность, инициативность, воля, вырабатывает мыслительные умения и навыки, учит самостоятельному мышлению, позволяет сформировать свой собственный стиль работы, наиболее полно соответствующий личным склонностям и познавательным навыкам студента. /2/

Проблематика тем самостоятельных работ дана в соответствии с программным содержанием курса и требованиями государственного образовательного стандарта. Следует отметить, что уровень и сложность заданий на самостоятельную работу студентов зависит от курса обучения студентов, что определяет целевую направленность СРС. /3/ Формы выполнения СРС:

- написание реферата;
- презентация;
- составление тестовых заданий;
  - рецензия на реферат, презентацию, тестовые задания;
- составление кроссвордов.

Так, на 3-4 курсах самостоятельная работа студентов ставит целью расширение и закрепление знаний и умений, получаемых на лекциях и семинарах.

Так, например, при рассмотрении темы «Адаптация детей к дошкольным учреждениям», мы предлагаем подготовить реферат, целью которого является изучение понятия адаптационного синдрома у детей, формирование представлений о физиологической, напряженной и патологической адаптации, умение выделять этапы

адаптации, степень адаптации, знать о возможном влиянии адаптационного синдрома на состояние здоровья ребенка.

Задание сопровождается рекомендациями по выполнению данной работы следующего содержания.

1.Обратить внимание на то, что при поступлении ребенка в детское учреждение происходит резкая смена привычной среды обитания на особую микросреду – детское учреждение.

2.Раскрыть значение термина «адаптация», подчеркнуть универсальность этого явления. Выяснить роль функциональной системы организма в развитии адаптации, в том числе и социальной.

3.Необходимо подчеркнуть разницу между физиологической, напряженной и патологической адаптацией, понимать, что болезнь – это типичное проявление патологической адаптации.

4. Комплексное рассмотрение всех проявлений адаптации позволило выделить основные этапы привыкания к новым условиям среды, в том числе и детским учреждениям.

5.Подробно остановиться на трех этапах адаптации ребенка к детским учреждениям с описанием нарушений поведения ребенка, его взаимоотношений с взрослыми и детьми, речевой активности. Указать интервалы продолжительности каждого периода.

6.По особенностям течения первых двух периодов адаптации ребенка к детскому учреждению выделяют легкую, средней тяжести и тяжелую адаптацию. Следует привести полное описание степеней адаптации.

7.В заключении необходимо отметить актуальность знаний о характере течения адаптационного процесса у ребенка в условиях детского учреждения.

При изучении темы «Подготовка ребенка к поступлению в школу и определение его функциональной готовности к школьному обучению» обращают внимание на следующие моменты. Необходимость подготовки детей к школе, умение определять их функциональную готовность к поступлению в школу, иметь представление о социально-психологической и интеллектуальной готовности детей, усвоить понятие школьная зрелость.

Задание сопровождается рекомендациями по выполнению данной работы следующего содержания.

1.В начале работы необходимо осветить актуальность подготовки детей к школе.

2.Функциональная готовность детей к школе (школьная зрелость) определяется на основании критериев. В работе следует описать основные критерии: медицинские критерии, физическое развитие, работоспособность, развитие речи, нейродинамики и др.

3.Следует раскрыть содержание понятия социально-психологической и интеллектуальной готовности детей к школе.

Ребенок может быть признан готовым, условно готовым и неготовым к обучению в школе. Необходимо подробно остановиться на характеристике этих понятий.

В заключение следует отметить, что от готовности ребенка к школьному обучению зависит выраженность адаптационного синдрома.

При изучении темы: «Состояние здоровья и физическое развитие детей дошкольного возраста» актуально рассмотреть вопросы закономерностей и оценки физического развития детей, ознакомиться с главными критериями и принципами оценки физического развития ребенка, приобрести навыки в выявлении детей, имеющих отклонения в физическом развитии и определить причины возникновения этих отклонений.

1. Необходимо отметить, что рост и нарастание массы тела у детей идут не равномерно, а волнообразно, и в связи с этим объяснить возрастные и сезонные колебания физического развития детей.

2. В процессе роста организма изменяются и пропорции тела – указать наиболее и наименее интенсивно растущие части тела ребенка.

3. Необходимо остановиться на основных параметрах физического развития детей – длина тела, масса, окружность грудной клетки, головы, степень развития мускулатуры, особенности осанки, форма ног, стопы.

4. Показать на примере параметры физического развития детей дошкольного возраста, оценить их путем сопоставления индивидуальных показателей с возрастными стандартами.

5. Определить возможные причины возникновения этих отклонений, указать наиболее серьезные отклонения физического развития детей (низкий рост в сочетании с низкой массой тела и высокая масса тела при любой длине тела). Возможные причины отклонений физического развития у детей дошкольного возраста могут быть связаны с характером питания, образом жизни ребенка, его физическим здоровьем, а также воздействием факторов внешней среды.

В заключении должны быть отражены степень физического развития ребенка и гармоничность.

Исходя из вышесказанного, система кредитных технологий обучения основана на кропотливой методической, учебно-научной и организационной работе, направленной на обеспечение студента всем спектром информационной и методической поддержки. Основные усилия преподавателя должны быть направлены на выполнение требований общеобязательного стандарта и соответствующую организацию самостоятельной работы студента.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Белкин Е. Л. , Педагогические основы организации самостоятельной работы студентов в вузе 2002, Орел ОВВКУС
2. Лаврентьев Г.В., Лаврентьева Н.Б., Инновационные обучающие технологии в профессиональной подготовке специалистов, 2002, Барнаул Алт. Ун
3. Чучалин А., Кредитно-рейтинговая система, Журнал "Высшее образование в России" №3, 2004

## ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада кредиттік технология жүйесіндегі «Педиатрия негіздері және мектепке дейінгі балалардың гигиенасы» пәні бойынша студенттердің өзіндік жұмыс түрлері қарастырылады.

## РЕЗЮМЕ

В статье говорится о самостоятельной работе студента в системе кредитных технологий по предмету «основы педиатрии и гигиены детей дошкольного возраста»

## **ПРЕЗЕНТАЦИЯ - КАК ФОРМА АКТИВИЗАЦИИ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА ПРИ ИЗУЧЕНИИ КУРСА «ОСНОВЫ ПЕДИАТРИИ И ГИГИЕНЫ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА»**

Исламкулова И.Б.- к. б. н., доцент (г.Алматы, КазгосженПУ)

В настоящее время в нашей республике происходят серьезные изменения всей системы образования. Одним из факторов, обусловивших процессы реорганизации вузовской модели образования являются процессы информатизации образовательного процесса, связанных с современными компьютерными технологиями. В связи с этим, среди современных форм активного обучения все больше распространение приобретают лекции и практические занятия, организованные в виде презентаций. Данная форма занятий отвечает требованиям, предъявляемым сегодня к высшей школе, так как способствует оптимизации и интенсификации учебного процесса. Методика проведения презентаций предполагает широкое использование различных информационных технологий и становится все более доступным явлением при современной компьютеризации обучающихся студентов. Основной их принцип действия – это влияние на визуальное мышление студентов. /1/

Данный вид занятий-лекции, и семинарско-практические занятия- относится к наиболее действенным и эффективным типам обучения, стимулирует творческий подход и самостоятельность со стороны студентов.

Среди положительных результатов применения электронных презентаций на лекциях и практических занятиях для студентов можно выделить следующие: /2/

1) Повышается информативность и эффективность изучаемого материала при его изложении, в виду того, что у студентов задействованы зрительный и слуховой анализатор восприятия;

2) Увеличивается выразительность, наглядность и зрелищность подаваемого материала. В виду того, что презентация представляет весь отобранный и подготовленный преподавателем материал в концентрированном, сжатом виде, то сразу акцентируется внимание студентов на самые существенные моменты.

3) Подготовка электронных презентаций способствует повышению методического мастерства преподавателя, что является одним из главных условий повышения качества знаний;

Исходя из этого, нами при изучении курса «Основы педиатрии и гигиены детей дошкольного возраста» используется этот метод. Некоторые темы курса предоставляют особенно богатую возможность изложения материала в форме презентаций, что выгодно отличает от традиционной подачи лекционного материала. Выбор темы определяется конкретным материалом, значимостью и ролью данного вопроса в процессах роста и развития детей дошкольного возраста, возможностью проведения аналогий с условиями современной жизни. Это становится особенно актуальным в свете реализации программы Президента РК Назарбаева Н.А. «Балапан», предусматривающая увеличение количества детских дошкольных учреждений и, как следствие, в школу придут более подготовленные, здоровые и адаптированные дети.

Как показывает практика, достаточно интересной темой для проведения лекций и семинара-презентации является проблема детской заболеваемости. Общий сценарий проведения семинара-презентации обдумывается и разрабатывается преподавателем. На данную тему читается лекция. Выделяются основные моменты - это:

1. Защитные факторы организма детей.
2. Причины возникновения заболеваний у детей;
3. Основные признаки заболевания;

4. Профилактика заболеваний;

5. Прививки.

Исключительную важность представляет демонстрационный показ наиболее важных, ярких признаков заболевшего ребенка. Такой наглядный показ имеет большое практическое значение, так как позволит студенту в будущем, находясь ли на практике или работая воспитателем, суметь выявить как можно ранее заболевшего ребенка и изолировать его от остальных детей.

При изучении раздела «функциональная готовность детей к школе» каждой студентке предлагается самостоятельно подготовить презентацию одной статьи из списка рекомендуемой преподавателем литературы. При этом обсуждение представленного материала происходит в группе в виде семинара. Заранее доводятся до сведения студентов оценочные критерии: содержательная сторона выступления, инновационный подход, умение задавать вопросы и отвечать на них, индивидуальные достижения и минусы. Эти критерии заставляют студентов учиться выделять суть проблемы, продумывать свои доклады, четче излагать материал.

Очень интересным бывает обсуждение выступления. Занятие предполагает создание хорошей рабочей атмосферы: внимательное слушание и анализ выступлений, по мере необходимости возможны постановка вопросов перед группой и определение результата работы студентки, выделяя наиболее удачные моменты и недостатки в выступлении, в соответствии с оценочными критериями. Данный метод ценен тем, что он позволяет привлечь к работе на семинаре практически всех студентов группы. В результате на занятии используются различные информационные технологии с использованием документов, фотографий, иллюстраций, репродукции картин, схемы и др., что способствует расширению и углублению знаний. Это позволяет в наглядной форме показать необходимость создания оптимальных гигиенических условий среды детских образовательных учреждений, способствующие правильному росту и развитию детей дошкольного возраста.

Занятие становится более интенсивным, соединяет речь со зрительным образом и усиливает процесс восприятия и запоминания.

Включение вопросно-ответной формы работы и элементов анализа, способствует воспитанию внимательности, умению слушать, замечать достоинства и недостатки в ответах товарищей, ставить вопросы, анализировать ответы. Кроме основных преимуществ, достигаются и дополнительные: студенты работают более сплоченно, повышается интерес к предмету, выявляются лидеры. /3/

Таким образом, бесспорно, на сегодняшний день внедрение электронных презентаций в практику организации лекций и семинарско-практических занятий в вузах является одним из методов повышения качества высшего образования.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Образцов П.И., Психолого-педагогические аспекты разработки и применения в вузе информационных технологий обучения, М., 2000
2. Фролова Н.Х., Педагогические условия обучения студентов педагогического вуза с применением мультимедийных технологий, Киев, 2001
3. Угольников В.В., Компьютерные технологии как средство обучения в вузе, М., 2004

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада «Педиатрия негіздері және мектепке дейінгі балалардың гигиенасы» пәнін оқыту барысында әр түрлі ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі қарастырылады.

## РЕЗЮМЕ

В статье говорится о значениях использования различных презентаций в процессе обучения курса «Основы педиатрии и гигиены детей дошкольного возраста»

## СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Исмаилова Р.Б. – п.ғ.к. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлау ісін қайта қарау, оның мазмұны мен құрылымын өзгертуді ғана талап етпей, сонымен қоса оның бүкіл бағдар бағытын түбегейлі жетілдіруді керек етіп отыр. Себебі, қай саладан болса да өз мамандығының шебері, өздігінен ізденуге мүмкіндігі бар, кәсіби бағыттылығы жоғары маман даярлау мәселесі қазіргі заманның басты талабына айналды.

Студенттерге кәсіби бағыттылықты қалыптастыру жолдарының бірі – білім беру үрдісінде олардың өзіндік жұмыстарын күшейту. Сол себептен де кәсіби бағыттылықты қалыптастыруда өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруды негізгі мәселелерінің бірі ретінде қарауға тура келді. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру арқылы олардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыруға жағдай туады.

Өзіндік жұмыс мәселесі бойынша біршама алыс және таяу шетел ғалымдары өз зерттеу жұмыстарының нысанасы еткен. Жоғары оқу орындарында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктерін Г.Ахметова, Н.Асанов, А.К.Садыкова, К.Л.Гончарова қарастырды.

Жоғары оқу орындарында мамандарды кәсіби даярлаудың теориялық, ғылыми, дидактикалық, әдістемелік негіздері және олардың кәсіби даярлығын қалыптастыру мәселелері Ш.А.Абдраман, А.Р.Анасова, Ы.А.Нәби, Ш.Т.Таубаева, Р.И.Бурганова, Б.Т.Кенжебеков, Қ.М.Кертаева, М.Кұрманов, М.А.Лигай, М.С.Мәлібекова, А.А.Саипов, Г.Ж.Меңлібекова, О.Ү.Мұсабеков, О.С.Сыздықов, К.М.Беркимбаев, Р.С.Омарова, Г.К.Нұртаева, А.Н.Тесленко және т.б. ғалымдар еңбектерінде зерттелген.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында білім берудің кредиттік жүйеге көшуімен байланысты студенттердің шығармашылық әрекетін, білімді өздігінен ізденіс арқылы табудың жолын, жалпы педагогикалық принциптерді басшылыққа алу біліктіліктерін көтеру мәселесі қойылып отырғандықтан, білім беруді ұйымдастырушы-оқытушы мен білім алушы-студенттер арасындағы қарым-қатынас дәрежесі мүлдем басқаша жаңа деңгейге көтерілді. Осының негізінде оқыту әдістері мен оқу әрекеттері түрленіп, өзіндік жұмыстың құрылымы да, мазмұны да, оны ұйымдастыру-дың педагогикалық-психологиялық мақсаты да кешенді түрде өзгеріске ұшырады.

Кәсіби бағыттылықты қалыптастыруда өзіндік жұмыстардың маңызы орасан зор. Студенттің өзіндік жұмысы – бұл студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызығушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі.

Студенттің өзіндік жұмысы – жоғары оқу орнының оқыту үдерісінде студенттердің өзіндік әрекетін ұйымдастыру мен басқарудың ерекше бір құралы. Олай болса кредиттік оқыту жүйесінің жоғары мектепте ендірілуі және СӨЖ-дің үлесінің артуы оны белсендіруге баса көңіл аудартады.

Студенттің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудағы қызметі: өз әрекетін өзі ұйымдастырушы; өз бетімен ізденіп, шығармашылық әрекет жасаушы; өз тағдырын өзі басқарушы.

Студенттің өзіндік жұмысы - кез-келген пәнді оқуға өзіндік жұмыстың орындалу әдістерінің қалыптасуына бағытталғанымен, бұл жұмыс – студенттің ғылыми, оқу кәсіби құзырлығын қалыптастырып, мәселелерді өзіндік шешуіне оңтайлы шешімдерді қабылдауға, дағдарыстық жағдайлардан шығуға арналған.

Педагогикалық-психологиялық тұрғыдан алсақ, өзіндік жұмыстың қай түрі болса да, оның студенттердің оқу әрекетіне жататыны белгілі. Ал оқу әрекетін ұйымдастыру оқытушының шеберлігін, студенттердің қызығушылығын тудыруын, олардың алдына мақсат қоя білуін, мақсатты шешуге жағдай жасауын, оны кәсіби тұрғыда шешетіндей міндет жүктеуін қажет етеді. Бұл өзіндік жұмысқа байланысты оқытушыға жүктелетін мәселе болса, енді тікелей студенттің әрекетіне байланысты мәселе-мақсатты әрекет ету, ойлану, ой қорыту, дұрыс шешім қабылдау, нақты нәтижеге қол жеткізу. Осындай құрылымнан тұратын өзіндік жұмыс нәтижесінде студент өздігінен білім арудың көзін ашады, кәсіби бағыттылығы қалыптасады.

Қазіргі таңдағы жоғары оқу орындарында жүргізіліп отырған өзіндік жұмыс түрлері баршылық болғанмен: *біріншіден*, оның мазмұнын ашу, *екіншіден*, оның құрылымын нақтылау, *үшіншіден*, өзіндік жұмысты ұйымдастыру әдістерін жетілдіру, *төртіншіден*, оны бағыттай отырып, кәсіптік шеберлік деңгейіне көтеру жақтары жетіспей келеді.

Студенттердің өзіндік жұмысына берген түрлі анықтамаларды саралай келе, *студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ)– жоғары мектептің оқу үдерісінде студенттің өзіндік әрекетін ұйымдастырудың және басқарудың ерекше құралы деп есептейміз*. Ғылыми әдебиеттерде ол оқытудың құралы, оқу-ғылыми танымның формасы, шығармашылық ойлау әдісі ретінде де қарастырылады.

Өзіндік жұмыстың түрлері көп болғанымен, оның студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыруға бағытталған түрлерін, оны орындауға жұмсалатын уақытты және нәтижесін айқындайтын критерилерін саралаудың да өзіндік ерекшелігі бар.

Педагогикалық-психологиялық тұрғыдан алсақ, өзіндік жұмыс студенттің оқу әрекетіне ене отырып, студенттің алдына мақсат қоя білуін, мақсатты шешудің жолын іздеуін, әрекет етуін, ойлауын, ой қорытуын, нақты нәтижеге қол жеткізуін қамтамасыз ететіндігі белгілі.

Студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру мәселесі қазіргі уақытта күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Себебі студенттердің кәсіби бағыттылығы бойынша жақсы жұмыс жүргізілсе білікті кадрлар ағымын дайындауға кететін шығындар төмендейді, еңбек өнімділігі жоғары болады, ең алдымен өз мамандығынан қанағат алу, денсаулығын сақтау тұрақты болады.

## ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру жолдары туралы айтылады.

## РЕЗЮМЕ

В статье раскрываются пути формирования профессиональной направленности студентов.

## МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҰЛГІЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Қоқымбаева Т.И. –п.ғ.к, доцент (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Мектептегі оқыту процесінде халық педагогикасының үлгілерін орынды пайдаланудың маңызы зор. Халық педагогикасының негізгі салалары: ауыз әдебиеті және ұлттық салт-дәстүрлер.

Салт-дәстүрлер ұлттың ұлт болып қалыптасуымен бірге дамып келе жатқан тарихи және көне процесс. Ол ұрпақ тәрбиесінен, мәдени тұрмысы мен шаруашылық тіршілігінен көрініс беретін құбылыс.

Әдептілік негіздері – дәстүрлер мен әдеп – ғұрып, салттар. Дәстүр, әдет-ғұрып пен салт-сана қоғамдағы әлеуметтік қатынастар түрлерін, қоғамның мәдени деңгейін көрсетумен қатар, тәрбие талаптарының негізін құрайды, адамдардың қоғамдасып өмір сүруінің және ұйымдастыруының маңызды формаларын көрсетеді.

Бастауыш сыныптарда ұлттық тәлім-тәрбие беруде “Әдеп әліппесі” пәнінің маңызы зор. Осы пәннің алғашқы бағдарламасы және оқулықтарын дүниеге келтірген ғалым-педагогтардың С.Қалиев, Ә.Табылдиев және т.б. еңбегін ерекше атап өту жөн.

Олардың пікірі бойынша, “Әдеп әліппесі” пәнінің мақсат міндеттері мен мазмұны мынадай бағытта болуға тиісті.

“Әдеп әліппесі” пәні жас ұрпақтың есті, еңбек сүйгіш, адал, әділ, ізетті де шабытты азамат болып өсуіне игі ықпалын тигізетіні бақылау нәтижесінде анықталады. Алайда, аталмыш пен мазмұны арқылы ХХІ ғасырда өмір сүріп, еңбек ететін саналы азамат тәрбиелеудегі қоғамдық сұраныс толық орындалмайды. Сондықтан, ата дәстүріміз кешенді түрде жаңғыртып, бүгінгі педагогикалық талаптарға сай қолдану ләзім. Ол үшін, мектептегі барлық пән мазмұнына мүмкіндігінше халық педагогикасын ықшамдап орынды енгізу.

Халқымыздың ұлдары мен қыздарының санасына сіңіріп, салт-дәстүрін сақтауға, әдет-ғұрпын кеңінен қолдануға үйрету үшін әр сабақта тиісті жерінде пайдалана отырып қалыптастыруымыз керек.

Оқушы өзінің жеті атасын біліп, оған қосымша атаның өсу, өмір сүру жолын, елді қорғаған қазақ батырларының ерлік жолын, халықтың әні мен күйін, термешілерін білуге тиіс.

Осы мақсатқа орай 4-сыныптың қазақ тілінен өткізілген «Мақал-мәтел» тақырыбына оқушыларға төрт түлік малға, достыққа, бірлікке, еңбекке байланысты мақал-мәтелден білетіндерін айтқыздым, мағынасын түсіндірдім. Өтілетін тақырыпқа байланысты оқушыларға алдын ала тапсырма беріліп, оны дәптерлеріне жазып, жаттап келу тапсырылды.

Төрт түлік туралы өлең-жырлар, мақал-мәтелдерді көп айтқан қатардың жеңімпаз болатындығы ескеріліп, ол малдардың бізге қандай пайдасының барын, олар туралы жұмбақтар шешілуі айтылды.

Арнаулы «Білім мен салт-дәстүр сыны» атты жасалған қалталардан оқушылардың өз қалауы бойынша карточкалар алынып, бірі – сабақтың негізгі тақырыбына байланысты сұрақ та, екіншісі – халықтық дәстүрге байланысты сұрақтар қойылды.

Жер жүзінде екі мыңнан астам ұлттар мен ұлыстар тіршілік етеді десек, солардың әрқайсысының өзіне ғана тән әдет – ғұрыптары, салт – дәстүрлері бар. Олар халық мәдениетінің аса мәнді құрамдас бөлігі, одан сол халыққа жататын адамдар мәдениетінің деңгейі, рухани байлығы, басқа ұлттар мен ұлыстардан, халықтардан айырмашылығының барлық белгілері айқын танылады. Сонымен қатар салт – сана, дәстүр қатып – сіңген, мәңгі өзгермейтін нәрселер емес, елдің экономикасының,

мәдениетінің өркендеуімен бірге олардың озықтары одан әрі дамып, жаңғыра түседі, тозықтары қолданыстан қалып, ұмыт бола береді.

Дәстүр ұғымы барлық халықтарда бар. Ол тарихи негізінде қалыптасып, ұрпақтан – ұрпаққа берілетін әдет – ғұрып, жалпыға бірдей тәртіп, әдет - инабат нормасы болып табылады. Дәстүр өзінің негізі мен қалыптасуы, өмір сүру жағынан барынша ұлттық сипатта болады, әрбір халық жалпы адамзат мәдениетіне санасымен үлес қосады.

Дәстүрлердің жалпыға ортақ ең маңызды қызметі – адамдар арасындағы өркендеп және өзгеріп отыратын тұрақтылықты ретке келтіріп отыру болып табылады.

Тұрақтылық болмаса, даму да болмайды. Демек, дәстүрсіз қоғамдық қатынастардың қалыптасуы, дамуы, өзгеруі мүмкін емес. Тұрақтылықты реттей отырып, дәстүр қоғамдық болыстың ең маңызды негізін түзеді. Қоғамдық қатынастар тарихи дамудың әрбір жаңа сатысында сақталып қана қалмастан, өзгеріп, жаңара береді. Сөйтіп, дәстүрлер арқылы қайта жаңғыру пайда болады, ескі қатынас түрлерінен қазіргі және болашақтағы қатынас түрлері келіп шығады. Соның нәтижесінде әрбір жаңа ұрпақ өткен ғасырлар мұрасының әсеріне ұшырап, оған өндіріс тәсілдері мен оған сәйкес келетін өндірістік қатынастарды реттеу формалары ғана емес сонымен бірге қоғам мүшелерін өзімшілдіктен, томаға тұйықтықтан құтқаратын құрал деп есептейді.

Дәстүрдің тағы бір қызметі – жақындастыру. Бұл жерде дәстүр әлеуметтік бірлікті қалыптастырудың құралы және ұйытқысы, ережесі сипатында көрінеді. Мұның тарихтағы айқын мысалдарының бірі – рулық қауымдастықтар, олардың ауыз бірлігі, тұтастықтарын ақтауға ұмтылушылық. «Кімнің жерін жайлайсың, соның жырын жырлайсың» деген мақал соған байланысты айтылған. Шынында да, дәстүр жақындастырады, араластырады, біріктіреді. Сонымен қатар оның қоғамилығы кейде тікелей емес, сырттай, жанамалай да көрініс береді.

Дәстүр, салт – сана, әдет – ғұрып – жалпының ортақ игіліктері. Өйткені өз елінің, халқының ортасында өмір сүре отырып, оның салт – сана, әдет – ғұрыптарынан тысқары тұратын адам жоқ. Тегінде осындай адам бола қалғаның өзінде оның басқа бір халықтың дәстүрімен тоқайласуына, яки санасуына тура келеді. Өйткені адам қоғамда өмір сүреді, ол қоғам оған өзінің әдептілік-тәрбиелік қағидаларын, көнеден орныққан жол-жосынды орындауды, сақтауды талап етеді.

Егеменді ел жастарының санасын ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білу дәстүрінің мәні зор. Ақынжанды, ақжарқын, шешен, өнерпаз, өнегелі халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан таным-тәрбиелік әдеттері мен ережелері, рәсімдері мен салт-саналық дәстүрлерді жас ұрпақтың жас жүесіне әсер етіп, санасына сіңсе, ол ұлттық мәдениетті игереген иманжүзді, инабатты, жалпы адамзаттық, асыл қасиеттерге, ие болады.

Әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, ілтипаттылық, қонақжайлық құлықтары қалыптасқан халқымыздың осы асыл да абыройлы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл-парасатына азық ете білу үшін әрбір тәрбиеші, ұстаз халық педагогикасын, сан ғасырлар қалыптасқан салт-дәстүрлі, әдіп-ғұрыптарды жан-жақты терең біліп, іс-қимыл жасауға, өркениетті өмірмен байланыстырып, тәлім-тәрбиеге пайдалана білуге, халық ана алдында борышты.

Әрбір халықтың рухани азығының қайнар бұлағы – оның халық педагогикасы, яғни ауыз әдебиеті мен ұлттық салт-дәстүрлі болып табылады. Тән азығы мен жан азығының тепе-теңдігін сақтап, әсіресе, жан азығына баса көңіл бөлген халқымыз өміртануды дүптеп, оның философиялық заңдылықтарын терең ұғынған. Жан азығынан мақұрым қалған адамның адамдық қасиеті жойылып, оның айюанға айналатынын ертеден ұғынған халқымыз жан азығын, ең әуелі, нәрестеге бесік жыры арқылы әуезді әуенмен беруден бастайды, жас балдырған жеке сөздерді ұғына бастағандай-ақ оған жақсы мен жаманды ажыратып, түсіндіреді. Ол үшін тақпақ, санамақ, жанылтпаш, жұмбақ, мазақтама, мақал-мәтел үйретіп, баланың тілін ширатып

ойын дамытады. Жас баланың нәресте, балдырған, бөбек кезіндегі адам болып қалыптасуы 2-5 жастың арасы десек, 6-10 жаста әдептілік негіздерін үйреніп, оның тектік қасиеттерді қалыптасады.

Адам өмірінің «адам бесігі» - мектептің есігін ашқан балдырған жарығы мол жаңаша өмірді бастап, адамның асыл қасиеттерді қастерлеп, өмір заңдылықтарын үйрене береді. Балалар өмірінің қызықты да қымбатты кезеңіне лайықтап, ұлттық тәлім-тәрбиенің бір нұсқау ретінде «Әдеп әліппесі» тақырыбына бағдарлама жасалып, ұлттық дәстүр мен мәдениет негіздерін бастауыш мектеп оқушыларына үйрету мақсаты қойылып отыр.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруде халық педагогикасының үлгілерін пайдалану жолдары қарастырылады.

#### РЕЗЮМЕ

В статье раскрываются пути использования материалов народной педагогики в национальном воспитании учащихся начальных классов.

### **ФОРМИРОВАНИЕ У БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ И УМЕНИЙ В ПРОЦЕССЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПРАКТИКИ**

Левченко Т.А. - к.п.н., проф. КазгосженПУ

Глобальные преобразования происходят сейчас во всех сферах социальной и духовной жизни страны, в том числе нашли отражение и в сфере высшего педагогического образования. Осуществляются серьезные изменения в вузовской подготовке педагогов по дошкольному образованию, которая должна быть не только профессиональной, но и личностно ориентированной, развивающей у студентов глубокий интерес к вопросам самосознания и саморазвития, формирующей целостную личность, вобравшую в себя все многообразие достижений отечественной и зарубежной психолого-педагогической науки и практики.

В структуре практической готовности педагога дошкольных организаций к профессиональной деятельности одним из важных аспектов является формирование исследовательских умений и навыков.

Выполнение учебного исследования – это незаменимая форма обучения студентов, вовлечение их в инновационную деятельность.

Крылатые слова В.А.Сухомлинского о том, что, без знания ребенка, его умственного развития, мышления, интересов, увлечений, способностей, задатков, наклонностей нет воспитания, как нельзя лучше подчеркивают необходимость диагностики в учебно-воспитательном процессе.

Следует отметить, что для многих студентов выполнение научного исследования является жизненно важным, смыслообразующим делом. Оно позволяет творчески реализовываться, определить интерес на последующую жизнь. Многие выпускники университета продолжают работать над избранной научной темой, представляют опыт своей работы по данной проблеме на конкурсах «Воспитатель года», избирают ее в качестве самообразования в профессиональной деятельности, публикуют в виде методических пособий.

Приобщение студентов к исследовательской деятельности осуществляется посредством участия в работе научных кружков, выполнения курсовых работ,

выступлениях с докладами на научных конференциях. Однако, особая роль в формировании у будущих педагогов по дошкольному образованию исследовательских навыков и умений принадлежит педагогической (исследовательской) практике, которая проводится в третьем семестре в объеме трех кредитов.

В процессе данной практики особое внимание уделяется собственным исследованиям студентов, самостоятельному аспектному изучению процесса обучения и воспитания детей, диагностике развития дошкольников, проведению опытно – экспериментальной работы по формированию тех качеств личности, обучению тому, что определено в теме исследования и его предмета.

Главное назначение деятельности студентов на практике состоит не столько в получении научных результатов, а сколько в обучении будущих педагогов дошкольных организаций исследовательским умениям и навыкам, пробуждение у них интереса к исследовательской деятельности профессионального характера.

Студенты получают возможность изучить реальный процесс обучения и воспитания дошкольников, в ходе которого выяснить, какая работа проводится в детском саду по изучаемому вопросу; что делается удачно; эффективно; какая работа требует совершенствования; какие имеются педагогические возможности для улучшения работы в рассматриваемом направлении.

На основе разработки конкретной проблемы обучения и воспитания детей дошкольного возраста каждая студентка учится самостоятельно подбирать литературу по интересующему вопросу, работать с каталогами, картотеками, информационными обзорами, составлять собственную картотеку; составлять анкеты и проводить анкетирование; различные виды опросов, тестирование; изучать документацию и продукты деятельности детей, наблюдения; проводить экспертную оценку степени сформированности отдельных качеств личности, опытную работу, социометрические замеры.

Большое внимание обращается на разъяснение студентам важнейших понятий связанных с исследовательской деятельностью: тема исследования, проблемы, объекты, предмет исследования; гипотеза, методы, структура работы, задачи исследования.

Важнейшей задачей студента при выполнении им исследования является изучение имеющейся научной литературы по проблеме, разных подходов, теорий, точек зрения.

Для того, чтобы сориентировать студентов на выполнение самого главного, существенного в этом море информации, им рекомендуется в теоретической части исследования отразить следующее:

- сущность исследовательских процессов и явлений, их структуру, возрастную динамику, особенности;
- пути и средства воспитания, формирования и развития исследуемых качеств;
- критерии, показатели и уровни сформированности изучаемых качеств личности.

Важно, чтобы каждая студентка изучила учебные исследования написанные по аналогичной или близкой темам, и не копировала их, а стремилась найти новый материал по проблеме, по своему провести исследования.

В процессе выполнения экспериментальной части исследования студенты учатся составлять анкеты (для детей, воспитателей, родителей), план беседы (с детьми, воспитателями, родителями, заведующей детским садом), программу и протоколы наблюдений (за детьми и деятельностью воспитателей), описание методики проведения тестирования и интерпритирования его результатов, описание процедуры и результатов изучения продуктов деятельности детей (рисунки, поделки и т.д.).

Особое внимание уделяется накоплению и систематизации диагностических методик по разным аспектам развития личности ребенка дошкольного возраста.

Работа по подготовке студентов к диагностической деятельности нацелена на обучение следующим умениям:

- проводить диагностику психического состояния личности ребенка (утомление, волнение, перевозбуждение, внимание, страх и т.д.);
- выявить наличие у дошкольников тех или иных качеств, новообразований и степень их выраженности (умственное развитие, физическое развитие, одаренность);
- установить причины тех или иных отклонений в развитии личности и ее поведения (наличие пробелов в знаниях, проявление грубости по отношению к старшим, низкий статус в детском коллективе и т.д.); проводить на диагностической основе аспектный анализ состояния учебно-воспитательного процесса в дошкольной организации;

Использование наблюдений и их описание, интерпретация их результатов являются обязательным компонентом научно-исследовательской деятельности студентов.

В ходе наблюдения за детьми и деятельностью воспитателя создаются конкретные представления о процессах восприятия, осмысления, запоминания, о приемах управления деятельностью детей. На основе наблюдений за образовательным процессом более эффективно формируются научные представления.

В процессе проведения занятий, режимных моментов и культурно-досуговых мероприятий студенты апробируют отдельные методики, учебные задания, готовят наглядные пособия, которые используют в опытной работе по проблеме исследования. Проводится диагностика уровня развития тех качеств личности ребенка, которые определены в исследовании, упражнения по коррекции развития, а так же заполняются протоколы в соответствии с программой за деятельностью воспитателя и детей.

Исследовательская деятельность студентов на педагогической практике является эффективным способом ознакомления их с требованиями, предъявляемыми к оформлению научной документации. В связи с этим особо важное значение придаем обучению студентов грамотно выполнять ссылки на научные источники, оформлять список литературы, выполнять чертежи, диаграммы, графики, составлять протоколы наблюдений, проводить анализы результатов экспериментальной работы и представлять их в графической форме или в виде таблицы, проводить обобщения результатов опытно-экспериментальной работы, правильно обозначать главы, параграфы.

Важно, чтобы в процессе исследования на этапе формирующей части педагогического эксперимента студенты брали не только все лучшее, что есть в детском саду, но и пробовали усовершенствовать существующий процесс обучения и воспитания детей. Совместно с воспитателями, а потом и самостоятельно проектировали бы и применяли на практике новые формы и методы работы с детьми, необычные обучающие средства, которые позволили бы получить лучшие результаты.

Все выше изложенное убедительно доказывает, что научно-исследовательская практика является важным средством формирования исследовательских навыков и умений, так как студент имеет возможность в реальных условиях реализовать личную программу исследования по определенной проблеме, подготовить необходимый материал для выполнения дипломной работы.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Каткин М.Н. Методология и методика педагогических исследований.-М., 1986.
2. Введение в научное исследование по педагогике/Под ред. В.И.Журавлева.-М., 1988.
3. Введение в педагогическую деятельность:Теория и практика:Учебное пособия для студентов высших пед.учебн.заведений/Н.Н.Никитина, Н.В.Кислицкая. М., 2004.

## ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада педагогикалық практика барысында болашақ мектепке дейінгі мамандардың зерттеушілік білім, білік, дағдыларын қалыптастыру мәселесі көтеріледі.

## РЕЗЮМЕ

Педагогическая (исследовательская) практика является важным средством профессиональной подготовки педагогов дошкольного образования. В процессе ее прохождения студенты овладевают необходимыми умениями и навыками исследовательской деятельности.

### **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУЫҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАТЫСЫМДЫҚ-ОЙЫН ӘДІСІ**

Меңдаяхова Қ.М. - п.ғ.д., профессор (Алматы қ ҚазмемқызПУ)

Оқытудың мақсаты – тілді меңгеруде тілдік бірліктер арқылы қатысымды жүзеге асыруға үйрету. Ол үшін қатысымның түрлі жағдайлары қолданылады. Сөйлесуге сабақта баланы сөйлеуге жетелейтін қатысымдық міндеттер қойылады. Қатысымдық-ойын әдісіне қандай тұрғыдан қарағанда, ойынға қатысушы жеке тұлға, әрекет жасаушы субъект деп қаралады, ол ойынға қатысушылармен ойын кезінде тілдік қатынасқа түседі. Тілдік қатынаста тіл мәдениетімен танысады, баланы тәрбиелеуге негіз болады, сана-сезімін дамытады. Бұл оқыту әдісі баланың жас ерекшелігіне ерекше мән берілетіндіктен, оқыту материалдарын тыңдау, оқыту тәсілдерін таңдауда баланың жас ерекшелігіне сәйкестігі бірінші орын алады. Жас балалардың тілін дамытуда көрнекілік пен ойын өте күшті қызмет атқарады.

Ғылымдағы қатысымдық – ойын әдісін тіл дамыту мақсатында қолданғанда, мына мәселелерге көңіл бөлу керек: а) ойын мазмұнды болу керек; ә) сөйлесім әрекеті ойын негізінде құрылу керек; б) сөйлеушінің сөзі тыңдаушыға бағытталуы керек; в) сөйлесу дұрыс орфоэпиясымен, интонациямен орындалуы керек; г) сөйлесімдік қатысым бұл талаптарға сай құрылуы керек.

Балабақша балаларының тілін дамытуда ойын арқылы сөйлеу жағдаятын туғызу өте ұтымды әдіс деп саналды. Ойын арқылы түрлі тілдік жағдай туғызып, балалардың түрлі тақырыпта сөйлеуіне жағдай жасауға болады. Ойын кезінде баланың сөйлеуге ынтасы артады, көңіл-күйі өседі, сөйлеуге белсенді қатысады. Ойын баланың сана-сезіміне де әсер етіп, тәрбиелік мақсатын да орындайды.

Ойын кезінде балалар бір-бірімен тіл арқылы тығыз қарым-қатынасқа түседі. Ойынға байланысты сөздер ойын кезінде бірнеше рет қайталануы керек. Сондықтан ойынды белгілі сөздердің қайталануына қарай ойын-жаттығу деп атау ғылымда бар, біз де осы пікірге қосылып, ойын-жаттығу терминін қолдану дұрыс деп таптық.

Ойын-жаттығудың өзіндік белгілерін анықтап алайық. Ойын-жаттығулар мына талаптарға сәйкес келуі керек.

1. Ойын-жаттығулар баланың қолынан келетін жағдайларға арналуы керек.
2. Ойын-жаттығулар баланың сөйлесім қажетіне жарайтындай болуы керек.
3. Ойын-жаттығу баланың жоспар бойынша белгіленген тілдік деректерді қайталауына, бекітуіне қолданылуын қалыптастыру мақсатына сай болуы керек.
4. Қатысымдық бағалылығы тіл арқылы балада адамгершілік, эстетикалық сезімін тәрбиелейтін және бірнеше тақырыпта қолданарлық болуы керек.
5. Ойын-жаттығуда қолданылатын тілдік деректер баланың күнделікті өмірінде жиі қолданылатын, балаға қажет болуы керек.

Ойын-жаттығулар қатысымдық -ойын әдісінде қолданылады. Қатысымдық ойын әдісінде ойынды екі түрлі қолдануға болады, олар: 1) жаттығу ретінде; 2) ойнау әрекеті ретінде.

Ойын-жаттығу мына талаптарға сәйкес болуы керек:

1. Ойын-жаттығу баланың жасына сай болуы керек.
2. Ойын-жаттығу негізінен сөйлесімнен құрылуы керек. Яғни, ойынның негізі саналатын тілдік жағдай сөйлеу әрекетін туғызатын боуы керек.
3. Тілдік қатысымды жүзеге асыратын сөйлеу нәтижесіне ойнау нәтижесі қосылу керек.
4. Ойын-жаттығу ұжымдық болады, бала ойында өзі қалған рөлді таңдай алуы керек.
5. Ойын-жаттығу баланың ауызша сөйлеу дағдысын, сөйлей білуін нақтылы сөйлеу әрекеттері арқылы жүзеге асу жағдайын белгілеу керек. Бұл әдісте білім мен ойын сабақта елеусіз байланысады да, ойында, сабақта бала өзін еркін ұстайды.

Ғалымдардың айтуынша, дидактикалық рөлдік ойын, ойнау тәсілдері ойын жүйесінің қорын, негізін, бағасын құрайды. Мәселен, ойын-қиял ойыны дидактикалық рөлдік ойында мысал бола алады. Онда балалар шындық өмірді қайталайды, оның көшірмесі болады немесе өмірде жоқ жағдайда қиял жағдайына түседі.

Балабақшаның ересектер тобында ойын - қиял мен ережелі ойын (жарысу элементі бар ойын, жасыру мен табу ойыны т.б.) түрлі тілдік жағдайды жасауға, қатысымға өте қолайлы саналады. Ондай ойындарда балалар бір-бірімен эмоционалды қарым-қатынаста сөйлеседі, біріне-бірі көмектеседі, достық қарым-қатынасқа түседі, жеңіс нәтижесі ортақ қуанышқа бөлейді. Алайда, бір ойынды өзгеріссіз қайталаудан сақ болу керек, ондайда балалар тез зерігіп, ойынға қызықпайды.

Дидактикалық рөлдік ойынның міндетті компоненті болып қиял жағдайы саналады. Қиял жағдайы ойынды қызықты етеді. Орынбасар заттар, маскалар балаларды қиял дүниесіне жетелейді.

Ойындағы рөл ойынның компоненті болып саналады. Ойын нәтижесі де ойынның негізгі компонентіне жатады. Ойынның нәтижесі туралы тәрбиеші жақсы дайындалуы керек. Ол нақтылы зат болуы керек те емес, ол қиялдағы құнды зат, балалар құмар заттардың аты т.б.

Ойынның нәтижесін шығаруда мектеп бағасын қолданудың қажеті жоқ. Онда эмоционалды баға дұрыс, ол жұлдызшалар, флажоктар т.б. Мазмұнды бағаға тәрбиешінің баланың еңбегіне дұрыс пікірі, нәтижені жақсарту үшін тәрбиешінің кеңесі, жіберілген қатені, қиындықты түзету жолын көрсетеді.

Баланың тілін дамытуда қатысымдық – ойын әдісі тәрбиеші мен баланың арасындағы, бала мен баланың арасындағы тілдік қатысымды іске асыратын оқыту әдісі болып табылады.

Ойын-жаттығулардың нәтижелі болуы тәрбиешіге байланысты. Ойын-жаттығуларда алдымен тәрбиеші ойында балалармен бірге ойынға қатысушы екіншіден, ойынды басқарушы көш басшы. Олай болса, тәрбиеші өзінің ерекшелігімен, шеберлігімен ойын-жаттығулардың нәтижелі болуын іске асырады.

Қазіргі мектепке дейінгі білім тәрбиеші мамандығына, оның жеке қасиеттеріне жаңаша талаптар қояды. Ол талап бойынша тәрбиеші өз мамандығын, білімін үнемі жетілдіріп отыратын болуы керек. Тәрбиешінің жоғары мамандық дәрежесі оның өз мамандығын, білімін жүзеге асыра білуімен, өзін-өзі дамыта білуімен, өзін-өзі тәрбиелей білуімен байланысты. Тәрбиеші де баланы неге үйрететінін, қалай үйрететінін, қандай әдістер қолданатынын, балалардың психологиялық ерекшелігін, қай материалды қашан, қандай жағдайда қолданатынын жақсы білуі керек. Сонымен бірге балабақша мәселесінде ғылымда болып жатқан жаңалықтарды біліп, оларды тәжірибеде қолданып отыруы керек. Әр тәрбиеші бұл талаптарға сай келсе, және ол өз жұмысын ұнататын, балаларды жақсы көретін болса, ол тәрбиеші балалармен жақсы

жұмыс жүргізе алады деуге болады. Бұл – жалпы талап. Ал, қатысымдық - ойын әдісінің өз талаптары бар. Тәрбиеші балалардың тілдік қатысым әрекетін кезінде бағалап, дұрыс бағыт бере білуі керек, баланың тілдік қатысымдағы қатесі елеусіз қалмай, сыпайы түзетіліп отыруы керек. Сабақта тәрбиеші тілдік қатысым әрекетінің дұрыс екенін білдіру үшін басын изеп, қате болса, басын шайқау сияқты т.б. вербальді тілдесуді де қолдануына болады.

Тәрбиеші тілдік қатысымды балаларға жағымды етіп ұйымдастыруы керек, тілдік қатысымды басқара біліп, оның баланы жалықтырмауын, балалардың сөйлеу белсенділігін арттыра білуі керек. Тәрбиешінің сабақты көңілді, дұрыс темпте бастауының өзі балаларды да көңілді күйге түсіреді. Ол бүкіл сабақ бойында сақталуы керек. Ол үшін тәрбиеші балалардың әр әрекетін байқап отыруы керек, сабақта еш әрекет елеусіз, бағаланбай қалмауы керек. Тәрбиеші сөйлесімге баламен бірде қатысуы керек. Бұл айтылғандардан төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1.. Балабақша балаларының тілін дамытуда ойын-жаттығуларды қолдану өте ұтымды.

3. Балалар тілін дамытуда қатысымдық- ойын әдісін қолдануда мына жағдайлар ескерілуі керек: 1) ойынның жаңалығы және оның балаларды қызықтыруы, 2) тілдегі белгілі тілдік құрылымдарға сүйенуі керек.

4. Дұрыс ұйымдастырылған ойын балаларды қиналтпай, тілдік деректерді меңгеруіне мүмкіндік береді.

5. Бес-алты жастағы бала әрекеттің барлық түрін, жасауға бейімді.оның ішінде оқу әрекетін.

6. Балалар түрлі тілдік жағдайда жаттығу арқылы тілін тезірек дамытады.

7. Ойын баланың негізгі әрекеті болғандықтан, ойын-жаттығулар балаға өте жақындығы арқылы да тілді дамытуға қолайлы.

8. Балаларға ойынның барлық түрін қолдануға болады, бірақ тіл дамыту мақсатына қатысымдық- ойын тиімді.

9. Дұрыс таңдалған ойын баланың қиялын дамытып, еркіндік қалыпқа көшіреді де, бала тәрбиешімен арасындағы айырманы ұмытып, онымен бірлікте әрекет жасайды.

10. Таңдалып алынған ойын-жаттығуларда пікірлесімдер (диалогтар) көп орын алды, ол балалардың белсенділігін арттырып, кез келген жағдайдағы сөйлесімге дайындайды.

11. Тәрбиешінің сабақтағы жақсы эмоционалдық жағдайы бұлардың іске көңілді кірісуіне игі әсер етеді.

12. Тіл дамыту мақсатындағы ойын-жаттығулар ауызша дұрыс сөйлеуге жаттықтыруды көздейді.

13. Қатысымдық- ойындар тек тілді ғана дамытуды мақсат етіп қоймай, баланың жалпы дамуына да қызмет етеді.

Қатысымдық - ойында дене шынығуы, адамгершілік тәрбие, тіл мәдениеті, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу сияқты т.б. баланы жан-жақты дамыту мәселесі де орын алады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1.Сергеева О.Е. Лингвистические основы коммуникативно-игрового метода обучения русскому языку как иностранному детей дошкольного возраста.

2.Мендаяхова Қ. Байланыстырып сөйлеуге үйрету арқылы қазақ тілін оқытудың ғылыми - әдістемелік негіздері.

## ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қатысымдық – ойын әдісі арқылы баланың тілін дамыту жолдары қарастырылған.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается специфика и пути реализации коммуникативно – игрового метода, как из основных методов развития речи детей дошкольного возраста.

### **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Мендаяхова Қ.М. - п.ғ.д. профессор (Алматы қ., ҚызмемқызПУ)

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту- ойын, оқу, еңбек іс-әрекеттерінде жүзеге асырылады. Баланың іс-әрекеті неғұрлым алуан түрлі болған сайын, оның төңіректі тануы мен танымдық қабілетінің дамуы жан-жақты болып келеді. Іс-әрекеттің барлық түрінде де ол іскерлікті үйренеді, белгілі бір қарым-қатынасты игереді, тіл үйренеді. Дұрыс бағыттағы басшылық тіл дамыту міндеттерін шешуге бағытталған педагогикалық ықпалдың тиімділігін арттырады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. Жетекші ғалымдар мен практиктер жүргізген көптеген психологиялық-педагогикалық зерттеулер нақты мектепке дейінгі жасты зияткерлік, тұлғалық әлеуметтік және эмоционалдық дамуын стратегиясымен үздіксіз байланысты екендігін және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере отырып, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғырту дамыту ісіне ерекше көңіл бөлді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда баланың жеке басын дамыту, білім беру мазмұнының жаңарту, болашақ ұрпақ тәрбиесін жаңа сапалық деңгейге көтеру, балаларды шамадан тыс жүктемеден сақтайтын және білім мазмұнына міндетті миниумы мен бала дайындығына қойылатын талаптар деңгейін белгілейтін мелекеттік құжат – жаңа стандарт дүниеге келді. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен үздіксіз байланысты және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының жаңа нұсқасы 2009 жылы қолданысқа енгізілді. Осы жаңа стандартта педагогикалық процестерді ұйымдастыру негізгі үш принципті: кіріктіру, жіктеу және жекешелендіруді іске асыруды болжайды.

ҚР МДТО МЖМБС-ына сүйеніп жасалған жаңа бағдарламалар («Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз») кешенінің мазмұнын іске асыру әрқайсысының жеке бөлімдері мен мақсатты бағыттары бар негізгі білім беру салаларымен тығыз байланысты жұмыстарды қарастырады.

Білім беру салаларының арасындағы байланыстарға негізделген және олардың нақты саласы білім жүйесінің біртұтастығын көрсетіп беретіндей етіп материалдың кіріктірілуі бағдарламалардың өзгеше белгісі болып табылады. Кіріктіру педагогқа балалардың жеке дара ерекшеліктерін, олардың жақын даму аймағын ескере отырып, бір және бірнеше білім саласы шеңберінде мазмұнды үйлестіруге және материалды түрліше түйдектеуге құқық және мүмкіндік береді.

Егер базалық білім мазмұны тұлғалық-бағдарлылық және жеке-даралық тұрғыдан түзілсе, оқытудың белсенді құралы ретінде ойын пайдаланылса, ал ата-аналар бала бақшадағы білім беру процесіне «араласып, ат салысса», онда баланың құзыреттілік дамуының жоғары деңгейіне жетуге болады. Сонымен бірге білім беретін материалды кіріктіру жастық кезеңнің бірінен екіншісіне өткенде базалық мазмұнның шоғырлану және бірізділік ұстанымдарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жаңа стандарт бойынша мектепке дейінгі білім беру мазмұны және мектепке дейінгі салада педагогикалық процесті ұйымдастыру мына бағыттар негізінде өзгертілді.

- мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту және тәрбиелеу нәтижесі ретінде баланың құзыреттілігін қалыптастыру;

- бес білім беру саласынан («Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта») ұйымдастырылатын танымдық іс-әрекеттердің кіріктірілуі;

- құзыреттіліктің даму индикаторларына, яғни мектепке дейінгі жастағы баланың біртұтас даму деңгейін зерттеу және қадағалаудың қолданыс құралына сүйеніп, әр баланың жетістігін диагностикалауды іске асыру.

Жаңа стандарттың және бағдарламалар кешенінің құрамына орай қазіргі технологиялық тұрғыдан педагогикалық процестер ұйымдастырылады. Сонда:

- мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалауды іске асырғанда, мектепке дейінгі балалардың құзыреттілік дамуының ҚР МДТО МЖМБС-ында көрсетіп берілген деңгейіне сәйкестігін анықтау қажет;

- күтілетін нәтиже ретіндегі мектепке дейінгінің - баланың түйінді құзыреттіліктері баланың жеке-дара ерекшеліктеріне және қоршаған әлеуметтік ортасына тәуелді де, негізінен оның қабілетін, бастамасын, қарым-қатынастағы және іс-әрекеттегі белсенділігін, өмір тіршілігіндегі және оқудағы түсінерлік әр алуан мәселелерді шешудің оңтайлы нұсқасын таба алуын сипаттайды;

- мектепке дейінгі баланың біртұтас дамуын қадағалаудың аспабы (инструментарий) қызметін баланың құзыреттілік дамуының Индикаторы атқарады да, мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарына және ата-аналарға «қатаң емес» диагностика жүргізуге мүмкіндік береді және баланың білім алу траекториясын түзудің негізіне алынады;

- баланың жас және жеке-дара ерекшеліктерін ескеріп, оның құзыреттілік даму деңгейін қамтамасыз ету, балаларға білім беру қызметін көрсететін әр түрлі типті мектепке дейінгі ұйымдар іс-әрекетінің сапалы диагностикасын және мониторингін жүргізу арқылы тиімді бағалау үшін жағдай туғызу, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қажетті деңгейіне және мектепке дейінгі жастағы балаларға білім беру саласындағы дүниежүзілік тәжірибеге сәйкес келуіне қол жеткізу сияқты индикатордың қызметін айшықтап көрсетуге болады;

- баланың әр құзыреттілігінің дамуын үш деңгей (бірінші деңгей – бала қандай да бір әрекетті қайта жаңғырықтырады, екінші деңгей – бала не істегенін түсінеді, үшінші деңгей – бала нені білсе, соны қолданады) бойынша қадағалауға арналған білім беру салалары мазмұнынан туындайтын индикатордың жасалған жүйесін пайдалануға болады;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған бағдарламалар кешенінде келтірілген әр түрлі жастық топтағы балалардың мүмкіндіктері мен тұлғалық сапаларының сипаттамаларын ескеру керек болады.

Әр білім саласы бойынша мектепке дейінгілерді тәрбиелеу және оқыту бағдарламалары мазмұнды ғана емес, сонымен бірге құралдарды, түрлері, әдістерді, тәсілдерді, балалардың іс-әрекетін ұйымдастыру және басқару технологиясын, яғни педагогикалық процесті анықтайды, сонда:

- педагогикалық процесс білім беру салалары мазмұны арқылы іске асырылады;

- педагогикалық процесс ұйымдастырудың жеке-дара, кіші топтық және топтық формаларының үйлесімді байланыстарына сүйеніп құрылады;

- педагогикалық процесс қарым-қатынасқа, ойынға, ізденуші-эксперименттік іс-әрекетке, ересектермен және құрдастарымен ынтымақтасуға негізделіп ұйымдастырылады;

- педагогикалық процесс пәнаралық, іс-әрекет аралық өзара әрекеттестік сипатта болады, өздігінен іске асыру және өзін таныту үшін оған қатысушылардың әрқайсысына оңтайлы мүмкіндік туғызады;

- педагогикалық процесс тәрбиешінің жетекшілік рөлін ескереді және ғылым мен практиканың өзара байланысын, педагогикалық процесті болжауды, жобалауды және түзуді, педагогикалық іс-әрекет нәтижесінің объективті диагностикасын көздейді;

- педагогикалық процесс диагностиканың нәтижесіне сүйеніп құрылады;

- бала дамуының жеке-дара траекториясын іске асыруды қамтамасыз етеді.

Жаңа ҚР МДТО МЖМБС-ын және бағдарламаларды мектепке дейінгі ұйымдарда іске асыру:

- базитік тақырыптық-перспективтік жоспарға сүйеніп жасаған, білім беру салаларын кіріктіретін жұмыс оқу жоспарын пайдаланып күн тәртібін, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің бөлінуін (оқу іс-әрекетінің кестесін), күні бойғы педагог пен балалардың іс-әрекетін айқындайтын педагогикалық процестің циклограммасын жасауды;

- жұмыс және перспективтік жоспарға, циклограммаға негізделіп әзіренетін оқу конспектісін жасауды қажет етеді.

Жасалған жоспарға сәйкес тәрбиеші балаларды оқыту мен тәрбиелеуді күнделікті өмірде жүзеге асырып отырады: күні бойы олардың білімін толықтырады, әр түрлі: мәдени-гигиеналық, мінез-құлық мәдениеті, сөйлеу тілі, есептеу, қимыл және т.б. іскерлік пен дағдысын қалыптастырады. Оқытудағы басты роль оқу әрекетіне беріледі.

Ф.Н.Жұмабекова «Мектепке дейінгі педагогика» оқу құралында оқытудың негізгі формасы – сабақ деп бере отырып, сабақ барлық балалар үшін міндетті, мұнда білім, білік, дағдыны игерумен қатар балалар тобын құруға, онда өмір сүріп, іс-әрекетпен шұғылдануға, бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасап, адамгершілік қасиеттерін, мінез-құлқын қалыптастыруға үйрететініне тоқталған. Сабақ сөзі қазіргі таңда яғни жаңа стандарт бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті деп қолданылып жүр. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті тәрбиешінің басшылығымен өтеді. Ол ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің мазмұнын, әдіс-тәсілдерін таңдап алып, балалардың білімді, іскерлікті, дағдыны меңгеру әрекетін басқарады. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін өткізуге ең қолайлы кезең күннің бірінші жартысы. Себебі балаларға іс-әрекетпен шұғылдану тәңертеңгі тамақтан кейін, шаршамай, ойынға кіріспей тұрғанда ыңғайлы екені көптеген ғалымдардың зерттеу еңбектерінде дәлелденген.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті – бұл балалар бақшасында оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы. Ол барлық мектепке дейінгі балалар үшін міндетті, олар үшін ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің бағдарламалық мазмұны белгіленген, күн тәртібінде оны өткізуге тұрақты уақыт бөлінген, белгілі бір ұзақтығы көрсетілген. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті тәрбиешінің басшылығымен өтеді, ол балаларға жаңа білім береді, білетіндерін дәлдеп, бір жүйеге салады, практикалық іс-әрекеттерді ұйымдастырады, оның барысында балалар алған жаңа білімді нығайтып алуан түрлі іскерлікке, дағдыға үйретіледі. Оқу материалдары бірте-бірте күрделене түседі.

Балалар бақшасындағы оқудың балаларды мектепке дайындауда үлкен маңызы бар. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті үстінде балалар оқу іс-әрекеті дағдыларына, жинақы, ұйымшыл болуға үйренеді. Оларда тұрақты зейін, назарын бір нәрсеге аудару, ерік-күш қабілеті өсіп жетіледі. Жүйелі оқыту үстінде таным құштарлығы қалыптасады.

Балаларды ұжымда оқытудың белгілі артықшылықтары бар: бірігіп жұмыс жүргізуде олар біріне-бірі үлкен әсер етеді, белсенділік, өткірлік көрсетеді. Балалардың алдына бірігіп шешетін міндеттер қойылғанда, бірлесіп қам жеу пайда болады, ұжымдық сезімі қалыптасады.

Экскурсиялар, сурет салу, мүсін жасау, құрастыру жөніндегі жұмыстарды бірігіп орындау, қимыл дамыту және музыка оқуларында жалпы ойындар мен би билеуге біріктіру, көркем әдебиетті оқудан алған әсері бойынша бірлесіп қайғыру – осының бәрі тату балалар ұжымын құруға көмектеседі және ол ұжымда өмір сүріп, жұмыс істеуге қалыптастыру.

Оқыту үдерісінде балалардың мектепке, білімге ынтасы тәрбиеленеді, дұрыс мінез-құлық дағдысы, жауапкершілік сезімі, орындаушылық қабілеті, төзімділігі, еңбектену әдеті қалыптасады.

Балалар бақшасында тіл дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу және жазу, қоршаған ортамен таныстыру, қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, дене шынықтыру, музыка ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері өткізіледі. Оқыту балалардың белсенді іс-әрекетімен, өз қимыл нәтижелеріне жетуге ұмтылуымен, ұзақ уақыт ерік назар аударуымен байланысты. Оның дене және ақыл-ой күштерін едәуір жұмылдыруын талап етеді. Осыларды ескере отырып, оқу көлемін, оқу сағатының ұзақтығын күн тәртібіндегі орнын дұрыс белгілеуге бағдарламаның әр түрлі бөлімдерінің жиілігіне, уақытылы жүргізілуіне үлкен сақтықпен қарау керек.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін күннің алғашқы жартысында өткізген дұрыс: бұл кезде балалар ақыл-ойға түскен салмақты жеңіл көтереді, күн жарығы жақсы түседі. Әрбір бөлімдегі оқу сағаты, оның ұзақтығы жас шамасына қарай бөлінген әр топтар балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, бағдарламада белгіленген.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Астана, 2004ж.

2. Доронова Т.Н., Арзанбаева Б.О. «Мектепке дейінгі балаларды балабақша жағдайында оқыту, тәрбиелеу және дамыту бағдарламасы» - Алматы, «Просвещение-Қазақстан», 2007.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада балабақшада тәрбиелеу мен оқу-іс әрекетін ұйымдастыру жолдарына талдау жасалынған.

#### РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены вопросы воспитательно-образовательного процесса в детском саду.

### **АНА ТІЛІ САБАҒЫНДА КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Сманова А.А. – оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Ана тілінің баға жетпес құдіреті мен қуаты, адамды ерлікке, Отанын, туған халқын сүйуге тәрбиелеудегі күшін кезінде К.Д.Ушинский: «Халық тілі – тарих шекарасынан әлдеқайда әріректен басталатыны, оның бүкіл рухани өмірінің еш уақытта солмайтын және өмір бойы қайтадан шешек атып тұратын тамаша гүлі. Тілде бүкіл халық, оның күллі елі – барлық, толық ойы мен сезімі туған елінің өлеңінде, әндерінде...» деп көрсеткен болатын .

Сондықтан да ана тілі бастауыш мектептерде ең негізгі пән болып есептеледі. Өйткені ана тілінде оқу-жазуға дағдылану арқылы басқа пәндерді оқып үйренуге жол

ашылады. К.Д.Ушинский : «Ана тілін толық меңгермеген бала тарихты және жаратылыстану ғылымдарын үйренген кезде, теореманы, математикалық бір есепті өз сөзімен айтып бере алмай, дәл осындай күйге ұшырайды. Ана тілі басқа пәндердің бәріне қатысы бар және олардың нәтижелерін өзіне жинақтайтын басты, өзекті пән енді түсінікті емес пе?» – деген болатын. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларын ана тілі сабағана қызықтыру үшін ана тілі сабағын жаңа технологияларды енгізу қажет. Жаңа технологияларды енгізу арқылы оқу сапасы жақсарып, дамыта оқыту жүзеге асырылып, сабақ қарқыны жеделдетіліп, жеке тұлғамен жұмыс істей отырып, саралап, даралап, оқытуға мүмкіндік туады.

Ана тілі сабақты тиімді өткізуде оқушылардың танымдық белсенділігі арттады. Жаңа технология оқушының жеке өзіндік жұмыс атқаруына және ең бастысы оқушының білім жетістігін жақсартуға ықпал етеді. Сабақта жаңа технологияларды қолдану жеке тұлғаны жеделдете қарқынды, барлық сапаларымен сәйкес жан-жақты дамытуға бағыттап, құруға болады. Жаңа технологияларды пайдаланудағы сабақтың ерекшелігі оқушылардың өздері жаңалық ашуға ұмтылады, әрі ізденіп жауабын тауып, өз көзқарасын дәледейді .

Сабақ мақсатқа бағытталған мұғалім мен оқушылардың ұжымдық шығармашылық еңбегі деп қарастыруы керек. Сабақта оқыту мен тәрбиенің мақсаттары, міндеттері, жүзеге асырылады, оқушылардың ой-өрісі кеңиді, қабілеті дамиды, көзқарасы, адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Ал, енді қазірде жаңа технологияларды пайдаланылып жүрген сабақ төмендегідей үш құрамдас бөліктен тұрады:

- 1) Оқу мақсаттарының қойылуы.
- 2) Оның шешудің жолын бірлесе қарастыру.
- 3) Шешемнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бүгінгі таңда жаңа педагогикалық технологияларды сабаққа ендіру әрбір ұстаздың басты мақсаты болу керек. Себебі елімізге заман талабына сай қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл азамат қажет.

Айтылғандарды қорыта келе, дәстүрлі оқыту балада білім, білік, дағды алуға қажетті ақыл, сана бар деп есептеп, сол ақылға дайын білімді құю керек деген көзқарас болса, ал жаңа технологияларды оқыту барысында бала бойындағы табиғи қабілеттерді жаңа белестерге көтеруді мақсат тұтатын ұстанымдарға негізделген оқытуды дербес жұмыс істеуге, алған білімді пайдалана білуге үйрету.

Қазірде ана тілі сабағанда жаңа технологияларды падалануда көркем шығармаларды оқытуда сабаққа мынадай талаптар қойылады:

- А) дидактикалық;
- Ә) дамытушылық;
- Б) тәрбиелік;
- В) гигиеналық;
- Г) психологиялық, ұйымдастырушылық талаптарды ескеру керек.

Сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмау керек. Мұғалім шеберлігі арқылы баланың білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Ал, ол сұрақ әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді. Мұғалім сонымен, сабақ өту барысында педагогикалық шеберлігіне байланысты тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана білу қажет. Тиімді әдістерді пайдалану барысында оқушының білімге деген қызығушылығын одан әрі арттыруға, терең ойлау қабілетінің белсенділігін қалыптастыруға болады .

Ана тілінің әдістемесінің іргетасын қалаушы аса көрнекті ғалымы педагог А.Байтұрсынов: « ...Әдіссіз тек мәніс білім – өлі білім, тіршілік тірлік – шарасы. Тіршілік шаранасына үйретілетін білім түрі болу керек. Ондай білімді адам мәніс білім мен әдіс білімін қатар үйренгенде болмақ әдіс – кезекшіліктен шығатын нәрсе, әдістің

жақсы-жаманы боламғы жұмсалатын орның керек қылуына қарай» деген. Демек, оқыту жұмысының нәтижелі болуы оқыту әдістерін қолайлы етіп, таңдап ала білуге тікелей байланысты.

Мұғалім ана тілін сабағында көркем шығармаларды оқытуда жаңа технологияларды пайдалануда, қажетті әдістерді тиімді пайдалана білгенде ғана өз мақсатына жетеді. Мұғалім ана тілі сабағында қазірде қолданып жүрген белсенді оқыту әдістерді пайдалана білу керек.

- Белсенді оқыту әдістері кластық-сабақтық жүйедегі оқу үдерісінде, мемлекеттік стандарттар мен бағдарламаларды өзгертуді талап етпей ешбір қиындықсыз қолдана алды.

- Белсенді оқыту әдістері бүгінгі білім саласындағы гумандандыру, демократияландыру, жеке тұлғаны дамыту сияқты келелі мәселелерді шешуді қамтамасыз етеді;

- Оқытудың белсенді әдістері білім алушылардың интеллектуалдық, шығармашылық деңгейін жоғарлатып, жекелігін қалыптастырады;

- Белсенді оқыту әдістері мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттырып, шығармашылық әлеуметінің дамуына және кәсіби әрекеттің шындалуына жол ашады.

Қазірде мұғалімдер көркем шығармаларды оқытуда пайдаланып жүрген әдістерге тоқталайық:

Көркем шығармаларды оқытуда ұтымды әдістердің бірі – *ойын*. Ойын әдісін сабақта қалай пайдалануға болатынын көрейік. Осы ойын әдісі арқылы оқу үдерісін жандандырып, сабақтың сапасын арттыруға толық мүмкіншілік бар. Баланың сөздік қорын молайтып, сөзді еркін, өз мағынасында қолдануға, тез, жылдам сөйлеуге жаттықтыруға таптырмайтын құрал.

Мысалы, «Жұмбақ шешу» ойыны оқушыларды тілін жаттықтырып, еске сақтау қабілетін жетілдіре түседі. «Жұмбақ шешу» ойынын жарыс түрінде өткізуге болады. Жұмбақ ойыны баланы өздігінен ойлануына мүмкіндік беріледі, оларды дерексіз ойлаудан нақтылы ойлауға жетелей түседі.

*Топпен жұмыс* әдіс арқылы баланы ұжымда жұмыс істеуге, өз ойын ұжымда айта білу, өзін-өзі ұстай білуге үйрету. Мысалы, 2 сынып ана тілі сабағында М.Дулатовтың «Байлық» көркем шығармасын оқытуда мұғалім оқушыларды топқа бөледі. (Топпен жұмыс.) Оқушыларға сұрақтар жазылған карточкалар таратылады.

*I топ:* Жарлы жігітке сипаттама бер. Ұнай ма? Неге?

*II топ:* Ұстазға мінездеме бер. Ұқсағыларың келе ме? Неге?

*III топ:* Бұл әңгіме туралы не ойлайсыңдар?

*IV топ:* “Еңбексіз күнің жоқ” дегенді қалай түсінесіңдер?

*V топ:* Әңгіменің ұнаған жақсы жақтарын, ұнамаған жақтарын айтып бер.

*VI топ:* Егер сендер жарлы жігіт (орнында) болсаңдар не істер едіңдер? деген сұрақтар төңірегінде оқушылар өз ойларын талқылап, сұраққа дұрыс жауап іздейді. Осы топпен жұмыста оқушылар жұбымен пікір бөліседі. Топпен пікірлер бөліседі, де әр топ ойларын ортаға салады, ой алмасады.

Ана тілі сабағында көркем шығарманы оқытуда тиімді әдістің – бірі *проблемалық әдіс*.

Оқушының алдына проблема қойып үйретуде мынадай қағиданы басшылыққа алдық:

- Проблемалық жағдайдың бала көңіл-күйіне сәйкес келуін қадағалау;
- Шешілетін проблеманың оқушы үшін иаңызды болуы;
- Оқушы мен мұғалімнің диалогының өзара түсіністік сипатта құрылуы.

Жалпы көркем шығарманың құрылымдық ерекшелігін түсіндіру проблемалық сұрақтардан тұрады. Талдау барысында « көркем шығарманың мазмұнын тез түсіне аламыз ба?» деген проблемалық сұрақ туады. Мұғалім «неліктен олай ойлайсың» деген сұрағымен проблема нақтыланады

Сабақта қызықты да тартымды өткізу үшін тиімді әдістің бірі – *интерактивті әдіс*. Интерактивті әдіс бір уақытта бірнеше міндетті шешуге мүмкіндік береді.

Ол ең алдымен коммуникативтік іскерлік пен дағдыны дамытады. Тәрбиелік міндеттерді шешуге көмектеседі, себебі балалар топта жұмыс жасауға, бір-бірінің ойын тыңдауға үйренеді. Интерактивті әдіс мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуін өзгертеді, мұғалім белсенділігі, оқушы белсенділігімен ауысады.

*Өлең құрастыру әдісі*. Бұл жұмысты екі түрлі тәсіл арқылы жүргізуге болады.

а) дайын өлең жолын ұсынып, оқушыларға соны аяқтауды тапсыруға болады.

Мысалы, Ө.Тұрманжановтың «Туған өлкем» өлеңінде

«Неткен сұлу, неткен көркем,

Осы менің туған өлкем», - ұсынылған жолдар. т.б.

ә) дайын ұйқастар ұсынылады. Мысалы, «Күз» тақырыбына арнайы төмендегі ұйқас бойынша өлең құрастыру тапсырылады:

байлық,

алдық.

құс біткен

қалдық.

Оқушы тапсырмасының орындалу :

Күз – береке, күз байлық,

Күзде өнім мол алдық.

«Қош» айтысып құс біткен

Кеткен ұшып біз қалдық.

*Эссе жазу әдісі*. – француз тілінен аударғанда «шағын көлемдегі ойталқы жазу» яғни белгілі бір көріністен алған әсерін, белгілі бір сұрақ төңірегінде ойға түйгенін қағаз бетіне түсіру деген сөз. Эссені жаздыру ойдың сауатты түрде анық қалыптасуына, ой логикасының жүйелі сақталуына көмектеседі.

Эссені қолданудың төрт түрлі жағдайын анықтауға болады:

1) 30-минуттық (бақылау) өзіндік жұмыс ретінде беріледі;

2) Жаңа материалды бекіту мақсатында 10 минуттық шығарма түрінде қолданылады.

3) Сабақ қортындысын шығару үшін және сабақта туған ойларды жазып шығу үшін қолданылады;

4) Эссені өзіндік шығармашылық тапсырма ретінде, үй жұмысына беруге болады.

Эссе белгілі бір проблемалық сұрақ төңірегінде жеке ұғымдар мен анықтамаларды қолана отырып, оқушыны ойландыруға мүмкіндік береді. Мысалы, мақал-мәтелдерді өту барысында еңбек жайлы мақал-мәтелді өткеннен кейін «Еңбексіз өмір жоқ» тақырыбына жазу. Эссе жазу оқушыға талқылау мәтінін құрастыруды үйретіп, өз ойын байланыстырып жазуға мүмкіндік ашылады. Ой қортындысын жасап, пікір білдіру әдеби нормадан ауытқымай, ойды сөзбен байланыстыру, сөзді орынды қолдандауға септігін тигізеді.

Қорыта айтқанда, ана тілі сабағында көркем шығармаларды оқытуда жаңа технологияларды қолданғанда; оқушылар жұппен, топпен, жұмыс жасайды. Көркем шығармаларды оқытуда мұғалімдердің алдында тұрған міндеттері аса маңызды. Сондықтан да, әр бастауыш сынып мұғалімі өз алдында нақты бір бағытты анықтап алған жөн.

Мәселен, оқушылардың ана тілі пәніне деген қызығушылығын дамыту; ана тілі сабақтарында көркем шығармалардың оқытуда сөйлеу белсенділігін арттыру; өтілетін тақырыпқа байланысты оқушыларды өз бетінше мазмұндауға қызықтыру; Мұғалім сабақ өту барысында осыдай әрүрлі әдістер пайдаланса, онда мұғалім өз алдына қойған міндеттеріне жетеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ушинский К.Д. Балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі таңдамалы пікірлері. Алматы, 1951-72б.
2. Мұхтарова М.С. Ана тілі сабағында оқушылардың ойлау қабілетін дамыту//Бастауыш мектеп-2008 №3-24б.
3. Базарбекова Р.Ж. Бастауыш сынып оқушыларын жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйрету әдістемесі: дис. п.ғ.к. Алматы, 2008-74б.
4. Есімбекова Б.О Жаңа педагогикалық технологияларды оқу үдерісінде қолдану//Педагогикалық кеңес -2008 №3-2б.
5. Дьяченко В.К. Новая педагогическая технология в действии. Начальная школа-1994г.

## ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ана тілі сабағында көркем шығармаларды оқытуда жаңа технологиялардың ерекшеліктері қарастырылады.

## РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются особенности новых технологий на уроках литературы при изучении художественных произведений.

## **БОЛАШАҚ КӘСІБИ МАМАНДАРДЫҢ ТІЛДІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНІҢ МАҢЫЗЫ**

Таубаева Ғ.З. – п.ғ.к., доцент (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Бәсекелестік өмір сүрудің басты шарты болып отырған өзгермелі кезеңде жоғары білім беру жүйесіне қойылатын талаптар да күшейіп отыр. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында «Жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық дамыту жолдарын, білім беру және ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады», - деп көрсетілген. /1/.

Қоғамдық жаңа әлеуметтік мәдени жағдайында өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беруде өздігімен дербес тиімді педагогикалық жолдарды таба білетін, білімді де қабілетті, ұлттық құндылықтарымыз бабалар дәстүрлерін сақтай отырып, тәуелсіз Қазақстан экономикасын дамытатын білікті кәсіби маман даярлау ісіне деген сұраныс жылдан-жылға өсуде. Бұл міндеттің мәні ұлттық дәстүрлер мен өркениет жетістіктерін сабақтастыра дарытып кәсіби құзіреттілігін арттыратын, әрі патриот, әрі ізгі ұрпақ тәрбиесімен айқындалмақ.

Қазақстан Республикалық Білім туралы Заңында «...білім беру жүйесі міндеттерінің бірі ретінде белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық – саяси экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыруы» атап көрсетілген /2/.

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаттарының бірі «дүниеге жауапкершілікпен қарайтын шығармашылықпен ойлауға дағдыланған, мәдениеті жетілген, адамгершілігі мол, білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыру»/3/, шебер сөйлейтін, шешен мамандарды дайындау.

Осы ретте мамандар даярлайтын жоғары оқу орындары алдында үлкен де салмақты міндеттер тұр. Бұл міндеттердің шешімі студенттерге мемлекеттік стандартқа, оқу бағдарламаларына сәйкес ғылым салаларынан білім берумен ғана шектелмей, студенттер болашақ кәсібін терең түсінетін, меңгерген білімін мазмұнды, дәлелді түрде, әдеби тілмен шебер жеткізе алатындай, тіл байлығы мол маман болып шығуы тиіс. Сондықтан, жоғары оқу орнында оқытылатын пәндер арқылы студенттерді өз ойларын жүйелі, түсінікті етіп, шебер сөйлеу үрдісіне дағдыландыру маңызды мәселе болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде, болашақ мектепке дейінгі ұйым мамандары терең кәсіби білімімен бірге, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, өз ойын, пікірін жүйелі түрде жеткізе алатын, сөйлеу шеберлігі қалыптасқан маман болуы тиіс.

Мектепке дейінгі ұйымдарда жасөспірімді қоғам талабына сай етіп білім нәрімен сусындатып, саналы тәрбие беретін тәрбиеші - педагогтарды дайындауда. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университетінің үлесі зор. Балабақшада білімдік-тәрбиелік үдеріс тіл арқылы жүзеге асатындықтан, оны балалар ересектерден, яғни ата - аналар мен тәрбиешілерден үйренеді.

Мектепке дейінгі мекемелердегі оқу-тәрбие үрдісі, яғни балалардың ой-өрісін кеңейту, ақыл-ойын дамыту, мінез-құлқын, адами қасиеттерін қалыптастыру, еркін тәрбиелеудің бәрі тәрбиеші - педагогтың сөзі арқылы іске асырылады.

Балалардың сөздік қоры, сөйлеу мәнері, сөз сарыны ересектерге еліктеу арқылы қалыптасады. Қоршаған өмір тіршілігімен балаларды таныстырып білім беруде олардың нені қай дәрежеде ұққанын, нені есіне сақтағанын байқау, ойыншықпен ,түрлі затпен, оқу құралдарымен, суретпен көрсетіп балаға үйретуде тәрбиеші - педагогтың әбден төселген сөйлеу дағдысы, сөйлеу мәнері, сөздік қоры мен байлығы, тілдік тәсілдер мен сөз шеберлігін дәл орнымен қолдану білуі қажет. Сондықтан, тәрбиеші - педагогтың сөздік қоры бай, тілі орамды, жатық, дыбыстау мәдениеті өрісті де өрелі болғаны дұрыс.

Ендеше, әрбір көркем шығарманы қызығып оқып түсініп, ұғып, әсер алғанда ғана баланың рухани жан дүниесі байып, дамиды. Сонда ғана, көркем әдебиет қоғамдық дамуға бірден - бір әсер етуші әлеуметтік күшке йналады. Сондықтан, мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеші - педагог даярлауда аталған жоғары оқу орындарындағы балалар әдебиет сабағының мақсаты – студенттер көркем шығармалар арқылы балалардың тілін дамыту, оларды инабаттылық пен парасаттылыққа, имандылық пен сұлулыққа, ұлағаттылыққа, мейірімділікке, жомарттылыққа, ізгілікке, эстетикалық сезімдерін, талғамын дамытудағы халық ауыз әдебиеті (мақал - мәтелдер мен жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер мен аңыз әңгімелер, т.б) мен қазақтың ақын -жазушылар шығармаларының тәрбиелік, білімдік мәнін ұғындыру болып табылады. Осындай міндеттерді бала бойына сіңіруде оқу пәнінің алатын орны жоғары екендігін байқаймыз

Жоғары оқу орындарының дәстүрлі білім беру жүйесінде мамандар даярлаудың басты мақсаты – мамандықты игерту ғана болған болса, ал әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті маман дайындау үшін оның құзырлық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну екендігі баршамызға аян.

Ресей ғалымы Н.В. Кузмина «Құзіреттілік дегеніміз – педагогтың басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығы» деген /4/ пікір айтса, М.В. Рыжаков: «Компотенция адамның білімі мен практикасындағы іс-әрекеттер арасында болатын қатынас ортасы» деген пікір айтады. Сонымен, құзырлық дегеніміз – адамның өз білімі, біліклігі және дағдылары негізінде нақты кәсіп аясында жоғары сапалы және мөлшерлік еңбек нәтижелеріне жету үшін нақты жұмыс түрлерін білікті атқара алу қабілеті. Қазақстанда құзіреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілерін Ш.Х. Құрманалина, Б.Т. Кенжебеков, Г.Ж. Меңлібекова, Б.Қасқатаева, М.В. Семёнова, және т.б. ғалымдар зерттеген. Б.Т. Кенжебеков: «кәсіби

құзіреттілік – бұл кіріктірілген іргелі білімдер, адамның қабілеттері мен жинақталған біліктіліктерінің, оның кәсіби маңызды сапаларының, технологияны жоғары деңгейде меңгеруінің, мәдениеті мен шеберлігінің, ұйымдастырудағы шығармашылық әрекетінің, өзін-өзі дамытуға дайындығының бірігуі» десе /5/, Г.Ж. Меңлібекова: «әлеуметтік құзіреттілік – адамның әлеуметтік шындықты құндылық ретінде түсінуінің, әрекетті басқарудағы нақты әлеуметтік білімінің, өзін анықтаудағы субъективтік қабілетінің, әлеуметтік технологияны жүзеге асыру біліктілігінің бірігуі ретіндегі кіріктірілген сапалық қасиеттері» деген пікір айтқан /6/.

Құзырлылық студент атқаратын іс-әрекеттің барлық түріне байланысты емес, ол тек базалық оқу пәндері мен оның негізгі бөліктерімен ерекшеленеді. Сондықтан да білімділік құзырлылықтың қызметін анықтауда оның құрамын білу маңызды болып табылады. Білімділік құзырлықты меңгеруде оқытудың дидактикалық ұстанымдарын жүзеге асыру мақсаты көзделеді, бұл жерде білімділік бағыт жекедаралық іс-әрекет сипат алады. Құзырлықтың ең ірі бөлігі базалық, яғни білім мазмұнының тұтастығы болса, екінші саты түйінді құзіреттілікке білім аясы негізге алынады, пәндік құзырлылық осы нақты тұжырымдалған біліктер бойынша оқушы білімін бағалаудың әр пән бойынша жіктелуі болып табылады. Ал, оларды іріктеу мен нақтылау түйінді білімділік құзіреттілікті құрайтын құндылықты: мәнді, жалпымәдени, оқу - танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік-кәсіптік және дара тұлғаның өзін-өзі жетілдіруге бағытталуы сияқты түйінді негіздер арқылы оқу пәндер бойынша іске асады. Түйінді білімділік компетенцияларды анықтауда сыни ойлауға үйрету жүйесінен туындайтын бағалау категориялары шығады. Бұл жерде студент барлық өмірге қажетті мәселелер төңірегінде өзіндік шешім қабылдай алуы тиіс және шешімдер нақты, дәлелді болуы керек /7/.

Нәтижеге бағдарланған білімді пәндік құзырлылық тұрғысынан қарастыратын болсақ, жоғары оқу орындарында «Балалар әдебиеті» пәні баланың ішкі сезімдері арқылы ойлау, пайымдау, тұжырымдау, тыңдау, түсіну, пікірлесу, т.б. тілдік коммуникативтік қатынастарды жинақтаған пәндік білімдері негізінде өмірлік қажеттілікке айналдыра білуді нысана етеді. Студенттер әдеби білім алу арқылы балалар әдебиетін пән ретінде ғана игеріп қоймайды, ол сол пәндік білім негізінде болмысты танып біледі, одан ақпараттық мағлұматтар алады және сезімдік құндылықтар болып табылатын адами қасиеттерді бойына сіңіре отырып, мәдениетті, салауатты қарым-қатынасқа түседі, ал бұл балалар әдебиетінің білімділік құзіреттілік бағытына әкеледі /8/.

Әлемдік білім кеңістігінде болып жатқан жаңа бағыт, жаңа көзқарастар бүгінгі оқыту жүйесіне нәтижеге бағытталған міндеті жүктеліп отыр.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. – Алматы., 2004.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, - Алматы., 2007.
3. Тілдерді қолдану және дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.- Алматы., 2007.
4. Кузмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. М., 1990
5. Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру. Пед. Ғыл. Докт. Авторефер. Қарағанды, 2005
6. Меңлібекова Г.Ж. Бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың кәсіби – дидактикалық құзіреттілігін қалыптастырудың ғылыми – педагогикалық негіздері. Пед. Ғыл. Докт. Авторефер. Астана, 2003

7. Абдурахманова Г. Коммуникациялық технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктері. // Қазақстан мектебі,- Алматы., 2006. №3  
8. Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы., «Білім», 2009

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада болашақ кәсіби мамандардың тілдік мәдениетін қалыптастыруда балалар әдебиеті пәнінің маңызы туралы айтылады.

#### РЕЗЮМЕ

В статье говорится о роли и значении детской литературы в формировании речевой культуры будущих специалистов.

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Текесбаева А.М. – п.ғ.к., доцент (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Ғасырлар бойы адамзаттың озық ойлы өкілдерін ойландырған, әлі күнге дейін зерттеулер өзегі болып келе жатқан адам проблемасы - қазіргі күннің де өзекті мәселесі.

Адамдың жеке басының қалыптасу проблемаларына сонау көне заманның ойшылдары да ерекше көңіл аударғандығы белгілі. Адамды танып білудің философиялық бағдарламасы ретінде Сократтың “Өзіңді - өзің тани біл” немесе ғұлама бабамыз Қожа Ахмет Яссауидың “Өзіңді танығаның хақты танығаның”- деген қанатты сөздерімен қысқаша тұжырымдауларын ескеруге болады. Аристотель философиясының “Этика” бөлімі түгелдей адамдық проблемаларды қарастырып, оларға талдау береді. Ал француздың атақты философы Д.Дидро адамды жер бетіндегі мәдениеттің бар жетістіктерінің бірден-бір жасаушысы деп қарап, ең жоғарғы құндылық деп есептеген.

Қазақтың данышпан ақыны Абайдың негізгі зерттеу объектісі – адам. Сол адамның этикалық, эстетикалық бет пернесі, арман мақсаты, өмірінің мәні мен түйсігі, болмысы мен ұлттық ойлау ерекшелігі ұлы ойшылды терең тебіреністерге түсірген. Ол былай дейді:

“Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,  
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес  
“Мені” мен “менікінің” айырғанын  
“Өлді” деп ат қойыпты өңкей білмес....”

Адам проблемасы, оның дүниетанымы, қоршаған ортамен қарым- қатынасы, адамның өмірі мен тұрмысының мәні философиялық негізгі өзегін, басты проблемасын құрайды.

Бүгінгі таңда еліміздің ғалымдары тұлғаның рухани феноменін зерттеуді жалғастыруда.

Педагогика бала дамуына ықпал ететін факторларға: тұқымқуалаушылықты, әлеуметтік ортаны және тәрбиені жатқызады. Оның шіндегі жеке тұлғаны дамытудағы бастысы – тәрбие деп көрсетеді. Д.Локк тәрбиенің шешуші рөлін мойындай келіп, адам тәрбие арқылы жетіледі деп, бала жанын ақ тақтаға теңейді.

Қазақ педагогтарының ішінен Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев, Е.Сағындықұлы, С.Қ.Қалиев т. б. оқушылардың дамуы туралы зерттеулерінен нәтиже тапқан. Ғылымда

даму туралы шетел зерттеушілері Л.Термен, Э.Геккель, Ф.Мюллер. И.Шванцара елеулі із қалдырды.

Оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруда тәрбие мәселесіне мән берген ағартушыларымыздың еңбегі өте көп. Көптеген педагогика оқулықтарында дүниетанымға адамның табиғат пен әлеуметтік ортаны түсініп білуін, онымен дұрыс қарым-қатынас жасау іс-әрекетінің бағытын бейнелейтін көзқарастардың бірыңғай жүйесі деген анықтама беріледі.

Ғылыми зерттеудің нәтижесі, педагогикалық ғылыми еңбектерде дүниетанымның құрылымдық компоненттерінің 4 түрінің бар екенін көрсетіп жүр. Олар: 1) білім 2) сенім 3) адам мұраты 4) дүниетаным.

Дүниетаным құрылымының компоненттері жайлы Ж.Б.Қоянбаев та осындай пікірде. Ол балалардың жас ерекшеліктеріне және күрделі дүниетанымдық ұғымды игеру қабілетіне қарай бастауыш, орта, жоғары мектеп жасындағы оқушылар қандай дүниетанымдық ұғымды меңгеруі керектігін саралап көрсетеді. Оның ішінен бастауыш сынып оқушылары дүние, табиғат құбылыстары, адамның табиғатпен өзара әрекеттесуі, қоғамдағы оның іс-әрекеті туралы ғылыми білімнің бастапқы негіздерін игереді. Оқыту мен тәрбие процесінде Отан, халық, бейбітшілік туралы түсінігі қалыптасады деген ой-тұжырым жасайды.

Ғылыми педагогикалық әдебиеттерде дүниетаным мәні мен оның қалыптасу процесін шешу туралы пікірлер мен көзқарастар сан алуан. Педагогикалық әдебиеттер ғылыми дүниетанымды қалыптастыруға байланысты жүргізілетін жұмыстарда оқушылардың жас ерекшелігін ескерудің маңыздылығын аңғартады.

Оқыту барысында ғылыми дүниетанымды қалыптастырудың мәселелері бойынша педагогикалық және психологиялық әдебиетте маңызды бірнеше сұрақтар бөлінеді: дүниетанымды қалыптастыруда білімнің ролі; білімнің сенімге айналу жолдары мен мәні; оқу үдерісінде дүниетанымдық міндеттерді шешу үшін оқушылар позициясының мәні; дүниетанымды қалыптастыруға оқушылардың жас ерекшелігінің әсері; оқушыларда дүниетанымды қалыптастыру үшін қажетті жалпы және ерекше жағдайлар.

В.А.Сухомлинский, Э.И.Монозон, И.Я.Лернер, Г.И.Щукина, И.В.Сысоенко, А.Т.Кинкулькина, З.И.Равкина т.б. педагогтар еңбектерінде ғылыми дүниетанымды қалыптастырудың жалпы педагогикалық және дидактикалық жағдайына байланысты маңызды мәселелер зерттеледі.

Дүниетанымдық білім туралы К.Д.Ушинский: “Әрбір сыныптан, ең кіші сыныптан бастап оқушылардың жасына қолайлы өзінің жинақталған көзқарасы болуы керек... Әрбір жыл сайын бұл көзқарастың тереңдетілуі, кеңеюі, толықтырылуы тиіс”, - деп тұжырымдайды.

Бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру - ұзақ үдеріс болып табылады. Оның нәтижелігі оқу-тәрбие жұмысының мақсатылығына байланысты болмақ. Дүниетаным бастауыш сынып оқушыларын дүниені диалектика заңдылығына сай тануға, өзгертуге, ғылыми тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді. Ол оқушыларды ғылыми әдіснамамен және ойлау тәсілдерімен қаруландырады. Дүниетаным қоғамдық сананың барлық формаларына, дүниеге қатынасын анықтайды. Ол ғылыми білімдердің жүйесіне негізделеді.

Бастауыш сынып оқушыларының ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың маңызды алғы шарттарының бірі – нақты деректерге негізделген білімді меңгеру. Ғылыми дүниетанымның негізделетін іргетасы - ғылыми білім. Ғылыми білім жеке тұлғаны қалыптастырудың және дүниені танып білудің тірегі болып табылады. Білім неғұрлым ғылыми, терең, нақты деректерге негізделген болса, соғұрлым оқушының табиғат пен қоғам дамуының объективтік заңдылықтары туралы түсінігі жинақталып, объективтік дүние құбылыстарын ғылыми тұрғыдан түсінеді. Білім объективті дүниені бейнелейтін адам баласының мол тәжірибесі. Білім арқылы адам табиғаттың, қоғам

құбылыстарының объективті жақтарын зерттеп, түсінеді. Бұл жайлы С.М.Торайғыров бізді қоршап тұрған дүние сыры мол, үлкен дүние, бірақ оны тануға әбден болады деп, мұнда ғылымның алатын орнын ерекше екендігін былайша түйеді:

Зерттесе де адамға білмейтін ғып,  
Дүние ешбір сырын жасырмаған...  
Әлемдегі терең сыр  
Ғылыммен ғана ашылмақ,

немесе Абай: "...адамды, қоршаған ортаның, табиғаттың ішкі сырын білім, ғылым арқылы білуге болады"- дейді.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің басты міндеті – оқушыларға тек белгілі бір білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларда адамзаттық позицияларды, құндылық бағдарды қалыптастыратын дүниетанымды қалыптастыру. Дүниетанымды қалыптастыру өсіп келе жатқан жас ұрпақты тәрбиелеудің, қиындықты жеңе білуде дайын болуға тәрбиелеудің қажетті шарты болып табылады. Бүгінгі нарықтық заманда дүниетаным мәселесі – білім берудің ең жоғарғы мақсаттарының бірі болып отыр. Еркін елдің ертеңгі кемеңгерлерін ұлттық игіліктер мен адамзаттың мәдени мұраларының сабақтастығын сақтап, олардың дүниетанымының жан-жақты болуына жағдай жасау - кезек күттірмейтін мәселе.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада. бастауыш сынып оқушыларының ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың педагогикалық негіздері қарастырылады.

#### РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются педагогические основы формирования научного мировоззрения учащихся начальных классов.

### ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ ТІЛ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Текесбаева Р.М. - № 19 жалпы білім беретін мектептің мұғалімі (Алматы қ.)

Тіл дамыту жұмыстарының негізгі мақсаты - өзге тілді жастардың өз ойын қазақ тілінде ауызша не жазбаша түрде толық жеткізуге, қазақ тілінде сөйлеген сөзді жақсы түсінуге үйрету. Орыс тілді сыныптарда қазақ тілін оқытудың алғашқы кезеңінде оқушылардың ауызша сөйлеу мәдениетін дамытуға баса көңіл аударылады.

Оқу тілі орыс тілінде жүретін сыныптарда тіл дамыту жұмысына мынандай талаптар қойылады: тіл дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру; тіліміздегі сөздерді орфоэпиялық ережелерге сай айта білуін қалыптастыру; сөздерді дұрыс байланыстырып, өз ойын дұрыс, жүйелі жеткізе білуге үйрету, т.б.

Орыс тілді сыныптарда ауызша тіл дамыту жұмыстарына баса назар аударылады. Мұғалім әр оқушының ауызша жауабын тыңдай отырып, оның қандай қате жібергенін анықтап, сол қателерді жою мақсатында түрлі жұмыстар жүргізуі тиіс. Әсіресе, мәтін мазмұнын қысқаша әңгімелету, мәтінге ауызша жоспар жасату, сөйлем құрастыру, белгі адамдар өмірі мен шығармашылығы туралы ауызша немесе жазбаша әңгімелету, т.б. жұмыс түрлерін жүйелі түрде жүргізіп отыру қажет.

Оқушының сөздік қорын дамыту, грамматикалық дағдыларды қалыптастыру, дыбыстарды дұрыс айта білу, сөз тіркесін құрастыра білу қабілеттерін дамыту – байланыстырып сөйлеуге үйретудің шарты. Бұған Ы.Мамановтың: «Сөздердің бір-бірімен байланысып, сөз тіркесін құрауда грамматикалық формалардың басты рөл

атқаратынын, ендеше грамматикасыз тіл үйрету мүмкін емес ...», - деген тұжырымы дәлел бола алады.

Оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру олардың дұрыс жазу дағдысын меңгеруіне негіз болады. Оқушыны қазақ тілінде сөйлеуге үйретуді тілімізге тән дыбыстарды меңгертуден бастаған жөн. Қазақ тіліне тән дыбыстардың емлесін меңгерген оқушы тіліміздегі сөздерді дұрыс айтып, жаза білетін болады. Тілімізге тән дыбыстарды жекелей айтқызу арқылы кез келген сөз құрамында осы дыбыстардың дұрыс айтылуын меңгертуге дайындаймыз. Қазақ тіліне тән дыбыстарды өткенде жаңа сөздерді меңгертіп отырамыз. Бұл қазақ тілінің фонетикасын оқып үйренудің лексикамен тығыз байланысын айқындайды.

Қазақ тілінде дұрыс сөйлеуге үйретудің басты шарты – үндестік заңын меңгерту болып табылады. Дыбыстардың өзара тіркесу заңдылықтарын, сөздердің байланысу жолдарын білмей тұрып, сөйлем құрату мүмкін емес.

Оқушылардың қазақ тілін меңгерту үшін мынандай жұмыстарды ұйымдастыру тиімді:

1. Фонетика, лексика, синтаксис мәселелерін салыстыра отырып, ережелерді меңгерту.

2. Сабақта сұрақ-жауап әдісін жиі қолдана отырып, оқушылардың қазақша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға тырысу.

3. Мәтінмен жұмыс. Мәтін бойынша жұмысты түрлі жолмен өткізуге болады:

- мәнерлеп оқыту;
- түсінуге қиын сөздердің мағынасын ашу;
- мәтіннен жаңа сөздерді тапқызу, олардың айтылуы мен жазылуын, мағынасын

меңгерту;

- мәтін бойынша сұрақтар қойып, оған жауап алу;
- мәтінге тақырып қойғызу;
- мәтін бойынша жоспар жасату;
- мәтін мазмұнын әңгімелету;
- мәтін мазмұны бойынша оқушыларға сұрақ дайындату, т.б.

4. Жаттығу жұмысы. Жаттығу – грамматиканың теориялық курсы бойынша білімді бекіту мақсатындағы оқушының белгілі бір оқу тапсырмасын орындауы. Сыныпта орындалатын жаттығулар алуан түрлі болып келеді. Әсіресе, түсірілген сөздерді табу, сөйлемдерді өзгерту, сөйлемді аяқтау, сөйлемді кеңейту, сөйлемді тарылту, көп нүктенің орнына тілдік тұлғаларды қою, сурет бойынша әңгіме құрастыру, сөйлемді толықтыру, т.б. жаттығу жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылардың қазақша сөйлеу қабілетін дамытуға болады. Мұнда оқушылардың грамматикалық материалдарды бағдарламаға сай меңгеру, сөздерді ауызша сөйлеу барысында дұрыс қолдануы үшін тілдік тұлғалардың қолданылу заңдылықтарын білуі қажет. Грамматиканың заңдылықтарын меңгеріп, оны сөйлеуде қолдану арқылы тиянақты ойды білдіруге болады. Алайда грамматиканың заңдылықтарын жатқа білгенмен, оны сөйлеуде қолдана алмаса, ол тіл білгенге жатпайды. Сөйлемді толықтыру жаттығуларында берілген сөздерден сөйлем құрату, әр сөздің мағынасын орысша, қазақша түсіндіру, дәптерге, тақтаға жаздыру жұмыстары жүргізіледі.

5. Қайталау – тіл үйретудің негізгі шарты. Сабақ барысында меңгерген сөздерді қазақша көбірек қайталату, сөйлетіп жаттықтыра беру қажет. Сөздерді жиі қайталату сол сөзді ұмытпау үшін керек. Мұндай жұмыс түрінде орыс тілінде жеке сөзді атап, қазақ тіліндегі аудармасын оқушыларға айтқызу арқылы тексеруге болады.

6. Мәнерлеп оқу немесе жаттау. Белгілі бір мәтінді, сөйлемді мәнерлеп оқыту тілді меңгертуге септігін тигізеді. Өлеңдер, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар жаттатудың да маңызы зор.

7. Жаңа сөздермен жұмыс тіл дамыту барысында ерекше орын алады. Оқушы әр сабақ барысында белгілі бір мөлшерде жаңа сөздерді меңгеруі тиіс.

оқушылардың тілді белсенді меңгеруі үшін ол сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануы керек. Сабақ барысында сөздерді жеке дара емес, белгілі бір жағдайға байланысты тақырып аясында қолдануға мүмкіндік жасалуы тиіс. Ахмет Байтұрсынұлының: «Тіл дамыту мәселесі тек қана грамматика заңдарына үйреніп, не болмаса, сөздерді балаға үйретіп қана емес, сөзді тіршілігінде көрсету барысында ғана шешуге болады», – деген тұжырымы бұған дәлел бола алады.

Сөздік қордың жүйелі болуы тақырыптың дұрыс таңдалуымен тікелей байланысты. Тақырып аясына тиісті сөздерді топтау басқа ұлт өкілдерінің қазақ тіліндегі сөздік қорын арттырып, бір-бірімен осы тілде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жеке сөздің өз бойындағы бар мүмкіндігін толық бере алмайтындығын үнемі ескерген жөн. Тіліміздегі лексикалық мағынасы бар сөздердің өзін бір ғана мағынамен шектеуге болмайды.

Сөздердің тура және ауыспалы мағынасын, көп мағыналы сөздерді, омоним, синоним, антоним сөздерді меңгерту олардың қазақша сөйлеу тілінің қалыптасуына, өз ойларын нақты, жүйелі, әсерлі жеткізе білуіне ықпалын тигізеді.

Білім беру саласындағы түбегейлі өзгерістер елімізге қазақшаға жетік, сауатты, білікті мамандар қажет екендігін көрсетіп отыр. Сондықтан тіл үйретудің тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруымыз керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маманов Ы. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту. Алматы, 1980
2. Текучев А.В. Методика преподавание русского языка. М., 1980
3. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы, 1989

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ тілі сабақтарында оқушылардың тілін дамыту жолдары қарастырылған.

#### РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются методы обучения русской аудиторией казахскому языку.

### **12 ЖЫЛДЫҚ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ МАКСАТЫ МЕН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ**

Шарипходжаева Ж.Б. - аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

12 жылдық білім берудің басты мақсаты: Өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

Білім берудің күтілетін нәтижелері белгіленген мақсатқа сәйкес мектеп түлегінің негізгі құзырлығы төмендегіше анықталады:

Құндылықты-бағдарлы құзыреттілік - оқушының қоршаған ортаны бірдей қабылдайтын қабілеті, жоғары әдептілік. құндылықтар негізінде жасампаз қоғам өмірінде өзінің рөлін таба білу біліктілігі, азаматтылығы мен елжандылығы. Бұл құзыреттілік өмірдегі түрлі жағдайларда шешім қабылдай білу білігін қамтамасыз етеді. Ең бастысы, өзінің Отаны Қазақстан патриоты болу, азаматтық, белсенділігін көрсету, саяси жүйені түсіну, болып жатқан әлеуметтік жағдайларға баға бере білу.

Мәдениеттанымдық құзыреттілік — жалпы адамзаттық мәдениет жетістіктері негізіндегі іс-әрекет тәжірибесін және қоғамдағы дәстүрлер мен жеке, отбасылық және әлеуметтік өмірдік мәдениет негіздерін, этномәдениеттік құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерін тани білу. Адам мен қоғамның дамуындағы ғылымның ролін түсіну. Өзі халқының мәдениеті мен әлемнің мәдени көптүрлілігін түсінуге және бағалауға мүмкіндік беретін мәдени-демалыс қызметін тиімді ұйымдастыру тәсілдерін игеру; рухани келісім мен толеранттылық идеяларына бейім болу.

Оқу-танымдық құзыреттілік — оқушының зерттеу әрекеті мен езіндік оқу-танымдық процесін қамтамасыз ететін кешенді құзырлылық. Бұл құзырет өзінің білімділік қызметін ұйымдастыра білуді, тиімді жоспарлай білуді, сәйкес функционалдық сауаттылық талаптары негізіндегі білімді игеруде әлемнің ғылыми бағытын түсінуге ізденушілік - зерттеушілік әрекет дағдыларын игеруге мүмкіндік беретін өзінің әрекетіне талдау және қорытынды жасау тәсілдерін қарастырады.

Коммуникативті құзыреттілік — адамдармен өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерін білуді, түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істеу дағдыларын, қоғамдағы түрлі әлеуметтік рөлдерді орындауды, өмірдегі нақты жағдайларда шешім қабылдау үшін байланыстың түрлі объектілерін қолдана алу білігін, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуын қарастырады.

Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік — бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, талдай, тандай білу, өзгерте білу, сақтай білу, білім мен ақпаратты ақпараттық технологиялар мен техникалық объектілердің көмегімен жеткізуді жүзеге асыра білу және интерпретациялау білігі.

Әлеуметтік-еңбек құзыреттілік отбасылық, еңбек, экономикалық, саяси, қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді азаматтық-қоғамдық тәжірибе мен білімге ие болуды білдіреді. Бұл құзырет әлеуметтік қоғамдық жағдайларға нақты талдау жасай білуді, шешім қабылдай білуді, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білуді қарастырады.

Тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттілік. Бұл құзырет отбасылық, еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді азаматтық-қоғамдық қызмет білімі мен тәжірибесінің болуын білдіреді. Құзырет нақты әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білуді, түрлі өмірлік жағдайларда {өзінің мүмкіндігін нақты перспективалық жоспарлаумен салыстыра білу және қызметін өзіндік қадір-қасиет сезімімен ұйымдастыра білу, өзінің өмірі мен ісіне жауапты қарау) жеке және қоғам пайдасына сәйкес шешім қабылдауды және ықпал етуді қарастырады.

12 жылдық жалпы орта білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі төмендегі ұстанымдар негізінде ұйымдастырылды:

- жеке тұлғаның жас кезеңдерінің ескерілуі;
- күтілетін нәтижелердің жетістіктеріне бағыттылығы;
- оқытудың сабақтастығы;
- әрбір оқыту сатысының даралығы.

12 жылдық білім беру жағдайында мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру деңгейі ерекше мәнге ие болып отыр. 5 жастағы балаларды мектепалды даярлау олардың психологиялық, педагогикалық, дене және физиологиялық талаптарын ескере отырып, бастауыш мектепке оқытуға дайындау сапасының басты жағдайы ретінде жүзеге асырылуы тиіс.

1-саты

Жалпы орта білім беру (1—4-сыныптар)

Оқуды бастау жасы — 6 жас

Оқыту ұзақтығы — 4 жыл

1-сатыдағы негізгі бағдар — оқушының өзін-өзі таныту мүмкіндігі мен қоршаған ортасының шынайылығы туралы білімді игерудегі даралығын ашу, оқуға талабын және білігін қалыптастыру, яғни оқытудың келесі сатыларына қажетті танымдық қызығушылығын арттыру, кіші жастағы оқушылардың біртұтас оқу әрекетін қалыптастыруға ықпал ету.

Баланың тұлғалық қалыптасуын, оның қабілеттерінің тұтастай дамуын қамтамасыз ету. Бастауыш мектепте қажетті біліктер мен дағдыларды игеруге, оқу, жазу, санау, шығармашылықпен ойлау элементтерінің, жеке гигиенасы мен денсаулығын сақтау негізде-рінің болуына ықпал ететін оқу әрекетін ұйымдастыру.

2-саты

Жалпы орта білім беру (5—10-сыныптар)

Оқыту ұзақтығы — 6 жыл

2-сатының негізгі бағдары — негізгі жалпы білім алуға жағдай жасау, адамдар арасындағы және этносаралық қатынастар мәдениетін, тұлғаның біртұтас көзқарасын, өзін-өзі анықтауын қалыптастыру, тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыру тетіктерін, кәсіби және танымдық ой-пікірінің туындауына, теориялық ойлау тәсілдері мен ғылыми таным әдістерін игеруіне ықпал ететін оқу әрекетін ұйымдастыру.

Негізгі мектеп оқытуды бейіндік мектепте немесе кәсіптік бастауыш және орта білім беру ұйымдарында жалғастырудың базасы болып табылады.

Бұл сатының ерекшелігі оқушының мектептегі үшінші сатыдағы бейіндік оқытуға саналы тандау жасауға бағдар көрсететін бейіналды дайындықтың жүргізілуі болып есептеледі.

3-саты

Жалпы орта білім беру (11~12-сыныптар)

Оқыту ұзақтығы — 2 жыл

Үшінші сатының бағдары — жалпы орта білім берудің соңғы кезеңі болып табылатын, оқытудың саралануы мен даралануына, оқушылардың білімін жалғастыруға қатысты жеке және өмірлік өзін-өзі танытуына ықпал ететін талабымен, қызығушылық ниетімен сәйкес әлеуметтендіруге бағдарланған бейіндік оқытуды іске асыруға жағдай жасау.

Бейіндік оқыту жаратылыстану-математикалық, әлеуметтік-гуманитарлық және технологиялық бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

Бейіндеу (профилизация) нысандары мектептің педагогикалық әлеуетін, білімдік инфрақұрылымының мүмкіндігін, облыстың, қаланың, ауданның сұранысын ескере отырып анықталуы тиіс.

Бейіндік оқытуды іске асыру жалпы білім беретін мектептерде, гимназияларда, лицейлерде, дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептерде, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы мектептерде жүзеге асырылады.

Материалдық-техникалық жағдайын, кадрлық әлеуеті мен оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді ескере отырып, үшінші сатыдағы бейіндік оқыту төмендегі ұйымдастыру нысандары бойынша қарастырылады:

Бір бейінді мектеп — бір бейінді оқытуды іске асыру.

Көп бейінді мектеп — бірнеше бейінді оқытуды ұйымдастыру.

Жалпы білім беретін мектептердегі, гимназиялардағы, лицейлердегі, дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептердегі бейінді оқыту сыныптары.

Өңірлік ресурстық орталық — материалдық және кадрлық әлеуеті жеткілікті басқа мектептер бейіндік оқытуға пайдалана алатын ресурсы бар білім беру ұйымы. Ресурстық орталықтар ЖОО (жоғары оқу орындары), колледждер немесе білім беру орталықтары жанынан ұйымдастырылуы мүмкін. (Ауыл мектебі жағдайындағы ауылдық ресурстық орталық — айналасындағы мектептердің материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік және кадрлық әлеуетін кіріктіре алатын ауылда

толыққанды база мен бейіндік оқытуды қамтамасыз ете алатын, қуатты білім беру ұйымдарының бірлестігі.)

Сырттай оқытатын және кешкі мектептер еліміздің ЖОО, облыстық БАИ жанынан ашылған бейіндік мектептер мен ресурстық орталықтардың базасында жүзеге асырылады.

Ауылдық жер жағдайында шалғай ауылдан келетін оқушылардың тұруына мынадай жағдайлар жасалады:

- ауыл оқушыларына арналған бейіндік оқытудың барлық түрі ұсынылған мектеп-интернат;

- интернат типіндегі пансионат — шағын комплектілі ауыл мектептерінен келген оқушыларды тандаған бейіндеріне немесе ресурстық орталықтарына қарай аудан орталықтарындағы орта мектептерде жүзеге асырылады.

- 12 жылдық мектептегі білім беру процесінің моделі түрлі деңгейлі вариативті білім беру мазмұны негізінде және оқытудың репродуктивтілігі мен шығармашылық тех-нологиялары үйлесімді қабысқан мұғалім мен оқушының ынтымақтастығы негізінде қалыптастырылуы тиіс.

12 жылдық мектепте оқытуды ұйымдастыру жалпы дидактикалық ұстанымдармен бірге шешуші мәні бар мынадай принциптерге ие болады:

- жеке тұлғаның жас және психофизиологиялық даму ерекшелігінің ескерілуі;

- күтілген нәтижеге жетуге бағдарлығы;

- ашықтығы;

- интерактивтігі.

Нәтижеге бағдарланған білім беру моделінде оқыту оқушы (үйрену) мен мұғалімнің (оқыту) өзара байланыс әрекетіне әр оқу процесі компоненттерінің мақсаттарын шектеуді талап етуді мақсатты ұйымдастырылған болып табылады.

Мұғалім қызметінің мақсаты (оқыту):

- білім беру саласының пәндік және негізгі (ключевых) мақсаттарын ескере отырып, оқу процесінің нақты мақсаттарын жобалау;

- оқу процесін оқу материалдарын игеруді ұйымдастыру бойынша міндеттер кешенін шешуге бағдарланған білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес конструкциялау;

- оқу материалдарын даярлау және оқу мақсаттарына сәйкес оқытуды ұйымдастыру;

- оқу процесін жобалауға және іс жүзінде іске асыруда ақпараттық ортаның әлеуетін пайдалану;

- оқушының оқу материалын игеруінің тұлғалық-әрекеттік бағыттылығын реттеу;

- оқушының озық дамуын ұйымдастыру үшін толыққанды жағдай жасау (дамудың жақын зонасына жетуі);

- құзыреттілік түрінде жеке қол жеткізген нәтижелеріне жағымды эмоция туғызу, қолдау көрсету және психологиялық жағымды орта құру;

- оқушының өзінің алған білімін қолдана білудегі жеке тәжірибесі мен өзін-өзі анықтау, өзін таныту, өзіндік білімін көтеруге дайындығы бойынша білім алу кеңістігін кеңейту мүмкіндіктерін қарастыру;

- ағымдағы нәтижелерді бағалау, қойылған мақсаттарға жетуге бағытталған оқытуды уақытында түзету;

- Оқушы қызметінің мақсаты (үйрену):

- жеке білім беру траекториясын қоя білуге берілген мүмкіндікті қолдану (оқу материалын игеру деңгейі, қарқыны);

- әрекет ету әдістерін, тәсілдерін, біліктілігін оқу мен әлеуметтік құзыреттіліктің құрамдық бөлігі ретінде игеру;

- оқу жағдайларын шешуге немесе құзыреттіліктің пайда болуына арналған жұмыстардың әдістері мен тәсілдерін, біліктері мен дағдыларын кіріктіру;

- жалпы орта білім беретін мектептегі білім беру мазмұнын игеруге және оны өзінің жеке білімдік капиталына енгізуге арналған ақпараттық ортадағы (оқулықтар, оқу-

әдістемелік әдебиеттер, мультимедиялық бағдарламалар, қашықтан оқыту технологиялары, интернет желісі және т.б.) берілген мүмкіндікті қолдану.

Осы Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты орындаушылар 12 жылдық білім беру проблемаларының республикалық ғылыми-практикалық орталығы, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы, Ұлттық білім беру сапасын бағалау орталығы, Білім беруді ақпараттандырудың республикалық ғылыми-практикалық орталығы, Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы, "Оқулық" республикалық орталығы, Білім беру жүйесіндегі басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыратын республикалық институты, білім беруді басқару органдары мен оған қарасты ұйымдар болып анықталды.

### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада 12 жылдық жалпы орта білім берудің максаты мен күтілетін нәтижелері туралы айтылады.

### РЕЗЮМЕ

В статье говорится о целях и ожидаемых результатах 12 летнего общего образования.

## **ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ҚАҺАРМАНДЫҚ БЕЙНЕСІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ**

Шеңгелбай А.А. оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Елімізге бойында ата-бабамыздың ел мен жерге деген сүйіспеншілік қасиеті дамыған, егеменді ілімізге аямай қызмет ететін, ой-өрісі кең, алғыр да жүректі, сауатты да салауатты азаматтар қажет», - деп, жас ұрпақ бойындағы ұлттық патриотизмді қалыптастыру ісінің ел өміріндегі маңызына айрықша көңіл бөлген болатын /1/.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндеттерінде: «Қазақстандық отансүйгіштікті, толеранттылықты, жоғары мәдениеттілікті, адам құқықтары мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеу» қажеттілігі көрсетілген. Мұндай мазмұндағы мемлекеттік талап-міндеттер бүгінде жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие беру ісінің жалпы ұлттық сипатқа ие болып отырғандығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шырдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; ... жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдайлар жасау арқылы ой-өрісін байыту; ...отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту; .... оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану» деп атап көрсетілген /2/.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих – жақсы мұғалім, ол халықтың өзін-өзі құрметтеуге қалай өтетінін есіне түсіреді» деген айшықты ойы Конфуцийдің «Тарихқа қарап, жаңаны жасауға қабілетті адам мұғалім болуға лайықты» деген тұжырымымен үндесіп жатқандығы білім мен ұлттық тәрбиенің таусылмас қазына мен парасат қоры екенін тағы да айқындайды. Елбасының «Дүниеде тәуелсіз қазақ елі бар. Әлемде егемен Қазақстан бар. Оның көп ұлты, тату, ынтымақшыл халқы бар. Қуатты экономикасы, сенімді саяси жүйесі бар. Ең бастысы - бүгіннен нұрлы, бүгіннен кемел болашағы бар. Сол күнге деген берік сенім бар» деген тұжырымы барлық негізге ие.

Қазақ халқының бір туар данышпаны Бұқар жырау «Жаманнан жақсы туса да, жақсыдан жаман туса да, адамның ата-тегінен» деген. Қазақ сонау ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан, тұқым қуалайтын барлық жақсы қасиеттердің жиынтығын «тек» деген ұғымға сыйғызып, ондай адамдарды «текті» деп бір ауыз сөзбен сипаттаған. Ұлттық ерекшеліктерін қатаң ұстап, ұрпақтан –ұрпаққа жеткізуіне осы тектілік негіз болғаны хақ. Тәрбиедегі негізгі түп – тектілік, оның тамырын, өмір тұрғысын дұрыс қалыптастыру ата-ананың негізгі міндеті. Ол міндетті дұрыс атқару үшін олардың өздері баласына өнеге болуы тиіс. Этнопедагогикалық проблемалармен айналысушы ғалым А.Ә. Измаилов: «Халық педагогикасы ұрпақтан-ұрпаққа көбінесе ауызша түрде жалғасып келе жатқан, халықтың тарихи және әлеуметтік тәжірибесінің жемісі, оның іс жүзінде тексерілген білімінің, мағлұматтарының дағдыларының жиынтығы. Халық педагогикасының ескерткіштері халық ертегілерінде, аңыздарында, жырларында, мақал-мәтелдерінде сақталып, ұлттық салттары, дәстүрлері арқылы өзінің көрінісін беріп отырады» - деп атап көрсеткен /3/.

Халық қамын ойлаған ерлердің бірі дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлы 1836–1838 жылдардағы Исатай Тайманұлы басқарған шаруалар көтерілісінің ең сенімді қолбасшысы, халқының патриоты ретінде танылған. Ол көтерілісті көзімен көріп, соғыс, ерлік туралы тарихи шындықтың шынайы шежіресін жасаған. Отансүйгіштік маңызға ие поэзиямен өшпес мұра қалдырған біртуар күрескер ақын екенін көрсетеді /4/.

Қазақтың гуманист, ағартушы педагогы Ы.Алтынсарин қазақ балаларына оқу – білім бере отырып, елдік, отаншылдық қасиеттерді дарытып, тек қана заман ағымына сай білімді патриот азаматтарды тәрбиелеудің маңызына көп көңіл бөлген /5/.

Қазақ халқының ұлы ойшылы, философ Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы шығармаларының дені тәрбие, дін, саясат, қоғам, әлеумет, өмір философиясы секілді келелі мәселелерді қамтиды. Оның педагогикалық мұраларының мәні жеке тұлғаның өз еліне, жеріне, бауырларына, ұлтына адал еңбек етуге тәрбиелеумен сипатталады. Сондықтан ақын шығармаларының негізгі бағыты ұлт болмысын айқындауға бағытталады. Себебі Абай шығармаларында «отаншылдық» немесе «патриот» сөздері нақты кездеспесе де, оның отаншылдық идеяны насихаттайтын өсиеті көп. Әлі күнге дейін біз оны қазақ халқының патриот ақыны деп айтылуына жеткілікті көңіл аудармаймыз. Бұл тұрғыда зерттеуші ғалым М.Мырзахметов: «Абайдың халық арасындағы орасан зор ықпалы бар әдеби мұрасын езілген халықтың ой – санасын, азаматтық сезімін ұштап жетілдіру бағытында, қазақ елін топқа, тапқа жіктемей ағартушылар ұстанған таным тұрғысынан танытуға ұмтылды. Абай – бүкіл қазақ атаулының ұлтжанды қамқоршысы», - деп келтіреді /6/.

Шын мәнінде қазақ елі Абай өмір сүрген дәуірде қиын – қыстау кезеңді басынан өткізген болатын. Бұл кезеңде қазақ халқының іргесі сөгіліп, елді әркім билеп, Ресей империясының озбыр саясаты және жергілікті болыс – билердің солақай іс - әрекеті елдің тыныштығын бұзған аумалы – төкпелі заман болатын. Ақынның өзі бұл кезеңді:

«Қалың елім қазағым, қайран жұртым,

Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың», - деп сипаттайды.

Мұның мазмұны ел бірлігін, оқу – білімді, отаншылдық тәрбие – тәлімді, ағартушылықты насихаттаумен түсіндіреді /7/.

Қазақ халқының бостандығын аңсап, Кеңес өкіметінің әділеттілігі арқылы теңдік алуды мақсат тұтқан жалынды патриот Сәкен Сейфуллин өз еңбектерінде негізінен отансүйгіштік бағытты ұстанды. Оның көптеген еңбектерінде қазақ елінің тәуелсіздігін паш етті. Мысалы:

«Қажыма, ер көңілім, бәрі де өтер,  
Сан азап бір күнгідей болмай кетер,

Жарқырап ататын таң әлі – ақ жетер», - деп, өз бойындағы шыдамдылықты бүкіл қазақ елінің жағдайымен салыстыра сипаттайды. Алайда С.Сейфуллин кеңес өкіметінің әділетсіздігімен репрессияға ұшырап, қаза табады. Бірақ оның отаншылдық рухындағы шығармалары өзінің құндылығын жойған жоқ /8/.

Әрбір адам, бір жағынан белгілі бір қоғамның мүшесі бола отырып, ол сонымен бірге ұлттың (этностың) мүшесі болып саналады. Ұлт мәдениеті - ұлт мүшелерінің бәріне ортақ. Бүгінде әр ұлттың өзіндік мемлекеттік статусын алып, егеменді ел болуымен байланысты ұлт мәдениетінің өткені мен бүгінгісіне және болашағына көз жіберу аса қажет болып отыр. Сондықтан ұлттық мәдениеттің тарихына тереңірек көз жіберу – бүгінгі мектеп мұғалімінің басты борышы. Осы тұрғыдан қарағанда мектеп оқушыларын қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеудің білімдік те, тәлімдік те маңызы зор.

Ал қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелерімен көптен бері айналысып жүрген педагог-ғалым С.Қалиев: «Ұлттық салт-дәстүр, ұлттық мінез-құлық, ұлттық сезім осы үш бірлестік ұлттық мәдени мұралардың өзіндік ерекшеліктерінің шартты белгілері дегенді айта келіп, ұлттық сезім дегеніміз өскен елге, ана тіліне, ұлттық салт-дәстүрге (мәдениетке) деген сүйіспеншілік білдіруі» деп тұжырымдайды. С.Қалиевтің «халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі» атты кітабында халықтың мәдени мұрасы, ауыз әдебиетіндегі ақыл-ой, дене, еңбек және жастарды өнерге баулу, оларды жан-жақты тәрбиелеуде халық тәрбиесін тиімді пайдалану, бала тәрбиесінде үйелменнің ролі және оның ауыз әдебиетіндегі алатын орны сияқты мәселелерді мектептерде оқу-тәрбие жұмысының барысында пайдаланудың кейбір жолдары сөз етілген. Автордың сөзімен айтқанда, өткен ғасырлардағы адам баласының ғылым мен тәжірибе атаулының бәрін жинақтап, оны бүгінгі күн керегіне жұмсау, халқымыздың өткендегі еңбек және әскери-патриоттық жолдарының әдемі үлгілерін тәрбиенің құралы ету, қазақ ауыз әдебиетінің асыл үлгілерінде педагогикалық ой-пікірлерді оқу-тәрбие жүйесінде қолдануды ұсынған /9/.

Халықтық педагогиканың негізгі мақсаты – өзінің бай тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты еңбексүйгіштікке, өнерге баулу, жанұя, ауыл-аймақ, Отанның ар-намысын қорғай білетін жаны жайсаң азамат тәрбиелеу болған. Осы мақсатты іске асыру жолында отбасы мүшелерінен бастап, ауыл ақсақалдары, көне көз қариялар, ақын, жыршы, жырау, әнші, күйші, термеші сияқты өнер адамдарының белсене қатынасып, ұжымдық тәрбие ісін жүргізушілер болып келеді. Әсіресе, жыраулар өздерінің өлең-жырларымен ақыл-кеңес өсиет өнеге айтумен болды. Олар сол арқылы айналасындағы тыңдаушы қауымға ненің жақсы, ненің жаман екендігін сездіріп, неден бойды аулақ ұстау керек дегенді айтты. Сөйтіп жастарға ой салып, тәлімгер бола білді.

Өкінішке орай бұдан бұрынғы сөз өнерін әлемде алдына жан салмайтын қазақ халқының бүгінгі ұрпағының сөзге шорқақ болуы, екі ауыз сөзді жазбай, иініне келтіріп айта алмауы кешегі кеңестік тоталитарлық саясаттың кесірінен деуге болады. Тілге-ойға деген тұсау адамдарды рухани жұтандыққа, жалтақтыққа, тіл мүкістігіне алып келді. Ұлттық намыссыз адамға М.Шаханов айтқандай, «төрт анасын қадірлемеген жандардың бағы ешқашан жанбақ емес» демекпіз. Сөзімізді

түйіндей отырып, қоғамның жаңа даму жағдайында оқушылардың бойына отансүйгіштік, елжандылық қасиеттерді туған елін сүю, туған ауылды ардақтау, ақын – жазушылар мен ел қорғаған батырларды ардақтау, еңбек пен өнер, ғылым мен білімді сүюді үйрету.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасында этномәдени білім беру тұжырымдамасы.
2. Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы.
3. Әбілова З.Ә. «Этнопедагогика» Алматы, 1997ж.
4. Досмұхамедұлы Х. Исатай – Махамбет. – Алматы: ССРО Мәдениет Қоры Қазақ бөлімі Қазақстан өлкетанушылар қоғамы, 1991.
5. Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин және оның достары мен ізбасарлары. – Алматы: Қазақстан, 1988.
6. Мырзахметов М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994.
7. Қазіргі Абайтанудың өзекті мәселелері (ұжымдық монография). – Алматы: Ғылым, 2002.
8. Жангелдин Т. С.Сейфуллин (Ақынның революциялық және қоғамдық мемлекеттік қызметі). – Алматы: Қазақстан, 1966.
9. Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев «Педагогика» Алматы, 2002ж.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселесі көтерілген.

#### РЕЗЮМЕ

В статье говорится о патриотическом воспитании учащихся через образ героев казахских батыров.

**ФОРМИРОВАНИЕ ЛИЧНОСТИ ПРИ ОБУЧЕНИИ РУССКОМУ ЯЗЫКУ**

Абишева Г.Т. –учительница (ВКО С.Урджар, средняя школа – лицей им. Абая)

Обучение русскому языку вносит большую лепту в решении задачи формирования личности. Появившаяся в обществе тревожная тенденция к недооценке возможности соблюдения культурно-этических норм общения в частности, заставляет искать резервы воспитательного воздействия на учащихся. Одним из таких резервов может быть ориентация на культуру страны изучаемого языка, учет культурных и страноведческих особенностей общения на другом языке.

Значительные достижения России в области экономики, науки, искусства, культуры и других расширившихся возможностей общения представителей двух государств-Казахстана и России стали причиной того, что в последние годы сохраняется высокий интерес к стране и народу.

Русский язык можно слышать по телевидению и радио, общаться с носителями языка. В условиях национально-ориентированного обучения люди, выросшие в одной культуре, усваивают существенные факты, нормы и ценности другой национальной культуры.

В этих условиях русский язык является источником воспитания ценностей для изучающих его.

Важным источником воспитательных ценностей могут служить особенности современного русского языка, речевого этикета.

Важное место среди типичных оборотов речевого этикета занимают выражения благодарности, которые усваиваются и употребляются уже в раннем детстве почти машинально. Это приносит в межличностное общение, ощущение взаимного уважения, теплоты, доброжелательности и следовательно, имеет и «личности-развивающий эффект».

Оптимальной формой включения единиц речевого этикета в речь является организация ролевого общения, ролевой игры (побывав в роли эмоционально чуткого, отзывчивого, тактичного, приветливого человека, обучающийся может почувствовать «вкус» доброжелательности и чуткости, захотеть снова пережить эти чувства).

Таким образом, приобретается опыт, необходимый для формирования личности. Нормы, заключенные в проигрываемой роли могут стать в процессе ее проигрывания источником развития адекватного речевого поведения.

Обучающиеся усваивают некоторые нормы и эталоны социальных отношений, определенные стереотипы общения, которые носят общечеловеческий характер.

Процесс обучения русскому языку, построенный на коммуникативной основе, расширяет возможности предмета в решении важной задачи развития личности. При коммуникативном подходе, обучение ориентировано на личность и строится таким образом, что непосредственная деятельность обучающихся их опыт, мировоззрения, учебные и внеучебные интересы и склонности, их чувства не остаются в стороне, а учитываются при организации общения на занятии. Обучение строится на обсуждении определенных проблем. При этом обучающиеся получают возможность обсуждать свои собственные дела и поступки, события из жизни учебных заведений города, страны, учатся высказывать свое отношение к происходящему, обосновывать свое мнение.

Обязательными условиями коммуникативного обучения русскому языку являются создания на занятиях благоприятного психологического климата, положительного эмоционального настроения.

Обучение, осуществляемое в атмосфере доброжелательности, помогает раскрыться разным сторонам личности, дает возможность преодолеть такие психологические барьеры как скованность, застенчивость, неуверенность в себе. Это позволяет не только лучше воспринимать русский язык как средство общения, но и способствует формированию социально важных качеств личности. Развивая познавательный интерес в учебном труде, закладываются основы заинтересованного отношения к труду вообще.

Русский язык как учебный предмет вносит заметный вклад в культуру умственного труда. Развиваются такие специфические учебные умения, как умение пользования словарем, грамматическим справочником. Все это учит работать самостоятельно. Изучение русского языка оказывает положительное влияние на развитие психики человека, совершенствованию ее разных сторон. У человека развиваются абстрактное мышление, русский язык вносит вклад в развитие таких мыслительных операций, как сопоставление, анализ, синтез.

Воспитательный аспект обучения знаний в том, что обучение иноязычной культуре используется как средство нравственного, этического, трудового воспитания. При обучении русскому языку возникают безграничные воспитательные возможности, которые необходимо использовать, т. к. в их реализации заключена огромная значимость процесса овладения иноязычной культурой. Культура выполняет в обществе несколько функций: гуманистическую, коммуникативную, познавательную, информационную.

Главная ценность русского языка, как языка межнационального общения, заключается в его воспитательном потенциале. Воспитательный потенциал является специфической чертой русского языка. Воспитательные возможности заключены в трех сторонах урока. Прежде всего, в содержании используемых материалов, в методической системе обучения и в личности учителя и его поведении.

У русского языка как учебного предмета есть особенность: на уроках обучают общению, которое по своей сути - личностно. Именно эта личностная заостренность и является тем каналом, через который в душу и сознание обучаемого проникает воспитательное воздействие. Воспитательный потенциал заложен и в системе обучения. Все зависит от того, на каких принципах эта система основана, какие приемы работы она предполагает. В этом плане коммуникативное обучение открывает большие возможности обучения общению, которая осуществляется в процессе обучения. Это значит, что овладение иноязычным говорением как процесс индивидуальный проходит эффективнее как раз при коллективном обучении. Воспитание речевого коллектива предусматривается коммуникативным обучением. Разные системы обучения по-разному развивают интеллектуальные способности обучаемых. Коммуникативное обучение предполагает достаточно высокий уровень используемых речемыслительных задач. Это развивает способность обучаемых и воспитывает такие качества как трудолюбие, настойчивость, развивать мышление, внимание, память и т. д.

Учебный процесс на занятии протекает в форме педагогического общения. Необходимо помнить о том, что неумелое педагогическое общение затрудняет познавательную деятельность обучающихся, в ряде случаев страдает психика молодых людей, остаются не полностью раскрытыми творческие возможности личности.

Педагог должен оказывать положительное воздействие на познавательную деятельность обучающихся, раскрыть их личностный потенциал. Главное - разобратся вместе с обучающимися в особенностях его познавательной деятельности. Поэтому на занятии важно обращаться к волевым качествам обучающегося, к его учебным умениям, к свойствам его характера, к сильным сторонам его личности.

Из всего этого можно сделать вывод, какая огромная роль в воспитании, формировании личности принадлежит предмету «Русский язык».

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Сысов П.В. Язык культура. // Иностраный язык в школе. 2001, №4 с.12- 15.
2. Пассов Е.Н. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. М. 1995. с.55.
3. Мантьев А. А. Язык, речь, речевая деятельность. М., 1969, с.64.
4. Новиков Л.А. Искусство слова. М. 1982 с.5.
5. Бабанский Ю. К. Педагогика. М.: Просвещение, 1983. с.177.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада орыс тілі сабағында жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелері қарастырылады.

#### РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы формирования личности при обучении русскому языку

### **ӨНЕР ТАРИХЫНАН РЕЖИССЕРДІҢ ТЕАТР ҰЖЫМЫНДАҒЫ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІ МЕН РӨЛІН ТАНЫТУ**

Аманқұлова Л.Ә. – аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Театр – сан салалы өнердің қалыптасатын шеберханасы, бір жағынан таңғажайып қарапайым, екінші жағынан өмірді ұғуға көмектесетін терең ойлы философия. Бір кездері театрды өнердің дөрекі және нәзік түрі деп атаған.

Режиссер театрда жасырын сиқыршы және ойшыл. Ол көрерменге спектакль кейіпкерлері сияқты көрінбейді, бірақ театрдағы бүкіл шығармашылық ұжымның еркі режиссердің қолында. Егер режиссер болмаса, суретшінің актерге әсері баяулап, ал актерлер кейіпкер ретіндегі ойын процесінде бір-біріне ықпал етіп, тұтас образдық әлемге ене алмас еді. Театр шеберлерінің бір-бірімен бәсекелесіп, әрқайсысы өз ойларын айтуының арқасында пьесаға деген түсінік бірдей болады. Драмалық шығармаға қатысты туындаған ойлармен келісуінен режиссердің қызметі өз бастауын табады.

Режиссер өнерінің мәні - театр ұжымындағы шеберлердің өнерін біріктіру. Себебі режиссер ұжымында шабыттандырушы, жекелеген актерлік өнерді біріктіріп, оған күш салып, жалпы көркем идеялық арнаға бағыттайды. Сонымен қатар, спектакльге бірыңғай мінез, сарын мен екпін береді.

Режиссер тек қана шығармашылық ұжымды басқарып қана қоймайды, ол сол ұжымды сахналық өнердегі міндеттерді жалпылама түсіндіруге баулиды. Режиссер қызметінің орны мен мағынасы, оның бүгінгі қоғам өміріндегі театрдың алатын орнына байланысты, сонымен қатар, олардың таланты мен адамгершілігіне байланысты. Өткеннің атақты режиссерлары ешқашан театрлық кәсіпкерлікке тар көлемде тоқталмаған. Ленский, К.С.Станиславский, В.И.Немирович - Данченколар бір-бірінің ойымен келісе бермейтін режиссерлер болған. Олар тек қана жаңа театрлар құрып, актерлерді тәрбиелеп қана қойған жоқ. Сонымен қатар, драматургияның дамуына театрдың идеялық және эстетикалық принциптеріне көп көңіл бөлуді мақсат тұтқан.

Актер сахнада өз бетінше кейіпкеріне мінез қалыптастырады және де ол режиссердің көмегінсіз спектакльдегі сахналық образды аяқтай алмайды. Осы сәтте режиссер қол ұшын беріп, көмекке келеді.

Ол бірнеше образдан туындаған көркем бір арнаға, симфониялық спектакльге бағыттайды. Режиссер спектакль қою барысында театрға байланысты барлық амал-әдістерді пайдаланады.

Драмалық шығармаға актер ойыны арқылы жан бітеді. Режиссер қызықты мизансценалар құрайды. Ал сахналық әрекеттің темпо-ритмі көрерменнің зейінін жаулап алады. Осының бәрі адамның ойлау сезімі мен қабілеті бай болғанда ғана жүзеге асады.

К.С.Станиславскийдің айтуы бойынша, режиссер - ол тек пьесаны талдап, актерлерге қалай санау техникасын үйретіп қана қоймайды, ол декорацияның құрылуын да қадағалайды. Режиссер - өмірді бақылап, өзінің кәсіби театрлық білімімен қатар, максималды дәрежеде түрлі салада білімдар болуы қажет.

К.С.Станиславскийдің серіктесі - В.И.Немирович Данченко режиссер қызметін кең түрде түсінген: "... Режиссер - үш келбетті тірі организм"- деген пікір білдіреді.

1. Режиссер - түсіндіруші; ол - қалай ойнауды көрсетуші, сондықтан оны режиссер - актер, режиссер - педагог деп атауға болады.

2. Режиссер - айна. Жекелеген актерлердің қасиеттерін бейнелеп көрсетуші.

3. Режиссер – ұйымдастырушы,- деген бағалы пікірлер қалыптастырады.

Көпшілік көрермен режиссерді тек ұйымдастырушы деп қана қабылдайды, себебі ол қойылымда көзге ерекше байқалады. Спектакльдің мизансценасынан декоратордың түпкі ойынан дыбыс, жарық және халықтық сахнаның құрылымынан көрінеді.

Ал, режиссер - түсіндіруші мен режиссер - айна көрінбейді. Ол актердің жан дүниесіне сіңіп кетеді. Режиссер актер шығармашылығында жансыз, жоқ болып кетуі қажет. Дегенмен режиссер көрсетіп, ойнап берген рольдің көшірмесін көрсету де шынайылыққа жақын болмайды.

Режиссер–айнаның басты ерекшелігі ол актердің жұмыс барысындағы жеке қабілетін байқау. Актердің бойындағы автор мен режиссер ойының көрінісін болжау. Оған не жарасымды, не нәрсе оны ұсқынсыз етіп тұр, оның фантазиясы мен ықыласы қайда алып барарын қадағалау. Қателескен жерінде сөкпей, сыпайы ғана түсіндіру керек. Осыдан актер айнадай көргендей өзін-өзі көруі қажет.

Режиссер – ұйымдастырушы өзінің таным көкжиегіндегі спектакльге қатысты бүкіл элементтерді кіргізіп, 1-ші орынға актер шеберлігін қолдана тұра, оны айналадағы жағдайлармен байланыстырып, бір гармониялы арнаға алып келеді. Режиссердің толғанысы, қойылымның түпкі ойы, актердің таланттылығымен спектакльдің бір ғана құйылған гармониясы толықтыру мүмкін емес. Осы айтылғанның барлығы ұжымның бір ауамен өмір сүріп, дүниетаным көзқарастары бірдей, бір жерден шыққанда ғана көрерменді өз еңбектерінде сүйсіндіре алады.

Ұжымның ішіндегі кез келген адам қателесуі мүмкін. Себебі қателіктің арқасында табысқа жетуге болады. Сондай-ақ актерлер де дайындық барысында қателесуіге бой алдыруға болады. Сонда ғана актер еркін кеңістікте ізденіп, талпынып жаңа бояуларға бара біледі. Суретші музыкант, режиссер, актер қай-қайсысы болмасын өз туындыларында түпкі мақсаттары кең ауқымды болуы қажет. Егер режиссердің дүниетанымы кейбір деректермен ғана шектелсе, онда қойылым да әлсіз болады. Сондықтан көп ізденіп, еңбек ету қажет.

Режиссер өз қойылымының қай жанр екенін анықтап характерді, мазмұнды, атмосфераны сол жанрға сәйкестендіріп бейнелеу керек. Пьесада өмірде болып жатқан оқиғалардағы мінездер бояу, пішін, ырғақ, образ арқылы жеткізіледі. Биік өмірлік мақсатсыз режиссер-жазушы драматургтің түпкі мақсатын түсініп, әрі қарай дамыту, қанық бояулармен толтыру қиынға соғады. Пьеса - жалпы өмірлік оқиғалар шынжырынан үзіп алынған бір ғана бөлік, әдетте осы драматург тандап алған проблеманы шешуші бөлігі. Сондықтан да режиссер қойып отырған пьесасының оқиғалар желісінің даму барысын анық көре білу керек.

«Пьесада болып жатқанның барлығы-оның үлкенді-кішілі мақсаттары, актердің ой-тұжырымы мен әрекеті, рольге деген жауапкершілігі – пьесаның түпкі мақсатын орындау үшін алға ұмтылады». К.С.Станиславский түпкі мақсатқа талпынушылық үздіксіз кең қолашты, пьеса мен роль арқылы өтетіндей болуы шарт.

Осы сәттен бастап актер мен режиссердің шығармаларында тәуелсіздік дербестік басталады. Дәл осы дербестік әрқайсысына өзінше ізденуіне, дүниетанмының тұтасығын, өмірге деген құштарлығын арттыруға көп көмек береді. Міне, осыдан бастап К.С.Станиславскийдің бізге түпкі мақсат жазушының түпкі ойын анықтау үшін сонымен қатар түпкі мақсатты тек рольден ғана іздемей, актер бойынан да іздеу керектігі дәлелденеді.

Спектакльдің көркемдік тұтастығының түпкі мақсаты мен өзекті әрекетін болжай барып, режиссер әрбір жекелеген актерлар образын бір басты әрекетке бағындырады. Барлық қатысушы кейіпкерлер спектакльдің өзекті әрекетінің қозғаушы күшіне айналады. Түпкі мақсат пен өзекті әрекет нақыт, дәл анық болуы шарт. Тұтас сахналық образ-драматург пен актердің түпкі мақсаты. Ал түпкі мақсат-ақылмен ашылған мақсат.

Театрда бір спектакль қойылу үшін, ұжым болып жиналып пьеса оқылады. Егер оқылған шығарма үлкен дау талас-тартыс тудырса, демек оны сахнаға қоюға әбден болады деген қорытындыға келеді. Бұл актерлар мен режиссер қиялын сенімді қорекке ие болды деген сөз. Режиссердің түпкі ойы небәрі терең, бай, кең ауқымды болса, сонысымен құнды. Суретші өзінің ой қиялынан туындаған дүниені асыра сілтеуіне әбден болады. Егер ол көз алдындағы материалды сол қалпында суреттесе, онда ол өнерге жатпайды.

Драматургтің режиссерден айырмашылығы, ол драматургтің ой-қиялына әрекет етіп отырған кейіпкерлер характерімен оқиғалар желісі негізінде туындайды: бір жағынан оқыған пьесада екінші өмірде басыңнан кешкенін еске алуы арқылы.

Режиссер В.И.Немирович-Данченко әрқашан театр сутеркерлеріне ең бастысы пьесаның негізгі «дәнін» табуды көп ескерткен. Пьесадағы негізгі дәнді тауып болған соң, оны дайындық кезінде, әрбір сахнада, әрбір детальда, әрбір образда іздеп отыру керектігін айтқан.

«Дән-бұл спектакльдің темпераменті, түпкі мақсат осыған бағытталған мақсат, өзекті әрекет - бұл актердің өз мақсатына алып бара жол». Режиссердің ойы нақты терең эмоционалды, ұғынықты болса, онда актер ойыны да әсерлі болады, және мизансценаларда қанық болуға толық образ туындайды. Ой-бұл көркемдік көру, ол режиссер мен актерді соңғы детальдарды жасап біткенше маза бермейді. Мысалы, К.С.Станиславский «Отеллоның» сахналарын түсінде де көрген.

Егер режиссер тандап алған пьесадағы кейіпкерлер мінезін, пьесаның атмосферасын, сонымен қатар автордың ойы мен сезімін білгісі келсе, ол тек қана берілген пьесаны ғана зерттемей осы автордың жазған барлық шығармаларын зерттеу керек. Спектакльдің көркемдік тұтастығы әсерлі болу үшін режиссер ойының нақты болған қажет.

Болашақ спектакльге суретшіні табу пьесадағы ролдері бөліп берудей қиын жұмыс. Дегенмен де режиссердің ішкі ойы арқылы барлық қиындық өз шешімін табады. Сондай-ақ режиссер көз алдына елестетіп отырған. Сахналық шешімдер мен суретшінің ойы бір жерден шығып отыруы қажет. Сонда ғана спектакль көркемдік тұтастыққа жетеді. Мұнда актер жасаған образ, музыка, жарық барлығы үндестікке құрылуы басты мәселе.

Спектакль қою барысында көркемдік тұтастық тудыра алу режиссердің жетістіктерінің бірі. Актер жалғыз өзі көркем әрі дарындылықпен бір рольді ойнап шығуы мүмкін. Алайда ол сахналық образдар жүйесінде ғана адамның мінезін нәзік және дәл көрсете алады. Тек қана актер мен режиссердің үздіксіз ізденіп жұмыс жасауы арқасында актер өз кейіпкеріне тән қимыл-қозғалыстардың көмегімен үлкен

табысқа, жетістікке жетеді. Сомдалатын кейіпкердің әрекеті арқылы оның мінзетін байқау қиынға соқпайды.

Режиссердің пьесадағы әрекететуші кейіпкердің пьесаның өзінің үздіксіз өмір сүретін адамдар ретінде қабылдап отырады. Сондықтан да актер тәрбиелеуде барлық методика мен техника оның бүкіл қойылым дайындығы ролінде өмір сүруін үйрету үшін бағыты дұрыс болуы қажет.

Әрбір сахнаның өзіне тән темпо-ритмикалық мінезі болады. Ол, әрине, бірнеше темпо-ритмдерден құралады. Барлық орындаушыларға сахнаның немесе суретшінің жалпыға бірдей темпо-ритм ұсыну режиссердің қателігі болып саналады. Ал жалпыға бірдей темпо-ритмді К.С.Станиславский шарттылық деп атайды.

Режиссер өз бетінше әрі еркін еңбек ету керек. Десек те, оның өнері драмалық шығарманың сапасына тікелей байланысты. Негізінде мақсаты драматургтің ойын айтып беру деп түсінетін режиссер қатты қателеседі.

Станиславский режиссер мен актерлер «ағаштардан орманды көрмейді» дейді. Көптеген техникалық тапсырмалар мен детальдармен шатаса отырып пьесаны толығымен көз алдымызға елестете алмаймыз. Дегенмен кез-келген кейіпкер қойлымды талай көрсе, сол күйде айтып өтеді. К.С.Станиславский алғашқы жасаған қадамнан теориялық сарынға түспей, пьесаны талдауға практикалық амалдарға бара білу өте маңызды.

Жақсы қойылған спектакль режиссердің тынбай күндіз-түні ізденушілігінің арқасы деп білуіміз керек. Режиссер драматургтерден, актерлерден, суретшілерден өзінің біліктілігімен, ізденпаздығымен, көрегендігімен әрқашан бір саты жоғары тұруы шарт. Режиссерлық өнерді театрда, концертте, көпшілік мерекелерде, той-думандарда ұйымдастырушысыз елестету мүмкін емес.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.Құлбеев. Сыр мен сымбат. «Мектеп-Болашақ» ЖШС, 2005ж.
2. Ә.Сығай. Ой төрінде-театр. Алматы: ҚазАқпарат, 2008 ж.
3. Б.Құндақбаев. Театр туралы толғаныстар. «Өнер» баспасы, 2006 ж.
4. Ю.Головащенко. Режиссерско искусство Таирова. Москва, Изд. «Искусство», 1970.
5. М.Байсеркенов. Сахна және актер. Алматы, «Ана тілі» 1993 ж.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада режиссерліктің театр ұжымындағы қызметі мен ролі айқындалады.

#### РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль и функция режиссера. Искусство режиссера-объединение профессиональных навыков работы коллектива. Режиссер не только руководит коллективом как и разъясняет в целом задачи, метода сценического искусства.

### ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ

Ашиқбаева Г.Д., Паштанов С.У. (Түркістан қ., Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ)

Оқушылардың технологиялық даярлығын қалыптастырудың идеялары мен принциптерін жүзеге асырудың қажетті шартына және соған сай дайындығы бар педагогикалық кадрлардың болуы жатады. Оқушылардың технологиялық даярлығын қалыптастыруды қайта реформалау жоғары оқу орнына дейін, жоғары оқу орнында және жоғары оқу орнынан кейінгі жұмыстардың барлық кезеңдерінде қазіргі заманғы

педагогты даярлау, жаңа формалар мен әдістерді іздеу жүйесінде мазмұндық және ұйымдастырушылық жаңарулар қажеттілігін айқындайды. Осыған байланысты соларға сәйкес мамандарды даярлау үздіксіз білім беру жүйесінің негізінде құрылады /1/.

Технология пәні мұғалімін даярлау әлеуметтік түсініктер мен қоғамдық қатынастарды қалыптастыру, кәсіби маңызы бар шешімдер қабылдау және оларды кәсіби даярлау жүйесіне дейінгі және кәсіби даярлау жүйесіне енгізу, дербес практикалық қызмет процесіндегі жалпы білім беру кезеңінде басталады.

Кәсіптік даярлауға дейінгі кезең кәсіби өз орнын табу, мектеп бітірушілердің таңдаған мамандығы бойынша кәсіптік оқуға даярлығын қамтамасыз ету мен дамытуды қарастырады /2;3/.

Мектепте оқытудан кәсіби оқытуға өтуді жүзеге асыру оқушылардың білім алуын жалғастыруға көңіл-күй-еріктік және құзырлығына қол жеткізуін талап етеді. Жастарды педагогикалық қызметке іріктеу мен даярлаудың сәттілігі мамандардың одан әрі кәсіби жұмысының нәтижелерін анықтайды.

Технология пәні мұғалімінің кәсіпке дейінгі даярлығы мынадай принциптерді есепке алумен жүзеге асырылуы тиіс: жүйелілік және кәсіби бағыттылық, сондай-ақ оқытудың әлеуметтік маңыздылығы мен субъектілігі негізінде мамандық алуға даярлыққа қол жеткізу мақсатында бағыттылықты есепке ала отырып педагогикалық процесті ұйымдастыру.

Мектеп бітірушілеріне педагогикалық білім алуға даярлығын қалыптастыру: педагогикалық мамандықты таңдау және кәсіптік оқу орнына сәйкес келуші оқыту формасы мен деңгейлік компоненттерін қамтиды. Белгіленген жоспарды жүзеге асыру үшін мектеп бітірушілердің жалпы білім деңгейін кәсіби оқыту міндеттеріне сәйкес келуіне қол жеткізу, сондай-ақ талапкерлердің (мектеп бітіруші, жоғары оқу орнына түсуші үміткер) кәсіби жағынан таңдаған мамандығының маңызды тұлғалық қасиеттеріне сәйкес келуі тиіс.

Болашақ технология пәні мұғалімінің кәсіпке дейінгі даярлығын сала бойынша жалпы білім беру бөліміне жатқызады, сондай-ақ жалпы кәсіптік және болжау жасалынып отырған қызмет саласымен танысу үшін арнайы компоненттерді де қосады.

Сала бойынша пәндік даярлық базалық жалпы білім берудің жоспарланып отырған кәсіптік оқыту талаптарына бағытталады. Бұл мәселе мектеп бітірушісінің жалпы білім даярлық деңгейінің кәсіби білімі беру жүйесінің талаптарына сәйкес келмеуінің салдары болып табылады, ол соған сай маманданған даярлықты қажет етуін анықтайды.

Болашақ технология пән мұғалімінің арнайы даярлығы сол мамандық бойынша оқытудың теориялық және қолданбалы тарауларының жаңа бағытының педагогикалық тәжірибесіне сәйкес келуін шығуын көрсетеді. Ол кәсіби-білім беру шешімін қабылдау мен өмірлік және кәсіби жоспарларын нақтылауда жүйеге келтіруші және анықтаушы рөл атқарады.

Осы берілген кешенді міндеттің шешімі жалпы білім беру жүйесінде немесе жоғары сынып оқушыларын мектептен тыс қосымша даярлау негізінде, сондай-ақ қарастырылып отырған тәсілдер комбинациясынан табуға болады. Бұл оқушылардың технология пәні мұғалімі мамандығын алуға кәсіпке дейінгі даярлықтың алуан түрлі нұсқалар анықталады және оны түрлі ұйымдастырушылық формаларда жүзеге асыруға мүмкіндік береді, оларға жататындар:

- педагогикалық оқу орындарының дайындық бөлімдері мен курстары;
- жалпы білім беретін мектептердің сала бойынша технологиялық-педагогикалық сыныптары;
- мектепаралық оқу комбинаттарының сала бойынша технологиялық-педагогикалық сыныптары;

- оқушыларға қосымша білім беру жүйесіндегі кәсіпке дейінгі даярлық бөлімдері;

- бастауыш және орта кәсіптік білім беру мекемелеріндегі жоғары оқу орнына даярлауға дейінгі бөлімдер жатады.

Кәсіптік мектеп жалпы білім беретін мектептердің әлеуметтік тапсырыс берушісі ғана емес, сонымен бірге мамандық алуға оқушылардың даярлығын жетілдіруде белсенді қатысушы және мүдделі әріптес ретінде де көрінеді.

Технология пәні мұғалімін даярлау оның кәсіби қызметке даярлығына, үздіксіз дамуы мен өздерінің кәсіби қасиеттерін жетілдіруіне қол жеткізуін білдіреді.

Оқушылардың технологиялық даярлығын қалыптастырудың сәйкес міндеттеріне педагогикалық кадрларды даярлау жүйесін қалыптастыру оқу процесінің ұтымды шарттарын қамтамасыз ету мен анықтау, кәсіптік оқыту формалары мен әдістерінің мазмұны, принциптерін, негізгі тәсілдерін жасауды қарастырады.

Технология пәні мұғалімін даярлау жалпы білім беретін мектептегі оқу процесінің мақсаттары мен міндеттерімен анықталады және қызметтің мына төмендегідей кешенін жүзеге асыруға бағытталады:

- білімділік – технология пәні мұғалімнің кәсіптік қызметінің мазмұнына сәйкес келуші кәсіптік және арнайы білімді, шеберлік пен дағдыларды меңгеру мүмкіндігін қамтамасыз ету;

- дамытушылық – студент тұлғасының жағымды өзгерістерін ынталандыруды бітіруші мамандарды даярлау сапасын арттыру, педагогикалық процеске қатысушылардың өзін-өзі жүзеге асыруына қолдау көрсету, білім беру жүйесінің өзін дамыту мен жетілдіруге ынталандыру;

- тәрбиелеушілік – болашақ технология пәні мұғалімінің әлеуметтік және кәсіби маңызы бар тұлғалық қасиетін қалыптастыру мен жетілдіру;

- әлеуметтік – бітірушілердің кәсіби тұрақтылығы деңгейі мен әлеуметтік қорғалу деңгейін көтеруді қарастырушы кешенді қызметтерді жүзеге асыруға бағытталады.

Қазіргі (кешегі күнге) дейін педагогикалық технологияны оқыту технологиясымен теңестіріп келді. Алайда педагогикалық процестің, сол сияқты процестерін құраушылар жөніндегі нақты айқын түсінігі, педагогикалық технологиядан біріншіден, оқыту технологиясын, екіншіден, тәрбие технологиясын бөліп қарауға мүмкіндік береді.

В.А.Сластениннің анықтамасы бойынша, педагогикалық технология педагогтің педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталған бірізді, өзара байланысты әрекеті ретінде түсініледі немесе алдын ала жобаланған педагогикалық процесті тәжірибеде жоспарлы және бірізділікпен жүзеге асыруды білдіреді /4/.

Педагогикалық технология – бұл қатаң ғылыми жобалау мен педагогикалық әрекеттердің сәттілігіне кепіл беруші олардың нақты көшірмесі болып табылады.

В.А.Сластениннің пікірі бойынша, педагогикалық технология оған педагог тұлғасының үйлесіп кетуін, яғни оқытушы тұлғасының педагогикалық қолтаңбасының, оны жүзеге асырудағы көрінісі болып табылады.

«Педагогикалық технология» түсінігінің анықтамасының мынадай тәсілдерін бөліп қарауға болады (1 сурет).

Педагогикалық технология (анықтамасының тәсілдері)			
<i>Іс жүргізушілік</i>	<i>құралдық</i>	<i>тұлғалық</i>	<i>жүйелік</i>
Диагностика және болжам жасалған нәтижеге қол жеткізуді	Оқыту мен тәрбиенің әдістері, тәсілдері	Оқытушының педагогикалық шеберлігінің	Оқу мекемесіндегі тұтас білім беру үдерісі,

1	2	3	4
қамтамасыз етуші процедуралар мен операциялар, әрекеттердің белгілі бір бірізділігіндегі педагогикалық үдерісті құрудың жүйелік тәсілі.	мен құраладрының жиынтығы.	компоненттері. Педагогикалық әрекет жүйесі ретінде оқу-тәрбие үдерісін жүзеге асыру мен жобалау шеберлігі.	оқыту мен тәрбиенің әдістері мен құралдары, мазмұны, мақсатының жиынтығы (педагогикалық жүйе).

Жоғарыда аталған анықтамалар педагогикалық технологияны қазіргі заманғы түсіндірудің төрт тәсілін біріктіреді және байланыстырады, өйткені педагог педагогикалық технологияны біріншіден, педагогикалық үдерісті алдын ала жобаланған жүзеге асыру технологиясы ретінде, екіншіден, «оқытушы – студент» өзара әрекетін құру мен жүзеге асыру құралы ретінде, үшіншіден, белгілі бір оқытушының педагогикалық мәдениетінің технологиялық компонентін жүзеге асыру ретінде түсіндіреді.

Бүкіл білім беру үдерісін немесе бөлігін педагогикалық жобалау мысалы, белгілі бір сабақты жобалау білім беру технологиясына немесе жеке педагогикалық технология түсінігіне алып келеді.

Кез-келген педагогикалық технологияның негізгі қасиетіне оның дәл сипатталуы мен алгоритмделуі жатады, олар мыналар:

- жүйелілік (ойлау мен іс-әрекетті ұйымдастырудың жүйелік тәсілі);
- ұдайы жасалынып отыратындығы (оны басқа педагогтар жасауы мүмкін);
- нәтижелілігі (педагогикалық үдерістің нәтижелерінің алға қойған міндетке сәйкестілігі, нәтижелерді диагностикалау тәсілдеріне сәйкес келуші және диагностикалық мақсаттарды қоюды талап етеді).

Педагогикалық технологияның жеке жағдайына оқыту технологиясы жатады.

Оқыту технологиясы - бұл сабақ берудің бүкіл процесінің анықтамасы, қолданылуы мен құрудың жүйелік әдісі, білімді техникалық және адам ресурстары тұрғысынан және олардың өзара әрекетін есепке ала отырып меңгеру әдісі.

Оқыту технологиясының мысалына оқытудың белсенді әдістері жатады. Егер де мақсат-нәтиже анықталса, оған қол жеткізуге мүмкіндік беруші әрекеттердің қатаң бірізділігі жасалса, оларды оқыту технологиясы деп атауға болады.

Оқыту әдістерінің оқыту технологиясынан қандай айырмашылығы бар? Оқыту әдісі түсінігі ерте кезден-ақ пайдаланылып келеді және дидактиканың классикалық категориясы болып табылады. Ал, оқыту технологиясы ХХ ғасырдың 60-70 жылдарында ғана пайда болды. В.Т.Тихомированың пікірі бойынша, оқыту технологиясының пайда болуы уақыт талабы, яғни дәлірек айтқанда, бүкіл педагогикалық ғылымның тарихи дамуы болып табылады, өйткені бүгінде нәтижеге бағытталған оқытуға деген қажеттілік өмір сүріп отыр. Егерде оқыту әдісі оқытушы мен студенттің өзара әрекетінің логикасымен сипатталатын болса, ал оқыту технологиясы қатаң қадамдық алгоритмдеуден тұрады. Біздің көзқарасымызша, оқытудың дәстүрлі әдісін пайдалану сабақ жүргізу мен дайындық процесінде оларды пайдаланудың мақсатын сезінбейді, ал оқыту технологиясында пайдалану мақсаты айқын беріледі. Сонымен қатар, педагог үшін саналы басқарылатын оқыту процесін қадамдап өлшеу жүргізеді және ол жоғары өнімділік пен нәтижелілікке алып келеді. «Оқыту әдістемесі → оқыту технологиясы» дидактикалық қаруы пайда болады. Оқыту технологиясының пайда болуы оқыту әдісі түсінігін ығыстырып шығармайды, ол тек қана педагогикалық ғылымдағы өзінің жаңа орнын алды.

Оқытудың белсенді әдістері – бұл оқу материалын меңгеру процесіндегі белсенді ойлау және практикалық қызметке итермелейтін әдіс болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века (в поисках практико-ориентированных концепций) /В.С.Гершунский-М.: Интердиалект 1997. - 697 с.
2. Кантеров П.Ф. Избранные педагогическое сочинения /П.Ф. Кантерев; Под ред. А.М.Арсеньева — М.: Педагогика, 1982. —704 с.
3. Твоя профессиональная карьера: Методика преподавания курса: Книга для учителя /С.Н.Чистякова и др. — 2-е изд М.: Просвещение, 1999. — 189 с.
- 4.Сластенин В.А. Педагогика: Инновационная деятельность /В.А. Сластенин, Л.С.Подымова. — М.: Магистр, 1997. —221 с.

## ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада оқушылардың технологиялық даярлығын қалыптастыру жүйесі қарастырылады.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются система формирования технологической подготовки учащихся.

## **К ВОПРОСУ ИЗДАНИЙ УЧЕБНЫХ ПОСОБИЙ В УСЛОВИЯХ КРЕДИТНОЙ СИСТЕМЫ ОБУЧЕНИЯ, ВНЕДРЕННОЙ В ВУЗОВСКУЮ ОБРАЗОВАТЕЛЬНУЮ СФЕРУ КАЗАХСТАНА**

Баяндина С.Ж. – д.ф.н., профессор (г. Кокшетау. КГУ им. Ш.Уалиханова);  
Шманова А.Н. к.п.н, и.о. доцента (г.Алматы, КазЭУ им. Т.Рыскулова)

(Рецензия на учебную книгу «Русский язык в системе подготовки учителя-предметника» для специальностей бакалавриата педагогических вузов» / Под ред. Г. А. Кажигалиевой / Авторы: Кажигалиева Г. А., Боранбаева З. И., Кадырова Г. Р., Маймакова А. Д., Раимбекова М. А., Цой А. А. – Алматы: Издательство «Тау-Самал», 2010. – 696 с.)

Сегодня образование представляет собой стратегическую «точку роста», важнейший фактор опережающего развития всего общества и международного самоутверждения страны. В этом контексте фактор языкового обучения является одним из ключевых в профессиональной подготовке будущего специалиста, так как профессионально-коммуникативная компетентность последнего главным образом и дает ему возможность быть конкурентоспособным и востребованным на современном рынке труда. Неслучайно, на наш взгляд, эпиграфом к учебной книге «Русский язык в системе подготовки учителя-предметника» (Алматы, 2010. – 696с.), являющейся предметом рассмотрения в настоящей статье, служат слова замечательного русского ученого-математика Н.И.Лобачевского: «Как бы то ни было, но в том надобно признаться, что не столько уму нашему, сколько дару слова одолжены мы всем нашим превосходством. Слова как бы лучи человека, передают и распространяют свет учения». Сегодня этот вопрос тем более важен, что в качестве основной цели образования определяется формирование способности к активной деятельности, к творческому профессиональному труду. То есть осуществляется переход от знаниевой парадигмы к деятельностной парадигме. Теперь знания из основной и единственной цели образования превращаются в средство развития личности обучаемых. Поэтому сегодня в образовательной сфере приоритетны такие категории, как *саморазвитие*,

*самообразование и самопроектирование.* Вследствие чего главным в содержании образования определяется развитие личностного потенциала обучаемых, персонализация педагогических взаимоотношений при адекватном включении личностного опыта, широкая функциональная грамотность и профессиональная компетентность будущих специалистов. В центре языкового обучения находится сам студент и вопрос становления его как многомерной целостной языковой личности. В связи с чем вопрос соответствия языковой подготовки требованиям дня является определяющим. Авторы названной работы и стремятся представить концепцию языковой подготовки будущего учителя-предметника, которая отвечала бы социальным условиям современного казахстанского общества, идеям национальной образовательной доктрины Республики Казахстан, реалиям современного образования.

В книге акцент сделан на преподавании русского языка как неродного в педагогическом вузе в условиях кредитной системы обучения, на оптимальном, комплексном использовании в языковом образовательном процессе возможностей современных педагогических технологий, востребованных в сфере вузовского обучения русскому языку как неродному.

Книга «Русский язык в системе подготовки учителя-предметника» состоит из двух частей: теоретической и практической.

Теоретическая часть представляет собой монографический труд и состоит из предисловия, шести разделов, каждый из которых завершается списком использованных источников.

В Предисловии дана общая характеристика книги (монографии, двух пособий), обосновывается актуальность темы и целесообразность ее разработки, указывается область ее применения и роль в процессе языковой подготовки учителя-предметника.

Первый раздел монографии (автор - Боранбаева З.И.) «О кредитной системе обучения в контексте Болонского образовательного процесса» посвящен описанию особенностей кредитной системы обучения, внедренной в учебный процесс казахстанских вузов, на материале критического обзора научно-методической, учебно-методической, общепедагогической, образовательно-нормативной литературы, вклуче с представлением результатов практического опыта использования дидактических возможностей кредитной технологии обучения, что в итоге позволяет высшей школе страны идти в ногу со временем, войти в мировое образовательное пространство, стать его полноправным участником, включая и Болонский образовательный процесс.

Во втором разделе (автор - Боранбаева З.И.) «О действующей системе преподавания русского языка как неродного в вузах Казахстана (обзор учебно-методической литературы по общеобязательному курсу «Русский язык» (1990-2010г.г.))» рассматривается действующая система преподавания русского языка как неродного через критический анализ используемой в образовательном процессе учебной, учебно-методической литературы, выполненных учеными-методистами РК в последние годы научно-методических исследований, образовательно-нормативных документов, как-то: ГОСО, типовые программы по дисциплине «Русский язык». В результате данного аспектного анализа выявлены резервы в действующей системе обучения русскому языку как неродному в педагогическом вузе, которые позволяют выстроить концепцию языковой подготовки учителя-предметника, предлагаемую авторами монографии, в точном соответствии с требованиями современной образовательной сферы, с учетом актуальных проблем практики преподавания.

В третьем разделе (автор – Кажигалиева Г.А.) «Концепция языкового образования будущего учителя-предметника» представлена концепция языковой подготовки будущих педагогов-предметников, учитывающая социальный заказ современного общества на многоязычие в образовательных организациях, особенности кредитной технологии обучения, стремление к эффективному решению задач преподавания дисциплины «Русский язык» в учебных группах казахских отделений

гуманитарных и неязыковых факультетов педагогического вуза. *Новизна* предлагаемой целостно-коммуникативной концепции состоит в синхронном, интегрированно-целостном использовании дидактического потенциала кредитной технологии обучения (приоритетность самостоятельной работы студентов, интерактивных форм деятельности и т.д.), личностно-ориентированного обучения, дифференцированно-индивидуального (уровневого) и деятельностно-компетентностного подходов к преподаванию языков в целях формирования активной коммуникативной компетенции (функциональной грамотности) обучающихся в казахско-русском лингвокультурном контексте.

В четвертом разделе (автор - Боранбаева З.И.) «Речевая культура учителя как показатель его общей гуманитарной культуры» анализируется профессионально-ценностные качества будущего учителя-предметника в прямой связи с его подготовкой по общеобязательной дисциплине «Русский язык»; в частности, рассматривается содержание ключевой в педагогической профессиограмме категории - речевой культуры учителя.

В пятом разделе (автор – Кажигалиева Г.А.) «Формирование профессионально-коммуникативной компетенции будущего учителя-предметника и ее структуризация» рассматриваются содержание и структура профессионально-коммуникативной компетенции студентов педагогических вузов в контексте предложенной авторами монографии концепции языкового образования будущего учителя-предметника. В рамках данного раздела представлено описание не просто коммуникативной, а профессионально-коммуникативной компетенции – ключевой категории в рамках как школьной, так и вузовской подготовки. Определяющая роль профессионально-коммуникативной компетенции в профессионально-ориентированном обучении предопределяется ее междисциплинарным, универсальным характером.

Шестой раздел (автор – Кажигалиева Г.А.) «Учебно-методическое обеспечение языковой подготовки будущего учителя-предметника и принципы его отбора» посвящён описанию предлагаемого авторами учебно-методического обеспечения языковой подготовки студентов педагогических вузов по русскому языку как неродному и принципов отбора компонентов, его составляющих. В качестве последних определены: учебная текстотека, комплекс уровнево-дифференцированных заданий, специальный, профессиональный лексический минимум.

Наряду с монографией, учебную книгу «Русский язык в системе подготовки учителя-предметника» составили два учебных пособия по коррективному и основному курсу русского языка, разработанных на материале специальности «Казахский язык и литература» бакалавриата педагогического вуза.

Учебное пособие «Система работы по коррективному курсу русского языка» (авторы: Кадырова Г.Р, Маймакова А.Д.) структурировано в соответствии с типовой и рабочей программами по дисциплине «Русский язык» (коррективный курс) на 12 лексико-грамматических тем: 1) «Функционирование русского языка в Казахстане»; 2) «Человек в современном мире»; 3) «Образование – условие прогресса»; 4) «Молодежь – будущее страны»; 5) «Моя специальность»; 6) «Наука и современные технологии»; 7) «Республика Казахстан»; 8) «В мире искусства»; 9) «Средства массовой информации»; 10) «Спорт в нашей жизни»; 11) «Природа моего края. Экология. Охрана природы»; 12) «Праздники, традиции, обычаи и обряды народов Республики Казахстан». Каждая из этих тем в свою очередь структурирована в трех частях: практическое занятие, СРСП, СРС. Комплекс заданий, составленный для данных лексико-грамматических тем разработан в соответствии с предложенной авторским коллективом концепцией языковой подготовки будущего учителя-предметника. Задания и упражнения носят уровнево-дифференцированный, интерактивный характер и направлены на самостоятельное выполнение студентами. Среди использованных заданий: коммуникативные тренинги, задания-рефлексии, задания-самоанализы и др.

Корректировочный курс связан с обобщением, расширением и углублением изученного по русскому языку в школе, а также – с подготовкой студентов к освоению особенностей научного стиля русской речи.

Учебное пособие «Система работы по основному курсу русского языка» (авторы: Раимбекова М.А., Цой А.А.) – продолжение первого пособия. Презентация системы работы по основному курсу русского языка во втором пособии позволяет студенту: 1) узнать о функционально-стилистическом расслоении языка, о научном стиле русской речи, его основных признаках, подстилях, тексте, его строении и основных типах, жанрах научной речи; 2) приобрести умение понимать и конструировать научные тексты с учетом лексических, словообразовательных, морфологических и синтаксических особенностей научного стиля, структурно-семантической специфики различных жанров научного текста. При этом освоение данного содержания происходит в контексте предложенной авторами проекта целостно-коммуникативной концепции языковой подготовки будущих педагогов-предметников на лексическом материале специальности «Казахский язык и литература», которую осваивают будущие учителя казахского языка и литературы.

Пособие отвечает основной цели, самой дисциплины «Русский язык»: совершенствование языковой и коммуникативной компетенции, включающей четыре вида речевой деятельности – аудирование, чтение, говорение, письмо; вооружение студентов языковой и коммуникативной компетенциями в области научного общения.

Данное пособие структурировано в соответствии с типовой и рабочей программами по 15 темам: 1. Стили речи: понятие, функции, сфера употребления. 2. Научный стиль речи, его особенности. 3. Лексика научного стиля. 4. Терминологическая лексика русского языка. 5. Морфология научного стиля речи. 6. Синтаксис научного стиля речи. 7. Подстили научного стиля. 8. Текст как единица обучения связной речи. 9. Типы монологической речи. 10. План как форма записи прочитанного научного текста. 11. Тезисы, их виды. 12. Контекст, его виды. 13. Аннотация как жанр научного стиля. 14. Рецензия и отзыв как жанровые разновидности научной речи. 15. Реферат. Виды реферата.

Характер разработанных практических заданий – уровневый, дифференцированный, интерактивный, приоритетно направленный на самостоятельное выполнение студентами.

Рецензируемая работа – востребованное учебное пособие в условиях кредитной системы обучения, внедренной в вузовскую образовательную сферу Казахстана, ключевой категорией которой являются интерактивные методы обучения.

Считаем важным отметить, что данная книга имеет связь с культурологическим направлением обучения языкам, поскольку именно в человеке культуры находит свое воплощение современный образовательный идеал: «современный образовательный идеал – это формирование человека, впитавшего в себя культуру своего народа, ценящего культуру других народов, способного к самостоятельным организациям разносторонней деятельности в течение всей жизни» (1, с.18). Вопросы и задания представлены в книге в русле лингвокультурологической методики, опирающейся на идею соотносимости категорий национального языка, национальной культуры и национальной личности, на изучение взаимодействия культуры и языка. Лингвокультурологическая концепция языкового обучения способствует становлению человека культуры, становлению субъектности обучаемых (значимо, что авторы опираются на собственные научно-методические исследования в этой сфере).

Используемый авторами дидактический материал актуален, познавателен; учебные тексты представляют собой отрывки из произведений классиков русской литературы, образцы современной публицистики, лучшие переводные тексты.

Между теоретическим и практическим разделами книги имеется внутренняя связь: критерии отбора представленных в пособиях учебной текстотеки, комплекса

дифференцированных упражнений, заданий для рубежного контроля, многовариантной системы тестовых заданий для текущей и промежуточной аттестации студентов описаны и обоснованы в теоретической (монографической) части. Вместе с тем, на наш взгляд, было бы практически целесообразно монографию и пособия издать раздельно: для более удобного использования в учебном процессе.

В целом же соединение в рамках учебной книги монографии и комплекса учебных пособий имеет выраженную научно-практическую направленность, поскольку представляет собой учебно-методическое обеспечение языковой подготовки будущего учителя-предметника и созвучно внедренной в образовательный процесс казахстанских вузов кредитной системе.

Учебная книга «Русский язык в системе подготовки учителя-предметника» дает нам блестящую возможность узнать, чем живут наши казахстанские коллеги, какие актуальные вопросы современной лингвометодики они разрабатывают.

Данная книга, в том числе ее теоретическая часть, примечательна, на наш взгляд, тем, что теоретические положения и выводы, сделанные в ней, могут стать основой дальнейших изысканий в области инновационных методик языкового обучения, учитывающих лучшие традиции отечественного и зарубежного высшего образования на основе принципов профессионального ориентирования и научно-практической универсализации.

Студенты неязыковых и гуманитарных факультетов педагогического (и не только) вуза получили нужное пособие, в котором авторам, как нам кажется, удалось привлечь внимание читателей к русскому языку как вузовскому учебному предмету, рассмотреть новые подходы к взаимосвязанному изучению языков, показать современное состояние казахстанской лингвометодики, определить ближайшие задачи в сфере изучения русского языка как неродного.

Считаем, что учебная книга «Русский язык в системе подготовки учителя-предметника» заслуживает самой высокой оценки и ее можно рекомендовать к переизданию в новом (трехчастном) формате: Монография. Корректировочный курс русского языка. Основной курс русского языка.

#### РЕЗЮМЕ

В статье дана объективная оценка учебной книги «Русский язык в системе подготовки учителя-предметника» для специальностей бакалавриата педагогических вузов» под ред. д.п.н., проф. Г.А.Кажғалиевой, являющейся востребованным учебным пособием в условиях кредитной системы обучения, ключевой категорией которой являются интерактивные методы обучения.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада оқытудың кредиттік жүйесі жағдайында сұранысқа ие оқу құралы ретінде п.ғ.д., проф. Г.А.Қажығалиеваның редакциялауымен жазылған «Педагогикалық ЖОО-ның бакалавриат мамандығы үшін «пән мұғалімдерін даярлау жүйесіндегі орыс тілі» оқу құралына шынайы баға беріледі.

**ҚОҒАМДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ГЕНДЕРЛІК МӘСЕЛЕЛЕР**

Жиенбаева С.Н. - п.ғ.д., профессор;  
Каримова Р.Е. – магистрант (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазіргі кездегі мемлекетімізде болып жатқан қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге сай гендерлік тәрбие беру мәселесі бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Сондықтан Қазақстанда 1995 жылы Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Отбасы, әйелдер және демографиялық саясат мәселелері бойынша кеңес ашылған. 1998 жылы ол ҚР Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер мәселесін қарайтын ұлттық комиссия болып қайта құрылды, соған сәйкес кеңестің қызмет аясы кеңейіп, өкілеттілігі артты. Қазіргі таңда бұл ұйым Президент жанындағы Отбасы және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссия деп аталады. Ұлттық комиссия Пекин платформасының талаптарын ескере отырып, алғаш рет ҚР әйелдер жағдайын жақсартуға арналған ұлттық бағдарлама дайындады. Ол Үкімет қаулысымен бекітіліп, барлық мемлекеттік органдарға таратылды. Ұлттық бағдарламаның басты негіздерінің бірі (жоспар) әйелдердің саяси өмірге белсенді араласуын қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ІҮ әйелдер форумында жоспарлаған тапсырмасына байланысты, 2005 жылдың 29 қарашасында бекітілді. Қазақстан Республикасы 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы - мемлекеттің гендерлік саясатын іске асыруға бағытталған негізгі құжат болып саналады. Стратегия үлкен әрі маңызды 9 бөлімнен тұрады. Қабылданған стратегияның басты мақсаты елімізде әйелдер мен еркектердің өмірдің барлық саласында тең дәрежелі болуына бағытталған. Үкімет басқару органдарындағы әйелдер санын 30 пайызға көбейту, соған сәйкес саясаткер-әйелдерді дайындау, қабылданатын құқықтық заңнамаларға гендерлік сараптамалар жасау, балалар мен жастарға, жалпы Қазақстан халқына гендерлік мәселелер туралы ағартушылық жұмыстар жүргізуіне мән берілген.

"Gender" сөзі ағылшын тілінен аударғанда жыныс (еркек, әйел) дегенді білдіреді.

*Ген* - тұқым, *генетика* - тұқымның өнуі мен ағзаның өзгерісін зерттейтін ғылым. Ал *гендерлік* дегеніміз заңды табиғи оң үрдісті қалай болғанда да өзінің көздеген саясатына жығатын кесерлі ұйым. Ерлер мен әйелдердің мінез-құлқын, сондай-ақ, олардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынасты айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени нормалары мен рөлдерінің жиынтығы. Жыныс ерлер мен әйелдер арасындағы биологиялық сипаттағы айырмашылықты білдірсе, гендер олардың арасындағы әлеуметтік ерекшеліктерді қарастырады.

Гендер – адамның психологиялық және әлеуметтік дамуын негіздейтін жеке тұлғаның базалық сипаттамаларының бірі. Гендердің құрылымы төрт жақты: биологиялық жынысымен, гендерлік стереотипімен, гендерлік нормамен және гендерлік ұқсастығымен толықтырылады. Ер мен әйелдің физиологиялық ерекшеліктері, тән-тұрпатының әр түрлілігі, т.б. биологиялық сипаттамасы болып табылады. Гендер әлеуметтік жағынан қиюласқан, яғни, тұлғаның әлеуметтік қасиетін анықтайды. Гендерлік қатынастардың жаңа парадигмасының пайда болуы, ерлер мен әйелдердің тең мүмкіншіліктерін туғызу – жаңа демократиялық Қазақстанның қалыптасуының жарқын көрінісі. Осыған орай гендерлік сана мен гендерлік қатынастардың жаңа үлгісін жасау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Жалпы халықаралық гендерлік тәжірибе мен стратегияларды зерттеу негізінде гендер ұғымы жеке даралықтан әлеуметтік-мәдени және саяси категорияға айналды. Қазақстанның халықаралық тәжірибеге қосқан үлесі, Гендерлік саясат тұжырымдамасы мен Гендерлік теңдікті дамыту стратегиясы негізінде гендерлік

саясаттың ұлттық үлгісі жасалды. Стратегия- мемлекеттің гендерлік саясатын іске асыруға бағытталған негізгі құжат, оны іске асырудың, мониторингін жүзеге асырудың құралы, демократияның қалыптасуының маңызды факторы болып табылады.

“Әйел этикасының” пайдасына феминистік сын еркек және әйел санасының өзінің адамгершілік ерекшеліктерінің айырмашылықтарын қарау патриархатты, маскулиндік ұстаным тұрғысынан жүзеге асты, яғни еркектік мәдениет пен оның иерархиялы қатары кез келген этикалық және эстетикалық құндылықтардың әмбебап өлшемі болып табылатын деректерді есептейді. Әрине, дәстүрлі мәдениет парадигмаларды және матрицаларды пайдаланған жағдайда қандай да бір аз-көпті объективті бағалар мен әйел санасының адамгершілік ерекшеліктерінің анықтамаларын күту қиын. Бақытымызға қарай, 70-90-жж. көптеген елдерде болған сол немесе басқа құбылыстарға деген қоғамдық тәсілдерді демократияландыру мен плюрализм бір жақтылықты жеңу үшін жағдай жасады.

Әйелдің осы шығармашылық қызметін қайта бағалауға үлкен үлес қосқан “әйел жұмысын” (қолданбалы өнер) субмәдениет ретінде анықтаған ағымдағы феминизм өкілдері болды. Феминизм, феминология, мәдениеттегі гендерлік аспект туралы айта отырып, бұл тақырыпты ғылыми жағынан ой елегінен өткізу әлі өз дамуының бастамасында ғана екенін мойындау керек. Сондықтан бұрынғы айтылған идеялар, көзқарастар мен бағалар еш уақытта абсолюттендіруге не жокқа шығаруға болмайды. Тіпті “еркек” және “әйел” ұғымдары - өте қозғалмалы ұғымдар, олар сол не басқа мәдениеттің маңызды айырмашылықтары болып қана қоймай, сонымен бірге тарихтың барысына сәйкес эволюцияландырылды.

Әдебиетте “әйел мәселесімен” байланысты тақырыптар Ресейде бұрын, ХҮІІІ ғ. аяғы – ХХ ғ. басында көтерілген. Жазушы әйелдер Е. Ган, М. Жукова, М. Вовчок, О. Шапир, В. Микуличті, Күміс ғасырдың жазушыларын, 20-ж. жұмыс істеген А. Коллонтай, Е. Бакунинаны, т.б. айтпай кетуге болмайды. Елена Ган әуел бастан еркекке бағынышты әйелдің қайғылы тағдыры туралы айта отырып, томаға тұйық әйел өмірінен шығудың жолы “қайырымды күйеу” табу деп біледі.

Сөз болған тұжырымдарға байланысты теоретик-ерлердің философиялық жігері батыс мәдениетінің қайта жасалуына әйелдер ғана емес, еркектер де ынталы екенін көрсетті. Дүниені ер адам тұрғысынан біржақты қабылдау, үстемдік пен билікке бағытталған жеке адамның еркектік типі, әйел мен оның тағдырын еркек мүддесі тұрғысынан ғана түсіну – осының бәрі еркектердің өз тағдырына да кері әсер етті. Теоретик-ерлер мәселеге гендерлік тұрғысынан қарап мәдениетте әйелдің де, еркектің де үнін қамтитындай қорытынды ойға келді. Нәтижесінде, әйел санасының жаңа толқыны қалыптасты: зерттеуші әйелдер еркектердің психоанализ, неомарксизм, постмодернизм тәрізді теориялық жаңалықтарына сүйенді.

Мұндай үлкен өзгерісті күтпеген мәдени орта үшін, бұл жағдай көп нәрсеге үміт артатын ірі құбылыс деп таңылды. Зерттеуші әйелдер постклассикалық әдісті қолданумен бірге, ерлер мәдениетін, ерлердің сынын тереңдете түсті. Гендер теоретиктерінің көптеген өкілдері қалыптасты: Сара Кофман, Люси Иригарэй, Катрин Клеман, Элен Сиксу т.б. Олардың еңбектерінде әйелдік “Мен” мәселесі, әйел санасының ерекшелігі талданды.

Міне, осындай тарихи жағдайлардан кейін, ақыры «гендер» идеясы «әйелдердің» зерттеу еңбектерінде айқын көрініс тауып, нәтижесінде «гендер» теориясына ұласты. 60-70-жж. феминизм академиялық мәртебеге ие болды. Еуропа мен Азияның көптеген елдерінде ғылыми орталықтар ашылып, университеттерде феминистік курстар енгізілді. Мәдениеттегі гендерлік теңсіздіктің жағдайын жөндеп, тарихи шындықты қалпына келтіру үшін тарихты, әлеуметтануды, лингвистиканы, философияны әйелдер ұстанымы (“позиционизм”) тұрғысынан қайта қарастыру міндеті қойылды.

Ең алдымен, әйелдер тарихқа мүлдем жаңаша қарауды ұсынды: ұлы шайқастар мен жеке ұлы тұлғалардың тарихқа қатысты емес, күнделікті өмірдің де күнделікті

оқиғалар мен өмірбаяндарында әйел тағдыры сырт көзге елеусіз болғанымен, бірақ олардың ойларының орындалуына терең тарихи мән беруге талапталды. “Әйелдер тарихы”, “Ана”, “Балалық шақ тарихы”, “Сексуалдылық тарихы”, “Әйелдер екінші дүние жүзілік соғыста” деген еңбектер жарық көрді.

Зерттеуші әйелдер әлеуметтану ғылымын толығымен қайта жазу керек деп шешті. Бұл ғылым үнемі бір жақты болды, тек ер адамдардың өміріне бағытталды. Ал әйел үнемі көлеңкеде қалып қойды. Сондықтанда әйелдер бұл ғылымның ұстанымдары мен постулаттары өзгеру керек деген пікірлер айтты.

Ол үшін мәселені ең алдымен отбасынан бастауын ұйғарды. Отбасының ішкі өмірін, ұрпақаралық қатынасты, сексуалдық тәжірибені беруді, ата-ана болудың жаңа нысандарын, отбасы типтерін өзгерту, билікті, мәртебені және жеке меншікті беру сияқты мәселелерді зерттеу қажет болды. Әйелдер дәстүрден тыс оқулықтарды шығарды: “Әлеуметтану” Дж.Л. Томпсон, Дж. Пристли; “Ерекше әлеуметтенуге кіріспе” Р. Коллинз. Бұдан басқа әйелдің әлеуметтік өмірінің барлық жақтары сипатталған еңбектер де шықты: “Әйелдер компьютерде”, “Кеңселік бикештер”, “Әйел бизнесі” және т.б.

Әйел зерттеулері лингвистика саласына да енді, тіл ең дәл барометр екендігін анықтап, гендерлік теңсіздіктің көрсеткіші ретінде алынды. Әйелдер аузына қақпақ болған маскулиндік жүйеге байланысты, әйелдерге өздерінің ерекше дүниетанымдарын толығымен жеткізу қиынға түсті. Осындай пікірлерден кейін, фрейдтік бағыттағы қазіргі постмодернистердің бірі Жак Лакан өте әділдікпен “әйел тіршілік етпейді” деп айтты. Тілді қайта құру қажет делінді, ал бұл әйел зерттеушілерінің алдында тұрған күрделі міндет болды.

Мысалы, ағылшын тілінде адам (man) деген сөз, “еркек” деген мағынаны білдіреді. Тіл әлемді игерудің тәжірибесі бола отырып, еркек логикасын бойына сіңіреді. Мысалы, сияқты теоретик, профессор (профессорша – профессордың әйелі, ал әйел профессордың күйеуі қалай аталуы керек?) орыс тіліндегі қызметтің нақты типі туралы сөздердің (әйел тегі) жоқ. Феминист әйелдер тілді еркектік ой талдауынан босату үшін тілді өзгертуді, түсіндірме сөздіктер жасауды ұсынады.

XIX ғ. аяғында жазушы әйелдер эмансипацияның қажеттігі, әйелдердің әлеуметтік-экономикалық құқыққа қол жеткізуі туралы жаза бастады. В. Микулич оқырманның алдында орасан зор қызығушылығын 80-90-жж. контекстінде кең түрде білім алу ретінде де, кәсіби білім ретінде әйел мәселесін шешуге болатынын айтады. Мәдениеттегі әйел үні XX ғ. бастап қана айқын шыға бастады. Осы ғасырдың бас кезінде қазақ тілінде үзбей шығып тұрған “Айқап” журналы қазақ халқының әлеуметтік, саяси өмірінен хабардар етіп, қазақ бұқарасын мәдениетке, білім мен өнерге шақырған басылым еді. Осы журнал беттерінде жарияланған Сақыпжамал Тілеубайқызының “Қазақ қыздарының аталарына”, “Ұзақ күткен үмітім һәм бас адамдарға бір-екі сөз” атты арнайы мақаласы мен “Қыз батасы” атты өлеңі, Күләйім Өтегенқызының “Қазақ қыздарына”, Мәриям Сейдалинованың “Зарлау” және “Тұр қазақ!” атты өлеңдері арқылы қазақ даласына келген кеңестік жаңа заманның жаңа өмір мен жаңа мәдениетке деген қазақ қыздарының ішкі сұранысын, өзіндік ойын байқауға болады. Кеңестік жаңа заманның алғашқы қарлығаштарына айналған, қаламгерлікті қайраткерлікпен ұштастыра білген қазақ қыздары Нәзипа Құлжанова, Нағима Арықова, Сара Есова, Шолпан Иманбаева, Алма Оразбаевалардың суырылып алға шығуы қазақ әйелдері арасынан мемлекет билейтін, бұқараға бағыт сілтейтін белсенділердің тез арада тәрбиеленіп шыққандығын көрсетеді.

Елді социалистік негізде қайта құру дәуірінде қазақ әйелдерінің қоғамдық белсенділігі күшейе түсті. Қазақ әйелдері саналы түрде коммунистік партияның мүшелігіне өте бастады. “Әйел теңдігі” журналында (1926 №10-11) басылған мақаладан әйелдерден сайланған өкілдер жөнінде үзінді келтіруге болады: “Өкілдер ауылдың шаруашылық ыңғайына қарай сайланады. Қатысушылар кедей, орта

шаруадан шыққан әйелдер. Жас мөлшері 25 пен 45-тің арасы. Саны 20-30-дан аспауы керек”. Қаламгерлігімен де, педагогикаға қосқан өзіндік үлесімен де Нәзипа Құлжанова ерекшелене түседі.

Гендерлік мәселе бойынша қазіргі кездегі Қазақстандық зерттеушілерді атап кетейік: Б.Х. Хасанов, Г.Г. Соловьева, С. Шакирова, М.А. Өскембаева, Н. Шеденова, К.А. Тохтыбаева, Б. Қылышбаева. Оларды алғашқы феминистік қозғалыстың либералды, марксистік, радикалды бағытына қосу қиын. Республикада жаңа қазақстандық философияның қалыптасуына байланысты ерекше гендерлік тәсілдер қалыптасуда. Бұл философия марксистік философиядан бас тарта отырып, руханилықтың артықшылығына және қазақтың дәстүрлі мәдениетіне тән ақыл мен жүректің, ой мен ожданнның бөлінбес бірлігіне сүйенеді.

Гендер теориясы бірнеше негізгі ұстанымдардан тұрады.

*Тұтастық* ұстанымы. Бұл - феминизм мен әйел мәселесі және әйел жағдайына байланысты ғана емес, әйел мен еркек құқығын тең дәрежеде қарайтын жаңа радикалды көзқарас туралы ұстаным. Гендер қарама-қарсы жынысқа деген екі өрістің және сексуалдық бағытының болу қажеттігін ұсынады.

Сонымен бірге, тұтастық ұстанымы әйелдің мәні мен еркектің мәні деген мәселені бөле-жарып қарастырудың қажеттілігі жоқ деп есептейді. Өңгіме адам мәні туралы болуы керек, ал әйел және еркек бір-бірін толықтырып және бір-бірімен тығыз байланысып, осы мәнді құрайды. Мұның алғышарты ретінде шығыстың дәстүрлі дүниетанымына тән ғарыштық бірлікті алуға болады. Дүние негізінде қарама-қайшы бастаманың өзара әрекетімен жүзеге асатын біртұтас субстанция жатыр. Біртұтастылық дербес қарама-қайшылықтарды “құрастырудың” нәтижесінде пайда болмайды. Біртұтастылық алғашқы болып есептеледі, ал қарама-қайшылықтар содан шығып, соған қайтып оралады: бұл жерде біртұтастылықтың айырмашылығы туралы айту керек.

Феминдік пен маскулиндіктің қатынасы, жақсы-жаман, төмен-жоғары деген ұғымы шкаладағы бағаға жатпайды. Айырмашылық қандай да бір жақтың сапалы зиянын, еркекті әйелді төмендете отырып асқақтату немесе керісінше екенін білдірмейді. Бұл айырмашылық иерархиясыз, селекциясыз, артықшылықсыз болады. Қарама-қайшылықтардың өзара әрекеті тұтастықтың нығаюын қамтамасыз етеді. Олардың айырмашылығы шамамен, салыстырмалы түрде, тұтастығы-шынайы. Сондықтан, бір жақтың көтерілуі (адамзат тарихында-маскулиндік) тек әйелдің немесе, еркектің жеңілумен болмайды, сонымен бірге тұтас адамзат мәніне зиян әкеледі де ғарыштық бүкіл тұтастықтың принципі бұзылады. “Бір жартысы зиян шеккенде, сөзсіз басқасы да жапа шегеді. Бір жартыны - әйелді төмендету, басқа жартыны - еркекті де қорлатпай қоймайды” (Григорьева Г.)

Келесі маңызды ұстаным. - *конструктивизм* ұстанымы. Әйел мен еркектің айырмашылығы басқа жағдайлар сияқты, адам мен оның тарихына қатысты таза биологиялық мәні болмайды. Биология – тек қана алғы шарт, бірақ ол жыныстың әлеуметтік, мәдени-тарихи конструкциясында жүзеге асады.

*Мәдени дәстүр* ұстанымы. Бұл ұстаным феминдік пен маскулиндік нақты тарихи қатынастың бар екенін дәлелдейді. Түркі дүниетанымы үшін әйел-еркек ара қатынасы түсінігі символдық мәнге ие. Түркі мәдениетін қазіргі зерттеушілер біртұтас мәтін түрінде көрсетеді, оны оқитын семантикалық кілті күрделі мәдени-идеологиялық кешен “құт”- жан, өмір, ұрықтандыратын күш, байлық, бақыт, жетістік деген мағынаны білдіреді. Мәдениеттің барлық феномендері - үй, киім, азық-түлік, адамдардың өзара қатынасы жай мағынада емес, “құтқа” қатыстырып анықталатын символикалық мәнде де болады.

“Құттың” негізі – еркек пен әйелдің өзара әрекеті болып табылады. “Дәстүрлі қоғамның назары ұрықтану мен туудың құпиясына жақын болған”. Өмірдің сакральды дерегі ғарыштық орталықпен сәйкес келеді, онда сүтті көл, “құт” қоймасы бар.

. Соңғы он жылдықта халықаралық гендерлік саясат қалыптасты, әйелдер құқығы мен гендерлік теңдік бойынша халықаралық стандарттар жасалды, өкілеттік халықаралық форумдар өткізілді. Ең маңызды құжаттың бірі - Қазақстан 1998 ж. енген әйелге қатысты дискриминацияның барлық түрлерін жою туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясы.

*Феминизм* - әйелдерді қатал әлеуметтік құрылыстан сөзсіз азат етуді насихаттайтын және әйелдің қоғамдағы мәртебесін биологиялық факторға байланыссыз әлеуметтік оқиғалардың нәтижесі ретінде қарастыратын ағым. Әйелдердің өмірдің барлық саласында еркектермен тең құқықта болу үшін қозғалысы.

Андрогония екі түбірден тұратын грек сөзі: андро – “еркек” дегенді білдірсе, гин – “әйел” дегенді білдіреді. Гректер андрогония сөзімен бір организмде гермофродит әйел мен еркек белгілерінің болуын түсіндіреді. Қазіргі кезде андрогония сөзі, негізінен Сандра Бемнің жұмысында физиологиялық және анатомиялық сипаттардан гөрі, психоәлеуметтік жағын көрсетуде қолданылады. Ол екі индивидте маскулиндік және феминдік мінездің болуын білдіреді. Сандра Бем екі жыныстың андрогиндік индивидтері оларға күш түсіргенде “маскулиндік” тәуелсіздікті және сонымен қатар, “феминдік” қамқорлықты паш етеді. Андрогиниядан айырмашылығы, бір жыныстың түріне жататын индивидтерде карама-қайшы типке тән сапалары толық емес болды. Андрогинді индивидтер нақты жағдайға байланысты, қандай да бір реакцияға сәйкес феминистік те, маскулиндік те сапамен көріне алады. Бұл нәтижелер, андрогиния адамға көбінесе әрекет бостандығын беретінін айтады. Зерттеуші Е.П. Ильин қыздар мен ұлдардың, әйелдер мен ерлер рөлдерін қабылдауды түсінуі ретінде жыныстық идентификацияны талдай отырып, бұл үрдісті психологиялық жыныстың қалыптасуымен теңестіреді.

Кейінгі кездерде ғалымдар адамның жынысынан, яғни биологиялық жынысынан гөрі жыныс иесінің әлеуметтік қызметін сөз етуге бет алды. Бұл ретте белгілі бір мәдениет аясында ер адаммен әйелге тән(еркектік, әйелдік) қалыптасқан тілде көрініс беретін мінез-құлық (стереотип) ерекшеліктерін біліп,түюдің мәні зор.

Гендер әйел мен ердің әлеуметтік ортадағы, қоғамдағы(отбасы, саясат, мәдениет, білім беру т.б.) орнымен рөлін анықтайды. Жалпы халықаралық гендерлік тәжірибе мен стратегияларды зерттеу негізінде гендер ұғымы жеке даралықтан әлеуметтік-мәдени және саяси категорияға айналды. Қазақстанның халықаралық тәжірибеге қосқан үлесі Гендерлік саясат тұжырымдамасы мен Гендерлік теңдікті дамыту стратегиясы негізінде гендерлік саясаттың ұлттық үлгісі жасалды.

Еркектік бастама бұрынғы ғасырларда ақылды, білімге құмарлықты, батылдықты, пайданы білуді, табандылықты, қайсарлықты, өзін-өзі құрбандыққа шалуды дамытты. Ол болмыстың материалдық жағынан белсенді болып келеді. Әйел бастамасы – бұл ақ пейілді, шыдамды, ар-ұятты, әсерге бой алдырғыш, жанашыр, адамгершіл, өзін-өзі құрбандыққа шалғыш. Демек, рухани мағынада белсенді.

Бүгінгі күні тең құқылы болуына талпыну көптеген әйелдерді еркек сапаларын көбінесе жаманын көшіруге алып келеді: жаугершілік (әскери өнерді үйрену), теріс қылықтар (шылым шегу, арақ ішу, былапыт сөйлеу, нашакорлық), қаталдық рационализм; өз бойындағы әйелдік сапаларды: жұмсақтық, ақ пейілдік, жақынына көмектесуге дайын болу, әсемдікке талпыну, шыдамдылық бір сөзбен айтқанда – руханилықты жоғалту. Өткен ғасырда-ақ физиолог Рудольфи былай деп ескерткен: “Әйел еркекпен салыстырғанда нәзіктеу, жұмсақтау, қозғалмалы, ожданды болу керек. Жаман тәрбиеленсе, ол әйел фурияға айналады және барлық жағынан еркектен асып түседі”.

Сонымен, барлық уақыттарда әйелдің өнердегі орны мен көркемдік әрекет қабілеттілігі түрлі ұстанымдар мен көзқарастар тұрғысынан талқыланып, сыналады. Адамзаттың екі жынысына да еркек пен әйел психологиясы ұғымдарын бөліп көрсетуге мүмкіндік беретін нақты жалпы белгілер тән.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аубакирова Н.И. Что такое гендер? //ОНС, 1996, №6.
2. Григорьева Г. Женская ипостась мира// Феминизм. Восток. Запад. Россия- Москва, 1993.
3. Шаханова Н.Ж. Семантико-семиотический анализ традиционной культуры казахов. - Алматы, 1999.
4. Антология теории гендера.- Минск, 2000.
5. Здравомыслева Е.А., Темкина А.А. Исследование женщин и гендерные исследования на Западе и России// ОНС, 1996, №6.

## ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қоғамдағы әйелдерге қатысты гендерлік мәселелер қарастырылады.

## РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются гендерные вопросы касающийся женщин в обществе.

## SUMMARY

In article is considered the questions of gender concerning women in a society.

## **СУЩНОСТЬ ПОНЯТИЯ «ИНФОРМАЦИОННАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ» В ШКОЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ**

Искакова А.Т.- к.п.н., и.о. доцент (г.Алматы, КазгосженПУ); Жунусова А.Ж.  
(Северо-Казахстанский государственный университет им. М.Козыбаева)

Парадигма современного образования заключается в овладении каждым учащимся совокупностью компетентностей как результатов образования с учетом особенностей личности.

В педагогической науке и практике понятиями-категориями «компетентность» и «компетенция» стали оперировать лишь в конце 90-х годов XX века. Именно этим можно объяснить тот разнобой в толковании дефиниций, который встречается в научно-педагогической литературе и в диссертационных исследованиях.

Дж.Равен под компетентностью понимает явление, которое состоит из большого числа компонентов, многие из которых относительно независимы друг от друга, некоторые компоненты относятся скорее к когнитивной сфере, а другие – к эмоциональной, эти компоненты могут заменять друг друга в качестве составляющих эффективного поведения /1/.

Согласно мнению Байденко В.И., компетентность – это интегрированная характеристика качеств личности, результат подготовки выпускника для выполнения деятельности в определенных областях (компетенциях) /2/.

Зимняя И.А. считает, что компетентность – это сложное личностное образование, включающее и интеллектуальные, и эмоциональные, и нравственные составляющие;  
- основывающаяся на знаниях интеллектуально и личностно-обусловленная социально-профессиональная жизнедеятельность человека /3/.

В рамках школьного образования необходимо и достаточно формирование следующих компетентностей обучающихся: личностная; когнитивная; социальная; функциональная; креативная; информационная /4/.

В энциклопедическом словаре «Наука и образование» дано определение понятия «Информационно–технологическая компетенция».

Информационно – технологическая компетенция предполагает умение ориентироваться, самостоятельно искать, анализировать, производить отбор, преобразовывать, сохранять, интерпретировать и осуществлять перенос информации и знаний при помощи реальных технических объектов и информационных технологий /5/ .

Понятие же «информационная компетентность» достаточно широкое и определяемое неоднозначно на современном этапе развития педагогики (В.Л.Акуленко, М.Г.Дзугоева, О.Б.Зайцева, А.Л.Семёнов, Н.Ю.Таирова, О.М.Толстых).

Аспект	I уровень	II уровень	III уровень
Планирование Информационного поиска	-делит информацию на известную и неизвестную -указывает, какой информацией для решения поставленной задачи представленного списка обладает, а какой нет -выделяет из представленной информации ту, которая необходима при решении поставленной задачи	-называет, какая информация (о чем) требуется для решения поставленной задачи	-планирует информационный поиск в соответствии с поставленной задачей деятельности (в ходе которой необходимо использовать искомую информацию) -самостоятельно и аргументировано принимает решение о завершении информационного поиска (оценивает полученную информацию с точки зрения достаточности для решения задачи).
	- пользуется справочником, энциклопедией, ориентируется в книге по содержанию, а на сайте по ссылкам	- пользуется карточным и электронным каталогом, поисковыми системами Интернет - пользуется библиографическими изданиями, списками публикаций в периодических изданиях	
		- указывает, в каких типах источниках следует искать заданную информацию - дает характеристик у источника в соответствии с задачей информационного поиска	- указывает те вопросы, ответы на которые необходимо получить для решения поставленной задачи из разных по типу источников - обосновывает использование источников информации того или иного типа, исходя из цели деятельности

Согласно, исследованиям учёных понятие «информационная компетентность» трактуется как:

- сложное индивидуально-психологическое образование на основе интеграции теоретических знаний, практических умений в области инновационных технологий и определённого набора личностных качеств (О.Б.Зайцева);

- новая грамотность, в состав которой входят умения активной самостоятельной обработки информации человеком, принятие принципиально новых решений в непредвиденных ситуациях с использованием технологических средств (А.Л.Семёнов). /6/ .

Согласно выделенным аспектам, как видно из таблицы 1, по завершении каждого уровня образования учащийся должен демонстрировать владение указанным минимальным набором видов деятельности, составляющих введенные компетенции. Основным направлением информатизации образовательного процесса выступает использование

Таблица 1 – Уровни овладения компетенциями.

<p>-проводит наблюдение \эксперимент по плану в соответствии с поставленной задачей</p> <p>-получает информацию от человека, задавая вопросы</p> <p>-извлекает информацию из источников, содержащих художественные образы</p>	<p>- самостоятельно проводит наблюдение \ эксперимент, спланируя его цель и ход в соответствии с задачей</p> <p>- самостоятельно планирует и осуществляет сбор информации посредством опроса (в т.ч. экспертного интервью)</p> <p>- проводит мониторинг СМИ по плану в соответствии с поставленной задачей</p> <p>- извлекает информацию по заданному вопросу из статистического источника, исторического источника, содержащего художественный образ</p>	<p>-самостоятельно проводит мониторинг СМИ, планируя его цель и ход в соответствии с задачей информационного поиска</p> <p>-самостоятельно планирует и осуществляет извлечение информации из статистического источника, исторического источника, содержащего художественный текст</p>
<p>-извлекает и систематизирует информацию по двум и более заданным основаниям (источник: 1-2 простых по составу источников, содержащих избыточную информацию)</p>	<p>- самостоятельно формулирует основания, исходя из характера полученного задания, ранжирует их и извлекает искомую информацию</p> <p>- указывает на обнаруженные противоречия (источник: два и более сложных источников, содержащих прямую и косвенную информацию по двум и более темам, в которых одна информация дополняет другую или содержится противоречивая информация)</p>	<p>- извлекает информацию по самостоятельно сформулированным основаниям, исходя из собственного понимания целей выполняемой работы (источник: два и более сложных источников, содержащих прямую и косвенную информацию по двум и более темам, при этом одна информация противопоставлена другой или пересекается с другой)</p>

<p>-систематизирует извлеченную информацию в рамках простой (по 1 признаку) заданной структуры</p>	<p>- систематизирует извлеченную информацию в рамках сложной (по 2 и более признакам) заданной структуры - самостоятельно задает простую структуру для первичной систематизации информации по одной теме</p>	<p>- систематизирует извлеченную информацию в рамках самостоятельно избранной сложной структуры - обосновывает структуру для первичной обработки информации целью, для которой используется информация</p>
<p>-переводит простую (односоставную) информацию графического представления формализованного (символьного) представления в текстовое и наоборот</p>	<p>- переводит сложную по составу (многоаспектную) информацию из графического представления или формализованного (символьного) представления в текстовое и наоборот</p>	
<p>-точно излагает полученную информацию</p>	<p>- излагает полученную информацию в контексте решаемой задачи</p>	
<p>- указывает на недостаточность информации или свое непонимание информации</p>	<p>- реализует предложенный способ проверки достоверности информации</p>	<p>- самостоятельно указывает на информацию, нуждающуюся в проверке, и применяет способ проверки достоверности информации</p>
<p>- находит вывод и аргументы в предложенном источнике информации</p>	<p>-делает вывод или соглашается с выводом на основе полученной информации и приводит несколько аргументов или данных для его подтверждения</p>	<p>- делает вывод на основе критического анализа разных точек зрения или сопоставления первичной и вторичной информации, подтверждает вывод собственной аргументацией или самостоятельно полученными</p>
<p>-воспроизводит объяснение, оценку, аргументацию -детализирует или обобщает предложенную информацию соответствии с заданием -классифицирует по заданным основаниям -выделяет признаки понятия, объекта, явления, делит их на главные и второстепенные - находит соответствия и несоответствия</p>	<p>-самостоятельно предлагает основания для классификации в соответствии с задачей и классифицирует - подводит понятие под более общую категорию, самостоятельно дает определение понятия - выделяет признаки по заданным критериям (основаниям) -проверяет предположение (гипотезу)</p>	<p>- приводит объяснение или оценку ситуации, явления или процесса с заданной точки зрения -проводит сравнительный анализ в соответствии с поставленной целью, самостоятельно определяет критерии для анализа и делает вывод - отбирает алгоритм из числа известных по заданному критерию для применения в конкретной ситуации</p>

	<p>- сопоставляет объекты и явления по заданным критериям и делает вывод о сходствах и различиях</p> <p>- выявляет причинно-следственные связи, имея полное описание «ситуации до» и «ситуации после»</p>	
--	---	--

Необходимо отметить, что информационная грамотность учащихся начальной школы является основой, начальным уровнем формирования информационной компетентности и включает совокупность знаний, умений, навыков, поведенческих качеств учащегося, позволяющих эффективно находить, оценивать, использовать информацию для успешного включения в разнообразные виды деятельности и отношений. Поэтому суть информационной компетентности младших школьников на современном этапе развития образования очевидна, т.к. она позволяет сформировать образованную, компетентную, конкурентоспособную и творческую личность, способную жить в динамично развивающемся мире и соответствовать требованиям современного казахстанского общества.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Скворцов Л.В. Россия: проблема духовности и информационная культура // Культурология XX век. - М.: Академия, - 2000. – 368 с.
- 2 Байденко В.И. Компетентностный подход к проектированию ГОС ВПО (методологические и методические вопросы).- М.,2005.- С.17-21.
- 3 Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании. – М.,2004.-С 14-18.
- 4 Тарасова Н. Г. Уроки с компьютерной поддержкой. // Начальная школа. - № 5. - 2003. – С. 57-60.
- 5 Энциклопедический словарь «Образование и наука»/ под ред. Туйембаева Ж.К. – Алматы, 2008. – 448 с.
- 6 Тришина С.В. Информационная компетентность как педагогическая категория // Интернет-журнал «Эйдос». - 2005. - 10 сентября. <http://www.eidos.ru/journal/2005/0910-11.htm>.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мектептің білім беру ісіндегі ақпараттық құзіреттілік туралы сөз етіледі.

#### РЕЗЮМЕ

В данной статье говорится об информационной компетентности в школьном образовании

## ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Кішібаева Д. Ж. - п.ғ.к., доцент; Божбанбаева З.Ж. - аға оқытушы;  
Оспанов С.- магистрант (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Бастауыш сынып оқушыларының пәнаралық байланыс негізінде шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру үшін, олардың жекелеген сапаларын дамыту қажет деп білеміз. Оның ішінде: зердесін, эмоция мен сезімдерін, өзіне деген сенімділігін, өзін жақсы көруді, дүниеге көзқарасын, дербестігін, ынтасын дамыту. Педагог-психологтардың (оның ішінде Л.С.Выготскийдің) еңбектеріне талдау жасаудың негізінде ақыл-ойдың дамуының екі жолын атап көрсетуге болады. Оның біріншісі, қол жеткен даму - онда оқушы тапсырманы өз күшімен орындайды. Екіншісі, ең жақын даму аймағы - педагог тапсырманы күрделендіріп, мәселені шешуге бағыттайды. Бұл жолдың екеуінің де өзіндік орны ерекшеліктері бар. Біріншісі, оқушының талпынысынан, ұмтылысынан, ішкі мотивінен туындаса, екіншісі, сыртқы мотив арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі кезде пәнаралық байланысты жүзеге асырудың мынадай жолдары белгілі: әңгімелесу, топ серуенге шығу, тәжірибелік жұмыстар, техникалық құралдарды пайдалану, танымдық есептер құрастыру және оны шешу, сөз жұмбақтар, ребустар, метограммаларды құрастыру және шешу, практикалық жұмыстар жүргізу. Бастауыш сыныпта пәнаралық байланыстағы мақал-мәтелдерді оқушының шығармашылығын дамытатындай етіп пайдаланудың төмендегідей жолы бар:

- тақырып мазмұнына сай мақал-мәтел айтқызу;
- оны өз сөзімен, ойымен дәлелдету;
- көрініске қарап мақал-мәтел айту;
- табиғатқа сай мақал-мәтел құрастыру;
- суреттерге қарап мақал-мәтел айту.

Осының нәтижесінде оқушының сөз саралауы, ізденімпаздығы, тапқырлығы, нақты ой болжауы - тіл байлығы артады

Зерттеу жұмысы барысында пәнаралық байланыс оқу материалдары негізінде түзілетін (немесе түзетін) білімдер мен іскерліктерді, педагогикалық-ғылыми зерттеу материалдары (В.А.Бухвалов, А.Т.Рыбкин және т.б.) және оқу бағдарламалары негізінде айқындалды (оқу пәні бағдарлама 1-4 сыныптар үшін).

Мысалы, 1-сыныпта оқушылардың меңгеру тиіс пәнаралық оқу іскерліктері (немесе оны жалпы оқу іскерліктері деп те қарастырады)

- сабақ тақырыбын және кітаптағы тапсырма нөмірін таңдау;
- минутына 40 сөз жылдамдықпен оқу және оқығанды түсіну;
- минутына 4-5 сөзді дәптерге сауатты көшіріп жазу;
- ережелер көмегімен терминді есте сақтау;
- мәтіндегі сұрақтарға жауап табу;
- ауызша және жазбаша мәтінді біргелікте өзгерту және толық-тыру;
- дене, зат және моделді салыстыру және классификациялау;
- табиғи денені және құбылысты бақылау;
- шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде ойлауды белсендіру және алгоритмдеу әдістерін біргелікте қолдану;
- ұйымдасқан және үнемді жұмысты ұйымдастыру;
- өзінің жұмысына бақылауды орнату;
- сабақтың жоспары бойынша өзінің іс-әрекеті нәтижесін талдау.

Ал енді 2-сыныпта оқушылардың меңгеруі тиіс пәнаралық оқу іскерліктері

- минутына 60-70 сөз жылдамдықпен оқу және оқығанды түсіну;
- минутына 6-8 сөзді дәптерге сауатты көшіріп жазу;
- терминдер мен мәтіндерді ережелер көмегімен есте сақтау;

- мәтіндегі бастыны бөліп алу;
- ауызша және жазбаша мәтінді біргелікте өзгерту және толықтыру, құрастыру;
- дене, зат және моделді салыстыру және классификациялау;
- табиғи денені және құбылысты бақылау;
- тапсырманы орындау үшін ережені таңдау;
- шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде ойлауды белсендіру және алгоритмдеу әдістерін біргелікте қолдану;
- денелер, материалдар мен суреттердің композициясын құрастыру;
- жұмыстағы пайдаланған әр түрлі материалдардың қасиеттерін есепке алу;
- әр түрлі құралдарды тапсырма мазмұнына сәйкес пайдалану;
- критерилер бойынша өзінің іс-әрекеті нәтижесін бағалау.

Сондықтан 3-сыныпта оқушылардың меңгеруі тиіс пәнаралық оқу іскерліктері мыналардан тұрады:

- минутына 70-80 сөз жылдамдықпен оқу және оқығанды түсіну;
- минутына 10-12 сөзді дәптерге сауатты көшіріп жазу;
- терминдер мен мәтіндерді ережелер көмегімен есте сақтау;
- мәтіндегі бастыны өзбетінше бөліп көрсету және оны схема, кесте, конспект түрінде әзірлеу;
- ауызша және жазбаша мәтіндерді өзбетінше өзгерту, толықтыру және құрастыру;
- құбылыстар мен оқиғалар үшін себеп-салдарлық байланыстарды анықтау;
- тапсырманы орындау үшін ережені біргелікте әрекет ету;
- жұмысты ұйымдастыру дағдыларын жүзеге асыру;
- шығармашылық тапсырманы орындау кезінде ойлауды белсендіру және алгоритмдеу әдістерін өзбетінше қолдану;
- зерделеуі қажет сабақ тақырыптары сұрақтарын құрастыру.

Соңында 4-сыныпта оқушылардың меңгеруі тиіс пәнаралық оқу іскерліктері:

- минутына 90-100 сөз жылдамдықпен оқу және оқығанды түсіну;
- минутына 13-15 сөзді дәптерге сауатты көшіріп жазу;
- ережелер көмегімен терминді және мәтінді есте сақтау;
- мәтіндегі бастыны өзбетінше бөліп көрсету және оны схема, кесте, конспект түрінде әзірлеу;
- ауызша және жазбаша мәтіндерді өзбетінше өзгерту, толықтыру және құрастыру;
- заңдылықтарды, дәлелдемелерді, жалғанға шығаруларды анықтау;
- тапсырманы орындау үшін ереже алгоритмін біргелікте құрастыру;
- шығармашылық тапсырманы орындау кезінде ойлауды белсендіру және алгоритмдеу әдістерін өзбетінше қолдану;
- өзбетінше жұмысты орындау, олардың нәтижелерін талдау және бағалау.

Жоғарыда берілген пәнаралық оқу іскерліктері - қазіргі уақытта жас мұғалімдер үшін оқу-тәрбие процесінің нәтижесінде ескеретін іс-әрекеттер.

Оқу іскерліктері, біріншіден, оқыту мазмұнын құраушы элементтің бірі болып табылады; екіншіден, оқушының шығармашылық іс-әрекетінің негізі ретінде қарастырылады.

Сондықтан да оқыту процесін ұйымдастыруда басшылыққа алатын құжаттардағы, бағдарламалық материалдардағы қарастырылған іскерліктерді талап етілген деңгейде меңгермеу кейінгі оқу жылында оқушылардың үлгермеушілігіне негіз болады. Ал, пәнаралық байланыс тұрғысынан оқу іскерліктерін меңгермеу оқушының шығармашыл тұлға болып қалыптасуына кері әсерін тигізеді деп білеміз.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру үшін оқу материалдарының дамытушы құрылымы айқындалуы тиіс. Оқу материалдарының дамытушы құрылымы – бұл ұғымдар арасындағы өзара байланысты міндетті бөлумен

қарапайымнан күрделіге ретті мазмұндалуы. Сабақта жаңа оқу материалдарын оқып-үйренуде оқушылар ғылыми немесе мәдени зерттеу үрдісінде ертеректе зерделенген ұғымдар қалай жаңа білімдер мен таным әдістері шығарылғанын көретіндей етіп тұрғызу қажет. Кез келген жүйенің даму үрдісі – бұл оның пайдалы функциясының артуы. Ғылыми білімдердің дамуы – бұл теория мен әдістердің функциональдық тиімділігінің жоғарылау үрдісі. Үрдістер диалектика заңдылықтары негізінде жүзеге асырылады:

Сондай-ақ мұғалім оқушылардың пәнаралық байланыс оқу іскерліктерінің даму деңгейін анықтаумен, оқушыларда қажетті дамымаған пәнаралық іскерліктерді дамыту үшін сабақ конспектілерінде педагогикалық тапсырмалар көлемін реттеуі тиіс.

Пәнаралық байланыстың атқаратын функцияларын анықтау жөнінде көптеген зерттеулерді айтуға болады. Мәселен, О. Мұсабеков пәнаралық байланыстың функцияларын оқыту процесіне ықпалы бойынша айқындайды:

- 1 Ойын дамытуға ықпал етеді;
- 2 Берік білім алуға көмектеседі;
- 3 Оқыту үрдісін жеделдетеді;
- 4 Дербестігін және танымдық белсенділігін дамытуға ықпал етеді;
- 5 Мұғалім жұмысының әдістемесін жақсартады.

Зерттеуші мұғалімдердің пәнаралық байланысты пайдалану мақсаттарын айқындаған

- 1 Оқушыларды жан-жақты дамытады, ой-өрісін кеңейтеді.
- 2 Білімнің сапасын арттырады.
- 3 Танымын, оқу іс-әрекетін белсенділендіреді.
- 4 Танымдық қызығушылығын қалыптастырады.
- 5 Оқушылардың ойын дамытады.
- 6 Оқушылардың өзіндік іс-әрекетін дамытады.
- 7 Ес пен ойлауды дамытады.
- 8 Қисынмен ойлауды дамытады.
- 9 Тапқырлығын дамытады.
- 10 Оқыту үрдісін жеделдетеді.
- 11 Білімін практикада қолданады.
- 12 Шығармашылығын дамытады.
- 13 Зейінін дамытады.
- 14 Оқығанын пысықтайды.

Пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың объективті және субъективті екі жағын бөліп көрсетуге болады. Объективті жағы оқыту мазмұнын анықтау кезінде көрініс табады және оқу жоспарларын, бағдарламаларын, оқулықтарды, оқу құралдарын және т.б. әзірлеу кезінде ескеріледі. Субъективті жағы тікелей оқыту процесінде көрініс табады, яғни оқушыларға қатысты пәнаралық байланысты жүзеге асырудың негізгі тәсілдері мен әдістері ретінде қарастырылады. Пәнаралық байланыстардың практикалық жүзеге асырылуының негізгі бағыттары: оқулықтарды, оқу құралдарын жазу кезінде, оқу жоспарларын және бағдарламаларды даярлауда, жеке әдістемелерді және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді жазуда, оқу орындарының түріне байланысты әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарды жүргізуде орындалады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты. -Алматы, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1998. -245 б.

2. Кішібаева Д. Пәнаралық байланыстың мақсаты - оқушылардың білім сапасын арттырып, оқу іс-әрекетінде белсенділік таныту. Ұлытау - Жезқазған - көне өркениет

пен Ә.Х.Марғұланның ғылыми-зерттеу аймағы Республикалық "З-Марғұлан оқулары" материалдарының жинағы) - Жезқазған, 2004. -167-170 бб./

3. Педагогические основы профессионального обучения учащихся общеобразовательных школ с учетом требований ускорения научно-технического прогресса: методические рек. /ред. - сост. Е. А. Рыкова. - М.: АПН СССР, 1988. - 85 с.

## ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада пәнаралық байланысты жүзеге асыру жолдары қарастырылады.

## РЕЗЮМЕ

В данной статье раскрываются пути совершенствования межпредметной связи.

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МӘНІ

Кішібаева Д.Ж. - п.ғ.к., доцент; Оспанов С.- 2-курс магистранты

Оқыту - бұл оқушының оқуын өз бетінше педагогикалық мақсатты түрде ұйымдастыру. К.Д.Ушинский бойынша: "Мұғалімнің басты міндеті оқушының білім алуын өз бетінше білім алуға айналдыру".

1 Оқытушының оқушының оқуын ұйымдастыру әдісінде, құралдарында, мазмұнында оқу-тәрбиелік және дамытушылық мақсаттардың нақтылығы.

2 Оқыту технологиясының қажетті элементі бір логикамен байланысты жеке сабақтардың барлық тізбегін құру және соңғы нәтижелердің қысқаша сипаттамасы енетін тақырыптық жоспарлау болып табылады.

3 Оқушының оқу- танымдық жұмысының әрбір кезеңінде бақылау ұйымдастыру.

4 Оқушының шығармашылық іс-әрекетін жоғарылату, тек қана білетін оқушыға ғана емес, жұмыс істей алатын оқушыға да бағыт беру.

5 Оқыту әдістері мен формаларының әр түрлі болуы, жеке құралдар мен формаларын әмбебап болдырмау.

Білім берудің қазіргі заманғы технологиясының нұсқауы, төмендегі принциптердің қатысуымен жасалуы тиіс:

- дидактикалық жүйені көрсететін технологияның бүтіндік принципі;
- қойылған мақсатқа жету үшін нақты педагогикалық ортада технологияларды қайта өндіру принципі;

- сәйкес келетін педагогикалық жүйелердің өзін-өзі дайындау механизміне әсер ететін факторлардың приоритеті және педагогикалық құрылымдарының сызықтық емес принципі;

- оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына және оның танымдық қабілеттілігіне оқыту процесінің бейімделу принципі;

- біріктірілген білімдерді құру үшін оптимальді жағдай жасайтын оқу ақпараттарының потенциалды көп болу (артық болу) принципі.

Сонымен, технология көмегімен білімдерді, дағдыларды, біліктілікті игеру процесінде тұлғалық қасиеттің дамуында нәтижелі шешімге жету мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Қазіргі заманғы ғылыми-теориялық әдебиеттерде және атақты отандық педагогтардың іс-тәжірибелерінде технология негізгі үш түрге бөлінеді:

1 Техникалық.

2 Экономикалық.

### 3 Гуманитарлық.

Гуманитарлық технологиялар басқару гуманитарлық педагогикалық және психологиялық болып бөлінеді. Гуманитарлық технология - адамдардың өзін көрсету, олардың интеллектуалдық қасиеттерін өздері жүзеге асыру технологиясы.

Педагогикалық технологияға берілген басқа да анықтамалар бар, ол: оқыту процесін жүзеге асырудың мазмұндық техникасы (В.П.Беспалько), педагогикалық ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жобасы (алгоритмі), оқыту процесін ұйымдастыру мен жүргізуді жобалау барысындағы бірлескен педагогикалық іс-әрекеттің моделі (В.М.Монахов), барлық сабақ беру процесін жасаудың, қолданудың және анықтаудың жүйелі әдісі, білімді меңгерудегі техникалық және адаммен ортаның өзара әрекеттерін ескеру (ЮНЕСКО), мазмұнын қорытындалау (Г.К.Селевко). В.А. Сластениннің ойы бойынша педагогикалық технология деген: ол қатал ғылыми жоспарлау және дәлірек айтқанда педагогикалық әрекеттің жетістігін қамтамасыз ететін елестету.

Педагогикалық технология нақты технологиялық процестерде жүзеге асырылады. Оқыту ой тұжырымдамасында технологиялық процеске, нақты тақырыпты оқыту тәсілдері мен формалараның жүйелелігі жатады және де әр түрлі есептер шығару кезінде дағдыларды өндіру мақсатындағы сарамандық міндет бірдей оқыту технологиясының көмегімен шешіледі.

Оқыту (тәрбиелеу) технологиясының тұтастығы оның үш құрамдас бөлігімен қамтамасыз етіледі:

- ұйымдастыру формасымен;
- дидактикалық процеспен;
- мұғалім (немесе оқыту техникалық құралдарымен) маманмен.

Педагогикалық технологияның тақырыбы болып мұғаліммен оқушының әр түрлі жағдайлардағы нақты өзара іс-қимылдары, олар оның құрастырылған, жүйеленген, бағдарланған, оқыту және тәрбиелеу стандарттарына сай тәсілдер негізінде компьютер мен техникалық құралдар қолдану арқылы ұйымдастырылады.

Педагогикалық технологияның міндеттеріне мыналар жатады:

- әр түрлі қызмет саласындағы іскерлік пен дағдылардың шыңдау, білімнің тереңдігін, беріктігін арттыру;
- мінез – құлықтағы әлеуметтік құнды әдеттер мен формаларды нығайту және арттыру;
- технологиялық құрал-саймандармен жұмыс істеуге үйрету;
- технологиялық ойлау дағдыларын дамыту;
- оқу міндеттері мен қоғамдық пайдалы еңбек ұйымдастыруда технологиялық тәртіпке сай нақты әдеттерді тәрбиелеу.

Жалпы, педагогикалық технологияның тереңдік мағынасы төмендегідей болып табылады.

Біріншіден, педагогикалық технология тәжірибе жүзінде бұрынғы педагогикалық экспериментті жоққа шығарып, оны алдын-ала жобаланған оқу-тәрбие процесс жолына аударады, кейін бұл жобаның сыныпта жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Бұл дидактикалық (тәрбие) түсініктеме тілдерінде мүмкін болып табылады.

Екіншіден, бұрынғы мұғалімдерге арналған сабақ жоспарларынан өзгеше, педагогикалық технология оқушының өзіндік жұмыс мазмұнын анықтайтын оқу-тәрбие процесіндегі жоба ұсына-ды, яғни бұл оқу танымдық жұмыс жобалануы кез-келген оқушылар санын жоғарғы тұрақты табысқа жетуге болады дегенді білдіреді.

Үшіншіден, педагогикалық технологияның айшықты қасиеті – мақсат білімділік процесі. Бұл педагогикалық технологияның негізгі мәселесі дәстүрлі педагогикадан басты айырмашылығы. Ол екі қырынан талқыланады:

- мақсат білімділіктің болжамы және оқушылардың оқу бағдарламасын сапалы меңгеруін объективті бақылау;
- жалпы тұлғаның дамуы.

Төртіншіден, педагогикалық технологияны нақты педагогикалық жүйе жобасы ретінде білу арқасында оның маңызды қағидаларының бірі – бүкіл оқу-тәрбие процесінің тұтастық қағидасын (құрылымдық және мазмұндық) тұжырымдауға болады. Тұтастық қағидасы педагогикалық жүйенің барлық элементтерінің үйлесімділігі.

Тұтастық қағидасы болашақ кез-келген педагогикалық жүйенің барлық элементтерінің үйлесімділігін, өзара іс қимылына қол жеткізу қажеттілігін көрсетеді. Педагогикалық жүйенің (ПЖ) бір элементіне өзгеріс енгізу үшін, басқа да элементтерді қайта құруға тура келеді. Мысалы, оқу мақсаттарын өзгерте отырып, бірақ оның мазмұнын және оқу процесін сол қалпында қалдырсақ, деформацияланған педагогикалық жүйеге тап боламыз. Тәжірибе көрсеткендей, олар өміршең болмайды. Бірақ әлемде жалпы "педагогикалық технология" деген не және оның ішінде жеке оқу "технологиясы" туралы түсініктемелер қалыптасып келеді (3-кесте)

Отандық педагогикадағы "Педагогикалық технология" түсінігі қаншалықты қолданыста болғанымен, ол жөніндегі түсінік ұғынықты болмаған. Білім берудің қазіргі кездегі практикасында бұл ұғым стандартты емес ғылыми көріністерде ереже ретінде қолданылып, педагог жұмыстарының өндірілген әдіс-тәсілдерін, құралдарын білдіреді.

Технологияны түсіну үшін ең алдымен педагогикалық қызметтің өндірушілік белгісіне көңіл аудару қажет. Әлеуметтік тұрғыда бұл белгі, технологияның басқа белгілері – оның жалпылық сипатымен байланысты .

Педагогикалық технология жөніндегі қатаң түсініктің басты белгілері болып мыналар табылады:

- мақсаттың диагностикалық сипаттамасы;
- педагогикалық процестің өндірушілігі (оның ішінде оқытудың мақсатына және оқытушы мен оқушы іс-әрекетінің (қызметінің) сипатына сай этаптардың жасалуы).
- педагогикалық нәтижелердің өндірушілігі.

Қазіргі таңда көптеген жаңа педагогикалық технологиялар оқу-тәрбие процесінде басшылыққа алынуда (ақпараттық, проблемалық, дамыта оқыту, т.б.).

- технологияның кез келген оқу-тәрбие мекемелерінің жұмыс жағдайында қайта жаңғыртылуы.

Қазіргі педагогикалық технологиялар келесідей негізгі сапаға ие болуы қажет: құрылымға; технологиялық критерилерге; тұжырымдылыққа; жүйелілікке; басқарушылыққа; нәтиже бойынша тиімді және шығын бойынша оңтайлы, өндірушілікке.

Қазіргі білім беру технологияларын Г.К. Селевко технологияның классификациялық параметрлері тұрғысынан: қолдану деңгейі, негізгі дамыту факторы, меңгеру тұжырымы, жеке тұлғаның құрылымына бағдарлау, мазмұн сипаты, басқару типі, ұйымдастыру формалары, балаға ықпал ету тәсілдері, әдістердің басымдылығы, жетілдіру бағыттары, оқушылар категориялары бойынша нақтылап көрсетеді.

Бастауыш сыныпта тәжірибе барысында басқа да педагогикалық технологияларды пайдалану балалардың белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға негіз қалайтынын анықтадық. Олар: "ойды синтездеу", "шынжыр" (тізбек), "матрица" және т.б.

Педагогикалық еңбектерде дәстүрлі сабақты: жаңа оқу материалын өту сабағы; білім, дағды, қабілетті жетілдіру сабағы; жинақтау және жүйелеу сабағы; аралас сабақ; бақылау, білімге дағды, қабілетке түзету енгізу сабағы. Сабақты дидактикалық міндеттеріне сәйкес: кіріспе сабақ; жаңа сабақты өту; білімді бекіту сабағы; жинақтау сабағы; есепті-бақылау, аралас сабақ; диспут, КВН сабақтары деп ажыратады. Қазіргі таңда оқушылардың өз бетінше жұмысын жандандыру және шығармашылықпен іс-

әрекет жасауын қамтамасыз ету үшін сабақтың дәстүрлі емес формаларын кеңінен оқыту процесінде қолдануда.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Беспалько В. П. Слагаемые педагогической технологии. - М.: Педагогика, - 1989.
2. Таубаева Ш.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары //Бастауыш мектеп. -1999. - №3. - 3-8 бб.
3. Кларин М. В. Технология обучения: идеал и реальность. - Рига, Эксперимент, 1999. -180 с.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада педагогикалық технологиялардың мәні туралы айтылады.

#### РЕЗЮМЕ

В данной статье раскрываются сущность и содержание педагогических технологий.

### **БІЛІМ БЕРУДІҢ 12 ЖЫЛДЫ ЖҮЙЕСІНЕ КӨШУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Кошербаева Ш.С – оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Кез келген өзгеріс жаңалықтар бірнеше жылдар бойы қалыптасып үйреншікті бойға сіңісті болып кетпей қазіргі білім жүйесінен басқа жүйеге ауысуы ондағы субъектілерге бірқатар қиыншылықтар туғызуы заңды нәрсе. Өйткені алдағы дүние әрқашан жұмбақ болып қаншалықты белгісіз дүниелердің проблема ретінде оны шешу мәселелер біраз қорқыныш тудыратын сөзсіз. Сондықтан да қалыпты жағдайдан шығу әркімге де оңай емес. Бірақ өмір болғаннан кейін ол үнемі өзгеріске толы оларды айналып өту мүмкін емес. Ал қазіргі білім саласына айтарлықтай реформа әсіресе осы уақыттағы ұлттық құндылықтарға, заман ағысына ілесе алатын, мол ақпараттарды игере меңгере білетін, өмірге бейімделе әлеуметтен білетін, кәсіпке даяр ұлттың рухы биік жеке тұлғаны тәрбиелеу ,оқыту үшін қазіргі дәстүрлі жүйенің қауқарсыздығы байқалып жүр. Сондықтан да білім берудің жаңа Қазақстандық моделі бізге әбден керек. Сонау 1992 жылы барлық елдердің білім министрлері бас қосқан Боллон келіссөздеріне біздің елімізде қатынасын әлемдік білім кеңістігіне шығудың бірден бір жолы 12 жылдық жүйе бола алатынын ескеріп, оған даярлық жұмыстары жалғасып келеді. ҚР Президенті Н. Ә. /1/ Назарбаев «Еркін елдің ертеңі – кемел біліммен кенен ғылымда екенін ұмытпау» мәселесін «Қазақстан Республикасының әлеуметтік экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға даяр бәсекеге қабілетті және білікті тұлғаны даярлау» міндеттерін әр кез тарихи құжаттарында айтып келеді. Сондықтан да осы 12 жылдыққа көшу мәселесі ҚР білім беруді дамытудың өткен 2005-2010 жылдарға арналған бағдарла масында ескеріліп жаңа 2011-2020 бағдарламасына түпкілікті міндеттер жүктеуі заңдылық /2/.

Европа мақұлдаған 12 жылдық білім жүйесін 216 мемлекет құп көріп отырса, ТМД мемлекеттерінің төртеуі және Прибалтика мемлекеттерінің бірқатары бұл жүйеге көшсе Ресейдің 1784 жалпы білім беретін мектептерінде кең көлемде осы 12 жылдыққа көшуге байланысты эксперименттік жұмыстары үзіліп жатыр. Яғни 12 жылдық жүйе Қазақстан үшін шындық екені даусыз. Олай болса қазіргі күнге бұл жүйенің ең басты құжаты. Мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарты әзірленіп

болды. Бұл құжаттың ең басты айырмашылығы: оқушылардың бұрын ғыдай таным білік дағдыларына деген талап емес, тікелей үш нақты нәтижеге бағытталған талаптың күшейетіндігінде. Яғни жоғарыда айтылған жеке тұлғаны қалыптастыра алатындығына, негізгі құжаттың әзір болуы 12 жылдық жүйеге көшуге даяр екендігімізді білдірмейді. Мұнымен қатар бірқатар өзекті мәселелердің бар екендігі белгілі /3/.

Солардың қатарында мұғалім оқушы және олардың ата – аналарының жаңа жүйеге психологиялық тұрғыда ешқандай қиыншылықсыз көшу мәселесі, яғни бұл жұмыстар қазірден бастап білім беру мекемелерінде қолға алынып оның басты мақсаттары мен міндеттері туралы толық жете түсініктер жүргізіліп, концептуалды және нормативті құжаттары кең көлемді субъектілерге түсіндірілуі абзал. Әсіресе оқушылардың денсаулығына тағыда басқа жағдаяттардың назардан тыс қалмауы ескерілуі тиіс. Сонымен қатар 12 жылдық жүйеде сабақ беретін мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруға қатысты мәселелерде мұғалімдер білімін жетілдіру институттары тарапынан жеткілікті жағдайдағы курстар аз немесе жоқтың қасы. Жоғарғы оқу орындары мен мектептер арасында кәсіби қызметтік байланыстарды қолға алу мәселесі ақсап тұр. Тек қана оқушы емес оның ата-анасының да 11-12 сыныптан кейін баласының қай оқу орнына баратыны, онда қандай жағдайлар күтіп тұр, қандай жан – жақты ойластырылған балаға деген мүмкіндіктері бар т.с.с. кәсіби – бағдарға қатысты шаралар жеткіліксіз. Мектеп бітірген балалар жоғарғы оқу орнының атауын ғана білумен шектеліп отыр. Ал жоғарғы оқу орындары оқу жылы соңында бір өкілін жіберіп бір парақ прайс беттерін сол мекемеде қалдырып кетумен шектелуде. Ал жоғарғы оқу орындарының әлемдік ғаламторда сайттары болса, әсіресе ауыл мектебі балаларының оны ашып көріп таныса алулары екі талай. Себебі оларда жеке компьютерлері көбінде жоқ. Әйтеуір осы күнге дейін әйтіп-бүйтіп бірдеңе қылып жағдайдан шығып келеді. Көптеген ақпараттарды балалар тиісті жерден тысқары жерлерден алуға мәжбір. Сондықтанда жоғарғы оқу орындары мен жалпы білім беретін және кәсіптік лицей-гимназиялар мекемелері арасында келісім шарт контракт мәселесі де болашақта қолға алынып жатса жақсы болар еді. Тағы бір өзекті мәселенің бірі мектептердің материалдық базасы. Әсіресе өте қажетті компьютерлердің жағдайы. Жалпы Қазақстан бойынша мектептерді компьютерлендіру аяқталған, алайда олардың қазіргі уақытқа физикалық моральдік жағынан тозып бара жатқаны белгілі. Тіпті мектепті қойып жоғарғы оқу орындарының кейбіреуінде сол компьютерлерді ұршықша иіретін программистердің жоқтығы мен ақпараттық технологияларға арналған жеткілікті мөлшердегі программалардың жетіспеушілігі басқа әңгіме. Бұлда кәсіби біліктілікке қатысты нәрсе, жоғарыда айтқанымыздай, біліктілігі шамалы мұғалімдеріміз осы жүйе басталысымен сол бұрынғы дәстүрлі сарынмен сабақтарын жалғастыра берері хақ. Яғни педагог ғалымдар тарапынан жаңа технологиялар мектептерге көптеп еңгізіліп жатса, нақты нәтиже күтуге әбден болады. Мектептердегі оқулық мәселесіне келсек, әрине қазіргі жағдай жаман емес. Төрт жылда бір рет жаңа буын оқулықтар келіп жатыр. Енді 12 жылдық жүйеге көшуде бір жыл бұрын тағы бір толқын оқулықтар мен мектептерді қамтамасыз етілетін болады. Әрине ол оқулықтар біз күткендегіміздей болады деп сенеміз, ал әзірше мектептер екі бағыттағы оқулықтармен оқытылып жатыр. Болашақтағы ақпараттық материалдар тағыда қосымша бағыттарды қамтиды деп ойлаймыз. Ел басымыз Н. Ә. Назарбаевтың әр жыл сайынғы Жолдауларында білім саласы назардан тыс қалмай келеді. Осы мәселеге қатысты 2008 жылғы жолдауында айтылғандай 12 жылдық жалпы орта білімге көшу үрдісіндегі педагогтардың кәсіптік деңгейі, оқулықтармен білім беру бағдарламаларының арттырылуына қатысты мәселелер әрдайым есімізде болары сөзсіз /3/. Мектеп саласы қызметкерлерінің басты мақсаты осы жүйеде «Тарыдай боп кірген баладан таудай кәсібиленген, әлеуметтенген өмірге даяр адам шығару». Бұл дегеніміз нағыз кластерлік жүйеге ұқсайды.

Расында да жас адамға қоғамдық жеке өмірінде нағыз тұлға болып қалыптасыуна үлкен қолдау өте қажет /2/. Бұл үрдістен педагогтар қауымы шыға алады деп сенеміз. Не нәрсені бастау қиын, шешілмейтін проблема болмайды, халқымыз аман ел – іші тұрақты экономикамыздың әлеуеті арта беретін болса, бәрі болады, көште түзеледі. Осы жастарымыз – ертенгі күннің жарқын болыуна жұмыс жасайтындар, олай болатын болса, оларды дұрыс тәрбиелеп жақсы біліммен тәлім беру болашақты жасай білу деген сөз. Бабаларымыздың аманатын орындай алатын басқа ел мен терезесі тең егеменді ел тұтқасын беріп ұстай білетін ұрпақты қалып тастыру қазіргі педагогтар қауымының парызы.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. «12 жылдық білім» журналы. Алматы, 2008 ж, №6, 42 бет.
2. «Бейінді оқыту проблемалары және шешу жолдары». Алматы, 2008ж.
3. «12 жылдық білім беруге өту үрдісіндегі эксперименттік зерттеу жұмысын ұйымдастыру» (Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары) 5-7 желтоқсан 2006 ж. 187, 217 бет.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада білім берудің 12 жылдық жүйесіне көшудің өзекті мәселелері жайында сөз етіледі. Қазіргі білім саласындағы реформаның заман ағысына ілесе алатын, мол ақпараттарды игере меңгере білетін, өмірге бейім, кәсіпке даяр, ұлттық рухы биік жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқыту үшін қазіргі дәстүрлі жүйенің қауқарсыздығының байқалуы қарастырылады.

#### РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются актуальные проблемы 12 летнего образования. Задачами современной реформы, являются воспитание духовно-нравственного, специализировано подготовленного к будущей профессии, ориентированный к современной жизни индивидуальной личности. Но традиционная система воспитания и образования недостаточна, адаптирована предложенной реформе.

### **СОЗДАНИЕ УЧЕБНОЙ ЛИТЕРАТУРЫ КАК СРЕДСТВО ПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ НОВОЙ ФОРМАЦИИ**

Караев Ж.А.- д.п.н., профессор; Иманбаева С.Т.,- д.п.н., профессор;  
Шахгулари В.В., к.п.н., доцент

XXI век – это не только век новых информационных технологий, но и с уверенностью можно сказать – этап новой книжной индустрии. Видимо настало время перестройки учебных программ и учебников, в основном программирующих сегодня дела бездумного запоминания готовых знаний, без включения в них материалов, стимулирующих интерес к решенным и не решенным еще проблемам науки. Преподаватель без хороших учебников не может один справиться с задачей совершенствования образования. Очевидно, что перенос научных знаний из учебника или из головы учителя в голову ученика вредит процессу становления творческой личности. Основную задачу обучения можно будет выполнять при действительно истинном усвоении учебного материала, а не при зубрежке, вызывающей отвращение к учебе. Учебник как основное средство получения учащимся научных знаний должен обеспечить качественный переход от репродукционной деятельности к творческому восприятию изучаемого материала.

Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев на III съезде работников образования и науки уделил внимание на качество издаваемых учебников, отметив,

что уровень образования в не малой степени зависит от качества учебников. Действительно, данная проблема стоит остро перед системой образования, ибо учебник, а в целом учебная литература является определяющим ориентиром построения учебно-воспитательного процесса вуза, стратегически важным средством подготовки квалифицированных, конкурентоспособных педагогических кадров.

Опыт разработки учебников показывает, что более высокую педагогическую эффективность имеют те из них, где учебный материал изложен с учетом требований принципов как линейного его структурирования, так и концентрического. Современный учебник на первом уровне должен включать: основной теоретический материал, полностью отвечающий требованиям Государственного обязательного стандарта образования; набор упражнений и задач, позволяющих выработать, по меньшей мере, соответствующие практические умения; методы и средства управления процессом обучения; способа оценки уровня усвоения базовых знаний. Второй уровень учебника составляют дополнительный теоретический материал, к которому студент может обратиться для углубленного изучения тем; разделы курса, материал которых удовлетворяет профессиональные и творческие запросы студента; дидактические средства управления учебным процессом.

В целостной педагогической системе «учебник» можно выделить три ведущие подсистемы: содержание образования; образовательные процессы; дидактические инструментальные средства. Содержание образования определяет закономерности не только формирования социального опыта, подлежащего усвоению обучающимися, но и функционирования и развития знания как специальной педагогической системы, сущность которой обусловлена четырьмя дидактическими принципами. Согласно первому – *социально-личностной актуальности содержания обучения* – студенту предлагается для усвоения совокупность знаний из некоторой области социального опыта, лично ему необходимая в данный момент для решения задач своего развития, обеспечивающего в последствии реальную возможность для владения знаниями возрастающего уровня сложности. Руководствуясь принципом *потенциальной избыточности учебной информации (рефлексии)*, составители учебника должны располагать учебный материал таким образом, чтобы он в максимально возможной мере стимулировал рефлексивную деятельность студентов, способствовал активизации когнитивных процессов, побуждал их к самостоятельному завершению работы, к сознательному осмыслению тех схем и правил, в согласии с которыми они действуют. Согласно принципу *амплификации* (В.П. Зинченко), учебный материал должен предоставлять студенту широкие возможности поиска и нахождения себя в нем, «за тем преодоление материала и преодоления себя в той или иной форме деятельности» (Принципы психологической педагогики // Педагогика. 2001. №6. С. 15). Наконец, важно учитывать *психолого-педагогический аспект отбора содержания обучения*: научности, учета возрастных и индивидуальных особенностей обучаемых, ориентации содержания учебного материала на сензитивные периоды развития, вариативности представления содержания с учетом зоны ближайшего развития создания эмоционально-нравственных ситуаций, мотивации учения и др.

При создании второй подсистемы учебника «Образовательные процессы» необходимо руководствоваться следующими принципами: 1) *нелинейности*, образовательный процесс, сохраняя в пространстве информационные среды учебника свою целостность, должен обладать свойством ветвления на подпроцессы, каждый из которых имеет специфические только ему присущие особенности, отвечающие познавательным и другим личностным особенностям конкретного студента; 2) *обращенности к саморазвитию*, когда механизм запуска и функционирования образовательного становится учебная деятельность студента; 3) *динамичности*: по мере развертывания образовательного процесса в пространстве информационной среды учебника он может менять свою структуру и системные характеристики; 4)

*биологичности*: постановка и разрешение учебных задач являются ведущим средством обучения и воспитания; 5) *опорой на ведущий вид деятельности*: студенту предоставляется достаточно широкий набор разнообразных занятий и возможность выбора тех, что соответствует его способностям и задаткам.

Общеизвестно, что обучение и развитие – взаимосвязанные процессы, причем первый имеет последовательно развивающий характер лишь при условии выполнения соответствующих принципов и закономерности педагогической психологии и дидактики. Это означает следующее: 1) включенный в учебник материал опирается на закономерности и выводы педагогической психологии высшей школы; 2) детально прослеживаются явления в их развитии и многообразии связей; 3) используются различные методы и средства для активизации познавательной деятельности студентов во всех звеньях учебного процесса (генерируются проблемные ситуации, предлагаются задания проблемного и логического характера, а также познавательные задачи, требующие привлечения знаний из других источников и т.п.); 4) включается теоретический материал, значимый для профессиональной подготовки специалиста; 5) предлагаются задачи прикладного характера, решая которые студенты приобретают опыт использования научных методов, необходимый в будущей профессиональной деятельности.

*Обучающая функция учебника* имеет следующие предназначения: 1) организовывать и целенаправленно управлять процессом изучения курса; 2) сочетать различные виды учебной деятельности с учетом дидактических особенностей каждой в зависимости от уровня работы с учебным материалом; 3) рационально использовать (в нужном месте и в необходимом объеме) наглядные средства обучения; 4) помещать дополнительный материал по желанию студентов; 5) раскрывать содержание деловых игр и других профессионально ориентированных форм учебной деятельности.

*Воспитывающая функция учебника* предполагает решения следующих задач:

- качественной подготовки специалистов, которые должны обладать широким теоретическим кругозором, глубокими профессиональными знаниями, умением применять их на практике, а также способностью и стремлением к постоянному совершенствованию и творческому поиску новых знаний;

- формирование гражданских качеств на основе принципов и норм общественной морали, воспитание патриотизма, овладения правовой грамотностью и сознательной дисциплиной;

- обеспечение культурного развития студента; воспитания гуманизма, здоровых эстетических вкусов, высокой культуры человеческого общения.

Практическое осуществление этой функции предполагает, что в содержании учебника должны быть отражены средства и методы воспитания, направленные на: 1) формирование гражданской позиции студента, воспитание его общественно-политической активности, чувства гордости научно-технические достижения нашей страны; 2) развитие эмоционально-волевой сферы, дисциплинированности, прилежания и уважения к труду, потребности в самообразовании и самосовершенствовании; 3) формирование творческого подхода к овладению специальностью, решению профессиональных задач (органическое включение элементов научно-исследовательской работы в учебный процесс – постановка учебных задач, имеющих поисковый характер, организация учебных работ с элементами научного исследования и т.п.).

В третьей фундаментальной подсистеме учебника, «Дидактические инструментальные средства», можно выделить методы, формы и способы обучения, из которых складывается содержание технологических процедур, призванных практически реализовать не только соответствующие позиции двух первых фундаментальных структур, но и основополагающие требования педагогики,

например, взаимообусловленности содержательной и процессуальной сторон обучения.

К комплексным методам проектирования учебника как целостной образовательной системы принадлежат оптимизационные методы дидактики. Их отличительной чертой является использование психолого-педагогических средств оптимизации ведущих звеньев процесса обучения. В конечном счете учебник, спроектированный с помощью обсуждаемых методов, должно удовлетворять следующим критериям оптимизации: гарантировать достижение каждым обучающимся более высоких результатов в учебной деятельности по сравнению с традиционными учебниками; сокращает время, отводимое на изучение тем программы; создает реальные условия, способствующие активному протеканию процессов самоактуализации и самореализации личности обучающегося: не допускает увеличению психической и физиологической нагрузки.

Алгоритм структурирования содержания учебника в соответствии с требованиями принципа рефлексии и условиями формирования свернутых знаний должен включать следующие процедуры: выделение средствами теории графов элементов ведущих знаний дисциплины вместе с сетью их логических взаимосвязей; моделирование ведущих знаний в символической, графической или какой-либо другой форме; преобразование модели ведущих знаний с целью выделения наиболее общих системных понятий и отношений и их взаимосвязей; формирование структур наиболее общих способов познавательной деятельности, характерных для данной области научных знаний; построение системы частных задач, решаемых общими способами; оценка усвоения студентами общего способа решения данного класса познавательных задач.

Не трудно заметить, что рассматриваемый алгоритм требует, чтобы ведущие знания, включенный в учебник, были представлены в виде сетевого гипертекста, вершина которого находятся узловые темы курса, наглядные и технические средства, а на ребрах – перекрестные ссылки между этими системными фрагментами курса. Логическим завершением такового подхода к структурированию учебника является его радиально-концентрическая модель, суть которой заключается в следующем. Из выделенных средствами теории графов ведущих знаний составляется базовый модуль дисциплины, который, собственно, и образует ядро проектируемой радиально-концентрической модели. Следующий радиальный уровень учебника проектируется как равномерно расширяющийся относительно первого круг знаний, полностью отвечающий требованиям Государственного обязательного стандарта образования данной учебной дисциплины. Радиальный уровень представляет собой систему взаимно пересекающихся кругов, каждый из которых включает расширенную относительно второго уровня систему знаний, в максимально возможной мере отвечающую способностям, интересам и склонностям конкретного обучающегося.

Формирование содержания учебника в виде радиально-концентрической модели, в центре которой находится сетевой гипертекст, а от него радиально расходится сеть вариативных курсов, по своей сути эквивалентно нелинейному структурированию данного учебника на основе трех его системных модулей: *базового, основного и расширенного*. Содержание первого составляют фундаментальные знания, которые сформированы на основе сетевого гипертекста в виде логического конструкта, включающего основные понятия и положения дисциплины, ее ведущие научные методы и системы упражнений, ориентирующих студента на решение этими методами соответствующих практических задач. Таким образом, базовый модуль позволяет специалисту сформировать системную модель фундаментальных основ научной дисциплины. Содержание основного модуля должно полностью отвечать требованиям ГОСО к данной дисциплине. Расширенный модуль составляют: 1) дополнительный теоретический материал, к которому студент может обратиться для углубленного

изучения тем; 2) специально разработанные разделы курса, материал которого должен удовлетворить профессиональные и творческие запросы студента; 3) упражнения и задачи, имеющие явно выраженный исследовательский характер. Все три модуля на уровне структурных компонентов включают упражнения и задачи позволяющие выработать у студентов соответствующие практические умения и навыки; методы и средства управления процессом обучения; способы оценки уровня усвоения. При таком нелинейном структурировании учебника его содержание варьируется естественным образом по степени сложности, уровню проблемности, соотношению общих и частных вопросов. Обязательный учебный материал выделяется либо как самостоятельный вариант (базовый модуль), либо как самостоятельная часть в рамках ее возможных приращений (основной и расширенный модули). Практические занятия выстраиваются в виде блоков с обязательной иллюстрацией наиболее общих методов их выполнения.

Базовый модуль непременно должен сохранять логику самой науки и предоставлять возможность студентам получать с его помощью пусть неполное, но достаточно верное представление об учебном курсе. Таким образом, предлагаемый нами подход к структурированию учебника позволяет зафиксировать в его содержании базовую (обязательную) часть и уровни превышения, связанные с развитием у человека индивидуальных способностей, интересов и потребностей. В этой связи основной и расширенный модули предлагают студенту варианты углубления и обогащения содержания разделов (отдельных тем), изученных в базовом модуле. При этом любая избранная им индивидуальная программа дальнейшего изучения учебника не требует переучивания соответствующих разделов базового модуля.

Таким образом, для успешного решения главной задачи – обеспечения усвоения студентами системы научных знаний из учебной предметной области, в том числе учебной литературы – необходимо чтобы учебник соответствовал следующим требованиям:

- четкая логика изложения материала, позволяющая зримо проследить последовательность умозаключений, содержание и структуру научных методов дисциплины;
- выстраивание учебного материала по разветвленной схеме, разработанной с учетом возможных уровней подготовки студентов и их интересов и склонностей;
- представленность различных методов и средств, побуждающих студентов к мотивированной деятельности (четкая постановка учебных задач, включение в текст прикладных задач, имеющих ярко выраженную профессиональную направленность и т.п.);
- наличие различных средств и метод стимулирования познавательной деятельности студента и управления ею (оперативное тестирование, постепенное усложнение материала, система наводящих вопросов, корректирующие методы, учебные системы типа «подсказка» и т.п.);
- формулирование вопросов, упражнений и задач на определение характера ошибок в усвоении материала и выявление их причин;
- ориентация на целостную систему контроля за усвоением знаний и освоением соответствующих умений и навыков с применением наглядных и технических средств.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Зинченко В.П. Принципы психологической педагогики // Педагогика. 2001. №6. С. 15.

## ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бүгінгі қоғамның әлеуметтік даму жағдайына байланысты оқу әдебиеттерді дайындау педагогикалық кадрларды қалыптастырудың негізгі құралы екеніне жан - жақты ғылыми тұрғыда тоқталады.

## РЕЗЮМЕ

В статье говорится о средствах подготовки педагогических кадров новой формации.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Қасымбеков Ж.- п.ғ.к., доцент;  
Жаздықбаева М.Б. - п.ғ.к. (Түркістан қ.)

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады, қазақ тілі сабағында ойын формаларын енгізу барысында интерактивті тақтаны да қолданудың маңызы өте зор. Бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті - ойын болса, оқу-тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу әрекетін орындауға бейімделуі тиіс. Ол сабақ барысында пайдаланылатын дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асады.

Ойынның мақсаты - бағдарламада алған білімдерін қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау.

Міндеті - баланың қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру.

Дидактикалық ойындар - балалардың білімдерін арттырудың құралы. Сабақта ойындарды қолданудың түрлі жолдары бар.

Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті шешеді.

Ойын сабақтың басында – өткен сабақты еске түсіреді.

Сабақтың ортасында – көңіл-күйін сергітеді, ерік-жігерін дамытады, сабаққа ынтасын арттырады.

Сабақтың соңында – тақырыпты бекіту, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді.

Ойын – оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал. Сондықтан бастауыш, дайындық сыныптарында оқушылар сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Оларға пайдаланылатын ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніп отырады. Мысалы, дайындық сыныбында қарапайым ғана ойын түрлерін ойнатсақ, сыныбы үлкейген сайын баланың жас ерекшелігіне сай болып күрделенгені дұрыс. Олай болса, ойынды пайдаланудың маңызы зор. Мұндай ойынның көптеген түрлері бар. Сондықтан ойын балалардың жас ерекшеліктеріне және өтілетін сабақтың тақырыптарына мазмұнына сай етіліп таңдалып алынғаны дұрыс. Бала ойын іс-әрекеті үстінде білімді қалай игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс. Сонда ғана ойын және іс-әрекеттері табиғи бірлікте болып, пәндік білім, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Мысалы, дайындық сыныптарда сан санауға заттарды санап және олардың екі тобын салыстыруға, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үйрету мақсатында түрлі ойындарды ойнатуға болады. Ойын да халық педагогикасының құрамдас бір бөлігі болып келеді. Ұлттық ойындар халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына байланысты туып, дамығанына қазақ халқының

ойындарымен таныса отырып, көзіміз әбден жетеді. Халық ойындарын сабақтарда пайдалану оқушының алған білімін күнделікті өмірмен берік ұштастыруға қолайлы.

Ойын – бала әрекетінің негізгі бір түрі. Бала үшін ойын – өмір сүрудің белсенді формасы, сол арқылы ересектерге еліктейді, олардың іс-әрекеттерін, қарым-қатынастарын үйренеді, еңбектің мәнін түсіне біледі, адамгершілік нормаларын игереді, әлеуметтік рөлдер атқарады.

Сабақ үстінде жүргізілетін жұмыс түрлері, тақырыпқа сай алынған тәрбиелік мәні бар ойын элементтері оқушылардың ойлау белсенділігін керек етеді. Сондықтан мұғалім әр сабағында ойын түрлерін орнымен қолданып, оны қызықты ету арқылы олардың білімге ынта-ықыласын, пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруды мақсат етеді. Демек, мұғалім сабағын баланың қабілет-қарымына, психологиялық ерекшелігіне сай байланыста жоспарлау керек. Сонда ғана сабақ тартымды, жеңіл болады, оқушыларды жалықтырмайды.

Оқушылардың ойын кезіндегі белсенділігі көбінесе жарыс нәтижесін дұрыс есепке алуға байланысты. Оқушылар ойындағы өз жетістіктері мен кемшіліктерін біліп отыруы тиіс. Ойын нәтижелерін есепке алу түрліше: әрбір дұрыс орындалған грамматикалық ойын үшін ұпай есептеу, әрбір ұтылыс үшін кем ұпай беріледі, оқушылар тақтаға жазылған тиісті команда бағанындағы сөз немесе сөз тіркестерін жазып отыру; ол сөздерді есепке ала отыру; қол көтеріп немесе тиісті орфограммалар жазылған карточкаларды көтеру арқылы білімдерін анықтау; жаттығуға жіберілген уақытты есепке алу.

Педагогикалық ғылым тарихына көз салсақ, балалар ойынына қатысты мәселелерге соқпай кеткен ағартушы, педагог болмаған екен. Тұлғалы, кезіндегі прогрессивті ұлы педагогтар Я.А.Коменский, Ж.Ж. Руссо, И.Г.Песталоцкий халықтық ойынға назар аударып, қолданып, халықтық ойындардың теориялық негізін жасауға талпынған. Ойынның балалардың денін сауықтыратынын, ақыл-ойын белсенді ететін және барлық ағзаларын икемді қозғалуға баулитын мәнін Я.А.Коменский дәріптеген. Ж.Ж.Руссо пікірінше білім алу ойынның ойынның балалар өмірінде кезектесіп, алмасып отыруы бір-бірімен сабақтаса байланысуы бала дамуындағы қажетті шарт болады.

Қазіргі Қазақстан мектебіндегі жаңа өзгерістер әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, баланың жеке-дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды іздестіру және оларды қолдануға бағытталған.

Инновациялық оқу оқудың түсіндірмелі-иллюстрациялық түрінен әрекетшілдікке ауысу арқылы жүзеге аса отырып, оқушының оқу әрекетінің белсенді субъектісі болуына мүмкіндік береді. Оның өзі сабақты әртүрлі технологиялар бойынша жобалауды қажет етеді.

Ойындық технология мәнді өмір жағдаяттарын үлгілеу және оның шешуін іздестіруге құрылады. Ойынның ұйымдастырылу түрлері: іскерлік ойындар, рөлдік және оқиғалық ойындар, саяхаттық және білімдік ойындар.

Қазақ тілі сабағында әр түрлі ойын элементтерін пайдаланамын. Мысалы: "Синонимін табайық" ойыны.

Ойынды "Синоним" тақырыбын бекіту сабағында немесе сабақтың мақсатына қарай өткенді еске түсіре отырып өткізуге болады.

Ойынның мақсаты. Оқушылардың "Синоним" тақырыбынан меңгерген білімдерін тексеру, жылдам ой қорытуға баулу, сөздік қорын байыту.

Ойынға синонимдік қатар түзуге болатын мақсаттағы сөздерді интерактивті тақтаға еңгіземін. Ойынның шарты. Оқушыларға бір уақыт аралығында синонимдік қатар тузу тапсырылады.

Ойын соңында синонимдік қатардан сөйлемдер құралады. Қазақ тілі сабағында әр түрлі ойын элементтерін пайдаландым. Сөз құрамы тақырыбын жүргізгенде «Орамал тастау» қазақтың ұлттық ойынын ойнаттым.

Бұл ойынның шарты: Сыныптағы қатар бойынша 2 топқа бөлдім. 2 топ арасы он адымдай белгіленген. Екі сызықтың бойына қарама-қарсы қатарға тұрады. Ойын жүргізуші қолындағы орамалын 1-ші топтың өз жағындағы шеткі ойыншыға береді. Ол өзінің қарсыласының біреуіне тастайды да «қала» - деп дауыстайды, ол қағып алып «шық» - дейді немесе «ны», «ға», «ның» - дейді. Сонда «қалашық», «қаланы», «қалаға», «қаланың» тағы басқа сөздер шығады. Айтылған сөзге қосымша жалғау керек, мысалы: «ойын» - деп дауыстаса – «ойыншық», «ойынды», «ойындар» т.б. Орамалды қағып алған ойыншы түбір сөзге қосымша жалғап немесе уақытында тауып айтылмай қалса, онда ортаға шығып өнер көрсетеді.

«Мұғалім қай жерде қателесті?» ойынын жүргіземін. Бұл ойынның шарты: Мұғалім тақтаға бірнеше жұрнақ жазады, ал сендер жұрнақ болмай тұрған сөздерді табасыңдар.

Мысалы: Жұмысшы, жазғы, т.б. Мұғалім енді тақтаға бірнеше жалғау жазады, ал сендер жалғау болмай тұрған сөзді табасыңдар.

Қазақ тілі сабағында бір буынды, екі буынды сөздерді оқу, буындарға бөлу тақырыбын ашу үшін «Сақина салу» қазақтың ұлттық ойынын жүргіздім. Мен бір оқушының алдына сақина қоямын да «май» - деп дауыстаймын. Сақинаны алған оқушы «мыл», «шам» - деп дауыстайды. Сонымен маймыл, майшам, майда сөздері шығады. Айтылған бір буынға, екінші буын жалғау керек, мысалы: мы-сық, ма-са, ал-ма, жү-зім.

«Кім тез?» ойынын жүргіздім. Интерактивті тақтада он екі суретті көрсеттім. Әр қатардан 4 оқушы сурет бойынша сөйлем ойлап айтты. Интерактивті тақтадағы суреттерді (қозы, аңшы, бор, нан, алма, бота, күн, қыз, сүргі, ай, тышқан) қатыстырып тез сөйлем ойлады. Қозы, аңшы, бор, нан т.б. сөздерден дыбыс құрамын, нан т.б. сөздерден дыбыс құрамын, буын санын айтты.

«Достасқан буындар». Қатар отырған оқушылар ауызша орындайды. Орындау тәртібі бойынша бірінші оқушы қа буынын айтса, екінші келесі буынын тауып сөз құрауы керек.

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады. Сонымен қатар, қазақ тілі сабағында ойын формаларын енгізу барысында интерактивті тақтаны қолданудың маңызы өте зор.

Қорыта келгенде, ойын – балалардың негізгі іс-әрекеттерінің бір түрі. Бала өмірі ойынға байланысты. Бала ойынсыз өсіп өркендей алмайды. Бұл – өмірдің заңдылығы. Сондықтан да қазақ тілі сабағында ойын элементтерін пайдаланудың оқушылардың ой белсенділігін арттырудағы маңызы зор.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» Жолдау
2. Қазақстан Республикасының Білім Заңы
3. Жанпейісова М.М.. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде // Алматы, 2006, -4,5 бет
4. Қазақ ұлттық энциклопедиясы, Алматы // -241б
5. Әрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері. // Алматы, 2005. -233 б.
6. Кәсіби даму мектебі // Алматы, Верена 2007, 93-97 б.
7. Құдайбергенева К.С. Құзырлылық табиғаты – тұлғаның өздік дамуында. Алматы // 2006. -86б.
8. Құдайбергенева К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы- педагогикалық технология көзі. Алматы // 2001. -75б.
9. Білімдегі жаңалықтар // 2007. №4 26-28 б.

## ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ тілі сабағында ойын технологиясын қолдану мәселелері туралы айтылады.

### РЕЗЮМЕ

В статье говорится об использовании игровых технологий на уроках казахского языка.

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Матай Б.– оқытушы; Базылғаламова Ә.С.- оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Отаншылдық сезімді тәрбиелеу мәселесі білім берудің барлық ұйымдарында көкейкесті болып табылады. Жастарды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу – аға ұрпақтың аса маңызды әрі жауапты да қадірменді парызы болып саналады.

Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, "ұлтжандылық", отансүйгіштік", "патриотизм", ұғымдары өмір сүріп отырған заманның наным - сенімінен туындайды. Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы – қазақстандық патриотизм болып табылады.

"Қазақстандық патриотизм" ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін білдіреді.

Қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді.

Бұл ұғымның педагогикалық жүгіне келер болсақ, ол Қазақстан азаматтарын патриоттық рухта тәрбиелеумен тығыз байланысты. Қазақстандық патриотизм – Отан-анаға деген сүйіспеншілік пен азаматтық ерлік, өнеге көрсетушілік, бойдағы білім пен білікті, ақыл-парасатты ел игілігіне жұмсау, ата-мекен мүддесіне арнаумен анықталады. Өз елінің өткенін, тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін құрметтей білу де осы қазақстандық патриотизм ұғымының құрамын білдіреді.

Патриотизм идеясының дамуы ежелгі ойшылдар Аристотель, Платон, Отанға деген қатынасты патриоттық санадан іздестіреді. "Ең мәртебелі ой- толғамдар Отанның игілігі жайында болмақ", -дейді Цицерон "Мемлекет туралы диалогінде". Патриотизм идеясының дамуына француз материалистерінің, неміс философтарының да қосқан үлесі мол екені белгілі.

Шығыс ойшылдары Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Яссауи, Әбу Насыр Әл-Фараби, Махмуд Қашғари т.б. еңбектерінде де келелі, пікірлер айтылған. Қазақ даласының мақтаныштары Асан Қайғы, Шалкиіз, Бұхар жыраулар, Махамбет Өтемісұлы да өз шығармаларында Отанға деген ыстық сезімдерін өз шығармаларында арқау еткен. Патриоттық сезімді қазақ ағартушылары Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, Абай шығармаларынан да байқауға болады. Отаншылдық сезім – адамға туа біткен қасиет емес. Ол адамның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын психологиялық, саяси, әлеуметтік құбылыс. Патриоттық сезім жалпы адам баласының еліне, жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын түйсінуін, қуаттап қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады. Осыған орай президентіміз Н.Ә.Назарбаев, - патриотизмді "әр этностың ұлттық сезімін сыйлап, бірде-бір ұлтпен қарама-қайшылық туғызбау"- деп белгілеген.Егемендік алған күндерден бері патриотизм ұғымы, оның мазмұны төңірегінде пікірталас жүріп келді.

Сонымен қатар "ұлттық патриотизм", "қазақстандық патриотизм" - деген екі ұғымның туындағаны белгілі. Бірақ, өсіп келе жатқан жас буындарды отаншылдыққа тәрбиелеуде бұл екі ұғымның қайсысын ұстанған жөн? Олардың мазмұндық құрылымы қандай ой-тұжырымдар жүйесінен тұрады? Бұдан былайғы кезде жастарды патриотизмге бұрыннан қалыптасқан әдіс-тәсілдері, формалары мен мазмұнын қолдануға бола ма? - деген секілді көптеген тартысты сұрақтар туындап отыр.

Бүгінгідей демократиялық бағыт ұстанып отырған қоғамда, жастардың тағдыры өздеріне, отбасының материалдық ахуалына байланысты болып отырған жағдайда патриотизмнің маңызын айқындау басты мәселелердің бірі екені даусыз.

Бүгінгідей демократиялық бағыт ұстанып отырған қоғамда, балалар мен жастардың тағдыры өздеріне, отбасының материалдық ахуалына байланысты болып отырған жағдайда патриотизмнің маңызын айқындау басты мәселелердің бірі екені даусыз. Біздің пікірімізше, өсіп келе жатқан жас буындардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру үшін: әр ұлттар мен ұлыстар тек өз мәдениетін ғана танып білуі жеткіліксіз, сонымен қатар олар бір - бірін танып біліп, құрметтеуі тиіс. Жастар қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, өз болмысында еш бұрмалаусыз танып, білуі шарт. Жоғары оқу орны студенттерінің бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда шетел тілі пәндерінің алатын орны ерекше. Отанын сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Алпамыс тұлғалары, ақын - жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүюге шақырған өлең жырлары, шешендік сөздері бастауыш сынып оқушыларының бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда маңызы өте зор. Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі - Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туыскандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Қасиетті сезім ананың сүтімен бірге өзінен - өзі келмейтін баланың бойында біртіндеп қалыптасатын күдіретті сезім. Бұл сезім әркімде әр кезеңде оянып, кейін кәмілетке келгенде біржола буыны қатып, тәжірибемен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, балабақша, отбасы, мектеп, жоғарғы оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар әсерімен қалыптасады.

Патриоттық сезім тұлғада тәрбие арқылы өсіп жетіліп патриоттық сана түрінде қалыптасатындығы мәселесі көптеген ғылыми зерттеу жұмыстарына арқау болған. Атап айтқанда, С.Ешімханова, Е.Жұматаева, А.К.Ахметов, Д.С.Құсайынова және т.б. мектептегі іс-тәжірибелеріді зерттеп, бақылау нәтижесінде мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеудің бағыттарын келесідей топтастырған: педагогикалық практикадағы мүмкіндіктерді барынша толық қамтып біртұтас түрде оқушының жеке тұлғасына ықпал етудің жүйесін жасау; әртүрлі пәндерді оқытуда және тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыруда тірек болатындай сипатқа ие болу, бұл бағытта жас буынды патриотизмге тәрбиелеудің теориясы мен практикасына қатысты қазақстандық, ұлттық тәжірибелермен қоса шетелдік жаңа идеяларды үнемі ашып іс жүзінде қолдану жолдарына мүмкіндік жасау.

Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру мәселелерін зерттеген ғалымдардың еңбектерінің қорытындылай келе жастарға патриоттық тәрбие беруде оқушылардың нақты іс-әрекеті мен мінез-құлқын ұйымдастыру, оған бағыт беруді негізге алу керек. Патриоттық тәрбие беру үдерісінің танымдық мәнін естен шығаруға болмайды, бірақ ол әрбір тұлғада патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудан бастау алғанда ғана тиімді болмақ. Сондықтан, оқытушылар өз қызметінде біріншіден терең патриотизм – Отанға, Қазақстанға, өз халқына деген сүйіспеншілік; екіншіден - халықтар достығы идеясын ұстану және насихаттау. Адамгершілікті, өркениетті патриотизм қашан да халықтар достығының идеясымен, тәжірибесімен үндестікте болуы тиіс. Демек патриотизм – қоғамдық сананың бір формасы, ол қоғам дамуымен

бірге дамып, жаңа мазмұнмен толыға түседі. “Қоғамда Қазақстан - біздің Отанымыз, бұл ұғымға өте көп нәрсе кіреді деген қарапайым ойды қалыптастыру керек” – деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзі терең ойдан туындаған пікір екенін әрқайсымыз жақсы түсінуіміз қажет.

Патриоттық тәрбие жалпы тәрбиенің құрамдас бөлігі және жастардың патриоттық, жоғары азаматтық сезімін қалыптастыруға бағытталатын мақсатты ұйымдастырылған және басқарылатын психологиялық-педагогикалық үрдіс болып табылады. Патриоттық тәрбие негізін дамытудың мәні жеке тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсететін және қалыптастыратын идеялық-адамгершілік, моральдық еріктілік, еңбек және дене сапаларын тәрбиелеудегі ішкі байланыстарды анықтау және саралау болып табылады. Патриоттық тәрбиеде қолданылатын іс-әрекет түрлері тәрбие үдерісінің нақты мазмұнын анықтайды. Ондай іс-әрекеттерге оқу-танымдық, спорт-қорғаныс, ойын, еңбек, қоғамдық-саяси, көркемдік-эстетикалық іс-әрекеттерді жатқызуға болады. Студенттің патриоттық іс-әрекетке дайын болуы *оның өзін-өзі тәрбиелеу, өзіндік* таныту шегіне көтерілуімен де анықталады. Бұл іс-әрекеттердің жүзеге асуы оқытушылардың оқу-тәрбие жұмысына шығармашылық көзқарас тұрғысынан келуімен тығыз байланысты. Қазақстан жағдайындағы патриоттық тәрбие оқу және оқудан тыс тәрбие жұмыстарының бірлігінде, жастардың дербес ерекшеліктерін есепке ала отырып, тәрбие әдістерін және тәрбие ісі технологияларын мақсатты түрде таңдап, олардың үздіксіз өзгеруі мен күрделенуінің, көп түрлі болуының нәтижесінде ғана жүзеге аспак.

Олай болса өсіп келе жатқан жас буындардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру үшін әрбір ұлттар мен ұлыстар тек өз мәдениетін ғана танып білуі жеткіліксіз, сонымен қатар олар бір - бірін танып біліп, құрметтеуі тиіс.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы». Қ.Р. Президентінің Жарлығы Астана, Ақорда, 2006 ж. қазанның 10-ы. №200
2. А.Қ.Құсайынов Білім және Реформа. Алматы 2006.
3. Шет тілі сабағы арқылы отаншыл бағыттағы тұлғаны қалыптастыру. //«Орталық Азия елдерінің мемлекетаралық интеграциялық байланыстарын жаңғырту» атты Орта Азия елдерінің II Түркістан интеграциялық форумы. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ. IV бөлім. – Түркістан, 2006.
4. Жастарға отаншылдық тәрбие берудің кейбір өзекті мәселелері. //Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ хабаршысы. – Түркістан, 2006.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жоғары оқу орны студенттерінің патриоттық сезімдерін қалыптастырудың педагогикалық негіздері қарастырылады.

#### РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются педагогические основы и воспитания к патриотизму студентов в высших учебных заведениях.

#### RESUME

This article is about pedagogical found upbringing patriotism of students in higher education.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

Нұрболат Қ. - оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Тәуелсіздік – дербес, яғни ешкімге бодан емес бостан, еркін деген мағынаны білдіретін қасиетті ұғым. Тәуелсіздік пен қатар қарастырып отырған гендер ұғымына тоқталар болсақ, гендер түсінігі ең алғаш осыдан отыз жылдан астам бұрын әлеуметтік ғылымдарда көрініс тапты. Оның ең басты ережесі - жыныс айырмашылығының түсініктері. Жыныс - адамның биологиялық, физиологиялық құрылысын білдіреді. Гендер дегеніміз – әйелдер мен еркектердің әлеуметтік рөлдерінің арасындағы айырмашылығы және орта адамдарының биологиялық жыныстарының негізіндегі ұйғарымдарынан туған қылықтар мен эмоционалдық мінездемелерінің арасындағы айырмашылықтарды білдіреді. Гендерлік айырмашылықтардың негіздемелерінде иерархия жатыр, оның түсіндіруі бойынша, маскулиндік (яғни еркектік) басымдық, феминистік (яғни әйелдік) бағыныштылық деп берілген. Нәтижесінде, әйелдер де, еркектер де, гендерлік таптаурының (стереотиптің) және мөлшер жүйесінің «құрбаны» болып қалады. Гендерлік зерттеулер мемлекет, жанұя, білім беру жүйесі, еңбекті қоғамдық бөлу механизмдері, бұқаралық ақпарат құралы сияқты «салттық» рөлдер мен мәдениеттік мөлшерлерді қалыптастыратын қоғамдық институттарды зерттеуге мүмкіндік береді. Саясатты әзірлеу барысында гендерлік тәсілдемені пайдалану гендерлік теңдік принциптерін ескеретін гендерлік саясатқа ілгерішіл бағдарламаларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Көп елдерде гендерлік теңдік мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді, соның ықпалымен жыныстық белгілеріне және гендер жайында білім тарату мүмкіндіктеріне қарсы бағытталған кемсітушілікті жою сияқты істерде үлкен нәтижелерге қол жеткізді. Кейінірек, гендерлік теңестіру тәсілі қабылданды. Бұл тәсіл гендерлік теңдік принциптерін барлық бағдарламалар мен саясаттарда пайдалануға мүмкіндік берді. Осы аталған саясаттағы гендерлік теңестіруге Еуропа Кеңесі «қайта ұйымдастыру» деп анықтама берген. Әдетте гендерлік теңестіру принциптері арқылы кез-келген деңгейдегі барлық байланысты жақсарту, дамыту және үдерісті бағалау шешім қабылдайтындар арқылы барлық саясатты әзірлеу барысында енгізілуі қажет.

Гендерлік теңестіру дегеніміз - ол әйелдер мен еркектерге арналып жасалған, барлық салалардағы және барлық деңгейлердегі заңдық, саясаттық немесе бағдарламалық әрекеттерге қоса басқа да кез-келген әрекеттердің салдарын бағалайтын үрдіс.

Бұл - стратегия. Ол барлық саяси, экономикалық, қоғамдық салалардағы саясат пен бағдарламалар әзірлеу, орындау, және бағалау барысында әйелдер мен еркектердің тәжірибесі мен талаптарының ажыратылмайтын бөлігі ретінде енгізіп, қарастыруына мүмкіндік туғызады. Және де, әйелдер мен еркектердің арасындағы ешқандай теңсіздікті болдырмай, әл-қуатты теңдей бөледі. Соңғы мақсат гендерлік теңдікке жету әйелдер мен ерлер құқығын қорғауда әсіресе әйелдер құқығы басты мақсатқа алынады.

Әйелдер құқығы – адам құқығынан бөлініп алынбайтын, әйел адам ретінде сол құқықты пайдалануға құқылы. Әрине, ол онсызда түсінікті сияқты, бірақ, кейбір адамдар әйелдердің адам құқығы контекстінде теңдей қарастырылу талаптарын дұрыс түсініп қабылдауға даяр еместіктерін көрсетеді. Өмір әйелдер мен ерлер үшін тең құқық пен тең мүмкіндіктер саясатын талап етеді. Дұрысында, жаңа бағыт әйелдер мен ерлер үшін тек қана формалды заңдық емес. Сондай-ақ, нақты теңдік мүмкіндіктерге кепілдік беруі керек еді. Саяси мәдениет саяси жүйенің мемлекеттік орталық институтын азаматтық қоғаммен байланыстырады, сондықтан да саяси жүйені демократизациялау азаматтармен қоғамның саяси субъектілерінің жеткілікті түрдегі жоғары саяси мәдениетінсіз елестету мүмкін емес.

Қазақ мәдениеті мен батыс мәдениеттерінің біріңғай үрдіске қатысты бірнеше ортақ белгілері бар. Сондай-ақ, көптеген айырмашылықтар да кездеседі. Екі әр түрлі мәдениеттердің (қазақ және батыс) моральдық гендерлік таптаурындарының қалыптасуы мен қызмет етуіне ықпал ету мәселесін қарастырып көрейік. Моральдық гендерлік таптаурындар бірнеше таптаурындардан тұрады.

Біріншіден, ішкі моральдық бейнесінің таптаурындары: Адамдар күн сайынғы тәжірибелерінде басшылыққа алуға тиіс және адам жынысына қарай айырылатын өнегелік шамалар, ұстанымдар мен мұраттар идеалы. Адам жынысынан сондай-ақ, оның «нағыз ер азамат» және «нағыз әйел» дейтін мұратқа сәйкес болулары үшін қандай адамгершілік қасиеттерге ие болу керек екендігіне байланысты.

Екіншіден, моральдық мінез-құлық таптаурындары: Әйелдер мен ер азаматтар бір жағдайда әр түрлі әрекет ету мүмкін, ал кейде тіпті қажеттілігін қарастырады, сонымен қатар әйел адамға немесе ер азаматқа істеуге болмайтын қылықтар туралы таптаурындалған түсінік бар.

Үшіншіден, жеке және қоғам қатынасы аясындағы таптаурындар: әйелдер мен ерлер достықтарының, махаббаттарының, сондай-ақ бұл сезімдер білдірілетін әрекеттерінің өзгешеліктері жайындағы таптаурындалған түсініктер.

Мускулиндік / феминистік таптаурындарын әр түрлі мәдениет мән-мәтінінде қарастыра отырып, зерттеушілер көптеген жыныс айырмашылықтары биологиялық немесе психологиялық сипаттамалардан гөрі, әлеуметтік және мәдени факторлармен түсіндіріледі деген қортындыға келеді.

Осы гендерлік саясатқа байланысты Қазақстан өзінің дүниежүзлік қоғамдастықтың адам құқығы мен бостандығы туралы негізін қалаушы принциптерін жақтайтынын көрсетеді.

Әйелдер мен еркектердің теңдік принципі Қазақстан Республикасы заңының негізі болып табылады. Конституция бойынша, «адам құқығы мен бостандығы әркімге туғаннан бастап тиеселі және ешкімнен тартып алына алмайды» және «адам, азамат құқығы мен бостандығы орындалар кезде басқа адамдардың құқығы мен бостандығын бұзбау керек» (12бап).

Қазақстанда әйел құқығын теңестіру мен қорғауға арналған арнайы институционалдық механизмдер құрылды. Мемлекет басшысының жарлығы бойынша, 1998 жылдың аяғында Қазақстан Республикасы Президентінің қарамағындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі Ұлттық комиссия өз ісін бастады. Бұл мекеме Министірімен басқарылады және үкімет мүшесі болғандықтан, шешімдерді ең жоғарғы деңгейде шешуге қатысуына мүмкіндік береді. Ұлттық комиссияның міндеті Қазақстан әйелдерінің жағдайын жақсартатын ұлттық әрекет жоспарын әзірлеп шығаруға септігін тигізді. Пекиннің әрекет тұғынамасындай, бұл құжатта да 12 басымдық бар. Ұлттық жоспар үкімет шешімімен бекітілген, сондықтан барлық мемлекеттік органдармен орындалуы шарт. Ұлттық жоспардың гендерлік теңдікке жетуге бағытталған нақты шаралары 2001-2005жылдар ішінде елімізді әлеуметтік – экономикалық дамыту индикативті жоспарына кіріп отыр. Оның ішінде Қазақстан тарихында тұңғыш рет «әйелдердің дамуға қатысуы» деген арнайы бөлімі пайда болды.

Бүгінгі күнге Қазақстан адам құқығын қорғайтын 30ға жуық халықаралық келісімдерге қол қойды. Оның ішінде нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрін жою туралы конвенция (1995ж.), қорлау және басқада адамның қасиетін төмендетін қорлаудың түрлерін жою мен жазалауға қарсы конвенциясы (1984ж.), балалар құқығын қорғайтын конвенция (1989ж.), халықаралық еңбек ұйымының бірқатар Конвенсиялары және т.б. бар.

БҰҰ-ның әйелдерге қарсы бағытталған кемсітушіліктің барлық түрін жою туралы конвенциясына Қазақстан 1998 жылдың маусымында қосылды. Сонымен қатар, БҰҰ-ның «әйелдердің саяси құқығы» және «тұрмыс құрған әйелдердің азаматтығы»

туралы Конвенцияларына қосылды. СИДО Комитетінің жалпы ұсынысы бойынша, халқаралық еңбек ұйымының алты конвенциясына қосылды. Оның ішінде «әйелдер мен еркектерге бірдей жұмысқа, бірдей жалақы төлеу туралы», «жұмысқа тұру, минималды жасы туралы», «жұмыспен қамту, қызметін ашу туралы», «еріксіз еңбекті жою туралы» т.б.

Қазақстанда әйелдер мен еркектердің арасындағы теңдікке жетуді жеделдетуге бағытталған көптеген арнайы шаралар қабылданды, әсіресе, аналықты қорғау мәселесіне, «Қазақстан Республикасының еңбек туралы» заңында жоғарыдағы айтылғандардың біразы көрсетілген.

Сонымен қатар, экономика саласының негізгі мәйегі болып табылатын кәсіпкерлік, яғни еңбек, жұмыс. Қазіргі кәсіпкерлікте қызмет жасайтын Қазақстан әйелдерінің үлесі өте көп. Бұлда болса, гендерлік саясаттың әр салада да өзіндік оң шешім тапқанын көруімізге болады.

Қазіргі кезде әйелдердің интеллектуальды және рухани потенциалы маңызды рөл атқарады, әйелдердің қоғамдағы мәртебесінің өзекті жаңа мәселелерін алға қояды. Әйелдердің әлеуметтік даму мәселелері демографиялық, саяси құқықтық, діни, медициналық, мәдени, және т.б. Бұл мақалада гендерлік тәсілде, яғни еркек пен әйелдің тек биологиялық жағынан емес, әлеуметтік – мәдени динамикасынан шығатын әдістемеге сүйендік. Әйелдер қоғамының ерекше әлеуметтік тобы, бірқатар арнайы ерекшелікке ие топ ретінде түрліше саяси – әлеуметтік мүдделері бар.

Мұнымен қатар, зерттеушілер кейбір жақсы нәтижелерді де айтады. Сондай-ақ, гендерлік теңдік саясаты ер мен әйелдің өз рөлдерін толық сәулелендіріп қоғам дамуына өз үлестерін қоса алу мүмкіндігіне ие болады. Гендерлік мәселеге ерекше көңіл боліп, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен 2005 жылғы 29-қарашада қабылданған «2006-2016 жылдардағы Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдік бағыты» қаулысы. Нәзік жандарды басқару қызметтеріне тағайындау, мәслихат депудаттығына сайлау, ата-ананың гендерлік тепе-теңдік тұралы ілімін кеңейту, қыздарды техникалық мамандықтарға тарту, экономикалық салада гендерлік теңдікке қол жеткізу, іскерлікті дамыту әйелдерді орта және шағын бизнеске тарту, жанұялық қатынаста гендерлік теңдікке жету сияқты мәселелерді терең түсіндіреді және қолдайды.

Сөйтіп, «Қоғам, жанұя және гендерлік теңдіктің адамгершілік құндылықтарының ақпараттық – білім жұмыстары» туралы жобаны іске асырушылар және оған қатысушылар «Жанұя – тіршілік атаулының ең жоғары, бағалы түрі. Онда әйел мен еркек бір бүгінді құрап, бір-біріне тірек болып, махаббатқа бөленіп, өмірдегі ең құрметті бақыт, ата-ана болу мүмкіндігіне ие бола алады және теңсіздік жүгінен арылған жанұя бақытына жетеді », деген пікірде. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік бағытын толық қолдайды.

Қорыта келгенде, жоғарыда әңгіме болып отырған жыныс теңдігі жөніндегі гендерлік мәселесі, адам құқығы, өз принциптеріне берік заңдар жиынтығы ғана емес. Ол – адамның қадір қасиетін сыйлайтын және әр адамның жеке бағасын мойындайтын құндық жүйесі. Осындай контексте әйел затының құқығын қарастыру қоғам өмірін анықтайтын принциптерге деген халықаралық этникалық көзқарастың ажырамас бөлігіне айналды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. “Дала мен қала” газеті 31-тамыз 2009 жыл
2. “Жетісу” газеті 21-ақпан 2008 жыл
3. Проблеммы гендера в контексте трансформации казахстанского общества. Алматы – 2001
4. “Ақиқат журналы” 2010 жыл №10

5. Жергілікті үкімет органдарындағы әйелдер 2001 жыл

6. “Журналист” 2007 жыл қараша №10.

### ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада гендерлік тәсілге, яғни еркек пен әйелді тек биологиялық жағынан емес, әлеуметтік – мәдени динамикасынан шығатын әдіске тура келеді.

### РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается гендерный приём, вытекающей не только из социально– культурной динамики.

## **ИНФОРМАЦИОННАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ КАК СОСТАВЛЯЮЩАЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ПЕДАГОГА**

Тукачева Н.М., Ибраева К.И., Жунусова А. Ж., Сильченко А.В.  
(СКГУ им. М. Козыбаева)

Смена образовательной парадигмы предъявляет новые требования к уровню подготовки специалистов, к их профессиональным компетентностям, личностным качествам. На сегодняшний день востребованы личностные качества как обучаемость, организованность, самостоятельность, коммуникативность, *умение работать с информацией*, саморегуляция и самоконтроль, ответственность, надежность, способность к планированию/1/.

А.В.Хуторской считает, что личностное качество (совокупность качеств) специалиста и минимально необходимый опыт деятельности в заданной сфере являются составляющими понятия «компетентность» /2/.

Согласно мнению Дж. Равена, компетентность – это специфическая способность, необходимая для эффективного выполнения конкретного действия в конкретной предметной области и включающая узкоспециальные знания, предметные навыки, способы мышления, а также понимание ответственности за свои действия /3/.

С.Е.Шишов, В.А.Кальней под компетенцией понимают общую способность, основанную на знаниях, опыте, ценностях, склонностях, которые приобретены благодаря обучению, это способность мобилизовать знания, умения и поведенческие отношения в условиях конкретной деятельности /4/.

Одной из ключевых компетентностей востребованного специалиста является информационная компетентность, а ее формирование в рамках высшей школы возможно при условии применения педагогической системы формирования данной компетентности, имеющей систематический и непрерывный характер.

Исследованиям в области информационной компетентности посвящены работы Н.И. Гендиной, Ю.С. Зубова, С.Д. Каракозова, О.А.Кизика, Н.Х.Насыровой, В.А.Фокеева и иных.

Ряд ученых рассматривает информационную компетентность как составляющую профессиональной компетентности (Б.С.Гершунский, В.В.Шапкин, Н.Х.Насырова, О.А.Кизик, Т.А.Гудкова).

Евладова Н.В. дает следующее определение информационной компетентности: «интегральное качество личности, характеризующее умение решать проблемы и типичные задачи, возникающие в реальных жизненных ситуациях, с использованием современных информационных технологий для достижения профессионально значимых целей» /5/.

Информационная компетентность педагога проявляется в умении технологически мыслить и предусматривает наличие аналитических, проективных, прогностических и рефлексивных умений в усвоении и применении информации в педагогической деятельности. Кроме того, информационная компетентность является составной частью информационной, технологической культуры учителя, выполняет интегративные функции, служит связующим звеном общепедагогических и специальных знаний и умений. Следует отметить, что в современном толковании термина «информационная компетентность» чаще всего подразумевает использование компьютерных информационных технологий, а более точное определение следует трактовать как «компьютерная информационная компетентность». Кроме того, Я.И. Кузьминов в понятие «информационная компетентность» вкладывает и методический аспект деятельности педагога /6, с.23/.

П.В. Беспалов определяет информационную компетентность как «...интегральную характеристику личности, предполагающую мотивацию к усвоению соответствующих знаний, способность к решению задач в учебной и профессиональной деятельности с помощью компьютерной техники и владение приемами компьютерного мышления» /7/.

Хуторской А.В., Тришина С.В. рассматривают информационную компетентность как одну из ключевых компетентностей, имеющую объективную и субъективную стороны /8/.

Объективная сторона заключается в требованиях, которые социум предъявляет к профессиональной деятельности современного специалиста.

Субъективная сторона информационной компетентности специалиста является отражением объективной стороны, которая преломляется через индивидуальность специалиста, его профессиональную деятельность, мотивационные особенности в совершенствовании и развитии своей информационной компетентности.

Авторы (Хуторской А.В., Тришина С.В.) акцентируют внимание на том, что информационная компетентность имеет внутреннюю логику развития, которая не сводится к суммированию ее подсистем (элементов) и логике развития каждой подсистемы в отдельности. К задачам развития информационной компетенции относят обогащение знаниями и умениями из области информатики и информационно-коммуникационных технологий; развитие коммуникативных, интеллектуальных способностей; осуществление интерактивного диалога в едином информационном пространстве.

Задачи развития информационной компетентности находят своё отражение в следующих функциях:

-*познавательной* (направлена на систематизацию знаний, на познание и самопознание человеком самого себя);

-*коммуникативной* (носителями коммуникативной функции являются семантическая компонента, «бумажные и электронные» носители информации педагогического программного комплекса. К бумажным носителям относятся: учебник, учебное пособие, лекции. К электронным: интеллектуальная обучающая система, системы гипермедиа, электронные книги, среда «микромир», автоматизированная обучающая система, средства телекоммуникаций);

-*адаптивной* (позволяет адаптироваться к условиям жизни и деятельности в информационном обществе);

-*нормативной* (содержит показатели достижений и развития, проявляется, как система норм и требований в информационном обществе и осуществляется при соблюдении ряда условий: 1) норм морали; 2) норм юридического права, которыми нужно руководствоваться в профессиональной деятельности);

- *оценочной* (заключается в формировании и активизации умений слушателей ориентироваться в потоках разнообразной информации, выявлять и отбирать известную и новую, оценивать значимую и второстепенную);

*развивающей* (все вышеперечисленные функции объединяются в этой одной и подчиняются ей. Речь идет не только в усвоении и использовании определенной системы знаний, норм, правил, позволяющих действовать в современном информационном обществе, но и о формировании активной самостоятельной и творческой работы самого субъекта, ведущей к самореализации, самоактуализации).

Все функции тесно взаимодействуют между собой, переходят одна в другую и фактически представляют единый процесс.

Кроме того, Тришина С.В. /9/ в структуре категории «информационная компетентность» выделяет компоненты:

- *когнитивный*: отражает процессы переработки информации на основе микрокогнитивных актов (анализ поступающей информации, формализация, сравнение, обобщение, синтез с имеющимися базами знаний, разработка вариантов использования информации и прогнозирование последствий реализации решения проблемной ситуации, генерирование и прогнозирование использования новой информации и взаимодействие её с имеющимися базами знаний, организация хранения и восстановления информации в долгосрочной памяти);

- *ценностно-мотивационный*: заключается в создании условий, которые способствуют вхождению старшеклассника в мир ценностей, оказывающих помощь при выборе важных ценностных ориентаций; характеризует степень мотивационных побуждений человека, влияющих на отношение индивидов к работе и к жизни в целом, выделяются четыре доминирующих типа побуждений - к достижениям, принадлежности к группе, обладанию властью, компетентности;

- *техничко-технологический*: отражает понимание принципов работы, возможностей и ограничений технических устройств, предназначенных для автоматизированного поиска и обработки информации; знание различий автоматизированного и автоматического выполнения информационных процессов; умение классифицировать задачи по типам с последующим решением и выбором определённого технического средства в зависимости от его основных характеристик; включает: понимание сущности технологического подхода к реализации деятельности; знание особенностей средств информационных технологий по поиску, переработке и хранению информации, а также выявлению, созданию и прогнозированию возможных технологических этапов по переработке информационных потоков; технологические навыки и умения работы с информационными потоками (в частности, с помощью средств информационных технологий);

- *коммуникативный*: отражает знание, понимание, применение языков (естественных, формальных) и иных видов знаковых систем, технических средств коммуникаций в процессе передачи информации от одного человека к другому с помощью разнообразных форм и способов общения (вербальных, невербальных);

- *рефлексивный*: заключается в осознании собственного уровня саморегуляции личности, при котором жизненная функция самосознания заключается в самоуправлении поведением личности, а также в расширении самосознания, самореализации.

Формирование и развитие информационной компетентности личности осуществляется путем передачи информации, точнее – способов и методов деятельности по её использованию.

Информационная компетентность личности и информационная компетентность общества – объекты взаимно развивающиеся, обогащающие друг друга.

Следовательно, личностный уровень информационной компетентности зависит от уровня информационной компетентности общества, который в свою очередь, определяется информационной компетентностью входящих в него субъектов.

Информационная компетентность педагога предполагает широкое использование компьютерной техники, электронных вариантов учебных материалов, обучающих программ, педагогических технологий творческого характера. Педагог должен обладать необходимой подготовкой для корректной дифференциации возможностей обучаемых в учебной группе в зависимости от индивидуальных особенностей, мотивации, возрастных и психологических особенностей /10/.

Резюмируя все вышесказанное, мы пришли к следующим выводам:

- под информационной компетентностью чаще всего понимают способность овладения информационными технологиями и умение работать со всеми видами информации;

- необходимо введение соответствующих дисциплин в высших учебных заведениях РК, способствующих формированию определенных компетентностей обучаемых;

- организация и проведение на базах ИПК для педагогических работников дошкольных организаций курсов на соответствующую тематику.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Кривенко О.В. Информационная компетентность учащихся как качественная характеристика школьного географического образования // *Фундаментальные исследования*. – 2008. – № 1 – С. 51-51.
2. Хуторской А.В. Ключевые компетенции и образовательные стандарты: Доклад на отд. философии образования и теории педагогики РАО, 2002. Центр «Эйдос». <[www.eidos.ru/news/compet.htm](http://www.eidos.ru/news/compet.htm)>.
3. Равен Дж. Педагогическое тестирование: Проблемы, заблуждения, перспективы /Пер. с англ. М.: «Когито-Центр», 2001.- 142 с.
4. Семенов А. Информационно-коммуникационные технологии в общем образовании: теория и практика. ЮНЕСКО, 2006. - 327 с.
5. Исаева М.В. Психологические особенности личности профессионала в отечественной литературе/ М. В. Исаева / *Вестн. Сев.-Кавк. техн. ун-та. Сер.: Гуманитар. науки*. 2003.- № 2. – С. 109-113.
6. Кузьминов Я.И. Профессиональный стандарт педагогической деятельности (проект) // *Вестник образования*.– 2007.- № 7.- С. 17-24.
7. Беспалов П. В. «Компьютерная компетентность в контексте личностно-ориентированного обучения» // *Педагогика*.- 2003.- №4.-С. 45-50.
8. Тришина С.В., Хуторской А.В. Информационная компетентность специалиста в системе дополнительного профессионального образования // *Интернет-журнал «Эйдос»*.- 2004.-22 июня.
9. Тришина С.В. Информационная компетентность как педагогическая категория// *Интернет-журнал «Эйдос»*. - 2005. - 10 сентября. - <http://www.eidos.ru/journal/2005/0910-11.htm>. - В надзаг: Центр дистанционного образования «Эйдос», e-mail: [list@eidos.ru](mailto:list@eidos.ru).
10. Семенов А. Информационно-коммуникационные технологии в общем образовании: теория и практика. ЮНЕСКО, 2006.- 327 с.

## ТУЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада педагогтың ақпараттық құзыреттілігі туралы айтылады.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается информационная компетентность педагога

**ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА УЧИТЕЛЯ КАК ПРЕДПОСЫЛКА КАЧЕСТВА ОБУЧЕНИЯ**

Шауханов А.А.– учитель истории (г.Алматы)

Дальнейшее социально-экономическое развитие Республики Казахстан предполагает существенные качественные преобразования всех сторон жизни общества. Будущее страны – в гуманизации всех общественных (в широком смысле слова) отношений.

Ребенок из объекта воздействия превращается в полноправного партнера педагога по совместной работе, в личность, которая не подлежит каким-либо манипуляциям; воспитание же понимается, как процесс совместной жизнедеятельности, “помощь ребенку в реализации его возможностей” /1/, где воспитывающий взрослый – посредник между ребенком и миром культуры, миром жизни /2/. Именно поэтому важное значение приобретает личность педагога, его профессионализм.

Проблемы подготовки педагогических кадров для общеобразовательной школы исследовали О.А.Абдулина, Ю.С. Алферов, Н.В.Кузьмина, В.А.Сластенин, А.И.Щербаков, Н.Д.Хмель и др. Работы этих ученых раскрывают теоретические основы подготовки педагогических кадров, содержание формы и методы совершенствования личности учителя. Изучены уровни сформированности отдельных профессионально-значимых качеств учителя, пути становления его педагогических способностей и мастерства (Н.В.Кузьмина, Ф.Н.Гоноболин, А.И.Щербаков и др.), разрабатываются профиограммы учителей, проблемы профессионального отбора педагогов (Р.И.Хмельюк), педагогической деятельности как творческого процесса (В.А.Кан-Калик).

Общепедагогические аспекты подготовки специалистов в системе высшего педагогического образования рассматриваются в диссертационных исследованиях Н.Д.Деминой, Л.П.Илларионовой, В.В.Ким, М.М.Кудабаевой, В.В.Трифоновой, О.Г.Кутеевой, Г.Б.Штельмах и др.

Изучение предшествующих работ приводит к общему выводу о том, что повышение эффективности подготовки специалистов, возможно через изменение организации обучения и овладения ими новыми технологиями организации учебного процесса. В этой связи предлагаются различные концептуальные основания для изменения системы воспитания, обучения и образования, идеями которых является гуманизм (М.С.Каган), ненасилие (Р.Г. Апресян, А.А.Гусейнов), диалог культур (В.С.Библер) принципы сотрудничества и партнерства (И.Хейзинга, Ш.А.Амонашвили, В.Ф. Шаталов, Е.Н.Ильин) и др.

Профессия учителя – одна из древнейших. Еще Я.А.Коменский утверждал, что во всякой школе дело обучения и воспитания всецело определяется учителем /3/. От того, каким является и будет учитель в школе, таким является и таким будет наше современное и будущее общество.

П.П.Блонский видел задачу учителя в том, чтобы развить способности к самообразованию и самовоспитанию у школьников /4;5, с. 158-160/.

П.Ф.Каптерев отмечал, что «личность учителя в обстановке обучения занимает первое место, те или другие его свойства будут повышать, или понижать воспитательное влияние обучения» /6/. По сути, педагог - связующее звено между поколениями, носитель общественно-исторического опыта.

А.С.Макаренко в 1928 году писал Горькому: "Меня сейчас едят, а разве трудно меня есть? Когда организуется жизнь 400 ребят, да еще правонарушителей, да еще в условиях нищеты, так трудно быть просто должностным лицом, в таком случае

необходимо стать живым человеком, следовательно, нужно и рисковать и ошибаться" /7, с. 243/.

По этому поводу В.И.Слуцкий пишет: "Вот чего всегда не хватало нашей педагогике: живых людей, способных рисковать своим благополучием ради детей. Вот что нужно для педагогического успеха: творческая свобода, плюс ответственность за результат, плюс личность педагога-творца. В таком случае у места окажется и технология. Если же нет ни Личностей, ни свободы, то не спасет никакая технология. Хорошая педагогическая технология – важная и нужная составляющая педагогического процесса, но далеко не главная и не обеспечивающая успеха" /8, с.8/.

Очевидно, для эффективного использования образовательных технологий необходим грамотный специалист-технолог и высоконравственный человек в одном лице.

Как мы полагаем, качественный результат использования технологий зависит от двух основных факторов, оказывающих прямое воздействие на конечный этап процесса обучения:

1. наличие и непрерывное развитие технологической культуры учителя;
2. развитие ключевых компетентностей у учащихся.

Специалисты имеют различное мнение и собственные подходы к сущности технологической культуры учителя. Но в основном их характеристики сводятся к одному: технологическая культура учителя – это способность и умение педагога грамотно, творчески, с максимальной эффективностью и высоким уровнем результативности подойти к использованию различных технологий обучения, а также по критериям и, опираясь на опыт, отобрать необходимую технологию, наиболее подходящую в данное время к конкретному контингенту учащихся.

Например, И.Ф. Исаев /9/, И.Л. Яцукова /10/ трактуют технологическую культуру как овладение педагогами определенной системой способов и приемов технологий обучения и воспитания, а также умением анализировать в педагогическом процессе альтернативные педагогические технологии.

Другие исследователи раскрывают сущность технологической культуры через акцентуацию ее нормативной функции, подчеркивая тем самым необходимость носителей культуры соблюдать образовательные стандарты с помощью осуществления определенных дидактических модулей (В.М. Монахов, Ю.О. Овакимян, В.П. Пустовойтов, Б.Н. Полозов) /11/.

Сущность и пути формирования технологической культуры учителя наиболее полно раскрыты в исследованиях М.М. Левиной /12, с.6/. Под технологической культурой педагога она понимает овладение логикой профессионального поведения учителя, опытом креативной деятельности, способами организации технологических процессов, адаптацию их к целям гуманизации и гуманитаризации образования. Особое значение М.М. Левина придает технологическому образованию будущего учителя, выявлению и обоснованию технологических приемов подготовки студентов к педагогической деятельности, формированию у них творческой активности и инициативы, рефлексии образовательных потребностей, овладению общей и профессиональной культурой.

Технологическая культура - это интегральное личностное образование, соединяющее в себе гуманистические ценности педагогического процесса, определяющие личностную направленность операционального состава педагогической деятельности и его смыслополагание; инвариантные педагогические умения, отражающие технологию педагогической деятельности и способствующие переводу ее операционального состава на технологический уровень; индивидуально-творческий стиль педагогической деятельности, раскрывающий индивидуальную концепцию смысла профессионально-педагогической деятельности и ее творческого воплощения.

С учетом изложенного специалисты выделяют следующие компоненты технологической культуры: когнитивный, мотивационно-ценностный, операционно-деятельностный, индивидуально-творческий. Выделенные структурные компоненты специфически преломляются в функциональных компонентах – гносеологическом, проектировочном, нормативном, информационном и рефлексивном. В своем взаимодействии структурные и функциональные компоненты образуют систему технологической культуры.

Профессионально-педагогическая культура, одной из сторон которой выступает технологическая культура учителя, в последние годы интенсивно изучается в системе психолого-педагогических наук (С.И. Архангельский, А.В. Барабанщиков, Е.В. Бондаревская, М.Я. Виленский, Г.В. Звездунова, И.Ф. Исаев, В.А. Комелина, Н.В. Кузьмина, Е.А. Леванова, Л.А. Машина, А.И. Мищенко, В.В. Сериков, Е.Г. Силяева, В.А. Слостенин, Н.Л. Шеховская, С.Н. Щербакова и др.).

Что касается развития ключевых компетентностей учащихся, то, на наш взгляд, правильное использование технологий, особенно информационных, способствует развитию и повышению ключевых компетентностей школьников и, наоборот, развитие ключевых компетентностей у учащихся облегчает учителю проведение урока с использованием технологий обучения. Таким образом, использование технологий обучения, технологическая культура учителя и развитие ключевых компетентностей учащихся являются взаимосвязанным и взаимозависимым процессом. Данная триадная взаимосвязь, разработанная нами, представлена ниже в виде рисунка.




Рисунок 1.

Из вышеописанного следует вывод: если технологическая культура у учителя на достаточно высоком уровне и у школьников развиты ключевые компетентности, то и результат использования технологий обучения будет более качественным.

Особое место в структуре технологической культуры занимает проектный аспект педагогической деятельности. Педагогическое проектирование в структуре деятельности учителя проходит этапы: анализ-синтез предыдущего педагогического опыта; вычленение проблем предстоящей учебной и творческой деятельности в системе педагог-ребенок; выдвижение мотивов тематики смены; выдвижение новых содержательных идей предстоящей деятельности; постановка задач на предстоящую смену. Анализ проектирования позволяет заметить, что в ходе проектировочной работы существуют объективные проблемы, как-то: *сложность определения целей и*

*задач программы, основного смысла, как педагогической деятельности, так и предполагаемой деятельности учащихся.* В определении педтехнологий тоже видны затруднения, но в связи с большим потенциалом педагогических возможностей, проверенных практикой существующих технологий, эта проблема менее видна в ходе общего процесса жизнедеятельности сообщества.

Педагогическое проектирование (создание проекта) - дальнейшая разработка созданной модели и доведение ее до уровня практического использования. На данном этапе проводится работа с созданной моделью, она доводится до уровня использования для преобразования педагогической деятельности. В данном случае проект становится механизмом преобразования учебно-воспитательного процесса и среды. К педагогическим проектам относятся учебные планы и учебные программы, квалификационные характеристики, методические рекомендации, планы внеучебной воспитательной работы и т.д. На этапе проектирования программ не всегда получается полный анализ социопедагогической ситуации и ситуации развития обучающего окружения.

Педагогическое проектирование, как на уровне школы, так и на уровне более малых сообществ внутри его (центры, содружества, классы, мастерские, клубы), осложняется проблемой общекультурного уровня образованности. У начинающих педагогов отмечается недостаточное представление о своих личных возможностях, интересах, их динамике, о возможностях профессионального роста.

При этом надо различать следующие категории «педагогическое моделирование» и «педагогическое конструирование».

Педагогическое моделирование (создание модели) - это разработка общей идеи создания педагогических систем и основных путей их достижения. Любая педагогическая деятельность начинается с деятельности, идеи, взгляда, убеждения. Например, мысль о необходимости совершенствования технологической подготовки у педагогов профессионального обучения порождает идеи о путях ее достижения в конкретных условиях занятий в ВУЗе. Педагог, определяя теоретические основы формирования технологического мышления, вспоминает теорию поэтапного формирования умственных действий, основные признаки технического мышления, методы его диагностики. Отсюда педагог берет идеи и мысленно создает целевой идеал, т.е. модель своей деятельности с учащимся. К педагогическим моделям относятся концепции развития учебных заведений. Уставы и положения учебных заведений, педагогические теории и индивидуальные концепции и т.д.

Педагогическое конструирование (создание конструкта) - это дальнейшая композиция созданного проекта, приближающая его для использования в конкретных условиях, реальными участниками воспитательных отношений. На этапе конструирования - проект еще более детализируется, конкретизируется и приближается к реальным условиям деятельности. Конструирование учебной и педагогической деятельности - это методическая задача. Педагогически конструкт содержит конкретные данные и создает возможность представить и конкретизировать любой педагогический объект. К ним относятся планы и конспекты уроков, сценарии внеклассных мероприятий, дидактические материалы, расписание и т.д.

Следующий важный компонент технологической культуры учителя - это инновационный потенциал учителя. Именно от инновационного потенциала во многом зависит уровень его профессиональной компетентности и педагогического мастерства, его способность вносить нечто новое в педагогический процесс, находить новые подходы и разрабатывать новые технологии, методы и приемы обучения и воспитания.

Как правило, инновационный потенциал учителя зависит от его творческого потенциала, степени его креативности. Способность к творческой деятельности присуща каждому педагогу. Рассматривая существующие уровни педагогического творчества, исследователи выделяют следующие из них:

- репродуктивный – уровень адаптации и применения на практике инноваций, разработанных другими педагогами;
- оптимизации – уровень творческой деятельности учителя заключается в умелом выборе и целесообразном сочетании, комбинации разработанных другими методов, приемов, форм;
- эвристический – поиск нового, обогащение известного своими собственными находками, открытиями;
- исследовательский, лично-самостоятельный – педагог, опираясь на соответствующие своей творческой индивидуальности идеи, концепции, строит педагогическую деятельность, развивая идеи, разрабатывая новые способы их реализации.

Инновационный потенциал педагога определяется степенью его готовности к исследовательской работе, которая зависит не только от его креативности, но и от уровня сформированности других компонентов:

- мотивационного – стремления и потребности к инновационной деятельности;
- методологического – владения концептуальными и теоретическими основами исследовательской деятельности, ориентация в современных подходах к решению педагогических проблем, наличие собственной педагогической философии, позиции;
- технологического – умения выбирать инновационную проблему и тему исследования, составлять программу экспериментальной и поисковой работы, овладение методикой разработки авторских программ, разнообразными способами введения новшеств в педагогический процесс, диагностикой и методикой отслеживания результатов экспериментальной работы;
- рефлексивного – способностью к самоанализу своей деятельности и возникающих педагогических проблем, к определению на их основе целей и задач экспериментальной работы /13/.

Таким образом, мы предполагаем, что технологическая культура учителя является важным фактором, обеспечивающим рост качества обучения и развитие ключевых компетентностей школьников.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Педагогика: учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений / В.А.Сластенин, И.Ф.Исаев, А.И.Мищенко, Е.Н.Шиянов. – 3-е изд. – М.: Школа-Пресс, 2000. 512 с.
2. Сластенин В.А. Формирование профессиональной культуры учителя. – М., 1993.
3. Коменский Я.А. Избранные сочинения: в 2-х томах. Т.2. – М.: Педагогика, – 1982. – 576 с.
4. Шамова Т.И., Давыденко Т.М. Управление образовательным процессом в адаптивной школе. – М.: Центр Педагогический поиск, 2001. – 280 с.
5. История педагогики. Под ред. Н.А.Константинова. – М.: Просвещение, – 1982. – С.158-160.
6. Каптерев П.Ф. Избранные педагогические сочинения. / Под. ред. А.М.Арсеньева. – М.: Педагогика, – 1982. – 704 с.
7. Макаренко А.С. Педагогические сочинения: в 8т. – М.: Педагогика, – 1983. – Т. 1. – С. 243.
8. Слуцкий В.И. Личность и технология в педагогическом процессе. // Школьные технологии. – 2001. № 6. – С. 8.
9. Исаев И.Ф. Профессионально-педагогическая культура преподавателя высшей школы: воспитательный аспект: Учебное пособие. – Белгород: БГПИ, 1992. 52 с.
10. Педагогическое образование для XXI века: материалы международной научно-практической конференции. 13-16 апреля 1994 г. М., 1994. – 187 с.

11. Проблемы дидактики высшей школы в контексте новой парадигмы образования: Материалы научно-практической конференции 20 февраля 1995. – М. - 100 с.
12. Левина М.М. Технология обучения, роль в структуре педагогического знания (Разработка и внедрение гибких технологий обучения педагогическим дисциплинам). М.: МГПИ им. В.И. Ленина, 1991. – С. 6.
13. Анисимов О.С. Акмеологические основы рефлексивной самоорганизации педагога: творчество и культура мышления. – М., 1999.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада оқытудың сапасы ретінде мұғалімнің технологиялық мәдениеті қарастырылады.

#### РЕЗЮМЕ

Статья освещает вопросы взаимосвязи технологической культуры учителя, ключевых компетентностей школьников и использования образовательных технологий в контексте обеспечения качества обучения.

#### SUMMARY

Article illuminates the questions an intercoupling technological culture of teacher, key competencies of schoolboys and use educational technology in context of provision a quality of education.

### СЕНСОРЛЫҚ ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Халилаева Э.Ж., Исахова Ш.И. - (Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ)

Ұрпақ тәрбиесін жаңа құндылықтар негізінде жетілдіру қоғам алдында тұрған ауқымды істердің бірі, сол себепті де мектепке дейінгі мекемелерде балалардың ақыл-ойын дамытуды жаңа көзқарастар негізінде талдау - кезек күттірмейтін іс.

Баланың алғашқы бес-алты жас кезеңі оның дамуындағы ең жауапты кезең, себебі осы кезде баланың ақыл-ой қабілеттері, сенсорлық дамуы, эстетикалық сезімдері қалыптасады. Бала тұлғасының мұндай қасиеттері қызықты да мазмұнды сабақ, еңбек және ойын әрекетінде қалыптасады.

Мектеп жасына дейінгі баланың бойына ақыл –ой күштерін, ойлауын дамытудағы және ақыл –ой еңбек мәдениетін дарыту ең алдымен балаға сенсорлық тәрбие беруден бастау алады.

Кеңес дәуіріндегі педагогика сенсорлық тәрбие мәселелерінде Мария Монтессоридің сенсорлық тәрбие жүйесінде өз бейнесін тапқан позициядан принципіалды айырмашылығы бар позицияны ұстанады. Оның пайдаланған дидактикалық материалдар өзін-өзі бақылау принципіне сәйкес жасалған, мұның өзі балаларға педагогтың қатысуынсыз, өз бетімен шұғылдануына мүмкіндік береді.

Ресейлік ғалым Н.М.Щелованов нәресте кезеңді сенсорлық тәрбие берудің «алтын кезеңі» деп атап көрсеткен

Мектепке дейінгі педагогика тарихының әртүрлі даму кезеңдерінде бұл мәселе бойынша көптеген ғалымдар (Я.А.Коменский, Ф.Фребель, М.Монтессори, О.Декроли, Е.И.Тихеева және т.б.) балаларды заттардың қасиеттері мен ерекшеліктерін таныстыратын әртүрлі дидактикалық ойындар мен жаттығуларды жасады.

Ғалымдар А.В.Запорожец, А.П.Усова, Н.П.Сакулина, Л.А.Венгер, Н.Н.Поддьяков және т.б. жалпы сенсорлық тәрбие бойынша көптеген ой-пікірлерін айқындай отырып сенсорлық тәрбие жүйесінің қалыптасуына өз ықпалдарын тигізді.

Кеңес педагогикасы сенсорлық тәрбиені іс-әрекеттің әр түрі: бейнелеу, құрастыру, музыкалық-кимыл үдерісінде, балаларды қоршаған ортамен таныстырғанда жүзеге асыру керек деп есептейді. Мәселен, Е. И. Тихеева сезім органдарын жетілдіру жұмысын бала тілінің дамуымен, қоршаған заттар дүниесімен таныстырумен байланыстырды. Ол жасаған дидактикалық материалдар, ойындар (әсіресе табиғи материалдармен ойындар) да түсті көлемді, форманы ажырата білуге бағытталған, бірақ балаларды заттардың қасиетімен, сапасымен таныстыру ойын әрекеті үстінде жүргізіледі, оның өзі білім мен ұғымды жақсы игеруге көмектеседі /1/.

Мектепке дейінгі балаларға сенсорлық тәрбие беру, заттардың формасын, түсін, көлемі мен басқа да ерекшеліктері мен қатынастарын зерттеуге бағытталған қабылдау әрекеттерінің нәтижесінде қалыптасқан кез-келген түсініктер, келешекте кейіп мәніне айналуы қажет. Бірақ бұл жеткіліксіз. Себебі, әртүрлі заттардың әртүрлі ерекшеліктерінің ішінен салыстыра отырып, ортақ белгілеріне сәйкес заттардың қасиеттерінің негізгілерін айқындай білуі керек.

Балаларға сенсорлық тәрбие беру мәселелерін зерттеумен көптеген ресейлік және шетелдік ғалымдар айналысқан. Соңғы кездері әдіскерлер өз назарларын көбірек шетелдік авторларға аударуда. Орыс ғалымдары А.П.Усова, А.В. Запорожец, А.Г. Рузская, Н.А. Ветлугина, Л.А. Венгер, В.П. Зинченко және т.б. осы сенсорлық тәрбие беру мәселеріне едәуір өз үлестерін қосты /1,2,3,4/.

Ақыл-ой тәрбиесі әр заманда балаларға білім берудің негізгі құралы болып табылады. Білім алуға және ғылымға ұмтылыс халық санасының тереңнен әрдайым орын алады. Халық табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтары бейнеленген ғылымның деректерін, түсініктерін және заңдарын мақсатты игерудің нәтижесі деп білді. Тек ақылды адам ғана терең білімдерді меңгере алатынын түсінді. Білімнің мәнін «Ақылдан қымбат байлық жоқ», «Ақылды сатып ала алмайсың», «Ақыл – тозбас киім, білім – сарқылмас бұлақ» деген халықтың даналық сөздерінен-ақ байқауға болады /5/.

Белгілі ғалым А.Меңжанова мектепке дейінгі жастағы балалардың «ақыл-ой тәрбиесінің мақсаты – балаларды табиғат пен қоғамдық өмірдің сан қилы қарапайым құбылыстары жайлы біліммен қаруландыру, сезім мен қабылдау ерекшеліктерін жетілдіру арқылы ақыл-ой қабілетін (зейін, ой, ес, қиял, тез және дұрыс шешім қабылдау, тұжырымдау, игерген әдет пен дағдыны, білімді іс-әрекет үдерісінде туған міндеттерді шешуге пайдалана білу, өз еңбегнің сапасын, оның қорытындысын, ынта-ықыласын болжай алу) дамытуды қамтамасыз ету», - деп анықтаған. /6/

Сенсорлық тәрбие ақыл-ой тәрбиесінің негізі болып табылады, ол баланың сезімдік тәжірибесінің дамуын және баюын қамтамасыз етеді, заттардың қасиеті мен сапасы туралы түсінігін қалыптастырады. *Сенсорлық тәрбие дегеніміз бұл түйсік пен қабылдаудың дұрыс бағытта дамуы.* «Сенсор» сөзі латынның «*Sensus*» - «сезім», «түйсік», «қабылдау», «түйсіну қабілеті» деген сөздерінен шыққан /7/. Дүниені тану түйсінуден, қабылдаудан басталады. Түйсігі мен қабылдауы мол адамның қоршаған дүние жайлы көзқарасы кең, жан-жақты келеді. Сөйтіп, баланың сенсорлық мәдениеті, оның түйсігі мен қабылдауының даму деңгейі ойдағыдай дамыған таным қызметінің алғы шарты болып табылады.

Педагогикалық сөздікте «сенсор» ұғымына «... 1) жеке рецептор, 2) рецепторлы мүше» деп атап көрсетілген.

Сенсорлық бейімделу- организмнің сыртқы ортаның әр түрлі жағдайына бейімделу қабілеттілігі.

Сенсорлық бөлік – орталық жүйке жүйесінің өрлеме нейрондардың ұштары болып табылатын бөлігі. Мыс.: көру аймағы, соматосенсорлық бөлік және т.б.

Сенсорлық ес – сезім органдарына түсетін ақпараттарды сенсорлық өңдеудің өнімдерін өте қысқа уақыт бойында есте ұстауды қамтамасыз ететін гипотезалық ес жүйкешесі. /8/.

Сенсорлық тәрбиеге екі ұғым кіреді: зер салып ойлау және ақыл –ой күштері.

Ойлау дегеніміз не? Ойлау деп - заттар мен құбылыстардың арасындағы табиғи байланыстарды және қатынастарды бейнелейтін психикалық процесті айтады. Ойлау – таным іс-әрекетіндегі күрделі үдеріс. Ол білмеуден білуге қарай бағытталған ой қозғалыстың адам миында бейнеленуі /9/.

Ой – түйсіну, қабылдау, елестетуден алынған сезімдік деректердің адам миы арқылы өңделуі, мәнге айналуы. Ойлау – барлық адамдарға тән туынды түсінік. Жеке адам даму процесінде тәрбиеге қоятын міндеттерге сай жедел дамитын ойлаудың нақты жақтарын немесе түрлерін қалыптастырады. Тәрбиешінің міндеті ойлау түрлерінің мәнін терең түсінуі, оларды тұтас педагогикалық процесте шебер қолдана білуі, балалардың ақыл- ой қабілетінің дамуын әсер ету тәсілдерін жете зерттеу қажет.

Енді әрбір ойлау түрлерінің тұлғаның даму үдерісінде алатын орны туралы сөз етейік .

Нақты логикалық ойлау - біздің затты тікелей қабылдауымыз. Мұны кейде *көрнекі ойлау* деп те атауға болады. Нақты *логикалық ойлау* балалардың ойлау және оқу процесінде, адамдардың еңбек іс- әрекетінде байқалады.

Сенсорлық даму және ойлау білігінің негізі ойлау операцияларын меңгеруде қажет етеді . Негізгі ойлау операцияларына ғылымда белгілі анализ, синтез, салыстыру, классификация жатады .

Анализ дегеніміз бүтінді бөліктерге ойша жіктеу немесе бүтіннің жеке қасиеттерін ойша бөлу болып табылады .

Синтез – заттың бөліктерін ойша үйлестіре біріктіру немесе құбылыстардың жеке жақтарын олардың белгілері мен қасиеттерін біріктіру. Анализ бен синтез біріне – бірі қарама- қайшы ойлау операциялары болғаны мен, олар бір- бірімен үздіксіз байланыста болады.

Белгілі бір сабақтастықта нақты белгілі немесе бірқатар белгілер бойынша олардың ұқсастықтарын немесе айырмашылықтарын анықтауды салыстыру деп аталады .

Салыстыру – жинақтаудың қажетті алғы шарты. Араларындағы ұқсастық немесе айырмашылыққа тәуелді заттар немесе құбылыстарды топтарға ажыратуды жіктеу (классификация) деп атайды.

Негізгі ойлау операцияларын тұтас педагогикалық процесте меңгере және нәтижелі қолдана білу тәрбиешінің шеберлігін, біліктілігін, білімдарлығын көрсетеді /10/.

Сенсорлық тәрбиенің тағыда бір маңызды міндеті балалардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру болып табылады. Мұның негізінде әлем танымдылығын түсіну, табиғат пен қоғам дамуының заңдарын ұғыну. Жинақты етіп айтсақ, балалар барлық оқу іс-әрекетінде негізгі дүниетанымдық жұмысты бекітеді, баянды етуді талаптандырады. Ақыл–ой тәрбиесінің маңызды міндеті – ақыл–ой қызметінде, білімді үнемі молайтуға қажеттілікті дамыту. Ғылымның, техниканың және мәдениеттің қарқынды дамуы мен байланысты бұл міндет ерекше үлкен мәнге ие болып отыр. Оны шешпейінше талаптылық пен білуге құштарлықты дамыту, ауқымды ғылыми информациядан бағдар табуы қалыптастыру мүмкін емес .

Сенсорлық даму – бұл бала жасына, тәжірибесінің молаюы мен тәрбиелілік ықпалдарының әсеріне байланысты ойлау әрекетінде пайда болатын сан және сапалық өзгерістердің жиынтығы. Мектепке дейінгі шақта білімнің қорлануы шапшаң қарқынмен жүреді . Таным процестері жетіледі, бала сенсорлық әрекеттің қарапайым әдістерін меңгереді. Баланың сенсорлық дамуын қамтамасыз ету оның барлық кейінгі іс-әрекеті үшін зор маңызы бар. Сенсорлық дамыту әлеуметтік ортаның ықпалымен жүзеге асырылады. Ол айналадағылармен араласу барысында тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланып, сонымен бірге қалыптасқан ұғымдар жүйесін игереді. Сенсорлық тәрбиені неғұрлым тиімді дамыту оқыту мен тәрбиелеу негізінде жүзеге

асырылады. Қазіргі педагогика ғылыми ақыл- ой дамуының негізгі көрсеткіштері – білімдер жүйесін игеру, олардың қорын жинау, шығармашылық ойды дамыту және жаңа білімдер алуға танымдық қызмет әдістерін меңгереді деп есептейді .

Сенсорлық тәрбие –балалардың белсенді ойлау қызметінің дамуына ересектердің мақсатты ықпалы . Ол қоршаған дүние туралы түсінікке жеңіл білімдерді хабарлауы, оларды жүйелеп отыруды, танымдық мүдделерді зияткерлік дағдылар мен іскерлікті қалыптастыруды, танымдық қабілеттерді дамытуды қамтиды.

Сенсорлық тәрбие – адамның таным қабілетін дамытып, білім қорын игеруіне жол ашатын тәлім – тәрбиенің негізгі бір саласы. Сенсорлық тәрбие арқылы балалардың оқып білім алуына іс - әрекетін бағыттау – сана сезімінің дамуына, ғылыми негіздерін меңгеруіне бағыт – бағдар бере отырып жеке тұлғаны қоғамның өркениетті даму бағытына сай жан – жақты тәрбиелеудің құрамды бөліктерінің бірі /10/.

Сенсорлық тәрбие – тұлғаның жан-жақты дамуының негізі. Сенсорлық даму еңбек өнімділігін арттыруға, еңбектің шығармашылығына зор ықпал жасайды. Ең бастысы, ол ғылым мен техниканың, мәдениеттің жедел дамуының қайнар бұлағы екендігін үнемі есте ұстағанымыз жөн.

Қорыта айтқанда, сенсорлық тәрбие – адам зиялылығының негізі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.Усова. Обучение в детском саду. М.Просвещение. 1981.- 176с.
- 2.Венгер Л.А., Мухина В.С. Сенсорное воспитание дошкольников // Дошкольное воспитание, 2004 , № 13. – С.424
- 3.Дидактические игры и упражнения по сенсорному воспитанию дошкольников / Под ред. Л. А. Венгера. — М.: Просвещение, 2008. – С. 315
- 4.Морозова О.Е.И. Тихеева. Дошкольный возраст: сенсорное воспитание и воспитание // Дошкольное воспитание. -1993. – №5. – С. 87
- 5.Ә.Табылдиев. Қазақ этнопедагогикасы. Алматы:»Санат», 2001. – 320б.
- 6.А.Меңжанова, Г.И.Исмагулова, Е.Дайрабаев, Мектепке дейінгі педагогика. А. Мектеп, 1982 .
7. Ф.Н.Жұмабекова. Мектепке дейінгі педагогика. – Астана: Фолиант, 2008, - 336б.
8. Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік .- Алматы, 2009ж.-400б.
9. Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. А., 2002ж.
10. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. А.2003ж.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада сенсорлық тәрбие туралы түсінік беріледі.

#### РЕЗЮМЕ

В статье говорится о роли и значении сенсорного воспитания.

## *МАГИСТРАТУРА*

### **ҚАЗАҚСТАНДА ДИДАКТИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ**

Алимбекова А.А. - магистрант (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазақстанда дидактиканың туындап қалыптасуымен байланысты мәселелер республикада болып өткен тарихи жағдайларды зерттеу және талдау жұмыстары нәтижесінде қол жеткізуге болады.

XX ғасырдағы Қазақстанда болып өткен саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайлар дидактикамен байланысты мәселелердің зерттелуіне, оның қалыптасуы барысында тұйыққа тіреліп тоқырауға ұшырауына және кейінгі уақыттарда әрі қарай үдемелі дамуына күрделі ықпал жасаған қозғаушы күш болды. Негізінен бар мәселе Ресейдегі Қазан төкерісінің нәтижесінде саяси платформаның өзгерілуімен тығыз байланысты болғандығы белгілі. Атап айтар болсақ олар:

Қазан төңкерісінен кейінгі 1919-1921, 1931-1933 жылдар аралығындағы Қазақстандағы азамат соғысы;

- мал басының жойылуы;
- ауыл шаруашылығының тұйыққа тірелуі;
- жұт;
- аштық;
- өмір сүру жағдайының ауырлауы;
- одан кейінгі жылдардағы қазақ зиялы қауымының қуғын-сүргінге ұшырауы және бұдан да басқа жағдайлардың көптеген адам шығынына әкеліп соқтырды. Осы және басқада сол уақыттағы Қазақстанда болып өткен тарихи оқиғалар туралы объективті мәліметтер академик М.Қозыбаев, тарихшылар М.Қойгельдиев, Т. Омарбеков, К. Нұрпейісов, К. Әбеуов, жазушылар Ә.Әлімжанов, В. Михайлов, филолог М.Мырзахметовтың т. б. ғалымдардың көптеген зерттеулерінде толығынан баяндалады. Сондықтан біздер аталған тарихи жағдайлардың республикадағы дидактиканың дамуына тигізген жағымды және жағымсыз жақтарына ғана тоқталуды жөн көрдік. Осы жағдайлардың барлығы әрине Қазақстанда халыққа білім беру ісінің, педагогика ғылымының, оның ішінде дидактиканың дамуына кері әсерін тигізгеніне сөз жоқ. Бірақ, сонымен бірге жаңа өкімет орнап күш ала бастаған соң сол қоғамға лайықты тұлғаны қалыптастыру міндетін шешу мақсатында

Қазақстанда оқу-ағартудың қалыптасуына байланысты жүргізілген іс- шаралар өз дәрежесінде республикада заманға лайықты дидактиканың қалыптасып дамуына жағымды ықпалын тигізгеніде мәлім Қазақстанда дидактика мәселесінің қалыптасуы мен дамуына еліміздің басынан өткізген түрлі тарихи жағдайлардың елеулі әсер еткенін көптеген қазақстандық ғалымдардың еңбектерінен көруге болады. «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасының» негізгі мақсаты білім берудің барлық деңгейінде қоғамның жаңа талаптарына сай сапалы азаматтар дайындау /1/.

«Сапалы азамат» дайындау яғни оқушы жастардың интеллектуалдық мүмкіндіктерін, дербес даралығын, белсенділігін арттырып, қоғамда пайдалы іс-әрекетпен шұғылданатын саналы азамат дайындау деп атайды.

Тарихи құжаттар мен әдебиеттерге, оқу-құралдарға т.б. көптеген өзіндік із қалдырған ғылыми еңбектерге сүйену, қазіргі таңда оқу-тәрбие үдерісін жоғары деңгейде ұйымдастыруда педагогикалық іс-әрекетті шығармашылықпен құруға мүмкіндік туғызады.

Аталған тарихи құжаттар мен ғылыми еңбектерге сүйенсек Кеңес өкіметі Қазақстанның оқу-ағарту мәселесінің қалыптасуына зор ықпал еткен. 1917 жылғы қазан төңкерілісінен кейін орыс және ана тілдеріндегі мектептер көптеп ашылып, сауатсыздықты жою мақсатында көптеген жұмыстар атқарыла бастады. Бұл жылдары халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен болуына байланысты азық-түлік пен күн көріске қажетті деген заттар тапшы болды. Оқу-құралдарының тапшылығы, мектепте сабақтың дұрыс ұйымдаспауы және мұғалім кадрларының жетіспеуі, ұстаз шеберлігінің жеткіліксіздігі сияқты мәселелер орын алды. Осындай елдегі саяси-әлеуметтік жағдайлар оқу-ағарту ісінің қажетті деңгейінде дамуына өзінің кері әсерін тигізді. Кеңес өкіметі кедейлер мен қызыл әскерлердің балаларын толығымен қамтамасыз етуге тырысты, әйтседе жаңа өкімет ашылған барлық мектептерді оқуға қажетті құралдармен қамтамасыз етуге мүмкіншіліктері келмеді. Революцияға дейінгі оқулықтар жарамсыз деп саналды. Оқулықтар мен жазу құралдары тапшы болды. Қазақ тіліндегі оқулықтар мүлдем болмады /2/.

Кеңес өкіметі орнағанан кейінгі Қазақстандағы саяси жағдайдың өзгеріліп, мектептерді ұйымдастыру, білім беру, оқу мен оқыту, мұғалім кадрларын даярлау мәселелері туралы өздерінің еңбектерінде көрсеткен ғалымдар: Ә.І. Сембаев «Қазақ совет мектебінің тарихы», С. Мусин «Из истории учебно-воспитательной работы Казахской Советской школы Казахской АССР (1920-1936гг.)», Қ. Бержанов «Қазақстан мұғалімдер жұртшылығының мәдени-ағартушылық және қоғамдық қызметі тарихынан», И.Б. Мадин «Қазақстанда Совет дәуірінде педагогикалық ой-пікірдің дамуы», К. Құнантаева: «Қазақстанда халыққа білім беру ісінің дамуы (1917-1990жж.)», Қ.Б. Сейталиев «Қазақстанда жоғарғы педагогикалық білім берудің қалыптасуы мен дамуы 1920-1991жж», О.Есенәлі Қазақстанда мектептен тыс мекемелердің қалыптасуы мен дамуы (1917-1990), А.Н.Ильслова Қазақстандағы педагогикалық теорияның даму мәселелері (1900-1960жж)».

Аталған еңбектерде Қазақстанның мәдени құрылысы, мектеп және кадр мәселелері, халықтың сауатын ашу мен әлеуметтік жағдайына ғылыми талдау жасалып, құнды пікірлер айтылған. Кеңес өкіметі орнаған жылдардан бастап барлық халықты тегін оқыту әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларының оқып, хат тануында көп рөл атқарды. Осы идеяның жемісі 1917-1927жж аралығында Қазақстанда 200 мыңнан адам сауатын ашты /3, 46/. 1928 жылы халықтың сауаттылығы 25%-ке әрең жетті. Сонымен қатар Қазақстан мектептерінің типтері, оқу жылының құрылысы, қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдары, оқу жоспары, оқытудың формалары, әдістері пайда бола бастады /3/. Ә.І. Сембаев «Қазақ совет мектебінің тарихы» атты еңбегіне біртұтас еңбек мектептері ашылып, қазақ мектептерінде ана тілінен басқа орыс тілін, арифметика, география, тарих, жаратылыстану, сурет, ән-күй сабақтарының енгізілгенін соған байланысты жаңаша оқытатын мұғалім кадрларын дайындау мәселелеріне тоқталған. Сонымен қатар 1920-1930 жылдардағы мектеп жүйесі мен оқу жұмысының ұйымдастырылуы – оқу жоспарлары мен бағдарламалары, оқулықтар, жұмыс әдістері т.б. көптеген оқу-тәрбие үдерісіне қатысты мәселелерге тоқталған. Мысалы: бір аптада ана тілі, арифметика, пәндеріне 6 сағат, тарих, география, табиғаттану сабақтарына 2 сағат, сурет және ән сабақтарына 1 сағат, қолөнер ісі және гимнастика сабақтарына 1 сағат Мемлекеттік тілдің бірі ретінде орыс тілі енгізіліп оған 3 сағат бөлінген. Осылай оқыту жоспарының құрылуы оқытуды тиімді ұйымдастырудағы ең маңызды мәселе екенін көрсетеді /3, 61б/

А.Н.Ильсованың Қазақстанда халыққа білім беру жүйесінің дамуын және оның педагогикалық ғылымының қалыптасуына әсеріне туралы ойларында педагог кадрларының «История становления и развития педагогической науки Казахстана (1917-1988гг.)», Қазақстандағы педагогикалық теорияның даму мәселелері (1900-1960жж)» атты ғылыми еңбектерінде елдегі ағартушылық міндеттерін жүзеге асыруда қазақ зиялы қауымы ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, оқу жоспарларын,

бағдарламаларын, оқулықтар, оқыту мен тәрбиелеудің формалары мен әдістерін көрсететін оқу-әдістемелік құралдарды қарқынды түрде шығаруды қолға алғанын, осы жылдары Қазақстанда дидактиканың негіздерінің пайда болуы мен әрі қарай дамуында маңызды рөл атқарған, білім беру мазмұнының ғылыми деңгейін арттыруға қатысты көтерілген және негізделген келешекті идеялар қалыптасқанын атап өткен /4, 49 б/.

Аталған жылдары жаппай оқыту мақсаты басты орынға қойылып, жергілікті жағдайлары ескерілген мектептер санын көбейту, оқытуға қажетті құралдарды, оқытудың формалары мен әдіс-тәсілдерін ойлап табу, балаларды оқыту екі жыныс үшін бірдей деңгейде жүргізуді іске асыру, мектептерді мемлекет есебінен қаржыландыру болды.

Сонымен қатар Қазақстандағы дидактика тарихында өзекті мәселе шағын комплектілі мектепте оқытуды ұйымдастырудың жолдарын тиімді шешу болды.. Мәселен, Ә. Сыдықов шағын елді мекендерде жұмыс істеп жатқан бастауыш мектептердің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктері мен қиыншылықтары мұғалімнің сабақтың құрылымын ойластыру жағдайында туындайтынын айтты. Ол өзінің «Бір-екі комплектілі бастауыш мектептердегі оқу жұмысы» - атты мақаласында 1950 жылдары пәні жағынан біртектес, мазмұны жағынан ұқсас сабақтарды қосып оқыту мәселесін көтерді. Ал М. Бүрлібаев болса бастауыш мектептегі оқытудың мақсаты мен міндеттерін, оқытудың педагогикалық-психологиялық негіздерін, I сынып оқушылары қашан өз бетімен жұмыс істеу дағдысы қалыптасқанша жеке бөліп оқытудың қолайлылығын 1960 жылы жарық көрген «Бастауыш оқуға басшылық» атты кітабында көрсетті. Ол кітабында екі немесе бір комплектілі мектептердегі әрбір кластағы балалар саны жағынан ықшам болады да, олардың ұғымын байқау, тапсырманы орындату, жаңа сабақты пысықтау жұмыстары көп уақыт алмайтынын және сабақ барысында оқушылардан білгенін қайталап айтып беруге талап қою мүмкіншілігінің жоғары болуы оқушылардың әр уақытта жауапқа әзір отыруға талаптандырады деген.

1967 жылы 10 маусымда Қазақ ССР Оқу министрлігі «Республикадағы шағын жинақталған мектептердің қазіргі жайы және олардың жұмысын жақсарту шаралары» туралы қаулы қабылдады. Осы қаулының негізінде 1970 жылдан бастап Қазақстанда комплектілі мектептердің оқу сапасын жақсарту, жетілдіру мақсатына жұмыстар жүзеге асты. Шағын комплектілі мектептер мұғалімдеріне тікелей практикалық көмек көрсеру мәселесі көтерілді. 1974-1978 жылдар аралығында Ү. Алтынсарин атындағы Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институты «Шағын комплектілі мектептердегі оқыту мазмұны мен әдістерін жетілдіру» проблемасы бойынша ғылыми зерттеу жұмысы ұйымдастырылды. Соның нәтижесінде Б. Құлмағанбетова, А. Асқарбаева, Г. М. Храпченков, Ш. Әуелбаев, М. Сайпин, О. Сатқанов, З. Бейсенбаев т.б. ғалымдардың еңбектері жарық көрді.

Б.Құлмағанбетова «Аз комплектілі мектепте сабақты ұйымдастыру» атты еңбегінде әрбір сыныпта оқылатын тақырыптарды, оларға қатысты материалдарды, көрнекі құралдар мен әдістемелік жаттығуларды орынды пайдаланып, жұптасқан сабақтардың құрылымын, өзіндік жұмыстардың түрлерін, көлемін, оған кететін уақытты дұрыс белгілеп алса, жұмыс нәтижелі болады деген.

Ш.Әуелбаев өзінің мақалаларында оқыту процесінің сапасын арттыру жолында оқытудың тиімді әдістері мен материалдарды оқыту жүйесін, өзіндік жұмыс түрлерін және көрнекі құралдарды белгілеп көрсетеді.

Г.М.Храпченков «Шағын комплектілі мектептегі оқытудың мазмұны мен әдістері» атты еңбегінде шағын комплектілі мектептерде оқытуды ұйымдастыруда сабақты бір пәндік жүйемен жоспарлағанда қатар сыныптарда тақырыбы мен мазмұны жағынан жақын, бір-біріне ұқсас материалдарды іріктеп алып, жұптастырып, бір мезгілде өткізудің тиімділігін айтады. 1980-1990 жылдары еліміздегі шағын комплектілі мектептеріндегі оқыту процесінің сапасын жетілдіру мәселесін ісі

бастапқы қалпына қайтып келді. Оның себебі осы кезеңде еліміздегішағын комплектілі мектептерді ірілендіру, олардың орналасу жүйесін реттеу күн тәртібіне қойылып, бірқатар мектептер жабылып қалды, ұсақ мектептерді толық комплектілі мектептерге қосты. Осындай мәселелер келеңсіз жағдайлардың орын алуына себеп болды. 1990 жылдан бастап шағын комплектілі мектептердегі оқыту процесінің сапасын жетілдіру ғылыми зерттеу деңгейіне көтеріліп, теориялық және практикалық тұрғыда арнайы қарастырыла бастады.

Қазақстанда педагогикалық ой-пікірдің, идеялардың дамуын зерттегенде ұлттық педагогикалық мектептің даму генезисімен байланысты теориялық және әдіснамалық деректермен байыту маңызды мәселеге айналып отыр. Оқу-ағарту саласында халқымызды сауаттандыру мақсатында ерен еңбектерімен естен кетпес ағартушы ғалымдарымыз бен тарихи тұлғалар көрнекті қайраткерлеріміз туралы нақты мәліметтер мен құнды идеялар мен деректерді кездестіруге болады. Кенес дәуірінде бүгінгі күн талаптары тұрғысынан тиісті баға беруде осындай зерттеу жұмыстарының алар орны ерекше. Оқу-ағарту саласындағы жаңаша бетбұрыстар мен өзгерістерді ескере отырып, ескі мен жаңаны ұштастыруды басшылыққа алып, қалай өскелең ұрпақты білім нәрімен сусындатуға болатындығын сонымен қатар жастарды оқытумен қатар дұрыс тәрбиелеу жолдарын қарастыру оларға талдау жүргізу де бүгінгі таңда кезек күттірмес мәселе.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. 2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.
2. Ә.І. Сембаев. Қазақ совет мектебінің тарихы. Алматы. Мектеп, 1967ж.
3. Мусин С. Из истории учебно-воспитательной работы Казахской Советской школы Казахской АССР (1920-1936гг.). Дис.канд.пед.наук, Алматы, 1960,СЛ68
4. Ильясова А.Н. История становления и развития педагогической науки Казахстана (1917-1988гг.). Дис.канд.пед.наук, Алматы, 1989.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстанда дидактика ғылымының қалыптасуы мен дамуы туралы сөз етіледі.

#### РЕЗЮМЕ

В этой статье раскрывается история становления и развития дидактики в педагогической науке Казахстана и анализ научных трудов ученых в данной области науки

#### SUMMARY

The is shown the history of basing and development of didactics in pedagogical science in Kazakhstan and analyzing scientists' scientific jobs in the following sphere.

## ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ МӘДЕНИАРАЛЫҚ КОММУНИКАТИВТІ БІЛІКТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ИНТЕРНЕТТІ ПАЙДАЛАНУ

Елжанова Л.А.- магистрант (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Соңғы он жылдықта революциялық жетістіктердің бірі дүние жүзі оқу процесінде айтарлықтай өзгерістерге ие болды. Дүние жүзінде компьютерлік орталық қалыптасып, Интернет деген атау пайда болды. «Дүние жүзілік байланыс» шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін жетілдіруде, компьютерді пайдалана отырып, кибернетикалық кеңістікті қолдану, жаңа жалпы дидактикалық және жеке әдістердің пайда болуына әкеліп соқты. Шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін компьютерлік технологиялардың негізінде жан-жақты дамуымен қоса, жұмыстарды жинақтаудың жаңа стилі қалыптасып, оқытуды академияландыруда. Білімді компьютерлендірудің массалық негізі, сөзсіз ойлау жүйесінің оптималды дамуын қамтамасыз етеді. Р.Уильям және К.Макли өз зерттеулерінде шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін компьютерлік технология негізінде дамытудың артықшылықтарын былай атап көрсетті.

Шетел тілі мұғалімдерінің елтанымдық біліктілігін жетілдіруде, көмекші құрал болып саналады. Электронды машина ешқашан жағымсыз әсер тудырмайды. Яғни танымдық іскерліктердің жеке тиімді аспектілерін қамтамасыз етеді. Шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін қалыптастыруда, компьютерлік технологияларды қолданудың негізгі мақсаты, ұстаздар қауымының әлемдік түсінігін қалыптастырумен қатар, қарым-қатынастың жаһандық келбетін қалыптастыру болып есептеледі.

Осыған орай интернетті қолданудың үш деңгейін атап өтуге болады.

1. қарым-қатынас
2. ақпарат
3. жариялылық

Қарым-қатынас электронды жәшік арқылы жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

World Wide Web. Қарым қатынас шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін қалыптастыруда ең басты мазмұнға ие. Жариялылық интернеттің жеке беттерімен жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Интернеттен тыс қарым-қатынас жасау - әртүрлі ұлттар, кросс-мәдент орталықтар, миллиондаған адамдардың өмірі шетел тілінде қарым-қатынас жасауға негізделген, бір уақытта сөйлейді, өте кең ауқымды әңгімелесушілерді қамтамасыз етеді. Оны шетел тілі мұғалімдерінің өміріне енгізу, қарым-қатынастың жаңа үлгісін қалыптастырады. Тілдік ортада қарым-қатынас жасау, компьютерлік технологиялармен қамтамасыз ету дүниеге көзқарасты кеңейтеді, әп сәтте біліп алу, түпнұсқа бойынша жұмыс жасау және т.б. Ақпараттық жүйе ретінде интернет өз қолданушыларын әртүрлі ақпараттар мен ресурстарды қамтамасыз етеді. Базалық қызмет көрсетулер: электронды жәшік (e-mail), телеконференция(usenet), видеоконференция, жеке ақпаратты жариялау, жеке үй парақтарын жасау (homepage) және оны веб-серверге орналастыру. Интернетке кіру ресурстары: анықтама каталогтары, Yahoo! Info Seek, Ultra Smart, Look Smart, Galaxy, іздеу жүйесі Alta Vista, Hot Bob, Open Text, Web Crawler, Excite әңгіме Chat.

Шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін жетілдіруде компьютерлік технологиялардың көмегімен елтанымдық біліктілікті арттыруда тыңдалым, оқылым, жазылым және айтылым әрекеттерін қолдану өте тиімді болып табылады.

Шетел тілі мұғалімдерінің коммуникативті біліктілігін компьютерлік технология негізінде тыңдалым арқылы сөйлеу әрекетінің дағдыларын қалыптастыру.

Lucent Technologies компаниясының сайты Bell labs деп аталатын сайты кез-келген фразаны шет тілінде тыңдауға мүмкіндік береді. Мұнда сойлеу әрекетінің синтезаторы қалыптасуымен қоса, шетел тілі мұғалімдерінің басылған жұмыстарының сол тілде дыбысталуына мүмкіндік береді. Ол үшін төмендегі сайтқа кіру қажет. <http://www.bell-labs.com/project/tts/index.html>. Бұл мәліметтер ағылшын, неміс, итальян, француз және испан түрінде жұмыс жасаудың артықшылығын көрсетіп отыр. Жоғарыда көрсетілген сайт арқылы, аталған тілдер бойынша фразаны тек дыбыстап қана қоймай, дискте сақтап интернетке кірмей жұмыс жасауға болады.

Шетелтілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін арттыруда компьютерлік технологияның көмегімен оқылым әрекеті арқылы сөйлеу дағдысын қалыптастыру өте маңызды болып табылады. Интернет соңғы оқиғалармен және ғаламдық ақпаратпен қамтамасыз етудің маңызды ресурсы болып табылады. Дүние жүзінің барлық газеттерінің веб-беттері бар сайт Media Links(<<http://www.media.info/emedial/>>) арқылы мүмкін болған ақпараттың барлығын табуға болады. Аталған сайттың ағылшынша нұсқасы the washington post (<<http://www.washingtonpost.com/>>) оқуға, бейне нұсқаларды көруге және жарнамалар афишасымен танысудың үлкен мүмкіндіктерін пайдалануға болады. The washington post сайтының веб – беттері ең маңызды бес рубрикаға бөлінеді.

1. Жаңалықтар(News)
2. Халықтың өмір сүру деңгейі(Style)
3. Спорт(Sports)
4. Жарнамалар(Classified)
5. Жәрменкелер жаңалығы(Market Place).

Шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін қалыптастыруда компьютерлік технологияларды пайдалану арқылы онлайн жүйесімен ақпарат алуға мүмкіндік береді. Ол дүние жүзі оқиғаларын білуге, соңғы ақпараттар мүмкіндігімен таныстыруға, оқиғаларды түрлі жағынан қамтуға мүмкіндік береді. Шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін компьютерлік технологиялар негізінде қалыптастырудың ең маңызды әдістерінің бірі болып саналатын Send us Feedback арқылы басылыммен байланыстырады, оқылған мәтінге сай өз ойын айту және қалаған мақала авторымен жеке сұхбаттасуға мүмкіндік алады. Бүгінгі журналистер( Today's Columnist) сайты басты тұлғалармен шұғыл байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

- CNN World News (<<http://cnn.com/world/>>),
- ABC News (<<http://www.abcnews.go.com/index.html>>).
- BBC World Service (<<http://www.bbc.co.uk/worldservice/>>).
- The Washington Times (<<http://www.washtimes.com/>> )

The New York Times (<<http://www.nytimes.com/>>) – адам өмірінің барлық саласындағы іскерліктерді қамтамасыз етеді. Бір басылымнан екінші басылымға өтуге мүмкіндік береді. BBC World Service (<http://www.bbc.co.uk/worldservice/>)- шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін компьютерлік технологиялардың негізінде қолдану барысында тек қана оқу мүмкіншілігін қарастырмайды, дүние жүзінде болып жатқан соңғы жаңалықтарды тыңдауға

үлкен мүмкіндік береді. Learning English бағдарламасының негізінде шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін қалыптастыруда кез-келген тілде сөйлеуші ағылшын тілінің артықшылықтарымен таныса алады. Ол тиісті ақпаратты екі жақты тануға мүмкіндік береді.

1. Тақырып бойынша
2. Континент бойынша

Аталған мүмкіндіктер бойынша кері байланыс бағдарламасы жүзеге асады.

Contact Us. ABC News (<http://www.abcnews.go.com/index.html>) шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін қалыптастыруда

жаңалықтарды дыбыстап және бейне түрде жеткізеді. Аудио және бейне таспаларды редакциямен оқырман байланысы және өзара талқылау Discussion (дискуссия), жарнаманың өз тақтасы Message Boards, сөйлесу бөлмесі Chat ең үлкен мүмкіншілік болып отыр. The New York Times шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін арттыруда интернет сайттары арқылы жоғары мүмкіндіктермен қоса, газеттердегі ақпараттарды дайын жоспар күйінде оқи алады. Бір мезетте спорт, ауа-райы және түрлі ел мәдениетпен қамтуға болады. Шетел тілі мұғалімдерінің компьютерлік технологиялардың негізінде мәдениаралық коммуникативті танымын мәдениет, спорт, ауа-райы саласындағы біліктілігін жетілдіреді. Осыған орай оқу және сөйлеуге арналған жоспарлы бағдарламалар негізінде сөздік қорды байытуға болады. Осыған орай шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін қалыптастыруда компьютерлік технологиялар негізінде оқылған, танылған мәліметтердің негізінде сөздік қор бағдарламасын жасауы тиіс. Сонымен қатар елтанымдық біліктіліктің негізінде жаңа грамматикалық іскерліктер қалыптасады. Мұндай жұмыстардың нәтижесінде мәдениаралық коммуникативті біліктілікті қалыптастыруда компьютерлік технологиялар бейтарап қиындықтарды тануға мүмкіндік береді. Шетел тілі мұғалімдердің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін қалыптастыруда ақпараттық компьютерлік технологиялар ақпараттық жүйе бойынша жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Ақпаратты мән бере зерделеу, тек сол елдің қиындықтарына ғана үңілмей, өз пайымдауларын жеткізуге және оқиғаның даму бағыттарын айқындауға, өз нәтижелерімен бөлісуге, оқиғаны өте кең ауқымды қамтуға, себептерін анықтауға мүмкіндік алады. Интернетті активті және пассивті түрде қолдану мүмкіндігіне ие. THE YOUNG VOICES OF THE WORLD (<<http://wwwl.fiikui-med.ac.ip/kuzuryu/>>) аталған сайт бойынша шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін қалыптастыруда компьютерлік технологияларды қолданып ашық форум жүргізуге және өз жұмыстарын жариялауға болады. Барлық жұмыстар электронды мекен-жай кері байланыс орнатып миллиондаған шетелдік мұғалімдердің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін технологиялық тұрғыда қалыптастырып, өз көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік алады. Language Learning Activities For The World Wide Web , бағдарлама авторларының пайымдауынша WWW қолдану арқылы екі тілдік бет жасақталады. Интернет бойынша тиімді біртұтас нәтижелер алуға болады. Шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін компьютерлік технологиялар негізінде талқылауға мүмкін болған тақырыптар ішінен ең маңыздылары саналатын : кітапқа шолу, газеттік мақалалар, теле бағдарламалар, мақал-мәтелдер, анекдоттар, жұмбақтар, жергілікті халықтық медицина, халық ауыз әдебиеті, мектеп, спорт және т.б.

Негізгі сөйлеудегі қиындықтарды шешуге мүмкіндік береді.

Шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін қалыптастыруда компьютерлік технологияларды қолдану арқылы жазылым іскерліктерін қалыптастыра отырып сөйлеуді дамыту. Компьютерлік технологиялар негізінде достық және халықаралық хат алмасуларды кез-келген тілде кез-келген тілде жүргізуге болады. Шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін қалыптастыру үрдісінде

компьютерлік технологияларды мақсатқа сай қолдану, достық қатынастың дамуына, электронды алмасу арқылы жұмыс жасау мүмкіншілігі, дәстүрлі хабар алмасуға қарағанда өте жылдам, ыңғайлы және арзан.

Шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін қалыптастыруда компьютерлік технологиялардың көмегімен интернет жобалары арқылы жұмыс жасау үлкен мазмұнға ие.

## ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада шетел тілі мұғалімінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін қалыптастыруда интернетті пайдалану мүмкіндіктері қарастырылған.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается возможности использование интернета формирование межкультурной коммуникативный компетенции учителя иностранного языка .

## ҰЛТТЫҚ ТАҚЫРЫПТАҒЫ КЕСКІНДЕМЕ ӨНЕРІ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ РӨЛІ

Молдасан Н.А.- магистрант (Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Қазақстан Республикасының Орта білімді дамыту тұжырымдамасы жобасында көрсетілгендей «Бала өзін-өзі жетілдіруге де, сонымен қатар өзінен-өзі тоқырауға да бейім болады. Баланың өз болмысын тануға ұмтылуына көмектесіп тереңде жатқан талап-тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады» деп атап көрсетілген. Бала бойындағы қабілеттілікті дамытып, олардың өсуіне жол ашу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі. Өйткені, адам табиғаттың ғажайып туындысы және ғажайыптардың тудырушысы, жауашысы да болып есептеледі. Сондықтан оның өзінің шынайы болмысына бастайтын жол іздеуі - табиғи қажеттілік.

Соңғы кезде Қазақстан Республикасының «Білім беру» Заңына сәйкес жалпы білім беретін мектептердің білім мазмұны тұжырымдамасында мектептердің төменгі сатысында бейнелеу өнерін оқыту оқушыларға эстетикалық тәрбие беру мен ұлттық өнерді оқыту ерекшеліктерінің ескерілуі аса маңызды екендігі көрсетілген. Көркем өнерге деген ерекше көзқарас пен қатынастың маңыздылығы күн өткен сайын өзекті екендігін танытуда. Көркем өнер жеке адамның рухани өміріне тұтастай әсер етіп, оқушының дүниетанымын, эстетикалық талғамын арттырып, көзқарасын тұтастай қалыптастыруда, білім мен тәрбие сапасын нығайта отырып, өнер салаларының барлық дерлік түрін (ән, көркем әдебиет, кино, би т.б.) сабақтастырудың байланыстырудың мәні зор /1,26/

Өнер туындылары арқылы жеке тұлғаның рухани ішкі дүниесіне әсер ету үшін, ең алдымен оқушылардың өнер туындыларына деген қызығушылығын арттырып, оны әсемдікті сезіне білуге және әр туындының өзіндік табиғаты мен рухани болмысын түсінуге үйрету қажет.

«Өнер - ақиқатты жанартудағы ерекше форма, ал өнерді танып білу - эмоционалдық тұрғыда өзгеше ойларды талап ететін танымның ерекше түрі», - деген Л.С:Выготский /2,9/ Әрбір қылқалам шеберінің өзінің дүниетанымы, айтар ойы көпшілік қауымға өзінің әрбір туындысынан байқауға болады.

Италияндық атақты философ суретші Леонардо да Винчи: «Дүниетаным ақиқатты рухани қажетті игеру жүйесі, оның ішінде тұтастай алғанда білімі мен наным, ар-ожданы, мұраттары мен әлеуметтік реттеушісі, қоршаған ортаға психологиялық және эстетикалқ көзқарасы» -/3,38/ деп Сурет өнері саласының мазмұны жайлы пікір айтып, эстетикалық талғамның қалыптасына үлкен ықпал етті.

Әр жеке тұлға соның ішінде мектеп оқушылары өнер туындыларымен тығыз қарым-қатынаста болуы оның санасын рухани - өнегелік мазмұнмен сусындатары сөзсіз. Өнер туындылары жайлы сөз қозғауда Қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғалары

да өз пікірлерін айтқан. Атап атар болсақ, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсыновтар өз еңбектерінде мәдениет, өнер тарихынан көркемөнердің ерекше орын алатынын, көркемөнерсіз қоғам дамуы, рухани байлықтың молаюы мүмкін еместігін айтқан /4,52/

Жас ұрпақты адамгершілікке, отан сүйгіштікке тәрбиелеуде өзінің зор үлесін қосқан қазақ ағартушысы Ы.Алтынсарин болды. Ол қазақтың алғашқы ағартушы-педагогі ретінде баланың жас ерекшелігі ескере отырып, оның қабілет-қарымын, ой-қиялын дамытатын туындыларды педагогикалық жүйемен ұсына білген білгір ғалым еді. Ы.Алтынсарин ұсынған педагогикалық жүйе бүгінгі мектеп практикасына да жолбасшы болып келеді. Қазақтың кемеңгер ағартушысы А. Құнанбаев өнер тақырыбы мен баланың білім алу жолындағы саналы ізденісін ерекше бағалайды., сол арқылы баланың тұлға болып қалыптасуының жолдарын саралай көрсетеді.

Ж.Аймауытов өзінің «Психология» атты еңбегінде «Суретшілер әрі жетік, әрі жүйрік, әрі айқын, бай қиял, аса байымды бақылампаздық, айқын жатпен айқасқан жіті түйсік, дерексізді талқылауға, ой қуаты шорқақтық, міне, суретшілердің жанына біткен айрықша қасиеттері. Олардың ойы ұшқыр, сырттан алған әсері санасынан асып кетіп, дереу білім болып түрегеледі. Олардың санасында жасалатын түйін (нәтиже) біржола деректі, айқын үлгі сурет болып табылады. Олар дерексізді деректіге, күдіктіні аныққа, жабайыны сұлуға ұйқастыруға икем тұрады. Бұлардың бір ерекшелігі әдемілік сезімі аса ұстанған жетік болады» десе, В.Алексеева «Баланың бойында суретші қасиетінің жоғалуына тек қана өкіну керек. Егер адамда дер кезінде ойлау дамытылмаған, қалыптастырылмаған болса, онда дабыл қағу керек. Өйткені ол бала аса маңызды жалпы адамзаттық негізден құр қалады» - дейді

Өнер иелеріне көбінесе эмоционалдық ойлау да әсер етеді. Эмоционалдық ойлауды дамытпай, адамға нағыз қажет талғампаздықты, қиялдауды, көз алдына елестетуді, армандай білуді дамыту қиынға соғады, тіпті мүмкін емес десек те артық айтқандық емес. Көрнекті қылқалам шебері Ә.Сыдыхановтың пікірінше « Өнер ақылдан емес, жүректен жаратылады».

Педагогикалық ойдың аса көрнекті өкілі Я.А.Каменский мектепте «Шәкірттердің ақыл-есі даланың жарығымен нұрланып, олар барлық құбылыстың ашық және жасырын тұрған хикматына жылдам түсініп, адам жаны мен қимылының сырларына еніп, жалпыға ортақ ізгілік үндестігіне жетерлік бағытта тәрбиеленуі тиіс»- деп атап көрсеткен/5,17/

Ибн Сина эстетикалық және адамгершілік тәрбиені біріктіріп қарастыруды ұсынады. Балаларда өнерді түйсініп, оған ләззатты сезіну қабілетін жетілдіру қажет екендігін айтады.

Сол кездегі ойшылдарының негізгі ерекшелігі эстетикалық тәрбие теориясы бірқатар принципалды философиялық этикалық және психологиялық педагогтық бастапқы ережелерге негізделеді. Эстетикалық тәрбие теориясының аса маңызды әдіснамалық алғышарттарының бірі бала тұлғасының эстетикалық орнығуындағы мақсатқа бағытталған педагогикалық ықпал етудің жетекші рөлі туралы заңдылық. Эстетикалық тәрбие теориясының келесі ережесі адам үшін сұлулық құбылыстарының: асқақтықтың, әсемдіктің, көркемдіктің мәңгі маңызы мен рухани құндылығын мойындаудан тұрады. Суретшінің суретшілігі - кез келген нәрсені барлық жаңынан жан-жақты көре отырып, сыр-сипаттарымен жоғары эстетикалық тұрғыда қабылдау. Жай қарапайым адамдар бір затты немесе табиғат көрінісінің бір бөлшегін жалпылай ғана көре алады, ал суретші болса, айнала қоршаған бұйымдар мен құбылыстарды тұтас қалпымен жадына сіңіріп, жалпы көркем өнердің жоғары рухын ұғынып, эстетикалық тұрғыда әсерлі етіп бейнелей алады(6,51)

Ұлы сыншы В.Г.Белинский былай деп жазған: «Әсемдікті сезіну-адамгершілік қасиеттің шарты. Тек осы сезім төңірегінде ғана ақыл-парасат болуы мүмкін, тек осы

сезіммен ғана азамат өзінің жеке басының мүдделерін де, өзінің жеке көзқарасын да Отан үшін құрбандық ете алады, тек осы сезіммен ғана адам өмірде ерлік істей алады, оның бар ауыртпалығына белі қайыспайды».

Қазіргі кезеңде қалыптасқан қоғамдық құбылыстарды қайта бағалау, білім бере отырып, көркем өнерге баулу қоғамның әлеуметтік экономикалық дамуының жетекші рөлін атқарады және айқындай түседі.

Осы заманғы жасөспірімдер алған білімдерін жадында сақтап қана қоймай, сонымен бірге шығармашылық ізденіспенде шұғылданғаны өздерінің потенциалының дамуына көмегі тиері сөзсіз. Сондай ақ, ұлттық тәрбие берудің негізгі міндетіне жас жеткіншектерді сұлулық дүниесімен таныстыра отырып, өмір шындығын қабылдауды, олардың танымдық және шығармашылық қабілетін дамытуды, қоршаған ортадағы сұлулықты бағалап, түсіне білуге үйретуді, сол арқылы көркемдік дүниетанымын қалыптастыруды жатқызамыз. Киелі салт дәстүрлері арқылы ғана әрбір ұлт өзінің өскелең ұрпағының келбетін көрсетеді. Ұлттық өнеріміз бен тарихымыз ұрпақты тәрбиелеуде, ұлттық сана сезімін қалыптастыруда өте тиімді екені даусыз.

Жоғарыда айтылған балалардың шығармашылық іс әрекетінің кез келген түрін дамыту үшін балалардың қоршаған ортадан, табиғаттан жақсы әсер алуы, өнер туындыларымен танысуы соның ішінде бейнелеу, музыка, т.б дағды мен шеберлікке үйренуі және шығармашылық тәсілдерін үйренуі жиі қайталанып тұруы тиіс.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Давыдов В.В Виды обобщения в обучении. – М., 1972.
2. Л.С.Выготский Воображение и творчество в детском возрасте: Психол. очерк: Кн. Для учителя.- 3-изд. – М., 1991. – 93с
3. Евгений Богат. Мир Леонардо. Философский очерк: В двух книгах, Книга 1. – М., 1989. -252 с .
4. Жарықбаев Қ. Халықтық психология. Қазақ тәлім- тәрбиесі - Алматы, 1995.
- 5 Развитие учащихся в процессе /Под ред. Л.В.Занкова.-1-2кл.-М.:Ш-IV кл . - М., 1967.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде кескіндеме өнерінің маңыздылығы қарастырылған

#### РЕЗЮМЕ

В статье говорится об эстетическом воспитании учащихся.